Партия бағдарламалары мен жарғылары, баяндамалар мәтіндері мен соның негізінде қабылданған қарарлар мен қаулылар, өкілдер сөздері секілді құжат түрлерінен тұратын партия конференциялары материалдарын жеке топ ретінде алып шығуымыздың себебі, конференциялардың басшы ұйым ретіндегі кеңестік қоғамдағы орнымен байланысты. Олар өзінің сипаты жағынан нормативті құжаттарға жатады. Қарастырып отырған хронологиялық шеңбер ауқымында төрт бүкілқазақтық облыстық конференция шақырылған. Конференциялар құжаттары стенограмма және хаттама ретінде толығымен жарияланған. Бұл, әрине өз кезегінде аталмыш құжаттар түрімен жұмыс істеуді біраз жеңілдетеді. Дегенмен, конференциялардың толыққанды материалдары Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының 139,140-ншы қорларында сақталған. Конференция материалдары құжаттарын, соның ішінде, конференция барысында жасалған баяндамалардан, солардың негізінде қабылданған қаулы-қарарларды дерек ретінде талдай отырып, әміршіл-әкімшіл жүйе билігінің қалыптасып орнау процесін қадағалауға болады. Мысалы, Партияның басқарушы ұйымдарының құжаттарына ұйымдастырушылық-нұсқаулық сипаттағы құжаттарды топтастыруды жөн көрдік. Себебі, әміршіл-әкімшіл деп аты айтып тұрғандай коммунистік партия үстемдігінің қалыптасып, орнауына партияның жоғарғы, басшы ұйымдары тарапынан жергілікті мекемелерге түсіп тұрған нұсқаулық, өкімдік сипаттағы құжаттарының маңызы зор болды. Басшы ұйымдар құжаттары өз ішінде бақылау ұйымдары мен хатшылық құжаттары, нұсқаулар мен циркулярлар, бұйрықтар және жергілікті ұйымдармен арадағы хаталмасулар секілді құжат түрлеріне жіктелді. Бұл құжаттар да нұсқаулық сипатта болғандықтан нормативті құжаттар қатарын толықтырады. Оларды дерек ретінде пайдаланудың тиімділігі, тоталитаризмнің жоғарыдан төменгі партия инстанцияларына әміршіл-әкімшіл жолмен өз шешімдерін орындата отырып орнағандығын талдауға мүмкіндік тудыруында.

Жергілікті партия мекемелері мен бастауыш партия ұйымдарының құжаттары тобын есептік-мәлімдемелік сипаттағы құжаттар құрайды. Олардың қатарына есептер, жабық хаттар, хаталмасулар сияқты материалдар жатады. Аталмыш құжаттар түрлеріне деректанулық талдау жасау арқылы тоталды биліктің орнауының барысын қадағалауға мүмкіндік аламыз. Төменгі, жергілікті партия ұйымдары тарапынан жоғарыдағы басшы ұйымдарға жіберілген құжаттар мазмұны өте қызықты да құнды мәліметтерге толы. Деректанулық талдау барысында аталмыш топ құжаттарының ерекшеліктерін ескере отырып, өзіндік әдіс-тәсілдер қолдана отыра зерттеген абзал. Себебі, есептік материалдар мазмұны, өзінің бағыт-бағдарына, мақсатына қарай өзгеріп, шынайылық дәрежесін төмендетуі мүмкін.

Кез келген тарихи оқиғаны тұлғаларсыз зерттеу мүмкін емес. Сондықтан да, әміршіл-әкімшіл жүйенің, коммунистік идеологияның қалыптасып орнығуында саяси партия қызметкерлерінің алатын орнынан, олардың ұстанған идеялық мұраттарынан шыға отырып, партия қызметкерлерінің шығармалары мен естелік-

терін деректің жеке түрі ретінде талдауды жөн көрдік.

Қорыта айтар болсақ, деректердің басқа түрлері секілді құжаттарда да түрлік, мазмұндық, сипаттық ерекшеліктеріне қарай сыныптауды қажет ететіндігіне көз жеткізілді. Бұл өз кезегінде, құжаттардың ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Сыныптау зерттеушіге, біріншіден дерек көзі ретінде құжаттардың түрлерімен жұмыс істеуге көмектесе, екіншіден, соған сай арнайы әдіс-тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік тудырады. Осы мақсатта 1920-1925 жылдар аралығында Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихына қатысты партия құжаттары: партия конференциялары материалдары; партияның басқарушы ұйымдарының құжаттары; жергілікті партия мекемелері мен бастауыш партия ұйымдарының құжаттары; партия қызметкерлерінің шығармалары мен естеліктері секілді ірі топтарға, бұл топтар өз ішінде тағы да түрлерге бөлініп қарастырылды. Мәселенің деректік негізін құрайтын құжаттар кешенін осылайша сыныптау құжаттарды ғылыми айналымға енгізуде жеңілдік тудырады да хақ.

Әдебиеттер

- 1 Бернгейм Э. Введение в историческую науку. – СПб., 1908. – 81 с.
- 2 Варшавчик М.А. Источниковедение истории КПСС. – М.: Высшая школа, 1989. – 224 с.
- 3 Данилевский И.Н., Кабанов В.В., Румянцева М.Ф., Медушевская О.М. Источниковедение: Теория. История. Метод. Источники Российской истории. – М.: РГУ, 2004. – 701 с.
- 4 Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. – М.: Наука, 2000. – 245 с.
- 5 Маслов Н.Н., Степанов З.В. Очерки источниковедения и историографий истории КПСС. – М.: Издательство Ленинградского университета, 1974. – 304 с.
- 6 Данилов В.П., Якубовская С.И. Источниковедение и изучение источников советского общества // Вопросы истории. – 1961. – №5. – С. 3-24.
- 7 Фарсобин В.В. Источниковедение и метод. – М.: Наука, 1987. – 438 с.
- 8 Буганов В.И., Туркан Г.А. Актуальные проблемы источниковедения истории СССР // Вопросы истории. – 1977. – №3. – С. 3-16.
- 9 Пушарев Классификация русских письменных источников по Отечественной истории. – М., 1975.
- 10 Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы, 2002. – 172 б.
- 11 Ждановская З.В. Большевицкая периодическая печать как источник при изучении истории КПСС (1900-1917). – М., 1965. – 381 с.
- 12 Спирин Л.М. Теория, методология и методика исследований по истории КПСС. – М.: Наука, 1982. – 57 с.
- 13 Пушкарёв Л.Н. Вопросы классификации источников в русской исторической науке // История СССР. – 1963. – №5. – С. 81-96.
- 14 Макаров М.К. К вопросу о терминологии в источниковедении истории СССР. – Тр. Москов. гос. ист.-архив. института. – М., 1963. – Т. 17. – 195 с.
- 15 Медушевская О.М. Теоретические проблемы источниковедения: уч. пособие. – М.: Издательство Московского архивного института, 1977. – 230 с.
- 16 Ключевский В.О. Сказания иностранцев о Московском государстве. – М., 1991.
- 17 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – Алматы, 1997. – 215 б.

References

- 1 Bergejm Je. Vvedenie v istoricheskiju nauku. – Spb., 1908. – 81 s.
- 2 Varshavchik M. A. Istochnikovedenie istorii KPSS. – M.: Vysshaja shkola, 1989. – 224 s.
- 3 Danilevskij I.N., Kabanov V.V., Rumjanceva M.F., Medushevskaja O.M. Istochnikovedenie: Teorija. Istorija. Metod. Istochniki Rossijskoj istorij. – M.: RGU, 2004. – 701 s.
- 4 Koval'chenko I.D. Metody istoricheskogo issledovanija. – M., Nauka, 2000. – 245 s.
- 5 Maslov N.N., Stepanov Z.V. Ocherki istochnikovedenija i isto-riografij istorij KPSS. – M.: Iizdatel'stvo Leningradskogo uni-versiteta, 1974. – 304 s.
- 6 Danilov V.P., Jakubovskaja S.I. Istochnikovedenie i izuchenie istoch-nikov sovetskogo obshhestva // Voprosy istorii. – 1961. – №5. – S. 3-24.
- 7 Farsobin V.V. Istochnikovedenie i metod. – M.: Nauka, 1987. – 438 s.
- 8 Buganov V.I., Turkan G.A. Aktual'nye problemy istochnikovedenija istorii SSSR // Voprosy istorii. – 1977. – №3. – S. 3-16.
- 9 Pusharev Klassifikacija russkih pis'mennyh istochnikov po Oteche-stvennoj istorii. – M., 1975.
- 10 Atabaev K.M. Qazaqstan tarihyndy derektanulyk negizderi. – Almaty, 2002. – 172 b.
- 11 Zhdanovskaja Z.V. Bol'shevistskaja periodicheskaja pechat' kak istochnik pri izuchenii istorii KPSS (1900-1917). – M., 1965. – 381 s.
- 12 Spirin L.M. Teorija, metodologija i metodika issledovanij po istorij KPSS. – M.: Nauka, 1982. – 57 s.
- 13 Pushkarev L.N. Voprosy klassifikacii istochnikov v russkoj istoricheskoy nauke // Istorija SSSR. – 1963. – №5. – S. 81-96.
- 14 Makarov M.K. K voprosu o terminalogii v istochnikovedenii istorii SSSR. – Tr. Moskov.gos.ist.-arhiv. instituta. – M., 1963. – T. 17. – 195 s.
- 15 Medushevskaja O.M. Teoreticheskie problemy istochnikovedenija / Uch.posobie. – M.: Izdatel'stvo Moskovskogo arhivno-go instituta, 1977. – 230 s.
- 16 Kljuhevskij V.O. Skazaniya inostrancev o Moskovskom go-sudarstve. – M., 1991.
- 17 Omarbekov T. 20-30 zhyldardaŋy Qazaqstan qasireti. – Almaty, 1997. -215 b.

Abdildabekova A.M.
**Evaluation of the colonial period
in the works of the Kazakh
intelligentsia of early XX century**

Kazakh national intelligentsia in the face A. Bukeyhanova, M. Dulatov, Baytursunova A., M. Shokai, Sh. Kudayberdieva showed that under the rule of tsarist, the representatives of our people showed national consciousness and expressed disagreement with the policies of the Russian government, and quite different from the Russian researchers evaluated the accession of Kazakhstan to Russia. The authors decried the negative effects of reforms carried out by the tsarist government and tried to pay attention to the unjust oppression of the Kazakh people. By its actions, the Kazakh intelligentsia called sons of Alash to fight against the king and strengthened among the Kazakhs protest to the authorities. In the works of Kazakh intellectuals of the early twentieth century marked a critical approach to assessing the merger, it emphasizes compulsion to appeal to the Russian Kazakhs, serious consequences of colonial policy. The return of the creative heritage of the Kazakh intelligentsia, reflected in the conceptual views of modern Russian historians.

Key words: autonomy, achievement, intelligence, colonization, protest.

Абдилдабекова А.М.
**XX ғ. басындағы қазақ зиялы
қауымының еңбектерінде
отарлық кезеңді бағалау**

Қазақ зиялылары Ә.Н. Бөкейханов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, М. Шоқай және Ш. Құдайбердіұлы империялық саясаттың қазақ халқына көрсеткен озбырын ашық айыптады. Қазақ жерінің Ресей империясының құрамына енуіне қатысты ұлттық тұрғыда орыс зерттеушілеріне қарағанда мүлдем басқаша баға берді. Қазақ зиялылары өз көзқарастарында патшалық Ресейдің қазақ халқына қатысты жасаған қысымының әділетсіздігін сынға алды. Алаш жұртын осы саясатқа қарсы ашық күреске шақырды. Нәтижесінде қазақ даласында Ресейлік отарлау саясатына қарсы қозғалыстар басталды. XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының еңбектерінде сол тарихи кезеңде Ресейдің қол астына кіруінің салдарын ашық жазды. Отарлау саясатының ұлттық мүддеге әсерін талдау арқылы жаңа жолдарды іздеген қазақ зиялы өкілдерінің көзқарастары бүгінде өз маңызын жоғалтқан жоқ. Қазақ зиялыларының қалдырған мұралары қазіргі отандық тарихшылардың зерттеулерінде осы мәселені жан-жақты талдауындағы ықпалы орасан. Автор мақалада осы зиялы қауым өкілдерінің еңбектерін жүйелі зерттеу арқылы осы мәселенің таласты тұстарына талдау жасайды.

Түйін сөздер: автономия, жаулап алу, интеллигенция, колонизация, қарсы тұру.

Абдилдабекова А.М.
**Оценка колониального периода
в трудах казахской
интеллигенции начала XX века**

Казахская национальная интеллигенция в лице А. Букейханова, М. Дулатова, А. Байтурсунова, М. Шокай, Ш. Кудайбердиева показала, что в условиях господства царизма представители нашего народа проявляли национальное самосознание и выражали несогласие с политикой российского правительства и совершенно иначе от русских исследователей оценивали присоединение Казахстана к России. Авторы открыто осуждали негативные последствия проводимых царизмом реформ и старались обратить внимание на несправедливые притеснения казахского народа. Своими действиями казахская интеллигенция призывала сынов Алаша к борьбе против царя, и среди казахов усилился протест к власти. В работах казахской интеллигенции начала XX века обозначен критический подход к оценке присоединения, подчеркивается вынужденность обращения казахов к России, тяжелые последствия колониальной политики. Возвращение творческого наследия казахской интеллигенции отразилось на концептуальных воззрениях современных отечественных историков.

Ключевые слова: автономия, завоевание, интеллигенция, колонизация, протест.

**EVALUATION OF THE
COLONIAL PERIOD
IN THE WORKS
OF THE KAZAKH
INTELLIGENTSIA OF
EARLY XX CENTURY**

In late XIX and early XX centuries emerged a cohort of talented Kazakhs (A. Bukeikhanov, A. Baityrsunov, M. Dulatov, M. Shokai, S. Kudaiberdiev, etc.) that declared their disagreement with the tsarist colonial policy and expressed their readiness to fight for the preservation of the country's sovereignty. They came with the first wave of the Russian democracy and developed their ideas being the center of the political processes. They witnessed greater massive pressure on Kazakhstan exerted by the metropolis, rather the state of Central Asia, the national intelligentsia viewed its mission first of all in keeping the originality of the Kazakh people. The autocratic regime interested in creating subjugated servicemen out of the locals to delegate them part of the administration employed the Russification policy for the native population, but confronted some problems. Group of thinkers grew out of the Kazakhs eager to dedicate their intellectual potential to protect the national dignity. It should be noted that Kazakhs deeply respected their traditions and cultural values, and their attitude to the fatherland Russian perceived as some kind of nationalism subject to complete eradication.

The totalitarian regime in the soviet times ignored intentionally the works of the Kazakh intelligentsia as not corresponding the political situation. With the independence period their creative works were got into scientific circulation. Growing protest against the Russian colonial policy in the national remote areas was given in the works of A. Bukeikhanov. Most of his works are scholarly researches of encyclopedic character, monographs, written in Russian. Major works deal with the Kazakh people history, economic life, culture, specifics of daily life and household arrangements, ethnographic problems, and Kazakh lands' colonization history. These works contain great material including facts, statistical data, tables, and geographical information, and extracts from the sources he employed. Among them a special place is taken by the research «Historical fates of the Kyrgyz kray and its cultural successes» (issued in 1903), where he from all sides considered the history of Kazakh lands and gave assessment of the Russian colonization. The work did not speculate with the historical facts to please the political situation. The author emphasized forced appeal of the Minor and Middle Hordes sultans to Russian to pledge for the protection, naming the Jungar invasions as the major reason and unstable

power of the rulers: «Having recognized the power from the Russian government, Kyrgyzes did not comply with that situation at once, and attempted several time to restore independence, but failed» [1]. Considering the peasant migration policy of the Russian government, Bukeikhanov shows much more advantageous situation in the economics of the Russian migrants' households obvious from the data on their land plots assigned to each family. Limitation of living conditions, taxation for the use of their native lands undermined the major basics of Kazakhs' development. Along with that the colonizers eradicated the spiritual fundamentals of the population. The researcher gave numerous samples of measures taken by the Russian authorities to convert Kazakhs into Christianity that led to the situation when they scared practicing Islam due to the persecution of the colonial authorities.

A. Bukeikhanov referred to document known in the historical literature as «Karkaralinskaya petition» signed 14 500 persons. The document pointed that «voluntary» joining of Kazakhstan to the Russian empire in fact meant only foreign protection, and was signed an agreement on non-interference into the domestic affairs. But according to the laws taken by the Russian government, native lands of Kazakhs were seized into the state property, and the Russians were given better lands taken from the Kazakhs who were evicted by force. The author correctly expressed his disagreement with the unfair solution to the land issue; and if originally he wrote that the state's approach was «careful» but then the interests of the native population were ignored and in the rude way defied. We consider that criticizing the «civilizational mission» of the Russian officials, A. Bukeikhanov correctly noted: «Having conquered the kray, the Russians could not shift to the cultural activities because the original conquest was initiated exclusively for enrichment, and the first conquerors were not prepared to the cultural role» [2, p.62], and the public education cause was initiated much later.

Thus, A. Bukeikhanov made very important conclusions. He as a representative of Kazakh intelligentsia analyzed the Russian colonial policy consequences from the viewpoint of their benefits for the Kazakh people. The researcher noted that the Kazakh rulers appealed to Russian empire explicitly for the external protection, but due to the laws adopted by the tsarist government gradually the Kazakh lands were conquered.

Similar positions were held by Shakarim who did not write a special work on that historical period, but when he referred to other problems in Kazakh life, he expressed his negative attitude to the tsarist

policy, and employed the term «conquest» when told about the policy of the empire towards the Great Horde.

Prominent public figure, writer Saken Seifullin in 1920 in the article «On Kazakh intelligentsia» wrote: «Among the enlightened Kazakhs since 1905 were spread revolutionary ideas, voiced calls to national equality and freedom. The awakening Kazakh intelligentsia at that time was inspired by Bukeikhanov, Dulatov, Baitursunov» [3].

M. Dulatov and A. Baitursunov wrote and proliferated proclamations calling the sons of Alash to fight against the tsar, and discontent increased among the Kazakhs by the tsarist regime. It was connected with the situation when in early XX century were surfaced all defects of the colonial policy. M. Dulatov wrote irate articles that being defeated in the Russo-Japanese war, tsarism intensified the pressure on Kazakh people, evicts them from their native lands and gives their territories to migrating peasants. In 1907 in the newspaper «Serke» was published a small by size but deep and actual in content an article of M. Dulatov «Out objective» where he openly tells about the dependence of the Kazakh people from Russia, that Kazakhs are under colonial yoke being persecuted for their traditions and rites, and Islamic faith. Intensification of the Russification policy, forced withdrawal of fertile lands and turning them into the property of Russian officials and migrants caused fair protest of the native population. That article produced a strong effect, as on the growth of the liberation movement and on the autocracy that was seeking how to save its dominance, that was proven by the confiscation of all the circulation and closure of the newspaper after that article had been published [4]. The collection of poems of M. Dulatov «Оян қазақ!» (Awaken, Kazakh!), issued in 1909 served as a political manifesto of Kazakh struggle for freedom, the topicality and content of the book revealed the attitude of the author to the Kazakhstan's status in the empire and colonial policy of tsarism. The significance of the collection was highly valued by the contemporaries, and further generations of Kazakhs.

On the 2 of February 1913 in Orenburg was released the first issue of the newspaper «Kazakh», and its chief editor was A. Baitursunov, the second editor – M. Dulatov and the editorial board consultant was A. Bukeikhanov. That newspaper raised the national spirit of Kazakhs living on the vast territory from the Caspian to China, and excited their self-consciousness and developed culture. Thus, the historical though of Kazakhstan in the first quarter of the XX century is based on

the works of the best representatives of the Kazakh intelligentsia. The creative legacy of the authors demonstrates wide world outlook and different approach to the evaluation of the tsarism's activities. Their works were written in the times all the deficiencies and consequences of the Kazakh lands' colonization surfaced. The important fact is that the representatives of the native populations made those conclusions and they had no need to hide or falsify the facts.

The evaluation of the Kazakhstan's joining the Russian empire was reflected in the works of professor K. Dosmukhamedov, who researched the movement of Issatai Taimanov and Makhambet Utemisov [5]. The nature of the predatory policy of Russia, in his opinion, was in the desire to exploit Kazakhstan as a bridgehead for expansion into Asia. The author viewed that adoption of the Russian protection by the Kazakh Juzes was a result of the collusion between tsarism and the followers of Abulkhair khan, and the author employed the term «subjugation». «The final subjugation» of Kazakh lands by Russia became the reason for the loss in the national-liberation war of Kazakhs in late XVIII – first half of the XIX centuries.

Considerable in content and depth was the work of T. Shonanuly «Zher tagdury/The fate of the land» written in 1923. The author employed a wide range of sources as statistical data, archival documents, legal acts of the Russian empire and etc. to make a scholarly objective research. In opinion of Shonanuly, with the adoption of the Russian protection the history of Kazakh lands ends and begins the history of a colony. In his work the author in detail investigates the colonial land policy of tsarism pointing that one of the major reasons of the Russian peasants migration was land shortage problem in Russia itself. The Russian government provided the best Kazakh lands to the migrants and did not limit their sizes that eventually led to the discontent of the local population. that policy of the government resulted in huge waves of migrations to Kazakhstan [6].

The problem of Kazakhstan's joining the Russian empire was studied by T. Ryskylov [7]. He connected that first of all with the external environment of Kazakhstan that was seen in pressure of Jungars from the east, of Kokand, Bukhara and Khiva from the south, from the west Nogays and Volga Kalmyks. T. Ryskylov points strengthening of the Russian expansion along the line Ural and Irtysh rivers after conquest of the Kazan and Astrakhan khanates by Russia in XVI century, and subjugation of Siberia. The author distinguishes two

directions of the tsarist colonial policy: from late XVI century – Qazak colonization, and from mid XIX century – peasants, emphasizing that on the way of its expansion the Russian authorities immediately erected fortifications and settled them with the Qazaks and migrant peasants. Kazakhs were ousted to barren regions, and the relations between them grew more and more hostile. «After 1899 the ethnic conflicts between Kazakhs and Russians became the chief characteristic of the steppe life» [8].

M. Shiokai – historical figure whose name for a long time was tabooed. He viewed the Central Asia and Kazakhstan as indivisible territory of the Muslim peoples of Turkestan and put forward the idea to create «Kokand autonomy». In his researches he analyzed the Bolshevik policy in Turkestan, and assessed it was the continuation of the tsarist colonial policy. In the preface to the French edition of the work «Turkestan under the power of the Soviets» is made a remark: «Turkestan still can be viewed as a colony where the Bolshevik administration goes no far than the tsarist one in roughness and cynicism of the administrative methods» [9]. It is also stressed that the author belongs to the moist culturally endowed and educated persons of his country. A special place in his numerous publications M. Shokai dedicates to the assessment of the tsarist national policy in Kazakhstan, Russification problem, and defends the idea of Turkic peoples unity.

In the works of the representatives of national intelligentsia the entry of Kazakh lands into the Russian empire is presented from the viewpoint of the native population that experienced all the hardships of the colonial policy of tsarism. Much attention was paid to the land and migration policy consequences, its deficiencies and drawbacks when the interests of Kazakhs were not observed. The topic of the national identity, culture and territory preservation became the mainstream in early XX century and employment of the terms «conquest», «subjugation», «colonization» indicates to the concept of the Russia's conquest of Kazakhstan.

In general, the historical researches reflecting the process of the Russian protection adoption by Kazakh juzes in XVIII – XX centuries undertaken by the Russian officials and public writers are characterized by low historiographic quality level. That level is defined by the selection and accumulation of the materials, data, and facts on the topic under research. Therefore, the problem of Kazakhstan's joining the Russian empire was researched by the Russian authors to influence the public consciousness to make them adopt the civilizational mission of Russia in Kazakhstan.

References

- 1 Zar zaman: zhur tolgaular. – Almaty: Zhaly, 1993. – 176 p. (111 p).
- 2 Bukeikhanov A. Selected works. – Almaty: Chief editorial board «Kazakh encyclopedia », 1995. 480 p. (P. 49).
- 3 Seifullin S. Life of nationalities. M., 1920. 25 of November.
- 4 Dulatov M. Our goal // Serke. 1907. – № 84.
- 5 Dosmukhamedov K. Selected works. – Almaty: Ana tili, 1998. – 384 p.
- 6 Shonanuly T. The fate of the lands- the fate of the people. – Almaty: Sanat, 1995. – 224 p.
- 7 Ryskulov T. From the history of revolutionary struggle in Kazakhstan // Revolution and nationalities. 1935. №11. P.37.
- 8 Ryskylov T. Uprising of the aborigines in Central Asia in 1916. – Almaty, 1997. Collection of works. – Vol. 2. 324 p. P.172.
- 9 Shokai M. – Almaty: Kainar, 1999. Volume 2. 520 p. (319 p.).

Құрманалина Н.Н., Қанай Ө.

Жоңғарлар туралы қытай тарихнамасынан

Жоңғар факторы тек қазақ мемлекеті ғана емес, күллі Азия елдеріне, яғни бүгінгі жеке-жеке мемлекет болып отырған Өзбекстан, Қырғызстан, Түркменстан сияқты халықтарына, сонымен қатар Ресей мен Қытай сияқты ірі мемлекеттерге де өзінің геосаяси т.б. ықпалын тигізгені сөзсіз. Аталған мемлекеттердің барлығы өз тарихын зерттеу барысында Жоңғариямен болған қатынастарын тасадан тыс қалдырмайды. Дегенмен де әр елдің, ұлттың тарихи танымы, белгілі бір тарихи мәселеге қатысты көзқарасы өзінше қалыптасады. Сондықтан да Жоңғар хандығының халықаралық қатынаста жүргізген саясатына әр мемлекеттің тарихи зерделенуінде түрліше баға беріледі. Мақала авторлары Жоңғар хандығы дамуының Қытай тарихнамасындағы негізгі ерекшеліктеріне тоқталуды көздеген.

Түйін сөздер: тарих, қытай деректері, Жоңғар хандығы, қытай тарихшылары, ғылыми еңбек.

Kurmanalina N.N., Qanai O.

From the Chinese Historiography on Jungars

The Jungar factor in geopolitical terms influenced not only on the Kazakh Khanate, but also many countries in Asia, which today are separate independent countries (such as Uzbekistan, Kyrgyzstan, Turkmenistan), as well as such major powers as Russia and China. At studying their history none of the above-mentioned states ignores the problem of relations with Jungaria. However, each country and nation has its own historical knowledge; they have formed their own views on certain historical issues. Therefore, individual countries give different estimates on international policy of the Jungar State. The authors aimed to reveal the main features of Chinese historiography on the history of Jungar khanate.

Key words: history, Chinese sources, Jungar Khanate, Chinese historians, research.

Құрманалина Н.Н., Қанай Ө.

Из китайской историографии о джунгарах

Джунгарский фактор в геополитическом плане оказывал свое влияние не только на Казахское ханство, но и на многие страны Азии, которые сегодня являются отдельными независимыми государствами, как Узбекистан, Кыргызстан, Туркменистан, а также на такие крупные державы, как Россия и Китай. Все перечисленные государства в процессе исследования своей истории не опускают проблему взаимоотношений с Джунгарией. Тем не менее, у каждой страны, нации свое историческое познание, у них сформированы свои взгляды по конкретным историческим вопросам. Поэтому отдельные страны дают разные оценки международной политике Джунгарского государства. Авторы статьи ставили цель раскрыть основные особенности китайской историографии по истории Джунгарского ханства.

Ключевые слова: история, китайские источники, Джунгарское ханство, китайские историки, научная работа.

ЖОҢҒАРЛАР ТУРАЛЫ ҚЫТАЙ ТАРИХНАМАСЫНАН

Жоңғар тарихын зерттеуде аттап өтуге болмайтын маңызды бір тақырып – Жоңғар туралы Қытай дереккөздері және Қытай тарихшыларының Жоңғар туралы зерттеулері. Тарихта іргелес жатқан екі ел арасы бірде тату, бірде қату болса да, жоңғар-қытай қарым-қатынасының мейлі саяси, мейлі экономикалық жақтан болсын айтарлықтай дамығаны белгілі. Жоңғар хандығы мен Цин империясы арасындағы сауда керуендері қазіргі Ішкі Моңғол арқылы жалғасып, жоңғарлардың малшаруашылық өнімдері мен қытайлардың жібек, шай және дәрі-дәрмектерінің айырбасы жүріп тұрды. Цин үкіметінің жарлығымен жоңғарлармен шекаралас аудандарда арнаулы базарлар да ашылды [1]. Жоңғар хандығының дәурені жүріп тұрған кезде, жоңғарлар Қытайдың дәргейінде болған Тибет пен Ұйғырды да өз қол астына қаратып, қала берді Қытайға да жорық жасап тұрды. Цин императоры Жоңғар қонтайшысына қыз беріп, құдаласу арқылы ымыраласу жолын да қарастырған кездері болды. Бірақ жоңғарлар қытайлардың құрығынан бәрібір қашып құтыла алған жоқ, XVIII ғасырдың ортасында Қытайдың Цин империясы Жоңғар хандығын түбегейлі жойып тынды. Сол кездегі Қытай деректеріне қарағанда «Жоңғарлардың оннан үштей бөлігі обадан қырылып, оннан үштейі Орыс империясы мен Қазақ хандығына бас сауғалап қашса, оннан бес бөлігі Қытай әскерінің қолынан өлді. Неше мың шақырым ұлан-байтақ далада тірі пенде қалмады» [2]. Жоңғарлардың тірі қалған аз бөлігі Қытайдың мәңгілік бодандығына кіріптар болып қала берді. Бұл өз кезегінде айырықша зерделеуді қажет ететін ұзақ бір тақырып. Ал, Жоңғар-Қытай қарым-қатынасының аталмыш тарихын ескерсек, Жоңғар туралы Қытай дереккөздері мен Қытай тарихшыларының Жоңғар туралы зерттеулерінің аз болмасы анық.

Жоңғар тарихы туралы арнаулы зерттеулер Қытайда кешірек басталды деуге болады. XX ғасырдың басында Қытай тарихшылары Шыңғысхан құрған Моңғол империясы туралы зерттеулерден ары асқан жоқ. Әсіресе Қытай тарихымен тікелей қытысы болған Юан империясы туралы және Құбылай бастаған Шыңғысхан әулеті туралы зерттеулермен шектелді. Ал 1949 ж. ҚХР құрылғаннан кейінгі 20-30 жылда да Қытайда тарих ғылымы айтарлықтай дамып кеткен жоқ. Бұған Қытайдағы

коммунистік жүйенің тар шеңбері себеп болды. Әсіресе 1966-1976 жылдар арасында Қытай ғылымын тас-талқан еткен «Мәдениет төңкерісі» тарих ғылымының аяғына тұсау болған еді. Тек 1978 ж. Қытай «Сыртқа қарата есік ашу» реформасын жүргізгеннен кейін тарих ғылымы қайта жанданды. Қытай тарихшыларының 1978 жылға дейінгі зерттеулерінде Ойрат немесе Жоңғар тарихы жалпы Моңғол тарихынан негізінен бөлек қарастырылған жоқ деуге болады. Ойрат-Жоңғар туралы ең алғашқы арнаулы тақырыптық зерттеу ретінде Жин Жуизонның «Ішкі Моңғол университеті журналында» 1964 жылы жариялаған «Цин патшалығының алғашқы кезіндегі Ойрат пен Қытай арасындағы сауда базары» атты ғылыми мақаласын атауға болады [1]. Сондықтан да бұл тарауда Қытай тарихшыларының Жоңғар тарихы туралы зерттеулерін де шартты түрде 1980 жыл шамасынан бастап қарастырдық.

Уақыт жағынан осы кезеңді де салыстырмалы түрде екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші, 1970 жылдардың соңынан 1980 жылдардың соңына дейін Қытай тарихшылары «солшыл» саясаттың ықпалынан толық айығып кетпегендіктен, олардың Жоңғар туралы зерттеулері көбінде Жоңғарлардың қоғамдық құрылымына және билеуші тап арасындағы талас-тартыстарына арналды. Енді бір жағынан сол кездегі Қытай-Совет қарым-қатынасының салқындауы салдарынан, Патшалық Ресейдің жалпы Моңғол жерінде болған шапқыншылығы да көбірек назарға ілікті. Екінші, 1990 жылдардан кейін Қытайдағы тарих ғылымының жаңаша дамуына сәйкес, Қытай тарихшыларының Жоңғар тарихы туралы зерттеулері де сансалалы болып, Жоңғарлардың саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни және мәдени тарихына қатысты зерттеулер жүргізілді.

XX ғ. 70-жж. соңында Қытай тарихшыларының Жоңғар тарихы туралы зерттеулері шетел тарихшыларының, соның ішінде Жапон мен Орыс тарихшыларының Жоңғар туралы зерттеулерін Қытай тіліне аударып бастыруды негіз етті. Жапон тарихшыларының ғылыми зерттеулерін аударуда Пан Шышиянның еңбегі зор болды. Пан Шышиян 1978 ж. Жапон тарихшысы Ши Ие Рын И-дің «Таңну Ұранқай өңірі мен Цин империясының қарым-қатынасы» және «Орыс-Моңғол сауда қатынасы және Патшалық Ресейдің Таңну Ұранқай өңіріне ірге кеңейтуі» атты екі мақаласын Қытай тіліне аударып, «Моңғол тарихын зерттеудің дереккөздері» атты жинақтың 11 санында жариялады [4]. Іле-шала

Пан Шышиянның өзі де «Таңну Ұранқай өңірі мен Ортажазық өңірімен қарым-қатынасы» атты ғылыми мақаласын «Ішкі Моңғол университеті журналының» 1978 жылғы 3-4 біріккен санында жариялады [5]. Сол жылы және бір Жапон тарихшысы Сагуши Торудың «Жоңғар тайпасының тарихы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы» атты мақаласы У Юңминң жағынан аударылып, «Ұлттар тарихынан аударма мақалалар жинағында» жарияланды [6].

Орыс тарихшыларының қатысты еңбектерін аударуда Қытай тарихшысы Ма Малидың еңбегін айырықша атауға татиды. Ол 1980 жылы Орыстың географ тарихшысы М.И. Венюковтың «Жоңғар шекарасындағы халықтар туралы» атты мақаласын Қытай тіліне аударып, «Шынжаң университеті журналында» жариялады [7]. Сонымен бірге, Ма Мали сол жылы тағы орыстың атақты монғолтанушы ғалымы И.Я. Златкиннің «Жоңғар хандығының тарихы» атты кітабын Қытай тіліне аударып баспадан шығарды [8]. Б.П. Гуревичтің «XVII-XVIII ғасырдағы қытай-орыс-жоңғар қарым-қатынасы және Қытайдың тарих ғылымы» атты ғылыми еңбегі Қытай тіліне аударылып, «Қытай тарихының зерттелу жағдайы» атты журналдың 1979 жылғы 9 санында жарыққа шықты [9].

Жоғарыда аталған еңбектердің аудармаларының жариялануы Қытайдағы Жоңғар тарихы туралы зерттеулерге тың серпін берді. Осыдан кейін Жоңғар тарихы туралы, нақты айтқанда Жоңғар хандығының көршілік мемлекеттермен, өңірлермен қарым-қатынасы туралы ғылыми мақалалар жарыққа шыға бастады. Осындай еңбектердің бастыларынан Бай Суйчиннің 1979 ж. «Экономикалық тұрғыдан Ойрат пен Қытай қарым-қатынасы» [20], Сай Жияьидың 1979 ж. «XVIII ғасырдың басында Жоңғарлардың Ресейге қарсы күрес тарихының мағызды бір көрінісі» [11] және Ба Дай мен Ма Дажыңның 1981 ж. «Жоңғар билеушілерінің Оңтүстік Шынжаңдағы үстемдігі туралы» [12] атты мақалаларын атауға болады.

XX ғ. 80-жж. дейін Қытай тарихшыларының Жоңғар тарихы туралы зерттеулері мақала деңгейінде болып келсе, аталған уақыттан бастап ғылыми мақалалардан тыс, арнаулы зерттеулер мен монографиялар жазылды. Сондықтан Жоңғар тарихы туралы зерттеулерді түсінікті болу үшін сипаты жағынан бірнеше топқа бөлуге болады.

Тарихи деректердің жинақталуы туралы айта кетсек, Қытай мұрағаттарындағы тарихи жазба деректерді реттеп, жинақтап баспадан шығару

жұмысы да 1980 жылдардан басталды. Мұндай еңбектердің алғашқыларынан бірі ретінде 1982 жылы Шынжаң халық баспасы жағынан басылып шыққан Бай Суйчиннің «Миң Шилу-дағы Ойрат деректері» атты еңбегін атауға болады [13]. Еңбекте Миң әулетінің ресми тарихи деректері саналатын жалпы 2909 бумадан тұратын тарихи жазбадағы Ойраттарға қатысты барлық деректер қамтылған болып, Ойраттардың қалыптасу тарихы мен Жоңғар хандығының құрылуының алғышарттары туралы тарихи деректер жинақталған. Осы аталған еңбектің жалғасындай болып, 1986 ж. Шынжаң халық баспасы жағынан «Цин Шилу-дағы Жоңғар деректері» атты қомақты еңбек басылып шықты [14].

Жоңғар хандығының тарихынан толық мәлімет беретін Қытай тіліндегі аталмыш тарихи деректердің жинақталып баспадан шығуы Жоңғар тарихы туралы кейінгі зерттеушілер үшін таптырмайтын құнды дереккөзіне айналды. Жоңғар тарихына қатысты тарихи материалдарды жинақтап реттеп баспадан шығару жұмысы осымен ғана шектелмейді. Өйткені Қытайдың тарихы мұрағат қорларында Қытай тіліндегі деректерден тыс, мәнжүр және моңғол тіліндегі тарихи деректер де молынан сақталған. Қытай тарихшылары осындай деректерді де жинақтап баспадан шығарып отырды.

Моңғол тілінде Тотын жазуымен жазылған «Төрт Ойраттың тарихы» атты тарихи шығарма 1987 ж. Қытайдағы этникалық Моңғол тарихшысы Ұлжыту жағынан Қытай тіліне аударылып баспадан шығарылды [15]. Жин Фың, Ба Дай, Ердени қатарлы тарихшылар бірлесіп Тотын жазуындағы тарихи материалдардан 1985 ж. «Ойрат тарихи материалдары» атты жинақты «Шынжаң халық баспасынан», 1992 ж. «Ойраттың тарихи іздері» атты жинақты құрастырып, «Ішкі Моңғол мәдениет баспасынан» жарыққа шығарды [16]. 1985 ж. Даурундибу «Ойрат заңы» атты еңбекті [17], 1999 ж. Раднап Хадра «Зая Бандида шежіресі» атты тарихи еңбекті [18], 2000 жылы Сайын Улжы мен Бога «Моңғол-Ойрат заңы» [19] атты тарихи жазбаны «Ішкі Моңғол халық баспасынан» бастырып шығарды. 2007-2008 жж. Жин Хай Моңғол тіліндегі тарихи материалдардың «Жоңғар жасақ түзімі туралы арнаулы деректер» атты 2 томды құрастырып шығарды [20]. Бұдан тыс, Мәнжүр тіліндегі деректерден Жау Линжы 2009 ж. «Мәнжүр тіліндегі әскери архивтердегі Жоңғар елшілері туралы деректер» атты 3 томдық жинақ құрастырды [21].

Жоңғар хандығының тарихына қатысты қытай, мәнжүр және моңғол тіліндегі тарихи

деректер жинақтап баспадан шығарып ғылыми айналымға енгізумен қатар, Қытай тарихшылары ілгерінді-кейінді арнаулы монографиялық зерттеулерін де жариялап отырды. Солардың ішінде Ма Дажың мен Бай Уичиннің еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Екі тарихшы да Жоңғар туралы зерттеуде сан жағынан да, сапа жағынан да алда болды.

Осындай арнаулы зерттеу еңбектерінен алғашқылары болып, 1984 жылы Ма Рухың мен Ма Дажыңның «Ойрат-Моңғол тарихы туралы зерттеулер жинағы» [22] және Уи Хундияу мен Лю Руңжуңның «Жоңғар тарихы мен мәдени мұрасы» бірлескен монографиялары жарық көрді [23]. 1985 ж. Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясы мен Шынжаң Қоғамдық ғылымдар академиясы бірлесіп «Жоңғар тарихы» атты ұжымдық еңбектерін жариялады [24]. 1986 ж. Ду Руңкун мен Бай Уичин бірлесіп «Ойрат тарихынан зерттеулер» атты монографияларын баспадан шығарды [25].

1980 жылдарда жарық көрген аталмыш монографиялар ұжымдық немесе бірлескен еңбектер ретінде ерекшеленсе, 1990-2000 жж. Жоңғар тарихын зерттеудің жемісті жылдары деуге болады. Өйткені осы кезде жекелік зерттеу еңбектері, сондай-ақ этникалық Моңғол тарихшыларының да Моңғол тіліндегі зерттеу еңбектері барлыққа келді. 1991 ж. Бай Уичин өзінің «Ойрат тарихы» атты жеке монографиясын шығарды [26], 1993 ж. Қытайдағы этникалық Моңғол тарихшысы Намсылайдың «Жоңғар хандығының тарихы» атты Моңғол тіліндегі зерттеу еңбегі баспадан шықты [27]. Ма Дажың Фың Шишымен бірлесіп 1992 ж. «Ойрат Моңғолдардың қысқаша тарихы» атты 1 том шығарса, 1996 жылы 2-томын баспадан шығарды [28]. 2006 ж. Ма Дажың мен Чың Зуңдының «Ойрат тарихы» [29], 2007 ж. Ли Шюмидің «Цин империясының Жоңғарды бірлікке келтіру тарихынан зерттеулер – маңызды саяси шешімдер тұрғысынан» атты еңбектері ортаға шықты [30].

Қытайда тек қана Ойрат-Жоңғар тарихын зерттеуге арналған арнаулы мерзімді ғылыми журналдар да бар. Солардың бірі – «Ойрат тарихынан зерттеулер» атты ғылыми журналы. Журнал 1989 жылдан бастап тұрақты түрде шығып келеді, 2009 ж. журналдың аты «Батыс Моңғол тарихы мінбесі» болып өзгертілді. Қазірге дейін журналдың 80-нен астам саны шығып үлгірді. Ел іші-сыртындағы тарихшылардың Жоңғар тарихы туралы сан-салалы ғылыми зерттеу мақалалары жарық көріп отырған аталмыш

журналдың Қытайдағы тарих ғылымында, жүйеден Жоңғар тарихын зерттеуде алатын орны ерекше деуге болады.

Тағы бір айрықша мәнге ие ғылыми журнал – Тотын жазуымен шығатын «Хангылы» журналы. 1981 жылдан бастап жылына 4 рет шығып тұратын бұл журналда қазірге дейін Тотын жазуындағы көтеген тарихи материалдар жарияланды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, журналдың тарихи және ғылыми құндылығы айрықша деуге болады. Бұдан тыс, «Жоңғар тарихынан зерттеулер» және «Ойрат тарихынан зерттеулер» атты ғылыми мақалалар жинағы да 1977 жылдан бастап шығып келеді.

Қытайдағы университеттерде тарих мамандығы бойынша қорғалған магистрлік және док-

торлық жұмыстардың ішінен де Ойрат-Жоңғар тарихына қатысты тақырыптық зерттеулер кездеседі. Қолда бар деректерге қарағанда, қазірге дейін Қытайда Ойрат-Жоңғар тарихына тікелей қатысты 4 магистрлік диссертация [31] мен 4 докторлық диссертация [32] қорғалған. Диссертациялық жұмыстардың кейбірін Қытайдағы этникалық Моңғол ұлтының өкілдері жағынан Қытай тілінде қорғалғанын көруге болады.

Ойрат-Жоңғар тарихы туралы Қытайдағы зерттеулер мұнымен ғана шектелмейді. Аталмыш тарих туралы ғылыми мақалалардың саны неше мыңға жетіп жығылатыны айдан анық, сондықтан ғылыми мақалалар туралы емес, ғылыми маңызы жоғары ауқымды еңбектердің бір-неше тобын талдадық.

Әдебиеттер

- 1 Жин Жуизон. Цин патшалығының алғашқы кезіндегі Ойрат пен Қытай арасындағы сауда базары // Ішкі Моңғол университеті журналы. – 1964. – №2. (金启琮:清朝前期卫拉特蒙古和中原互市. 内蒙古大学学报)
- 2 Жау Лиян. Шияу Тиң За Лу. – Пекин: Жунхуа кітап мекемесі. – 1980. (昭梿:啸亭杂录)
- 3 Миң Шилу. – Тайби: Тайуан орталық зерттеу институты. – 1963. (明实录.台湾中央研究院)
- 4 Шы Ие Рың И. Таңну Ұранқай өңірі мен Цин империясының қарым-қатынасы // Моңғол тарихын зерттеудің дереккөздері. – 1978. – №11. (矢野仁一.唐努乌梁海地方与清朝的关系.蒙古史研究参考资料); Орыс-Моңғол сауда қатынасы және Патшалық Россияның Таңну Ұранқай өңіріне ірге кеңейтуі // Моңғол тарихын зерттеудің дереккөздері. – 1978. – №11. (俄罗斯贸易及俄国势力在唐努乌梁海的扩张. 蒙古史研究参考资料)
- 5 Пан Шышиян. Таңну Ұранқай өңірі мен Ортажазық өңірімен қарым-қатынасы // Ішкі Моңғол университеті журналы. – 1978. – №3-4. (潘世宪.唐努乌梁海与中原地区的关系.内蒙古大学学报)
- 6 Сагуши Тору. Жоңғар тайпасының тарихы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы // Ұлттар тарихынан аударма мақалалар жинағы. – 1978. – №1. (佐久透.准噶尔部历史和社会经济概.吴永明译.民族史译文集)
- 7 Венюков М.И. Жоңғар шекарасындағы халықтар туралы // Шынжаң университеті журналында. – 1980 (准噶尔边区居民考.新疆大学学报)
- 8 Златкин И.Я. Жоңғар хандығының тарихы. – Пекин: Сауда баспасы, 1980. (准噶尔汗国史.商务印书馆)
- 9 Гуревич Б.П. XVII-XVIII ғасырдағы Қытай-Орыс-Жоңғар қарым-қатынасы және Қытайдың тарих ғылымы // Қытай тарихының зерттелу жағдайы. – 1979. – №9 (十七世纪十八世纪清代中国和俄国与准噶尔汗国的相互关系以及中国史学.中国史研究动态)
- 10 Бай Суйчин. Экономикалық тұрғыдан Ойрат пен Қытай қарым-қатынасы // Қытайдағы Моңғол тарихы қоғамының құрылу конференциясы жинағы. – 1979. (白翠琴:从经济交流看瓦刺与中原地区的关系.中国蒙古史学会成立大会纪念集刊)
- 11 Сай Жиянь. XVIII ғасырдың басында Жоңғарлардың Росейге қарсы күрес тарихының маңызды бір көрінісі // Қытай-Орыс қарым-қатынасы тарихынан мақалалар жинағы. – 1979.(蔡家艺:十八世纪初叶准噶尔人民抗俄斗争的重要一页.中俄关系史论文集)
- 12 Ба Дай, Ма Дажын. Жоңғар билеушілерінің Оңтүстік Шынжаңдағы үстемдігі туралы // Шынжаң университеті журналы. – 1981. – №2. (巴岱\马大正:论准噶尔贵族对南疆的统治.新疆大学学报)
- 13 Бай Суйчин. Миң Шилу-дағы Ойрат деректері. – Үрімші: Шынжаң Жигулуе, 1982. (白翠琴.明实录瓦刺资料摘编.乌鲁木齐:新疆机构略)
- 14 Цин Шилу-дағы Жоңғар деректері. – Үрімші: Шынжаң халық баспасы. – 1986 (清实录准噶尔资料摘编.乌鲁木齐:新疆人民出版社)
- 15 Ұлжыту (ауд.). Төрт Ойраттың тарихы // Моңғолтану материалдары. – 1987. (乌力吉图译:四卫拉特史)
- 16 Жин Фын, Ба Дай, Ердени. Ойрат тарихи материалдары. Ішкі Моңғол мәдениет баспасы. – 1985. (金峰、巴岱、额尔德尼:卫拉特历史文献.内蒙古文化出版社) – Ойраттың тарихи іздері. Шынжаң халық баспасы. – 1992. (卫拉特史迹.新疆人民出版社)
- 17 Даурундибу. Ойрат заңы. Ішкі Моңғол мәдениет баспасы. – 1985. (道润梯步.卫拉特法典.内蒙古人民出版社1985年)
- 18 Раднап Хадра. Зая Бандида шежіресі. Ішкі Моңғол мәдениет баспасы. – 1999. (拉德那博哈得拉.札雅班第達传.内蒙古人民出版社)

- 19 Сайын Улжы, Бога. Моңғол-Ойрат зағы. Ішкі Моңғол мәдениет баспасы. – 1999. (赛音乌力吉, 包格.蒙古-卫拉特法典.内蒙古人民出版社)
- 20 Жин Хай. Жоңғар жасақ түзімі туралы арнаулы деректер. 2 том. Ішкі Моңғол мәдениет баспасы. – 2007-2008. (金海.准噶尔旗扎萨克衙门档校译编.第1-2辑,内蒙古人民出版社)
- 21 Жау Линжы. Мәнжүр тіліндегі әскери архивтердегі Жоңғар елшілері туралы деректер. 3 том. Пекин: Орталық ұлттар университеті баспасы, 2009. (赵令志.军机处满文准噶尔使者档译编.3册,中央民族大学出版社)
- 22 Ма Рухын, Ма Дажың. Ойрат-Моңғол тарихы туралы зерттеулер жинағы. Чинхай халық баспасы. – 1984. (马汝珩, 马大正:厄鲁特蒙古史论集.青海人民出版社)
- 23 Уи Хундияу, Лю Руңжун. Жоңғар тарихы мен мәдени мұрасы. Чинхай халық баспасы. – 1984. (王宏钧, 刘如仲:准噶尔的历史与文物.青海人民出版社)
- 24 Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясы, Шынжаң Қоғамдық ғылымдар академиясы. Жоңғар тарихы. Пекин: Халық баспасы. – 1985. (中国社会科学院, 新疆社会科学院:准噶尔史略.人民出版社)
- 25 Ду Руңкун, Бай Уичин. Ойрат тарихынан зерттеулер. – Үрімші: Шынжаң халық баспасы. – 1986. (杜荣坤, 白翠琴:西蒙古史研究.新疆人民出版社)
- 26 Бай Уичин. Ойрат тарихы. Ішкі Моңғол мәдениет баспасы. – 1991. (白翠琴:瓦刺史.吉林教育出版社)
- 27 Намсылай. Жоңғар хандығының тарихы (Моңғол тілінде). Ішкі Моңғол мәдениет баспасы. – 1993. (那木斯来:准噶尔汗国史.蒙古文.内蒙古人民出版社)
- 28 Ма Дажың, Фың Шишы. Ойрат Моңғолдардың қысқаша тарихы. – Үрімші: Шынжаң халық баспасы. – 1986. (冯锡时, 马大正:卫拉特蒙古简史.新疆人民出版社.上册1992年,下册1996年)
- 29 Ма Дажың, Чың Зуңды. Ойрат тарихы. – Үрімші: Шынжаң халық баспасы. – 2006 (马大正,成崇德:卫拉特史纲.新疆人民出版社)
- 30 Ли Шюми. Цин империясының Жоңғарды бірлікке келтіру тарихынан зерттеулер – маңызды саяси шешімдер тұрғысынан. – Пекин: Ұлттар баспасы, 2007 (李秀梅:清朝统一准噶尔史实研究—以高层决策为中心.民族出版社)
- 31 Бауин Тугус. Жоңғарлардың Тибеттегі 3 жылдық үстемдігі. Ішкі Моңғол университеті. 1994 жыл. (宝音特古斯:准噶尔在西藏的三年统治.1994年硕士论文); Нашун Далай. Ойраттың Дөрбіт тайпасы туралы зерттеу. Ішкі Моңғол университеті. 2004 жыл. (那顺达来:《卫拉特杜尔伯特部研究》,宝音德力根、乌云毕力格指导,2004年硕士论文); Ли Шюми. Цин империясының Жоңғарды бірлікке келтіру тарихынан зерттеулер – маңызды саяси шешімдер тұрғысынан. Пекин: Орталық ұлттар университеті. 2006 жыл. (李秀梅:清朝统一准噶尔史实研究.中央民族大学2006年硕士论文); Сүй Чунгуан. Жоңғар мәселелері туралы зерттеу. Ланжу: Ланжу университеті, 2006 жыл. (隋春兆:准噶尔诸问题研究.兰州大学2006年硕士论文)
- 32 Уын Хуа. Батыс Моңғолдарының (Ойраттардың) мәдени өздерісі. Ланжу: Ланжу университеті, 2001 жыл. (文化:西蒙古文化变迁研究.兰州大学.2001年博士论文); Улан. Тотын жазуының тарихы және Ойрат тарихын зерттеу. Пекин: Халықтар университеті, 2004 жыл. (乌兰:托忒文历史文献与卫拉特历史研究.中国人民大学2004); Хи Луң. Галдан Церен билігі кезіндегі Жоңғар хандығы мен Цин империясының қарым-қатынасы. Ішкі Моңғол университеті. 2005 жыл. (黑龙:噶尔丹统治时期的准噶尔与清朝关系研究.内蒙古大学2005年博士论文); Хуаң Би. Дала заңы мәдени астары: Моңғол-Ойрат заңы және Ойрат заңы туралы зерттеу. Пекин: Орталық ұлттар университеті, 2006 жыл. (黄华均:草原法文化阐释:蒙古-卫拉特法典和卫拉特法研究.中央民族大学2006年博士论文)

References

- 1 ZHIn ZHuizong. Cin patshalygynyng algashky kezindegi Ojrat pen Kytaj arasyndagy sauda bazary // Ishki Monggol universiteti zhurnaly. - 1964. - №2. (金启琮:清朝前期卫拉特蒙古和中原互市.内蒙古大学学报)
- 2 ZHau Liyan. SHiyau Ting Za Lu. - Pekin: ZHunghua kitap mekemesi. - 1980. (昭梿:啸亭杂录)
- 3 Ming SHilu. - Tajbi: Tajuan ortalyk zerttek instituty. - 1963. (明实录.台湾中央研究院)
- 4 SHY Ie Ryn I. Tangnu Urankaj ongiri men Cin imperiyasynyng karym-katynasy // Monggol tarihyng zertteuding derekkozderi. -1978. -№11. (矢野仁一.唐努乌梁海地方与清朝的关.蒙古史研究参考资料)
- a. Orys-Monggol sauda katynasy zhane Patshalyk Reseiding Tangnu Urankaj ongirine irge kengejtui // Monggol tarihyng zertteuding derekkozderi. -1978. -№11. (俄蒙贸易及俄国势力在唐努乌梁海的扩张.蒙古史研究参考资料)
- 5 Pan SHyshiyan. Tangnu Urankaj ongiri men Ortazhazyk ongirimmen karym-katynasy //Ishki Monggol universiteti zhurnaly. - 1978. -№3-4. (潘世宪.唐努乌梁海与中原地区的关系.内蒙古大学学报)
- 6 Sagushi Toru. ZHonggar tajpasynyng tarihy men aleumettik-ehkonomikalyk zhagdajy turaly // Ulttar tarihyndan audarma makalalar zhinagy. - 1978. - №1. (佐口透.准噶尔部历史和社会经济概.吴永明译.民族史译文集)
- 7 Venyukov M.I. ZHonggar shekarasyndagy halyktar turaly // SHynzhang universiteti zhurnalynda. - 1980 (准噶尔边区居民考.新疆大学学报)
- 8 Zlatkin I.YA. ZHonggar handygynyng tarihy. - Pekin: Sauda baspasy. - 1980. (准噶尔汗国史.商务印书馆)
- 9 Gurevich B.P. XVII-XVIII gasyrdagy Kytaj-Orys-ZHonggar karym-oatynasy zhane Kytajdyng tarihy gylymy // Kytaj tarihyngyng zerttelu zhagdajy. - 1979. - №9 (十七世纪十八世纪清代中国和俄国与准噶尔汗国的相互关系以及中国史学.中国史研究动态)
- 10 Baj Sujchin. EHkonomikalyk turgydan Ojrat pen Kytaj karym-katynasy // Kytajdagy Monggol tarihy kogamynyng kuryllu konferenciya zhinagy. - 1979. (白翠琴:从经济交流看瓦刺与中原地区的关系.中国蒙古史学会成立大会纪念集刊)

- 11 Saj Zhiya'i. XVIII gasyrdyng basynda ZHonggarlardyng Rossiyaga karsy kures tarihyng magyzdy bir korinisi // Kytaj-Orys karym-katynasy tarihyndan makalalar zhinagy. – 1979.(蔡家艺: 十八世纪初叶准噶尔人民抗俄斗争的重要一页.中俄关系史论文集)
- 12 Ba Daj, Ma Dazhyng. ZHonggar bileushilerining Ongtustik SHynzhangdagy ustemdigi turaly// SHynzhang universiteti zhurnaly. – 1981№.№2. (巴岱\马大正: 论准噶尔贵族对南疆的统治.新疆大学学报)
- 13 Baj Sujchin. Ming SHilu-dagy Ojrat derekteri. – Urimshi: SHynzhang ZHigulue. – 1982.(白翠琴. 明实录瓦刺资料摘编. 乌鲁木齐:新疆机构略)
- 14 Cin SHilu-dagy ZHonggar derekteri. – Urimshi: SHynzhang halyk baspasy. – 1986 (清实录准噶尔资料摘编.乌鲁木齐:新疆人民出版社)
- 15 Ulzhytu (aud.). Tort Ojratyng tarihy // Monggol tanu materialdary. – 1987. (乌力吉图译:四卫拉特史)
- 16 ZHin Fyng, Ba Daj, Erdeni. Ojrat tarihi materialdary. Ishki Monggol madeniet baspasy. – 1985. (金峰、巴岱、额尔德尼: 卫拉特历史文献.内蒙古文化出版社)
- a. Ojratyng tarihi izderi. SHynzhang halyk baspasy. – 1992. (卫拉特史迹.新疆人民出版社)
- 17 Daurundibu. Ojrat zangy. Ishki Monggol madeniet baspasy. – 1985. (道润梯步.卫拉特法典.内蒙古人民出版社1985).
- 18 Radnap Hadra. Zaya Bandida shezhiresi. Ishki Monggol madeniet baspasy. – 1999. (拉德那博哈得拉.札雅班第達传.内蒙古人民出版社)
- 19 Sajyn Ulzhy, Boga. Monggol-Ojrat zagy. Ishki Monggol madeniet baspasy. – 1999. (赛音乌力吉, 包格.蒙古-卫拉特法典.内蒙古人民出版社)
- 20 ZHin Haj. ZHonggar zhasak tuzimi turaly arnauy derekter. 2 tom. Ishki Monggol madeniet baspasy. – 2007-2008. (金海.准噶尔旗扎萨克衙门档校译编.第1-2辑,内蒙古人民出版社)
- 21 ZHau Lingzhy. Manzhur tilindegi askeri arhivterdegi ZHinggar elshileri turaly derekter. 3 tom. Pekin: Ortalyk ulttar universiteti baspasy. – 2009. (赵令志.军机处满文准噶尔使者档译编.3册,中央民族大学出版社)
- 22 Ma Ruhying, Ma Dazhyng. Ojrat-Monggol tarihy turly zertteuler zhinagy. CHinghaj halyk baspasy. – 1984. (马汝珩,马大正:厄鲁特蒙古史论集.青海人民出版社)
- 23 Ui Hungdiyau, Lyu Rungzhung. ZHonggar tarihy men madeni murasy. CHinghaj halyk baspasy. – 1984. (王宏钧, 刘如仲: 准噶尔的历史与文物.青海人出版社)
- 24 Kytaj Kogamdyk gylymdar akademiyasy, SHynzhang Kogamdyk gylymdar akademiyasy. ZHonggar tarihy. Pekin: Halyk baspasy. – 1985. (中国社会科学院, 新疆社会科学院: 准噶尔史略.人民出版社)
- 25 Du Rungkun, Baj Uichin. Ojrat tarihyndan zertteuler. – Urimshi: SHynzhang halyk baspasy. – 1986. (杜荣坤, 白翠琴: 西蒙古史研究.新疆人民出版社)
- 26 Baj Uichin. Ojrat tarihy. Ishki Monggol madeniet baspasy. – 1991. (白翠琴: 瓦刺史.吉林教育出版社)
- 27 Namsylaj. ZHonggar handygynyng tarihy (Monggol tilinde). Ishki Monggol madeniet baspasy. – 1993. (那木斯来: 准噶尔汗国史.蒙古文.内蒙古人民出版社)
- 28 Ma Dazhyng, Fyng SHishy. Ojrat Monggoldardyg kyskasha tarihy. – Urimshi: SHynzhang halyk baspasy. – 1986. (冯锡时,马大正: 卫拉特蒙古简史.新疆人民出版社.上册1992年,下册1996年)
- 29 Ma Dazhyng, CHyng Zungdy. Ojrat tarihy. – Urimshi: SHynzhang halyk baspasy. – 2006 (马大正,成崇德: 卫拉特史纲.新疆人民出版社)
- 30 Li SHyumi. Cin imperiyasynyng ZHonggardy birlikke keltiru tarihyndan zertteuler – magyzdy sayasi sheshimder turgysynan. – Pekin: Ulttar baspasy. – 2007 (李秀梅:清朝统一准噶尔史实研究—以高层决策为中心.民族出版社)
- 31 Bauin Tugus. ZHonggarlardyng Tibettegi 3 zhyldyk ustemdigi. Ishki Monggol universiteti.. 1994 zhyl. (宝音特古斯:准噶尔在西藏的三年统治.1994年硕士论文); Nashun Dalaj. Ojratyng Dorbit tajpasy turaly zertteu. Ishki Monggol universiteti. 2004 zhyl. (那顺达来:《卫拉特杜尔伯特部研究》, 宝音德力根、乌云毕力格指导, 2004年硕士论文); Li SHyumi. Cin imperiyasynyng ZHonggardy birlikke keltiru tarihyndan zertteuler – magyzdy sayasi sheshimder turgysynan. Pekin: Ortalyk ulttar universiteti. 2006 zhyl. (李秀梅:清朝统一准噶尔史实研究.中央民族大学2006年硕士论文); Suj CHunguang. ZHonggar maseleleri turaly zertteu. Lanzhu: Lanzhu universiteti. 2006 zhyl. (隋春兆: 准噶尔诸问题研究.兰州大学2006年硕士论文)
- 32 Uyn Hua. Batys Monggoldarynyng (Ojratyrdyng) madeni ozderisi. Lanzhu: Lanzhu universiteti. 2001 zhyl. (文化:西蒙古文化变迁研究. 兰州大学.2001年博士论文); Ulan. Totyn zhazuynyng tarihy zhane Ojrat tarihyndan zertteu. Pekin: Halyk universiteti. 2004 zhyl. (乌兰:托忒文历史文献与卫拉特历史研究.中国人民大学2004); Hi Lung. Galdan Ceren biligi kezindegi ZHonggar handygy men Cin imperiyasynyng karym-katynasy. Ishki Monggol universiteti. 2005 zhyl. (黑龙: 噶尔丹统治时期的准噶尔与清朝关系研究.内蒙古大学2005年博士论文); Huang Bi. Dala zagy madeni astary: Monggol-Ojrat zangy zhane Ojrat zyngy turaly zertteu. Pekin: Ortalyk ulttar universiteti. 2006 zhyl.(黄华均:草原法文化阐释:蒙古 - 卫拉特法典和卫拉特法研究.中央民族大学2006年博士论文)

Құндақбаева Ж.Б.,
Дүйсебаева А.И.

**Қазіргі Батыс тарихнамасында
Қазақстандағы кеңестік
кезеңдегі гендерлік
қатынастарды талдау үшін
қолданылатын категориялар
мен ұғымдар, 1920-1930**

Kundakbaeva Zh.B.,
Duisebayeva A.I.

**Contemporary Western
historiography theories and
concepts as the theoretical
framework for the Soviet gender
order formation in Kazakhstan,
1920-1930**

Кундакбаева Ж.Б.,
Дүйсебаева А.И.

**Категории и понятия
современных западных ученых
для изучения формирования
советского гендерного порядка
в Казахстане, 1920-1930**

Мақалада кеңестік кезеңнің гендерлік дискурсының трансформациясы болмысын зерттеуде батыстық ғылымның классиктерінің қандай теориялық тәсілдер мен құралдарды пайдаланғаны жөнінде және де олардың Отандық зерттеушілер үшін маңыздылығы айтылады. Батыс зерттеушілерінің гендерлік тәртіп, гендерлік рөлдер және патриархалдық келісім секілді ұғымдарды әлеуметтік құрылымның кеңестік жобасының әйелдік және ер адамдық кеңестік әлеуметтік жобадағы Қазақстанға енгізуге мүмкіндік берді. Аталған құрылымдардың әлеуеті, бізге кеңестік гендерлік бірегейліктің дәрежесін мәдени-символдық, әлеуметтік-институционалды және де жекеше-психологиялық дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Мақала авторларының сендіруі бойынша, батыс авторларының еңбектері және олардың ішінде көрсетілген теориялық құрылымдар, отандық ғылымды гендерлік/әйел зерттеулері саласында жаңа зерттеу стратегияларымен байытуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: гендерлік тәртіп, гендерлік рөлдер, патриархалдық келісім, классикалық патриархат.

The article deals with the most promising Western scholars theoretical constructs for the analysis of the transformation of gender discourse in the early Soviet period essence. Western scholars such Concepts as the gender order, gender roles and patriarchal bargain will allow us to insert a change of gender order in Kazakhstan into the Soviet project of social construction of masculine and feminine. The analytical potential of these constructs will allow us to uncover the cultural and symbolic, social and institutional as well as individual-psychological level of formation of the Soviet gender identity. The authors argue that the Western authors works and the theoretical framework presented in them allow to enrich the national science with new research strategies in the field of gender / women's studies.

Key words: gender order, gender roles, patriarchal bargain, classical patriarchy.

В статье анализируются теоретические конструкты классиков западной науки для анализа сущности трансформации гендерного дискурса в ранний советский период, являющиеся наиболее перспективными для наших исследователей. Такие понятия западных исследователей, как гендерный порядок, гендерные роли и патриархальная сделка, позволят нам вписать изменения гендерного порядка в Казахстане в советский проект мужского и женского социального конструирования. Аналитический потенциал данных конструктов позволит нам раскрыть культурно-символический, социально-институциональный, а также индивидуально-психологический уровень формирования советской гендерной идентичности. Авторы статьи утверждают, что работы западных авторов и представленные в них теоретические структуры позволят обогатить отечественную науку новыми исследовательскими стратегиями в области гендерных/женских исследований.

Ключевые слова: гендерный порядок, гендерные роли, патриархальная сделка, классический патриархат.

**ҚАЗІРГІ БАТЫС
ТАРИХНАМАСЫНДА
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢ-
ДЕГІ ГЕНДЕРЛІК
ҚАТЫНАСТАРДЫ
ТАЛДАУ ҮШІН
ҚОЛДАНЫЛАТЫН
КАТЕГОРИЯЛАР МЕН
ҰҒЫМДАР, 1920-1930**

Әйелдік/гендерлік тарих отандық тарихи ғылымда біршама жаңа салалар болып табылады. Сондықтан жаңадан қалыптасу барысында, батыс зерттеушілерінің – классикалық еңбектердің авторларының терминологиялық және категориялық аппаратын игеру үлкен маңызға ие. Мақалада кеңестік түбегейлі өзгерістер кезіндегі Қазақстандағы гендерлік дискурстың ерекшеліктерін ашып көрсетуге мүмкіндік беретін ұғымдар мен категорияларға шолу жасалады. Осылайша, қазіргі күні белгілі болған терминдер санатындағы келесі ұғымдарды атап өтуге болады: гендерлік қатынастар, гендерлік рөлдер, гендерлік дискриминация, гендерлік теңдік, гендерлік талдау, гендерлік тәртіп.

Біреулер үшін әлеуметтік ғылым аясында тұжырымдама ретінде енген «гендерлік» сөзінің өзі қиындық туғызады. «Гендерлік» сөзі ер адам мен әйелге қатысты емес, еркектік пен әйелдік деген түсініктерге байланысты айтылады. Осы ұғымдардың ішінен алдымен гендер сөзінің мәнін анықтап, теориясын талдауымыз қажет. «Гендер» термині өзі қолданысқа 1970 ж. енгізілді, оның себебі, жынысты мәдени-символдық тұрғыда белгілеп, жыныстың биологиялық анықтамасынан ажырату мақсатында туындады. Ағылшын тілінде «gender» – (жыныс, түр) және «sex» – (жыныс) іс жүзінде бірдей мағына береді. Олардың айырмашылығын американдық психолог Роберт Столлер, өзінің «Пол и гендер» [1] атты еңбегінде бекітті. Яғни, «sex» сөзінің анықтамасын биологиялық жыныс деп белгілесек, ал «gender» сөзін – әлеуметтік-мәдени деп анықтады. Американдық ғалым Марианне Камп пікірі бойынша, әйел тарихы пәнаралық сала ретінде 1970 ж. пайда болды [2]. Түрлі салалардың ғалымдары: тарихшылар, әлеуметтанушылар, философтар мен әдебиетшілер, барлығы да өздерінің салалары бойынша әйелдер мәселесінің ескерілмегені жайлы және сондықтан әйел тәжірибесі, рөлі жөнінде зерттейтін жаңа ғылым құру керектігімен келісті. Әйел тарихы феминистік пікірмен және феминистік саясатпен тығыз байланысты. 1980 ж. бастап «гендер» сөзі термин ретінде кеңінен пайдалана бастады. Бірақ бұл аталған ұғымдар ортақ және түрлі қоғамдарды, сонымен бірге әртүрлі тарихи мәнмәтіндерді зерттеуге де келеді.

Келесі *gender order* – гендерлік тәртіп, *gender roles* – гендерлік рөлдер және *patriarchal bargain* – патриархалдық ке-

лісім секілді үш ұғым, Қазақстандағы әйелдер эмансипациясы кеңестік жобасының мәнін ашып, оның ерекшеліктерін де анықтауға мүмкіндік береді. Гендерлік тәртіп жалпы кеңестік аумақтағы гендерлік қатынастардың сипатын көрсетіп, оның процестерін айқын көрсете алады. Ал гендерлік рөлдер кеңестік гендерлік тәртіп барысындағы ер адам мен әйелге нақты бөлінген, өзін-өзі ұстау және өмір сүру қағидаларының жиынтығы болып табылады. Ал ең ерекше ұғым, бұл Дениз Кандиоттидің ұсынған «патриархалдық келісім» тұжырымдамасы. Барлық ұғымдар бір-бірімен тығыз байланысты, әрі кеңестік гендерлік қатынастарды нақты сипатын көрсете алатын түсініктер. Сондықтан әрқайсысына ерекше тоқталу міндетті. Бұл батыс зерттеушілерінің де басты мақсаты болып келді. Яғни, батыс зерттеушілері кеңестік гендерлік қатынастарды дәл осы ұғымдар арқылы айқындады.

Гендерлік тәртіп пен гендерлік тәртіптеме/режим түсініктерін ажырата білген австралиялық әлеуметтанушы Рэйвин Коннелл болды. Ол гендерлік тәртіпті қоғаммен сәйкестендіріп, тарихи түрде белгіленген билік қатынастарының үлгілері әйел мен ер адам арасындағы қатынастарға тигізер ықпалын анықтайды. Ал гендерлік тәртіптемеге бөлек әлеуметтік институттар тән – бұл гендерлік тәртіптің бөлек әлеуметтік институттар деңгейінде көрінуі. Мысал ретінде мектеп, отбасы, мемлекет, жасөспірім қоғамдары, дала әрекеттестіктері және т.б. гендерлік тәртіптемелерді келтіреді [3]. Басқа жағынан, ағылшын зерттеушісі Сара Ашвин Коннелдың ізінше «гендерлік тәртіп» категориясын пайдалана отырып, оларға институттардың өзара шарттылығы мен гендерлік сәйкестілігін белгілейді [4]. Атап өтуге тиіс мәселе болып, гендерлік теорияның аналитикалық аппараты бекітілмегені болып табылады, басты проблеманы талдау барысында ең ықтимал терминологиялық құралдарды біріктірілген парадигма аясында іздеу, әлі де жалғастырылуда. Бірақ айрықша жиі қолданылатын тұжырымдама ағылшын зерттеушісі Сара Ашвиннің гендерлік тәртібі.

Гендерлік қатынастарды талдаудағы ресейлік зерттеушілер Е.А. Здравомыслова мен А.А. Тёмкинаның тағы бір орнатқан анықтамасы, бұл көпшілік және жеке ортаны ажырату қажеттілігі [5]. Көпшілік ортада гендерлік қатынастар экономикада, саясатта, идеология мен мәдениетте талданса; жеке ортада талдау нысаны ретінде отбасы-некелік, достық және сыршыл-сексуалды қатынастары алынады. Жоғарыда аталған барлық ортада гендерлік қатынастар құ-

рылымдық жағдайлар мен тәжірибелердің әрекеттестігі нәтижесінде жаңғырып, өзгереді және дәл осылардың негізінде құрылып, проблеманы тудыратын және гендерлік тәртіпті өзгертетін әйелділік/нәзіктік пен ер-азаматтылық, гендерлік идеология мен дискурс, топтық әрекеттер ұсынылады.

Кеңес уақытындағы әйел жағдайы өзіндік ерекшелігі бар гендерлік тәртіп – ресми және берейсми заңдылықтар мен жыныстар арасындағы әлеуметтік қатынас жүйесі арқылы анықталатын болды. Бұл тәртіп мемлекет тарапынан құрылып, орнатылды. Сондықтан да бұл тәртіп жүйесін этакратиялық деп атады, яғни француз тілінде *etat* – мемлекет деген сөзді білдіреді. Нақты осы кеңес жүйесі, жетпіс жыл аралығында мәжбүрлеу мен қыстау арқылы гендерлік жағдайды реттеп, кеңес қоғамындағы гендерлік қатынастар үстінен гегемониялық билік жүргізіп отырған агенті секілді болды және бұл кеңес үкіметінен кейін де қалып қалған үрдіс болып жалғасын тапты деп айта аламыз.

Қазіргі кезде кеңестік гендерлік тәртіптің кезеңдерге бөлінуінің бірнеше жүйесі бар. Стэнфорд Университетінде Халықаралық зерттеулер институтындағы аға ғылыми қызметкері, Кеңестік тарих бойынша жазған көптеген еңбектердің авторы, Гейл Лapidус кеңестік гендерлік тәртіптің кезеңденуін, мемлекеттің шектен шыққан қатал реттеу әрекеттері бойынша бөлуді ұсынды [Лapidус Г. цит. по 5].

Ең алдымен жаңа кеңестік гендер мен тәртіптің қандай жағдайда орнағаны жайлы мүмкіндігінше қарастырып, бастысы большевиктік кезеңдегі жаңа әйелділіктің сипатын көре аламыз. Бұл уақытта үкімет билігі «әйел мәселесіне» саяси сауал ретінде ұсынылды. Билікке келген большевиктер өздерінің ерекше әлеуметтік тәжірибесін жасай отырып, «әйел мәселесін» шешуде ең алдымен әйелдерді «коммунистік тәрбиеге» салып, оларды партия қатарына шақырып, мемлекеттік қызмет орнына ұсыну көзделді. Келесі мәселе болып, жұмысшы табының социализм үшін күресіне әйелдердің белсенділігін көбейтіп, осы күшті іске қосу керек болды. Бірақ сол кездегі кеңестік әйелдерінің көпшілігі тек саяси пассивті ғана емес, сонымен бірге сауатсыз болды. Әйелдердің көпшілік бөлігі тек «жұмысшы отбасыларының мүшесі» ғана болып саналды. Олар жұмысшы ұжымдарына қосылмаған және сол себепті большевиктер партиясына ену туралы шақыруларға ере қойған жоқ. Сонымен қатар партияның үндеуі мен ұрандарына да бой алдырмады, мысалы, құрылып жатқан

балабақшаларға балаларын жіберу немесе өздері жұмысқа шығу секілді мәселелер. Әйел заты дәстүрлі отбасы мен жеке өмірдің тірегі болғаны үшін ғана артта қалған элемент секілді қаралды.

30-шы жылдары – Кеңес үкіметінің жеке меншіктегі барлық салаға өз ықпалын тигізе бастаған уақыт. Әрине, жекелікті жою мүмкін емес еді, бірақ ол біршама шектелді және бақылауға алынды. Көшіп-қону да шектелді: 1932 жылы КСРО аумағына паспорттық жүйе мен «тіркелу» жүйесі енгізілді. 1935 жылы контрацептив өндірісі тоқтатылып, контрацепция мәдениеті дамуын тоқтатты, әдебиет шығармалары тек ерлерді дәріптеп жазды. Әйелдерді «тәрбиелеу» мен отбасы жағдайын нығайту мақсатында 1936 жылы ажырасу үрдісін қиындататын заң шығарылды. Түсік тастау да қатаң түрде тоқтатылды. Қазіргі феминистік дискурста бұндай істер тек әйелдердің өздерінің репродуктивті заңдары бойынша жеңілгенінің белгісі. Бұл іс-әрекеттердің барлығы дерлік, тоталитарлық мемлекеттің туылу үрдісін көбейту әрекеті еді. Бірақ әйелдерге деген қайырымсыз қатынастың арқасында, туылу керісінше тежей бастады.

Бұндай саясатқа әйелдердің жауабы болып, пассивті қарсылық болды. Біреулер жеке отбасы жағдайын көтере бастады, біреулері ұжымдық қарсылық білдіріп арыз хаттар жіберіп жатты, өзгелері әлеуметтік иерархия шыңына жетуге тырысты, немесе түрлі қозғалыстарға қатысу секілді әрекеттер жасады.

Жыныстар арасындағы еңбек бөлінісі қайта дәстүрлі сипат ала бастады және күнделікті тұтынар тауарлардың жоқтығынан жұмылдырылды. Әйелдер тоқыды, тікті, тамақ дайындады. Ал еркектер болса, жөндеу жұмыстары мен ағаш ұсталықтарында өндіретін тауарларды жасады және т.б. Бірақ әйелдердің еңбек үлесі анағұрлым жоғары болды.

Осылайша, кеңестік гендерлік тәртіп мемлекеттік гендерлік саясат әсерімен құрылып, негізгі қағидалары түрлі социалистік құрылым кезеңдері барысында өзгеріске ұшырап отырды.

Кеңестік эмансипация кезеңіндегі қазақтардағы гендерлік қатынастардың қандай болғанын сипаттайтын тұжырым іздеу барысында, біз патриархалдық деген түсінікке бет бұрдық. Бірақ әдебиеттермен танысу кезінде, бүгінгі күні патриархаттықтың көптеген анықтамалары бар екенін анықтадық. Мысалы, Халықаралық әйелдер энциклопедиясында, әлеуметтік анықтамалар ер адамдардың әйел затынан қоғамдағы артықшылықтары жөнінде

айтып, бұл мәселеге бас назар аударады. Мәселен, американ зерттеушісі Мэрилин Френчтың көзқарасы бойынша, патриархат бұл еркектердің отбасындағы әйел мен балаларға деген институтшылдық/экономикалық басымдығымен, сонымен бірге жалпы қоғамдағы әйел үстінен басымдылық жүргізу түсінігі. Демек, ер адам қоғамның барлық маңызды институттарында билігі бар, ал әйелдер билікке қол жету мүмкіндігінен айырылған. Сонымен бірге, Мэрилин Френчтың атап өтуі бойынша, бұндай ер адамдардың басымдылығы, әйелдердің қауқарсыз және құқықтары, ықпалы мен қаржы ресурстарынан мүлдем айырылды деген сөз емес [6].

Британдық әлеуметтанушы Сивия Валби түрлі феминизм ағымдарындағы патриархаттық теорияларына шолу жасап шықты – марксистік, радикалды, постструктуралистік және дуальды жүйе теориясы және нәтижесінде өз теориясын ұсынды. Оның тұжырымдамасының негізінде радикалды феминизм мен марксизм үйлестірілді. Сивия Валби ер адам басымдыққа ие әлеуметтік құрылымдарды бөліп қарастырды. Бұндай құрылымдарға үй шаруасы да, жыныстық қатынас, мәдени институттар мен мемлекет жатқызылды. Ғалымның айтуы бойынша, жоғарыда аталған барлық құрылымдар ер адамдардың әйелге қысым көрсетіп, пайдалануына жол береді [7].

Антропологиялық бағыттың өкілдеріне патриархаттық көбінесе тереңдетілген мәдени, физикалық және ділдік, немесе тіпті рухани көрініс ретінде көрінеді. Осылайша, антропологиялық тәсілге сәйкес патриархаттық – белгілер мен пікірлер жүйесі, бұл екеуі мәдениетті құрушылар, барлық дүниеге қатысы бар – күнделікті өмірдегі ауызекі әңгімелерден әдебиет пен киноға дейін. Олардың пікірі бойынша, патриархаттық мәдениет қоғамдағы басты идея – ер адам болу, әйел және адам болу деген ойларды өзіне қосады. Оған қоса, маскулиндік пен еркектік бастама адам болумен теңестірілсе, ал әйел бастамасы және әйелдік/нәзіктік ең ақырғы дәрежеге түсіріледі. Патриархаттық мәдениетте егде жастағы еркектер мен жас қыздар арасындағы неке рұқсат етілген, әйелдің жалғыздығы да ұятты іске саналмайды. Ақыр аяғында, патриархаттық мәдениет еркектер мен әйелдерді қарама-қарсылығын анықтайды және ер адамның агрессия, бәсекелестік пен үстемдік ету сезімдерін көрсетуін табиғи тұрғыда болуын түсіндіреді, ал әйелділікке қамқорлық, ынтымақтастық және бойсұну секілді сезімдері тән. Патриархаттық мәдениетте маскулиндік пен еркектік бастаманың ролі зор, ал әйелдік/нәзіктік пен әйелдік бастама

күнсызданды. Патриархаттық құндылықтар жүйесінде ер адамның мансабына үлкен мән беріледі, ал әйел мансабы әрдайым екінші орында болады. Балалардың тәрбиесі толығымен әйелдің мойнында, ал еркек үшін – екінші кезектегі дүние. Патриархаттық мәдениетте еркек үшін ашу, ызаның көрінісі мен беріктік лайық болса, әйел үшін – қамқорлық, нәзіктік және әлсіздік тән. Ең алдымен патриархаттық мәдениет адам тіршілігінің барлық дерлік саласындағы негізгі бақылау мен үстемдік ету құндылығын ерекше атап өтеді: сезім білдіруден бастап, экономика мен қоршаған ортаға дейінгі бақылау орнату мен оны күшейту тұрақты, әрі маңыздылығы жоғары міндет болып табылады. Сондықтан билік тұжырымдамасы көбінесе біреулермен қызмет етіп, біреулерге бостандық беру немесе сезіну және табиғатпен үйлесімдікте өмір сүру түсінігіне қарағанда өзгелерді, оқиғаларды, ресурстарды қадағалап, бақылау қабілеттілігі деп түсіндіріледі. Сөйтіп, патриархаттықтың берілген теорияларындағы билік тұжырымдамалары өзгені, оқиға, ресурс пен өзін басқару қабілеттілігі деп, бөгде біреулермен қызмет ету, тәуелсіздік және табиғатпен үндестікте іс-әрекет жасау идеясы жоққа шығарылады. Патриархаттық жүйеде үстемдік ету және билікті пайдалануға дайын болу мәдени тұрғыда жақсы әрі қажетті деп анықталып, бұл құзырет ерлерге беріледі, ал әйелге әлсіздің рөлі берілді (тіпті жексұрынға да жақын еді) – берілген рөлі бойынша ол тек қана билік ету тілегінен айырылған жоқ, сонымен бірге өкім жүргізе алмайтын да болды.

Осылайша, әлеуметтік, феминистік немесе антропологиялық теориялар аясында жүргізілген патриархаттықтың тұжырымдамаларының анализі бойынша, ешқайсысы да қазақ қоғамындағы ер мен әйел арасындағы қатынастарды сипаттауға келмейді. Сонымен, біз ағылшын зерттеушісі, гендерлік қатынастар мен саясат саласындағы академиялық зерттеулердің авторы Дениз Кандиоттидің еңбегіне келдік, ол патриархаттықтың бар анықтамаларына сын айтады, біріншіден, ер адам басымдылығы тұжырымдамасының тым қаттылығы, екіншіден, берілген тұжырымдамалар «жыныстар арасындағы бөлек келісімдердің» айырмашылықтары мен ішкі механизмдерінің көлеңкеде қалып кетуі [8]. Келесі мәселе, бұл – Дениздің ұсынысы бойынша әр патриархаттық жүйені мәдени, уақытша мәнмәтінге сүйене отырып және сонымен қоса кластық құрылым ерекшелігіне негізделіп отыра зерттеу. Осылайша, біз, қазақ қоғамындағы гендерлік тәртіпке

сипаттама беру мақсатында Дениз Кандиоттидің тұжырымдамасын – «патриархаттық келісімді» пайдаланамыз. Сонымен бірге, біз Дениз тұжырымымен келісе отырып, патриархаттықты ердің отбасындағы немесе қоғамдағы артықшылықтарының дәрежесін өлшеу бірлігі ретінде емес, керісінше патриархаттық келісім формасы ретінде, яғни әйелдің ер алдында бойсұнуы ер адамның қорғанында болуына айырбас. Дениз Кандиотти жоғарыда аталған тұжырымды, патриархаттың түрлі формаларына әйелдердің ер адамның басымдылығына бейімделу стратегиясын түсіндіру барысында анализ жасау негізінде ойлап шығарды. Оның пікірі бойынша түрлі қоғамдардағы әйелдер нақты бір шектеулерге байланысты патриархаттық келісімге келіп отырған. Патриархаттық келісім әйелдерге көрсетілген қысымына бейімделуінің ерекше формаларына ықпал жасайды. Келісімнің сипаты түрлі қоғамдардың шегінде белгілі бір шектеулерге байланысты болады. Патриархаттық келісім әйелдік гендерлік субъективтіліктің құрылуына әлеуетті ықпалын тигізіп, түрлі мәнмәтіндер аясында гендерлік идеологияның сипатын анықтайды. Дениз Кандиоттидің айтуы бойынша, патриархаттық келісімдер өзгеріссіз қалмайды, керісінше олар тарихи трансформациялар мен кезеңдерге өте сезімтал, әсіресе жыныстар арасындағы қатынастар қайта қаралу барысында. Оның жазуы бойынша: «Мен маңызды және салыстырмалы түрде ескерілмеген есептеу нүктесін патриархаттың түрлі формаларын сәйкестендіру үшін, патриархатқа байланысты әйел стратегияларының анализі арқылы анықтауды ұсынғым келеді. Мен кез келген қоғамда кездесетін белгілі бір шектеулерге ие әйел стратегияларын – патриархаттық келісім деп атаймын және ол өз кезегінде тап, каста мен этникалық құрамына байланысты түрленеді. Бұл патриархаттық келісімдер әйел субъективтілігінің қалыптасуына үлкен ықпалын тигізіп, түрлі мәнмәтіндегі гендерлік идеологияның сипатын анықтап көрсетеді. Сонымен бірге Патриархаттық келісімдер әлеуетке ғана емес, әйелдің белсенді және пассивті түрдегі қанаушылыққа қарсы ерекше үлгілеріне да әсерін тигізеді. Бұдан басқа, патриархаттық келісімдер мәңгілік немесе өзгеріссіз қалатын келісім емес, керісінше жаңа күрес майданын ашатын және жыныстар арасындағы қатынастарды қайта қарауға мүмкіндік туғызатын, тарихи өзгерістерге өте сезімтал келеді» [8, 276 б.].

Ол шаруашылық қызмет түрлеріне негізделіп ерлер басымдылығының бірнеше үлгілерін бөліп

көрсетеді. Оның ой-пікірі бойынша корпоративтілігі аз шаруашылық түрлерінде ер адамдардың әйелдер мен балалар үшін жауаптылығы төмен, тиісінше әйелдер еркіндігінің деңгейі жоғарырақ болады. Ал шаруашылықтағы корпоративтілігі көбірек қауымдастықтарда ер адамдардың әйелдер мен балаларға деген жауаптылығы салыстырмалы түрде жоғары. Бұндай қоғамдардағы патриархатты, Кандиоти, классикалық патриархат деп атайды. Classic patriarchy – классикалық патриархат қоғамдарында әдеттегідей әйелдер қорғанышқа айырбас ретінде бойсұнушылықтың ең жоғарғы дәрежесін білдіреді. Классикалық патриархат, Дениз Кандиотидің сөзі бойынша, нағыз келісімнің көрінісі болды, яғни әйел дербестігі мен ер адамдардың өз әйелдері үшін жауапкершілігі арасындағы ымыра. Ерлердің жауапкершілігі қаншалықты көп болса, әйелдер соншалықты көнгіш болады. Және әйелдер бұндай тәуелділікті бар ынтасымен қабылдап отырған, себебі «олар көбірек қорғанысқа ие боламыз» деп ойлады. Дениздің бақылауы бойынша, классикалық патриархат кезінде қыздарды тұрмысқа ерте беріп отырды. Олар күйеуінің әкесімен басқарылатын үй шаруашылығына түсіп, барлық ер адамдарына ғана емес, сонымен бірге жасы үлкен әйелдерге де бағынды, әсіресе қайын енелеріне бағынышты болды. Дениздің атап өтуі бойынша, әйелдердің өз рулас тобымен ажырау дәрежесі, неке тәжірибелеріндегі эндогамия дәрежесіне және түрлі арнамыс тұжырымдамаларына байланысты болды.

Қазақтарда корпоративтілік дәрежесі өте жоғары болды. Үй шаруашылығында әйелдің қатыстылығы зор болғанына қарамастан, отбасы амандығының басты жауапкершілігін ер адам көтерді. Болмаса, бұндай жауапкершілікті көтеру ер адамның табиғат қарсылықтарына қарсы тұру қабілетіне байланысты болды, яғни, жұт, эпизоотия – мал індеті секілді қиындықтармен, табынды дұрыс басқару, барымта түріндегі қырғын кезінде үйірде қайта толтыра білуі секілді істер арқылы таңдалды. Сондықтан қазақ әйелі еркіндік пен тәуелсіздік жөнінде ойламады да, себебі ол өзінің және балаларының экономикалық амандығы жөнінде толықтай жауапкершілікті көтеруге жағдайы болмады. Мәселе тіпті әйелде емес, себебі ер адамдар жалғыз басымен шаруашылықты басқара алмады. Еңбекті ұйымдастыру, көп жұмыс қолын қажет етті. Сол мезетте жасырын автономия болды. Сыртқы бағыныштылығына қарамастан, еркекке әсер ететін басқару тетіктері де болды, бұл біршама көбірек автономия еді. Олар бұл тәуелділікті

бар құлшынысымен қабылдады. Қазақтардың неке тәжірибелерінде эндогамияның дәрежесі өте төмен болды, себебі жеті атаға дейінгі некеге тыйым салынды. Қазақ әйелі толықтай күйеуі мен оның отбасы билігінде болды, ол іс жүзінде Қытай еліндегідей, жат елді-келін болды. Әр ру тайпалары қоныстарының бір-бірінен алыстығына және жол жүру қиындығына байланысты, ол өз туыстарынан көмек сұрай алмады, және өз туыстарымен байланыстың үзілуі өте жоғары болды [9]. Классикалық патриархаттың өзге ерекшелігі болып, әйелде меншік құқығының болмауы, өз отбасында да және әкесінің иелігіне де наразылығы болмады. Қалыңдықтың жасауы өлім алды мұра ретінде бағаланбайды, себебі ол тікелей күйеу баланың туыстарына беріледі және жер секілді өндіргіш мүлік түрін қабылдамайды. Мұсылмандық қауымдарда әйелдің мұрагерлік құқығын сұрау, күйеуінің отбасындағы қатыгездігі немесе ажырасу кезінде баратын жалғыз ғана сүйеніші – бауырларының қамқорлығын жоғалтумен барабар еді. Дениздің айтуы бойынша, жас әйел күйеуінің шаруашылығына дүниесі жоқ адам ретінде енеді және өз орнын тек қана ер баланы дүниеге әкелу барысында қондыра алады. Классикалық патриархат кезінде ер адамдардың басымдыққа ие болуы, әйелге өз келіндерін басқарумен орны толтырылады. Эмансипацияның кеңестік жобасы қазақ қоғамындағы ер адам мен әйел арасындағы қарым-қатынастың негізгі мәнін бұзды. Олар әйелдің мүмкіндіктері шектелмейтін отбасы үлгісін ұсынды. Бірақ еркектер мен әйелдердің құқықтарын теңестіру барысында, большевиктер ер адамдарынан отбасының қауіпсіздігі мен амандығы үшін жауапкершілігін шешіп отырды, осылайша қазақ әйеліне тән емес міндеттерді өзіне алуды мәжбүр етті, оның үстіне өзіндегі бұрынғы міндеттерді де алып жүруге тиіс болды. Кеңестік биліктің қазақтардың дәстүрлі шаруашылық жүйесін жою барысында, гендерлік тәртіп пен гендерлік рөлдер де күйрей бастады. Мысалы, әйелдер ұжымшар алқабына жұмыс істеуге барды, еркектерден ру үшін жауапкершілігін алып тастап, тіпті әйелдер үшін нормативті міндеткерлігі алынды, оған қоса ажырасқан әйелдердің үлкен жасағы пайда болды.

Атап айтылғандай, қазақ қоғамында қатаң түрдегі еңбектің гендерлік бөлінісі болды. Тек ер азаматтық істерге табынмен көшіп-қону, малды тамақтандыру, мал суару, кестіру, егу мен сою, құдықтар қазу және шаруашылық қора-жайлар салу жатқызылды. Сонымен бірге еркектер бе-

делі мен жасына сәйкес түрлі рөлдерді атқару қажет болды. Жасы үлкен ерлер малға байланысты барлық жоспарлау және шешім қабылдау міндеттері жүктелсе, жасы кіші ерлер мен ұлдар көбінесе қол күші жұмыстарын орындады. Ал әйел қызметі болып, жас малды бағып, мал шаруашылығы өнімдерін өңдеп, отын жинау болды. Бұдан бөлек, әйелдер тамақ дайындап, тігін тігіп, үй тазалап, кір жуып, киіз үйді құрып, қайта жинайтын. Әйелдердің қамқорлығында балалар, жасы үлкен қарттар және жас мал басы болды.

Осылайша, батыс авторларының Қазақстандағы кеңестік кезеңнің алғашқы кезіндегі гендерлік қатынастарды сипаттау үшін қолданатын ұғымдар мен категорияларды қарастырып, біз келесі қорытындыларға келдік. Яғни, айрықша перспективасы бар *gender order* – гендерлік тәртіп, *gender roles* – гендерлік рөлдер және *patriarchal bargain* – патриархалдық келісім ұғымдарын атай аламыз. Аталған теориялық құрылымдардың ғылыми әлеуеті, өзге зерттеушілерге революцияға дейінгі кезеңдегі қазақ қоғамындағы гендерлік қатынастардың мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

- 1 Stoller R. *Sex and Gender: On the Development of Masculinity and Femininity*. – Science House: New York City, 1968. – 383 p.
- 2 Kamp M. *The New Woman in Uzbekistan: Islam, Modernity and Unveiling under Communism*. – University of Washington, 2006. – 332 p.
- 3 Connell R.W. *Gender and Power. Society, the Person and Sexual Politics*. Cambridge: Polity Press, 1987. P. 91–119. Перевод статьи на русском языке опубликован в электронном журнале Неприкосновенный запас, 3(83), 2002. [Электронный ресурс] – <http://magazines.russ.ru/nz/2012/3/k3.html>
- 4 Ашвин С. Влияние советского гендерного порядка на современное поведение в сфере занятости // Социологические исследования. – 2000. – № 11. – С. 63-72.
- 5 Здравосмыслова Е. А., Темкина АА. Государственное конструирование гендера в советском обществе // Журнал исследований социальной политики. – Т.1. – № 3/4. – 2004. – P. 299-321.
- 6 *Feminist Theory in Routledge International Encyclopedia of Women: Global Women's Issues and Knowledge*. Eds. Cheri Kramarae & Dale Spender. – New York: Routledge, 2000. – P. 1493-1497.
- 7 Walby S. *Theorizing patriarchy*. Oxford, UK Cambridge: Wiley-Blackwell, 1990. – 229 p.
- 8 Kandiyoti D. *Bargaining with Patriarchy* // *Gender and Society*. – Vol.2. – № 3. – Special issue to Honor Jessie Bernard, 1988. – P. 274-290.
- 9 Масанов Н.Э. *Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности номадного общества*. – Алматы: «Социвест». – М.: «Горизонт», 1995. – 320 с.

References

- 1 Stoller R. *Sex and Gender: On the Development of Masculinity and Femininity*. – Science House: New York City, 1968. – 383 p.
- 2 Kamp M. *The New Woman in Uzbekistan: Islam, Modernity and Unveiling under Communism*. – University of Washington, 2006. – 332 p.
- 3 Connell R.W. *Gender and Power. Society, the Person and Sexual Politics*. Cambridge: Polity Press, 1987. R. 91–119. *Perevod stat'i na russkom jazyke opublikovan v jelektronnom zhurnale Neprikosnovennyj zapas*, 3(83), 2002. [Jelektronnyj resurs] – <http://magazines.russ.ru/nz/2012/3/k3.html>
- 4 Ashvin S. *Vlijanie sovetskogo gendernogo porjadka na sovremennoe povedenie v sfere zanjatosti* // *Sociologicheskie issledovanija*. – 2000. – № 11. – С. 63-72.
- 5 *Zdravosmyslova E. A., Temkina AA. Gosudarstvennoe kon-struirovanie genдера v sovetskom obshhestve* // *Zhurnal issledovanij social'noj politiki*, T.1. № 3/4., 2004. – P. 299-321.
- 6 *Feminist Theory in Routledge International Encyclopedia of Women: Global Women's Issues and Knowledge*. Eds. Cheri Kramarae & Dale Spender. – New York: Routledge, 2000. – P. 1493-1497.
- 7 Walby S. *Theorizing patriarchy*. Oxford, UK Cambridge: Wiley-Blackwell, 1990. – 229 p.
- 8 Kandiyoti D. *Bargaining with Patriarchy* // *Gender and Society*. – Vol.2. – № 3. – Special issue to Honor Jessie Bernard, 1988. – P. 274-290.
- 9 Masanov N.Je. *Kochevaja civilizacija kazahov: osnovy zhiznedejatel'nosti nomadnogo obshhestva*. – Almaty: «Socinvest» – Moskva: «Gorizont», 1995. – 320 с.

2-бөлім
**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

Раздел 2
**ДРЕВНЯЯ И СРЕДНЕВЕКОВАЯ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

Section 2
**ANCIENT AND MEDIEVAL
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

Нуртазина Н.Д.
**О системном кризисе
тюркского кочевого общества
Центральной Азии
в конце VIII-X вв.**

Статья посвящена анализу состояния тюркского кочевого общества перед приходом ислама. Автор предлагает новый подход к изучению социальной истории средневекового Казахстана, учитывающий циклический характер эволюции, динамику и кризисные явления. Используются средневековые китайские, арабо-персидские источники (в переводе Бичурина, Лю Мао-Цзая, Гибба и др.), современные исследования по номадизму. По мнению автора, тюркские сообщества VIII-X вв. находились в состоянии системного кризиса. Необходимо видеть природно-климатические, антропогенные и другие факторы. Периоды социального кризиса осложняются явлениями экономического упадка, голода, уменьшения населения. Обсуждаются вопросы конфликтов, миграций, дезинтеграции, китаизации тюрков, распространения работорговли, деформации этнической ментальности и морального падения. Тюркская традиция перешла в цикл дезорганизации. В дальнейшем для новой организации социальной системы ей понадобился такой эффективный цивилизационный фактор, как ислам.

Ключевые слова: древние тюрки, социум, кризис, номадизм, источники, эволюция, распад, упадок, факторы, климат, демография, внутренние и внешние факторы, голод, джут, конфликты, китайское влияние, торговля людьми, ментальность, мораль, интеграция, принятие ислама, возрождение.

Nurtazina N.D.
**On the systematic crisis of
the Turkic nomadic society of
Central Asia at the end
of VIII-X centuries**

The article analyzes the situation of the Turkic nomadic society before the arrival of Islam. The author proposes a new approach to the study of social history of medieval Kazakhstan, taking into account the cyclical nature of evolution, dynamics and crises. Medieval Chinese, Arab-Persian sources (translated by Bichurin, Liu Mao-Tsay, Gibb et al.), contemporary researches on nomadism are used. According to author's point of view, during the period of VIII-X centuries Turkic communities experienced systemic crisis. It is necessary to see the natural and climatic, anthropogenic and other factors. Economic decline, famine, population reduction complicated social crisis. It were discussed the issues of conflict, migration, disintegration, Chinese impact, slave trade, the deformation of ethnic mentality and moral decline. Turkic tradition passed into disorganization cycle. In the future for the new organization of the social system it needs such powerful civilizational factor as Islam.

Key words: ancient Turks, society, crisis, nomadism, the sources, evolution, decay, decline, factors, climate, demography, internal and external factors, starvation, conflicts, Chinese influence, slave trade, mentality, morality, integration, acceptance of Islam, revival.

Нуртазина Н.Д.
**VIII-X ғғ. Орталық Азияда түркі
көшпелі қоғамының жаппай
дағдарысы туралы**

Мақала түркі көшпелі қоғамының ислам дінінің таралуы қарсаңындағы жағдайын талдауға арналады. Автор ортағасырлық Қазақстанның әлеуметтік тарихына эволюцияның қайталымды (циклді) сипаты, динамика мен дағдарыстық құбылыстары ескеретін жаңа тұрғыны ұсынады. Ортағасырлық қытай, араб-парсы деректері (Бичурин, Лю Мао-Цзай, Гибб, т.б. аудармасында), номадизм бойынша жаңа зерттеулер пайдаланылған. Автордың көзқарасы бойынша, VIII-X ғғ. түркі қауымдары жүйелі дағдарысты бастан кешті. Табиғи-климаттық, антропогендік, т.б. факторларды есепке алу қажет. Әлеуметтік дағдарысты экономикалық құлдылау, ашаршылық, халық санының кемуі сияқты құбылыстар қиындатты. Қақтығыстар, миграциялар, ыдырау, түркілердің қытайлануы, құлдар саудасының кең етек алуы, этникалық ділдің деформациялануы, моральдық құлдырау мәселелері талданады. Түркі дәстүрі «бөлшектену» цикліне аяқ басты. Кейіннен оған әлеуметтік жүйенің жаңаша құрылуы мақсатында ислам сияқты қуатты өркениеттік фактор қажет болды.

Түйін сөздер: ежелгі түркілер, қоғам, көшпелілік, дереккөздер, эволюция, ыдырау, құлдылау, факторлар, климат, демография, ішкі және сыртқы факторлар, аштық, жұт, қақтығыстар, қытай ықпалы, адам саудасы, діл, құлық, интеграция, исламды қабылдау, жаңғыру.

О СИСТЕМНОМ КРИЗИСЕ ТЮРКСКОГО КОЧЕВОГО ОБЩЕСТВА ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В КОНЦЕ VIII-X ВВ.

Комплексное междисциплинарное исследование социально-антропологических аспектов кочевого социума показывает, что во многом разрозненные сообщества тюрков на рубеже VIII-IX вв. переживали системный кризис, обусловленный взаимодействием природно-географических, антропологических, социальных, геополитических и других факторов. Данная эпоха в отечественной и зарубежной историографии недостаточно изучена с применением цивилизационного, системного подходов.

В современной теории систем установлено, что любая, в данном случае социальная, система подвергается изменениям и скачкам согласно имманентному закону «саморазвертывания», одновременно подключаются и внешние толчки, импульсы, сознательные и бессознательные влияния соседних старых цивилизаций. Не случайно, Томас Барфилд видит синхронность периодов ослабления и распада кочевых империй со временем периодического усиления и централизации Китая [1, с. 49-57].

В целом, при объективном подходе кочевые общества доиндустриальной эпохи характеризуются напряженностью всех хозяйственно-демографических процессов, циклическими колебаниями, и это подрывает миф о кочевой идиллии, созданный многими авторами – дилетантами от науки. Необходимо учитывать и исследовать природно-климатический фактор, т.к. «климатические пульсации различной продолжительности, наличие которых теперь общепризнанно в климатологии, также непосредственно воздействовали на утилизируемые скотом естественные ресурсы и вносили свою лепту в нарушение рассматриваемого баланса» [2, с. 158]. А. Хазанов в этой связи добавляет, что некоторые популяции домашних животных также подвержены определенным биологическим пульсациям, возможно, связанным с климатическими изменениями.

Важность реконструкции антропологического типа кочевника этого переходного периода возрастает в связи с необходимостью определения социально-гуманитарных предпосылок обращения масс тюрков-кочевников в ислам. Именно социальный и духовный кризис, тотальная дестабилизация на рубеже античности и средневековья были предпосылкой для будущей серьезной трансформации кочевых обществ под влиянием нового религиозно-цивилизационного фактора. Исламизация не

заклучалась в простом соединении известного «рыцарского» психотипа евразийскогономада с предписаниями ислама; такой взгляд был бы механическим пониманием великого и одновременно трудного, тернистого процесса интеграции Великой Степи в мусульманский культурно-цивилизационный контекст.

В действительности, как показывает предпринятая нами научная реконструкция, с арабомусульманским фактором столкнулся уже не тот классический номад-воин и сильный интегрированный социум, а во многом деградировавшая и ослабевшая традиция степняков, политически раздробленные сообщества, в котором наблюдались симптомы системного кризиса и разложения [3, с. 82]. Кризис охватывал все сферы жизни, падала рентабельность хозяйства и торговли, в силу целого ряда внутренних и внешних обстоятельств резко ухудшались социальные показатели, участились факты голода, гибели целых родов. Так, еще в 80-е годы VI в. происходившие распри и раскол Великого каганата на две части усугублялись страшным голодом, так что кочевники вместо хлеба употребляли растертые в порошок кости [4, с. 229]. Также политический кризис и падение Первого тюркского каганата после Эль-кагана сопровождался (вернее, предварялся) джутом, падежом скота и массовым голодом в Степи в 627-629 гг., о чем свидетельствуют китайские хроники: «...в стране был великий голод» [5, I, с. 194].

Далее, рассмотрение геокультурных и внешнеполитических обстоятельств показывает, что до ислама на фоне системного кризиса кочевых обществ достаточно серьезно зашел процесс ассимиляции тюрков китайской культурой, что доказывается солидными западными научными исследованиями, как, например, классический труд «Арабские завоевания» сэра Гамильтона Гибба [6, с. 48]. «Вместо того, чтобы стать китайской, к чему, кажется, вели все происходившие события, Центральная Азия стала мусульманской» [7, с. 127], – замечает Рене Груссе. Как известно, в 630-680 гг., то есть целых 50 лет восточная часть Великого тюркского каганата была оккупирована китайскими войсками, а в Семиречье власть Китая осуществлялась через подставных каганов-марионеток. Воспользовавшись всеобщим кризисом, империя прибирала к своим рукам не только территорию, но и душу тюркского кочевника.

К политическому хаосу, связанному с войной в Согде, арабскими завоеваниями, в которые

была втянута часть тюрков, номады Великой Степи подошли уже расшатанным и раздробленным сообществом. К VIII-IX вв. уже не стало Великого каганата, других сильных кочевых объединений. Австрийско-американский исламовед фон-Грюнебаум вывел всеобщую закономерность, отражающую состояние народов древнего Востока к VII-VIII вв. перед исламом, назвав его «усталым миром», культуры которого были «непродуктивны» и «фрагментарны».

В итоге западный эксперт установил, что «классическая культура, которую якобы победили, вытеснили или уничтожили вторжения германцев в V или VI веке и арабов в VII-VIII вв., в действительности полностью перестала существовать еще до появления первого захватчика» [8, с. 41]. Не имевший симпатии к семитам Лев Гумилев тем не менее дал объективную оценку высокой харизме арабов-мусульман. В соответствии со своей своеобразной теорией он написал, что тюрки в VII веке н.э. находились лишь на «средней ступени пассионарности», тогда как арабы поднялись на ее «высшую ступень». Помимо этого, автор назвал Хорезм, Согдиану и другие княжества Средней Азии «состарившимися и уставшими» образованиями.

При анализе причин распада и кризиса номадных сообществ раннего средневековья следует исходить из общетеоретического представления о том, что любое человеческое общество в историческом бытии не стоит на месте (и даже такое относительно статичное и закрытое общество как номадное), а подвержено малым и большим кризисам, различным внутренним и внешним факторам трансформаций и т.д. Именно в кризисные периоды среди кочевников становилось меньше единства и сплоченности, консенсуса и взаимопонимания; проявляются признаки антисистемы. Военные конфликты приобретают особо интенсивный и жестокий характер, коллективная энергия растрачивается на внутренние ссоры и распри, примитивное и безжалостное взаимоистребление, на грабительские налеты на близлежащие города и нападения на торговые караваны.

Типичным признаком гуманитарного кризиса выступают во все времена миграции и нестабильная демографическая ситуация. Известно, что период VIII-X вв. в евразийской истории характеризуется высокой степенью подвижностью кочевого населения. Спонтанные откочевки больших массивов племен носили волнообразный характер, они были обусловлены неконтролируемым ростом агрессивности,

неутихающими военными стычками и конфликтами, самовольными захватами чужих пастбищ, завоеваниями, нашествиями. По мнению некоторых ученых, серьезные миграции на глубинном уровне вызываются колебаниями экологического состояния континентов.

Примерами масштабных миграций могут служить этапы переселения огузов с Иссык-Куля на долину средней и нижней Сырдарьи, уход печенегов с Сырдарьи в южнорусские степи, исход огузов-сельджуков, бегство карлуков в Семиречье и др. О хаотичной грозной миграции кочевников Центральной Азии, в которую по принципу снежного кома оказался вовлеченным целый ряд тюрко-монгольских этнических сообществ раннего средневековья (X – нач. XI в.), свидетельствовали письменные источники. Например, Марвази в «Табаи ал-хайаван» писал: «Среди них (тюрков) есть группа племен, которые называются кун, они прибыли из земли Кытай, боясь Кыта хана. Они были христиане-несториане. Свои округа они покинули из-за тесноты пастбищ... За кунами последовал (или: их преследовал) народ, который называется каи. Они многочисленнее и сильнее их. Они прогнали их с тех пастбищ. Куны переселились на земли шаров, а шары переселились на землю туркмен. Туркмены переселились на восточные земли огузов, а огузы переселились на земли печенегов, поблизости от Армянского (Черного) моря» [9, с. 212].

Олицетворением болезненно трансформирующегося, кризисного кочевнического социума был уже не классический тип харизматичного кочевника. В плане ментальности у кочевников переходной эпохи разумный авторитаризм, продиктованный военной дисциплиной, перерастает в деспотизм и самомнение, благородная гордость и достоинство – в высокомерие и хвастливость, решительность и стойкость – в неуместное упрямство. Незаметно перестраивается мотивация военных набегов, преобладает не тот идеализм, война ради подвигов, славы и установления в мире справедливости, а желание добычи и золота, охота за красивыми наложницами и т.д. Появляются такие черты ментальности и привычки, как хитрость, расчетливость, прельщение материальными благами, злоупотребление вином, неумеренность в еде и т.д.

Кое-где появляются и настоящие антигерои, своеобразные криминальные авторитеты средневековья, которые уже откровенно попирают древний кодекс чести, законы гостеприимства, устраивают анархию, грабят караваны, унижают

слабых и обездоленных и т.д. Именно таких тюрков имел в виду китайский летописец, когда написал: «мало честности и стыда, не знают ни приличий, ни справедливости» [4, с. 229]. В этой связи стоит привести изречение отца китайской цивилизации Конфуция о том, что «лишь тот, в ком естество и воспитанность пребывают в равновесии, может считаться достойным мужем». Великий путешественник Сюань Цзан в VII в. написал, что «в области Правителя Коней жители по натуре злые, жестокие и склонные к убийствам. Они живут в юртах из войлока и, перемещаясь подобно птицам, следуют за своими стадами...» [10, с. 34].

Из китайских источников известно о событиях в Тюркешском каганате времен Сулука и его предшественников. Из этих сведений мы узнаем, что авторитет Сулук-кагана (VIII в.) среди тюркешей находился в прямой зависимости от того, как этот вождь – щедро или скупко – делился захваченной добычей со своими подчиненными: «После каждого сражения добычу всю отдавал подчиненным, почему роды были довольны и служили ему всеми силами... В последние годы он почувствовал скудность, почему награбленные добычи начал мало-помалу удерживать без раздела... Тогда и подчиненные начали отдаляться от него...» [4, с. 298-299].

Также у нас есть возможность для примера взять картину глубокого кризиса предисламского общества кочевых огузов. Некогда благородными огузами к X в. была во многом утрачена бывшая доблесть и рыцарский кодекс, серьезно снизились стандарты культуры и быта. Видимо, на кризис ментальности повлияли такие обстоятельства, как перманентные войны и миграции, всеобщая милитаризация государственной жизни и быта, эпидемии, малые (локальные) и великие джуты (великие джуты, по представлениям самих кочевников, повторяются через каждые 36 лет в Год Зайца), эпизоотии, голод и недоедание.

Арабский дипломат и ученый Ибн Фадлан, вынужденный в своей дипломатической поездке на Волгу к мусульманам-тюркам (булгарам) в начале X в. ехать через степи Казахстана – Мафазат аль гузз (Степь огузов), густо населенные языческими тюркскими племенами, конечно, понимал, что очень сильно рискует жизнью. Из этих описаний в общем можно видеть, что общество кочевников потеряло многие достижения прошлого [11, с. 158-159]. В Степи царил культ грубой физической силы, цена человеческой жизни (тем более чужака, иноземца, даже иногo племени) ставилась в грош, огузы не знали

элементарных предписаний и вето в отношении безопасности торгового каравана, посла, дипломата и т.д., так что неоднократно жизнь самого Ибн Фадлана висела на волоске.

Источником доходов и легким способом обогащения для огузских кочевников IX-X вв. стала позорная работорговля, именно ей были подчинены мотивы и цели постоянных взаимных набегов и войн. Своих же этнических братьев, захваченных в плен, они десятками тысяч отправляли и перепродавали сначала в Хорезм, а оттуда в Багдад и Дамаск и др. Тюркская Степь на глазах всего мира теряла свой генофонд: лучшие, самые сильные и красивые мужчины, молодые юноши и мальчики, красивые женщины, причем тысячами, отлавливались бизнесменами «живого товара» и отправлялись за пределы

страны. Все это, безусловно, создало в огузско-кыпчакских степях ситуацию, предвещающую демографическую катастрофу.

Таким образом, внимательное изучение письменных источников и их корреляция позволяют увидеть сложную картину политической децентрализации, роста социальных конфликтов, деформации коллективной ментальности и другие признаки системного кризиса, постигшего тюркские племена Центральной Азии в конце VIII-X вв. Позже инициирование такими великими личностями тюркского кочевого мира, как Сельджук, Сатук Богра-хан и др. массовых акций исламизации, остановило дегенерацию и разложение тюркских этнических сообществ, дав импульс духовному и социальному возрождению.

Литература

- 1 Барфилд Т.Дж. Опасная граница: кочевые империи и Китай (221 г. до н.э. – 1757 г.н.э.) – СПб.: «Нестор-История», 2009 – 488 с.
- 2 Хазанов А. Кочевники и внешний мир. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 604 с.
- 3 Нуртазина Н. Распространение ислама и формирование казахской мусульманской традиции (VIII – нач.XIX вв.). – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 354 с.
- 4 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. I. Ч.1. – М.-Л.: Изд. Акад.наук, 1951. –381 с.
- 5 Liu Mau-tsai. Die chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Turken (T'u-kue). Buch I-II.– Wiesbaden, 1958.
- 6 Gibb, H.A.R. The Arab conquests in Central Asia – London, 1923.
- 7 Груссе Р. Империя степей. Атилла, Чингисхан, Тамерлан. – Алматы: Санат, 2005. – 286 с.
- 8 Грюнебаум, Густав Эдмунд фон. Основные черты арабо-мусульманской культуры. – М.: Наука, 1981. – 227 с.
- 9 Марвази Шараф аз-Заман. Табаи ал хайаван. Глава о тюрках //http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Marvazi_Tahir/frame-text1.htm
- 10 Сюань-Цзан. Записки о западных странах (эпохи) Великой Тан (да Тан си юй цзи) / введение, перевод и комментарий Н.В. Александровой. – М.: Изд. Вост.лит, 2012. – 466 с.
- 11 Ибн Фадлан. Рисала. //Материалы по истории туркмен и Туркмении. –Т.1. – М.-Л.: Изд. Акад.наук, 1939. – 612 с.

References

- 1 Barfield T.Dzh. Opasnaja granica: kochevye imperii i Kitaj (221 g. do n.je. – 1757 g.n.je.) – Spb.: «Nestor-Istorija», 2009 – 488 s.
- 2 Hazanov A. Kochevniki i vneshnij mir. – Almaty: Dajk-Press, 2000. – 604 s.
- 3 Nurtazina N. Rasprostranenie islama i formirovanie kazahskoj musul'manskoj tradicii (VIII-nach.XIX vv.). – Almaty: Қазақ universite-ti, 2016. – 354 s.
- 4 Bichurin N.Ja.. Sbranie svedenij o narodah, obitavshih v Srednej Azii v drevnie vremena. T. I. Ch.1.– M-L.: Izd. Akad. nauk, 1951. –381 s.
- 5 Liu Mau-tsai. Die chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Turken (T'u-kue). Buch I-II.– Wiesbaden, 1958.
- 6 Gibb, H.A.R. The Arab conquests in Central Asia – London, 1923.
- 7 Grusse R. Imperija stepej. Attila, Chingishan, Tamerlan. Almaty: Sanat, 2005. – 286 s.
- 8 Grjunebaum, Gustav Jedmund fon. Osnovnye cherty arabo-musul'-manskoj kul'tury. –M: Nauka, 1981. – 227 s.
- 9 Marvazi Sharaf az-Zaman. Tabai al hajavan. Glava o tjurkah //http://www.vostlit.info/Texts/rus17/Marvazi_Tahir/frame-text1.htm
- 10 Sjuan'-Czan. Zapiski o zapadnyh stranah (jepohi) Velikoj Tan (da Tan si juj czi). Vvedenie, perevod i kommentarij N.V. Aleksandrovoj. – M: Izd. Vost.lit, 2012. – 466 s.
- 11 Ibn Fadlan. Risala. //Materialy po istorii turkmen i Turkmenii. –Т.1. – М.-Л.: Изд. Акад.наук, 1939. – 612 с.

Омарбеков Т., Арапов Ж.

**Алаш және Қазақ
қауымдастығының этникалық
алғы шарты**

Бұл мақалада негізінен Алаш қауымының қалыптасу кезеңі, этникалық байланыс бірлестігінің бірігуі қарастырылады. Қазақ этносының құрылымының тайпалардың біріккен әрекетінде орын алуы айтылған. Мақсат – саяси бірлестікте орын алған ұлыстардың Қазақ пен Алаштың арасындағы байланысының мәселелерін анықтау. Жошы хан заманында ұлыстардың халықтар шоғырланған сипатында көптеген рулар орын алған. Халықтың миграциялық мекендеуі әсерінен этникалық бірлестіктер қалыптастырылды. Зерттеу деректерде XIII-XIV ғасырларда орын алған мәселелерді, яғни аңыздар мен археологиялық ескерткіштердің Алаш атауына қандай қатысы бар екенін, Алынша, Үш Алаш, Алты Алаш, Үш Мың Алаш, Алты Алаш атауларының орын алуын, сипаттамалық тұрғыда талдайды. Шежірелерде келтірген атаудың шындыққа қатысы бар екенін, деректерді талдай келе көз жеткіземіз. Алаша хан тайпаларының көшпелі түркілерді біріктіріп, тұңғыш Алаш (қазақ) мемлекетінің қалыптасуына алғаш бастау жасағаны айқындалады. «Алаш» этнонимі мен қазақ халқының этностық тарихының байланыстығы объективті түрде зерттелген.

Түйін сөздер: Алаш, Алынша хан, тайпа, қазақ қауымы, этнос.

Omarbekov T., Arapov Zh.

**Ethnical preconditions of Alash
and Kazakh community**

In this article, it is considered the period of formation of Alash society and association of ethnic groups. It is also narrated that in the formation of the Kazakh ethnic group is inherent in the union of tribes. The goal – identifying problems interrelation Kazakhs and Alash also uluses political in association. During Zhoshy Khan ulus in the regions appeared ancestry main part of the people. In the process of migration resettlement laid ethnic association. It is also analyzed the problem XIII XIV centuries in the research sources, ie the connection between myths and archaeological monuments in the concept of Alash, the emergence of the concept of Alynsha, Ush Alash, Alty Alash, Ush Myn Alash, Alty Alash. Analyzing the sources is proved the accuracy of the concept which is showed in chronicles. It is determined that the precondition for the formation of the initial Alash (Kazakh) state is to unite the nomadic tribes Alash Khan. In addition, it is investigated the objectivity of the relationship of the ethnonym «Alash» and ethnic history of the Kazakh people.

Key words: Alash, Alynsha khan, tribe, Kazakh society, ethnicity.

Омарбеков Т., Арапов Ж.

**Этнические предпосылки
Алашского и Казахского
сообществ**

В данной статье рассматривается период формирования Алашского общества и объединение этнических групп. Также повествуется о том, что формированию казахского этноса присуще объединение племен. Цель статьи – определение проблем взаимосвязи казахов и Алаша, также улусов в политических объединениях. В период Жошы хана в регионах основной части народа улусов возникла родословность. В процессе миграционных расселения закладывается этническое объединение. Также анализируются проблемы XIII XIV веков в источниках, то есть связь между мифами и археологическими памятниками о понятии Алаш, появление понятий Алынша, Уш Алаш, Алты Алаш, Уш Мың Алаш, Алты Алаш. Анализируя источники, доказываем достоверность понятий, указанных в летописях. Определяется, что предпосылкой формирования первоначального Алашского (казахского) государства является объединение кочевых племен Алаша ханом. Дополнительно исследуется объективность взаимосвязи этнонима «Алаш» и этносная история казахского народа.

Ключевые слова: Алаш, хан Алынша, племена, казахский народ, этнос.

АЛАШ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚАУЫМДАСТЫҒЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ АЛҒЫ ШАРТЫ

Қазақ қауымының этникалық факторы ретінде негізгі мәселе «Алаш» атауының «Қазақ» этнонимі тұрғысында алғаш рет қолданылуы жазбаша деректерде негізінен, Қадырғали Жалайыридың «Жамиғ-ат-тауарих» атты жылнамасында кезігеді. Сол жылнаманың кезігетін «Алаш мыңы» деген атауы жөнінде өзінің ескертпелерінде: «Алаш мыңы» деп жалпы қазақ халқын атаған. Жалпы Үш Алаш, Алты Алаш, Үш Мың Алаш, Алты Алаш деген халықтың ескі атаулары сол халықтың нақты санын білдірмейді. Ескі шежірелерде Алаш Мыңы деген халық, ел деген атауларды білдіреді. Алаш мыңы – мындаған Алаштардың одағын, Алаш қоғамын бейнелейтін атау болса керек», – деп жазады Шоқан Уәлиханов.

Алаш туралы жалпы қазақ этносының тайпалық бірлестігі туралы, бірнеше деректерде аңыз ретінде келтіреді, бірақ та сонының ішінде Шоқан Уәлихановтың «Қазақ шежіресі» атты еңбегінде Алаш туралы аңызда былай дейді: «Қазақ немесе алаш елінің шығу тегі қайдан деген сұраққа халық арасындағы жыр-дастандарда түсінік алуға болады. Егер Темірдің Тоқтамыс – ханға қарсы жорығы 1392 жылы басталса, сол жылы қазақтардың алғашқы ханы Алаш пен балалары өлтірілсе, шамамен мөлшерлеп, Алаштың XIV ғасырдың орта шенінде ғұмыр кешкені анықталады». Кітаптың сонындағы түсініктерде Темірдің Тоқтамысқа жасаған жорығы 1391 жылы басталғаны һәм аңыздағы «Алаш балалары» деген атау бүкіл қазақ халқы деген ұғымды білдіретіні айтылған [1, 255 б.].

«Қазақ» этнонимикасын айқындау халқымыздың тарихын зерттеудің аса қажетті де күрделі мәселелерінің бірі. Зерттеудің қажеттілігі қазақ ұлтының өткені мен келешегіне тікелей байланысты [2, 317 б.].

Авторлардың көбісі Алаша хан туралы, Орталық Қазақстанда орналасқан Сарыкенгір өзенінің бойындағы, Алаша хан кесенесі ұғымымен байланыстырады. Ә.Х. Марғұлан құрылыс жұмыстарын жүргізу барысында, архитектуралық стиль XIV-XV ғасырға сәйкес келеді. Жалпы «Алаш» сөзін негізге ала отырып, ұлыс немесе әскери ұран ретінде, тұлғаға байланысты деректер кездеседі. М.Ж. Көпеевтің шежіресінде аталған алаш сөзі туралы әскери ұран ретінде қолданылды дейді. Сондай-ақ қазақ жауынгерлік ұран болуы туралы В.В. Радлов бірнеше түсінік

бере келе, оны бүкіл қырғыз (қазақ) халқының жауынгерлік ұраны деп көрсеткен еді. Тарихи деректерде «Алаш» ұранына айналуы, бірнеше Алаша деген тарихи тұлғаларға кездесеміз [3, 31-33 б.].

«Алаш» этнонимі қазақ халқының этностық тарихымен тығыз байланысты. Әр кезеңдермен нақты объективті түрде «Алаш» ұғымына, Қазақстан Ұлттық энциклопедиясында мынандай түсініктемелер берілген: «Алаш (ежелгі түркі сөзі – бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы. Алаш аты тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады. Монғол-татар – қазақ шежірелерінде Алаш (Алашы) хан туралы айтылады». «Алаш» атауына көбіне басты сұрақ қоямыз, бұл ұғымның пайда болуына, «Алаш» пен «Қазақ» этникалық байланысының басты құрамына мән береміз [4, 371 б.].

Құрбанғали Халид «Тауарих хамса» атты кітабында «Алаш» аталатын бірнеше деректер келтіреді. Бірнеше уәжі (дәлел) бойынша Алаш пен Алынша ханды атаған. Жалпы көне сөздерде аңғарылғандай, Алынша хан туралы хандардың бабасы моңғол мен татар атасы. Мына шумақта келтіргендей:

Алаш, Алаш болғанда,
Алынша хан болғанда.
Қазақ, қалмақ ноғайлар,
Бәрі сонда бір болған.
Ынтымағы жарасып,
Жайқұн көлдей бай болған,
Еділ, Жайық, Оралға
Орған көлдей жайылған.
Өзбек хан. Жәнібек өлген соң.
Тоқтамыс, Темір болған соң.
Ел ішіне жік түсіп,
Үш бөлек болып айрылған
Қазақ, Ноғай қыбла да, –

деген сөздерде «Алынша хан» заманында Ноғай, Қазақ, Қалмақ осы атаулары айрылмай, бәрі бір атпен бір тақтың билігінде болған. Тоқтамыс пен Ақсақ Темір дәуіріне дейін бір хандық болып өмір сүріп, кейін ыдырау басталады. «Қазақ, қалмақ бір кісі, ноғай, қазақ бір кісі» деген накыл осыдан қалған болса керек. Алаш хазіреті Анас әулетінен шыққан хан есімі деген пікірмен де келіспейді. Сондай-ақ қазақ аңыздарында ханның алапес ұлына ерген үш жүз болғандықтан, «ала үш» болған дейтін аңызды да теріске шығарды.

Ол «алаш» атауы Алынша ханның есімімен байланысты деп қарастырады: «Алынша» ханға ыңғайлап «алаш» ұранды ағайынбыз» деген еді. Себебі Алынша хан заманында халық мұншалық өспей, аз кезде татар, маңғұл айырылмай бәрі «Алынша ханның елі, Алынша ханның жұрты» атанып, бұл сөз осы кезге дейін ұмтылмай «алты сан алаш» деп айтылады. Сонда «сан» маңғұл, татар тілінде оң мың басшысына тән қойылған атақ. Алынша ханның 60 мың жасағы, мүмкін 60 мың түтін болып, осынша сан бір әміршіге бас игені, ол заманда мемлекетке есеп берілетін. Ал «алты сан алаш» сөзі көптігіне болса керек деген еді [5, 55-57 б.].

Шежіреде келтіргендей жалпы түрікті жазған Әбілғазы Баһадүр хан сөзінше Түріктің баласы Елжехан, оның баласы Бакой хан, оның баласы Киік хан, оның баласы Алынша ханнан, одан екі ұлы болды, Маңғол және Татар байланысты етіп көрсетеді [6, 8 б.].

Жалпы Алаша хан тұсында бір халық байланысқан ел болды. Жәнібек хан мен Тоқтамыс үш бөлікке бөлініп, тарихи факты негізге ала отырып, Бердібек хан қайтыс болғаннан кейін, ұлыстан бөлшектенген, осыған байланысты Алаш хан сол уақыттың тұсында А. Сейдимбековтің келтірген тарихи тұсында екі адамның атауымен байланысқан дейді. Бірінші түркі әлемнен бұрын, екіншісі XIV ғасырдың бірінші жартысындағы «Алаш» сөзінің этимологиялық анализдің барысында, осы туралы Қ. Салғараұлы мен Р. Сыздықов та, жалпы алаш атауын бірнеше хан жамылғаны туралы деректер келтіреді [7, 78 б.].

«Алаш» атауының шығуына байланысты деректерде Бабырнамамен байланыстырып жазады. Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың нағашысы Жүніс ханның (Бабырдың шешесі Құтлық Нигар ханым – осы Жүніс ханның қызы) «Ханые хан» атанған ұлы Сұлтан Махмұт ханнан кейінгі баласы – Сұлтан Ахмет. Бабыр осы Сұлтан Ахмет ханның «жұртқа Алаш хан деген есіммен мәшһүр болғанын» жазады. «Оның алаша хан аталуының себебі, – дейді Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр, – қалмақтар мен моғолдар кісі өлтірген адамды «алаш» деп атайды. Сұлтан Ахмет хан болса қалмақтарды талай рет жеңіп, көп адамды қырғынға ұшыратқан, сондықтан да ол алаш аталып, есіміне айналған болатын [1, 256 б.].

Кейбір тарихшылар «Алаша хан» туралы деректерді негізге ала отырып, Сарыарқадағы Ахмет сұлтан қалмақтарды жеңіп, оларды аяусыз тонағандарын, Ахмет сұлтан жеңіп, сол

кездегі жұрт Алаш, Алаша хан деп кеткен. Ол қайтыс болғаннан кейін оған арнап көтерілген мазарды алаша мазары деп атады [8, 46 б.].

Ал қазақ тарихына байланысты көптеген деректерге сыни көзқарас танытқан белгілі тарихшы Мұхамеджан Тынышбайұлы дәйекті дәлелдер келтіреді. Түркі халықтарының құрамындағы Алшын тайпасы б.д.д. V ғасырда Алтай өңірінде мекендегенін айтады. Ол өз пікірін мынандай бұлтартпас айғақтарға негіздейді: «Имя» «Алаш» носит река на Алтае представляющая собой один из значительных левых притоков р. Кемчика; а река Кемчик, после слияния ее с рекой Улу-Кем, образует известную реку Енисей. Верховья реки «Алаш» находится в 70 верстах на восток от Толесского озера (Телецкое озеро), в районе которого мы встречали географическая наименования черкес, берш берчи, алчедат, ачын и т.д.»деп айтқан еді.

Ал Зуевтің айтуы бойынша «Алаш» атауы түгіл, «Алашорда» сөз тіркесі де Түргеш қағанаты кезінен мәлім: «Согласно древнекитайским известиям, основатель Тюркешского каганата Йузлик «Предводитель сотни» происходил из племени тюркешей-сотюрков алач, или халач. В легенде о согдийских тюркешских монетах это племя названо «Тюркешской халач-ордой», а в китайских классических энциклопедиях – «Тун дянь» и «Вэнь сянь тун као» – алат, иначе ала-ат-«пестрые кони» «пегие кони» – деп айтқан еді.

Көне қытай деректерінде «Алаш» атауы «хэла», «эло», «элочже» тұлғаларында да жазылған. Ғалымдардың бірқатары бұл атаулардың түбірі түркілік «ала» сөзі деп танытады. VII-VIII ғасырлардағы қытайдың жазба деректерінде Бома мемлекеті Била немесе Элочжи деп көрсетілген. Ал «бома» – «ала» сөзінің баламасы [1, 268-269 бб.].

Сондай-ақ Махмұд Қашқари еңбегінде «алачу» атауының «кіші ордалар» деген мағынаны білдіргенін дәлелдеуге тырысып, бұл тарихи дерек алты кіші хандық құрып тұрған алты үлкен түркі тайпалары одағына қатысты деген болжамға келтірген еді. Сонымен қатар В.В. Радловтың келтірген «Алаша» деген сөз «аласа», яғни кіші деген мағынаны түсіндіреді. «Алаш» атауы үлкен орданың емес, шағын ұлыстың атауын байқататын тәрізді. Алайда тарихи деректерде ешқашанда VIII ғасырға дейін тайпалық одақтарды (Түргештен басқаларын) Алаш атамаған. «Алаш» алғаш рет, Түргеш ұлысының жанама атауы ретінде белгілі болды. Мұның себебі іргелі Батыс түрік қағанатының ішінен құ-

рылған Түргеш шынында да шағын ұлыс еді. Ол Бес түріктің бірі ретінде болатын [9, 35-36 бб.].

Тарихи аңыз деректерінің бірі Қойшығара Салғараұлының «Қазақтың қилы тарихы» атты еңбекте, бірнеше деректер келтіре отырып, яғни кейбір аңызда жазба деректерде қазақтың алғашқы ханы Алаша ханмен байланыстырады. Бірақ тағы да келтірген, А.И. Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордасы мен даласын суреттеу» атты еңбегінде аңыз бойынша, қазақтар әуелде Алашпен немесе сібір татарларымен (ноғайлармен) бір болып, кейін ішкі келіспеушілік салдарынан олардан бөлініп кетеді. Әуелде бірнеше сұлтандар билік жүргізеді, кейін Алаша өз қолына алады деген еді [10, 125 б.]. Бірақ Левшиннің жинаған жеті түрлі аңыз ішіндегі, сол Алаша ханмен байланыстырады. Шоқан Уәлихановтың жазуынша, Алаша хан туралы аңыз Левшиннің шығармасында бұзылып керісінше жазылған дейді. Өйткені қазақтар орыстарға шекаралық басшылары үшін, заң жинақтарын құрастырмақ болып жүрген шенеунік Сотниковқа керісінше айтып шатастырады. Себебі, қазақтар бізді олар еркін қазақтардан орыс қазақтарына айналдырмақшы болды деп келтіреді [11, 26-27 бб.].

«Алаш» қауымы және «Майқы би» туралы айтылған тарихи деректер мен аңыздарды басқа тарихи материалдарға бірлестіре отырып мынандай қорытындыға келуге болады: XII ғасырдың басынан XV ғасырдың ортасына дейін Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының қол астында болған көшпелі түркі тайпалар «Алаш» қауымынан бастап біртіндеп бірлесіп екі ғасырдан астам уақыт «қазақ» атты халық болып қалыптасу барысын бастан кешірді. Алғашқы «Алтын орда» хандығы, одан кейін «Ақ Орда» хандығы мен Өзбек хандығы дәуірі, осылайша «Қазақ» халқы болып қалыптасуға орнықты. Ежелден тілдес, көршілес, аралас жасаған түркі тайпалары ұзақ тарихи дәуірді бастан кешу арқылы табиғи түрде «Қазақ хандығы» атты ел болып құрылған [11, 153 б.].

Тағы бір аңыз дерек келтірген Г. Потанин айтуы бойынша: В 780-790 гг. хиджры у одного из ханов родился красивый мальчик, Алаш, изгнанный отцом за Сырдарью. Живя в бедности, он прославился. Хан Котан бий хотел вернуть его и послал за ним сына Уйсуня с сотней жигитов. Однако, Уйсун не вернулся и остался с Алашем. После этого в степь были посланы другие сыновья Котана – Болат и Алчин, которые также остались. После этого Алаш был избран ханом трех сотен (жузов) [7, 75 б.].

Мұхаммед Расулалла тумистан бір мың тоғыз жүз жыл бұрын, біздің аталарымыз Хазар мен Алаштың Алатау мен Алтай орманында көшіп жүрді. Сол Мұхаммед туғаннан, Қалша, Қадыр аталарымыз болған деген. Олардың сақ немесе түрік, хун болғанын кепілдік бере алмаймыз дейді. Бірақ көбіне сақ дегенге арқа сүйенеді. Сақ деген сөз, әрқашан жауыннан сақ тұратын, күндіз бе, түн бе, бес қаруы әрқашан дайын тұратыны айтылса керек. Атамыз деп айтылатын Түрік те осылай ат үстінде жүрген. Қадырдың баласы Алаш делінген. Негізгі аңыз деректерде бірнеше деректер келтіріп Алаш құрылымның бастамасы ретінде байланыстырады [12, 36 б.].

Зерттеудің антропологиялық аңызда түркі халқының атасы Алаша болды. Негізгі шежіреде: «Алаш имел двух сыновей – Сейыл хана и Жайыл хана. У первого было два сына – Кыпшак и Хакас, у второго – четьре: Казак, Сунак, Каракалпак и Кыргыз, и поэтому в народе сохранилось понятие «шесть частей Алашей» [13, 67 б.].

Тілеуберді Әбенайұлының «Күпия шежіренің» күпиясы атты келтірген еңбекте, тармақталған аңыз бойынша «(А-даң-хан-У-лөң-хы-жын) – Адам – Қан – Ұраңқайжан» атты шежірелік мән мағынасын түсіндіреді. Аңызда көрсеткендей діндік тұрғыда тамырластық бар. Адам – Пайғамбар – Адам – Қан және және Жағыда – Жаршоғлы, Ұраңқай – ұран иесі – Алаш. Жаршоғлы – Адам – Алаш деп келтірген, демек Адам сынды осынау Түріктің төл шежіресінде орын алған. Негізгі тарихи бастама бойынша: әуелі Нұр, одан соң Адам, одан кейін Алаш пайда болған [14, 57 б.].

Н. Мыңжан айтуынша «Алаш» аты ертеде жалпы қазақ қауымының ұраны болған; қазақтың байырғы шежірелерінде қазақ атауымен синонимі ретінде қолданған. Ел аузында таралған: «Алаш-алаш болғанда, ала тай ат болғанда. Таңбасыз тай, Енсіз қой болғанда. Алаша хан болғанда» деп келтіреді. Аңыз деректерді не-

гізге ала отырып, «Алаш, алаш мыңы – ежелгі қазақ тайпаларының алғашқы қауымы болып біріккен одағы» ретінде болып қалыптасады [15, 26-27 бб.].

XVI ғасырда жазылған Сайф ад-дин бен Джамулла Шах Аббас Ахенкентидің «Маджу ат-тауарих» атты еңбегінде, Көшпелі өзбек ұлысындағы 92 тайпалар арасында қазақты құрған жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ тайпалары қазақ қоғамда басты маңызды болғандықтан, тізімдегі алғашқы тайпалық бірлестігінің қатарында тұр. Ахсикентидің аталмыш дерегінің мәліметтерін сөзбе-сөз берер болсақ, алғашқы ондыққа кіретін бұл тайпалар төмендегіше көрсетілген:

- | | |
|------------|-------------|
| 1. Минг | 6. Конгурат |
| 2. Юз | 7. Алчин |
| 3. Кырк | 8. Аргун |
| 4. Джалаир | 9. Найман |
| 5. Сарай | 10. Кыпчак |

Сондықтанда «Алты сан Алаш» атанған бұл тайпалардың «үлкені» шынында да жалайыр. Ал енді жоғарыда аталған «үш сан Алаш мыңына» жатқызылған тайпалар осы тізімдегі, қазақты құрған алғашқы үш тайпа негізінде, жалайыр, қоңырат, алшын еді деуге ғылыми негізі бар. Алайда бұл жерде «үш сан Алаш мыңына» қазақтың үш жүзімен байланыстырмауымыз керек деп ойлаймыз [9, 50 б.].

Қорыта келгенде, барлығына тоқтала кетсек, ең негізгі қорытындылайтын «Алаш» этнонимі ежелгі түрік сөзі, кейінірек жеке тарихи тұлғаның атына айналып, ұлыс аты да осыдан шыққан. Қазақты құраған ірі алты түркі ұлыстарының атауы да осыдан бастау алады. Олар: жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ. Қазақ этникалық бағыты қауымдастықтың ең негізгі белгісі. Қазақ халқының түркілік даму кезеңінен бастап «Алаш» атауы тарихи өзгерістерге ұшырады. Қазақ тайпалық бірлестіктерінің билігінің орнығуына байланысты, ондағы барлық тайпалық құрылымның қазақ этносының қалыптасуына, этно-саяси процесі қалыптасты.

Әдебиеттер

- 1 Қошым-Ноғай Б.С. Тіл ұшындағы тарих («Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»). – Алматы: Жазушы, 2003. – 496 б.
- 2 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (Екінші басылым). – Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. – 360 б.
- 3 Артықбаев Ж.О. Среднее Прииртышье в контексте проблем истории Евразийских степей/этноисторический и этноархеологический опыт исследования. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2007. – Т. 1. – 267 с.
- 4 Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX-XV ғасырлар): оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 396 б.
- 5 Халид Құрбанғали. Тауарих Хамса: (Бес тарих) /Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.

- 6 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 80 б.
- 7 Абиль. Е. Политическая организация кочевников Казахстана: Опыт системного подхода. – Астана: «Фолиант», 2001. – 192 с.
- 8 Қияшев Д.К. Ғасырлар тұңғығындағы Шыңғыс хан іздері. – Алматы, 2010. – 157 б.
- 9 «Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде» Т.1: Жалайыр. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. – 400 б.
- 10 Салғараұлы Қ. Қазақтың қилы тарихы: роман-эссе. – Алматы: Жалын, 1992. – 304 б.
- 11 Мырзаханов Ж. Тарих қойнауынан: тарихи очерктер. – Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 2004. – 240 б.
- 12 Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлы. Түп-тұқияннан өзіме шейін. Шежіре, естелік. – Алматы: «Жалын» баспасы ЖШС, 2008. – 1086 б.
- 13 Алпысбес М.А. Шежіре казахов: источники и традиции (Учебник для вузовских и послевузовских спецкурсов). – Астана, ИП«BG-Print», 2013. – 240 б.
- 14 Әбенәйұлы Т. «Құпия шежіренің» құпиясы. – Алматы: «Нұрлы Әлем», 2010. – 576 б.
- 15 Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы / дайындаған М. Қани. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 б.

References

- 1 Kosym – Nogai B.S Til qshyndagy tarih («Biraz soz kazaktyn tubi kaidan shykkany turaly»). Almaty: Zhazushy, 2003. – 496 bet.
- 2 Kinajatqly Z. Kazak memleketin zhane Zhoshy han (Ekinshi basylym). Almaty: «Eltanym baspasy», 2014. -360 bet.
- 3 Artykbayev Zh.O. Srednee Priirtysh'e v kontekste problem istorii Evraziiskih stepei / jtnoistoricheskii i jtnoarheologicheskii opyt issledovaniya / 1tom. – Pavlodar: TOO NPF «JKO», 2007. – 267 bet.
- 4 Omarbekov T. Kazak turkilerinin shygu tegi (IX-XVI gasyrlar): oku qqraly. Almaty: Kazak universiteti, 2014.- 396 bet.
- 5 Halid Kqrbangali. Tauarich Hamsa: (Bes tarih) Aud. B.Totenaev, A Zholdassov.- Almaty: Kazakhstan, 1992. 304 bet.
- 6 Kudaqberdyuly Sh.Turik, Kyrgyz – kazak ham handar shejiresi.- Almaty: Kazakstan; Sana, 1991. – 80 bet
- 7 Abil'. E. Politicheskaja organizacija kochevnikov Kazahstan: Opyt sistemnogo podhoda.- Astana: «Foliant», 2001. – 192 b.
- 8 Kijashov D.K. Gasyrlar tqngiyndagy Shyngys Han izderi.- Almaty, 2010. –157 bet.
- 9 «Kazakstan tarihy jtnikalayk zertteulerde Ethnic studies of» T.1: Zhalair. Almaty: «Alash» tarihi – zertteu ortalygy. – 2008. – 400 b.
- 10 Salgaraqlы K. Kazaktyn kily tarihy: Roman – asse.- Almaty: Zhalyn, – 304 bet.
- 11 Myrzahanov Zh. Tarih koinauynan. Tarihi ocherkter. Almaty: «Zhalyn baspasy», 2004. -240 bet
- 12 Shapyrashty Kazybek Tauasaruly. Tub – tqkyiannan ozime shein. Shejire, estelik. Almaty: «Zhalyn baspasy» ZHSH, 2008.- 1086 bet
- 13 Alpyses M.A Shejire kazahov: istochniki i tradiyii. (Uchebnik dlja vuzovskih i poslevuzovskih spe'kursov). – Astana, IP «BG-Print», 2013. – 240 bet.
- 14 Abenayuly T. «Kypija shejirenin» kqipiasy.-Almaty: «Nqrly Alem» 2010. – 576 bet.
- 15 Nygmet Minzhan. Kazaktyn kyskasha tarihy / (Daiyndagan M.Kani) .- Almaty: Zhalyn, 1993. – 400 bet.

Өскенбай М.Ә.
**Орталық Азиядағы түркі
тайпаларының қоршаған
ортаға бейімделуі**

Мақала ортағасырлардағы Орта Азия түркі тайпаларының қоршаған орта және әлеуметтік ортамен байланысын зерттеуге арналған. V-XV ғғ. Орта Азия түркі тайпаларының өміріндегі антропологиялық, демографиялық және жергілікті аумаққа орналасудағы бейімделу жүйесіне анализ жасалған. Сонымен қатар, көне түркілердің қоршаған ортамен байланыс мәселесі, топонимияның табиғи шарттарға бағыныштығы және қоршаған ортаның күрделі антропогендік жағдайындағы тарихи дәстүрлер сабақтастығы мәселелері зерттелген. Орта Азия көшпенділері географиялық ортада басқа көршілес халықтармен байланысатын, әртүрлі шаруашылық түрлері, діндері, әлеуметтік ұйымдары мен әдет-ғұрыптары бар бүтін механизм ретінде қарастырылған. Автордың ойынша, түркі тайпаларының табиғатпен байланысын түсіну үшін ең алдымен олардың қоршаған ортамен байланысын, сабақтастығын зерттеу қажет.

Түйін сөздер: түркі тайпалары, Орта Азия, қоршаған орта, климат, ауа-райы.

Oskenbai M.A.
**Adaptation of the Turkic tribes in
Central Asia to the environment**

This article covers the different aspects of the research specificity of interaction of the Turkic tribes of Central Asia in the middle Ages with the natural and social environment. The analysis of adaptive changes in life and settlement systems, demographic characteristics and anthropological features of which occurred in the V-XV century in the life of the Turkic tribes in Central Asia. Also were addressed the issues of interaction with the environment of the ancient Turks, and their dependence on natural conditions toponymy, processes, continuity of historical traditions in the difficult conditions of strong anthropogenic pressure on the environment. Analyzes the nomads of Central Asia, as one geographic integrity inhabited by diverse peoples, with different economic skills, religion, social institutions and mores. According to the author, a greater understanding of the nature of the Turkic tribes contribute to the study of the relationship between people and nature, where people adaptation to nature in Central Asia plays an important role.

Key words: turkic tribes, Central Asia, environment, climate, we.

Оскенбай М.А.
**Адаптация тюркских племен
в Средней Азии
к окружающей среде**

Данная статья охватывает различные аспекты исследования специфики взаимодействия тюркских племен Центральной Азии в средние века с природной и социальной средой. Дается анализ адаптивных изменений в системах жизнеобеспечения и расселения, демографических характеристиках и антропологических особенностях, произошедших в V-XV веках в жизни тюркских племен Центральной Азии. Затрагиваются также вопросы взаимодействия с окружающей средой древних тюрков, зависимость топонимии от природных условий обитания, процессы преемственности исторических традиций в сложных условиях мощных антропогенных нагрузок на среду. Анализируются кочевники Центральной Азии, как географическая целостность, населенная разнообразными народами, с разными хозяйственными навыками, религиями, социальными учреждениями и нравами. По мнению автора, большему пониманию природы тюркских племен способствует изучение взаимоотношений людей и природы, где адаптация людей к природе Центральной Азии играет важную роль.

Ключевые слова: тюркские племена, Центральная Азия, окружающая среда, климат, погода.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ
ТҮРКІ
ТАЙПАЛАРЫНЫҢ
ҚОРШАҒАН ОРТАҒА
БЕЙІМДЕЛУІ**

Көшпелілердің өмір тұрмысы, жалпы көшпеліліктің шығуы және өркендеуі немесе дағдарысқа ұшырауы табиғи ортаға және климатқа тікелей тәуелді болды. Бұл ғылымда дәлелденген мәселе. Мысалы, мал шаруашылығының жайылымына қолайлы ландшафты зерттеген ресейлік ғалым Е.С. Кульпин көшпеліліктің маусымдық және меридианалдық бағыттарын жан-жақты қарастырған болатын. Оның зерттеулеріне қарасақ, Жошы ұлысының Батыс бөлігіндегі көшпелілер климаттық ахуалға байланысты малды мүмкіндігінше солтүстікке қарай, яғни, орманды аймаққа қарай айдап, осы өңірлерден, яғни орман мен даланың шектесетін кеңістігінде жаңа жайылымдар іздегенін байқаймыз. Мұнда әдетте, тұрақты және ылғалды климаттың болуы малға қажетті фитомассаны, яғни шүйгін жайылымды қамтамасыз етті. Бұл әсіресе едәуір құрғақшылыққа ұшыраған оңтүстікке қарағанда қолайлы аймақ болатын. Көктемде, жазда және күзде осы ормандық-далалық аймақта және ормандар кеңістігінде мал жаюға аса қолайлы болды. Біртіндеп, бұл аймақ далалық аймақтың көлеміндей жаңа ормандық-далалық аймақтың пайда болуына алып келді. Мұнда малға қажетті жем-шөп далалық аймақпен салыстырғанда бес есе көп малды тамақтандыра алды.

Жем-шөпке қажетті шөп далалық өңірде маусымға қарай өзгерістерге ұшырап отырғанын байқаймыз. Мысалы үшін мамыр айында жайылымдық шөптердің малды жем-шөппен қамтамасыз етуі жүз пайыз деңгейінде толық қанағаттандырарлық болды деп қарастырсақ, ал маусым айында ол 88 пайыз, шілде 78 пайызға, тамыз айында 65 пайызға, қыркүйек айында 58, ал қазан айында бар болғаны 35 пайызға шамалас болғанын көреміз [1, 191-б.].

Зерттеулер мынаны көрсетеді, жайылымдық шөп жақсы өскен далалық жерлерде өсімдіктің жалпы көлемі 3,2-4,2 т/га жетсе, ал осы өңірде жайылатын малдың көлемі – 0,4 т/га, яғни басқа далалық өңірлермен салыстырғанда осы жайылымдық өңірдегі жайылатын малдардың саны бес есе көп болатынын байқаймыз [2, 144-б.].

Э.С. Кульпин зерттеп отырған Алтын Орда кезеңіндегі және Жошы ұлысының Батыс аймағындағы жайылымы ландшафтына байланысты осы ерекшеліктерді Орталық Азия-

ның Ұлы дала өңіріне де сәйкестендіре қарастыруға болады. Өйткені жоғарыда айтылған тұжырымдар жалпы көшпелілер қоғамына тән заңдылықтарды қозғап отыр.

Бұдан шығатын қорытынды, Жошы ұлысының көшпелілер мекендейтін еуропалық бөлігінде жазғы жайылымдар табиғаттың қолайлылығына байланысты мал басының өсуін, соған сәйкес әрине халықтың санының өсуін қамтамасыз ететін факторға айналды. Сонымен қатар, Жошы ұлысында мал басының өсуін тежейтін маусым қысқы маусым болды. Егер көктемде, жазда және күзде қолайлы мал жайылымдарда мал өз аяғымен жайылып, оның өсіп-өнуіне қолайлы жағдай қалыптасса, ал қыс кезінде жайылымдық жерді қар басып жатқан кезде дәстүрлі мал шаруашылығы қиын жағдайға ұшырады. Мұндайда тұтас отардың өмір сүруі үшін қардың астында жатқан шөпті өзінің тұяғымен ашып бере алатын жылқы малының санының көп болуы шешуші рөл атқарды [3].

Орта Азия аумағының басым бөлігінде ылғалдылықтың басым болуы және суыту ортағасырлардың бірінші жартысына сәйкес келеді (көне түркі кезеңі (VI-VIII)) [4, 145-б.]. Адамдар алдыңғы дәуірлерде өздері үшін қауіпсіз әрі жайлы қоныс есептелген таулардың біртіндеп суытуына қарамастан солардың етегін паналауды қауіпсіз санады. Тау жоталарының вертикалды белдеулеріне қарамастан біркелкі аймақтар ретінде қарастырылады. Себебі, белдеулер бірыңғай географиялық шаруашылық комплексті құрайды. Сол себепті, халықтар таулы аймақтардың өзінде емес, олардың шеткері аймақтарында қалыптасты [5, 133-б.]. Мәселен, түркілердің ашина тайпасының генеологиялық аңызында тоғыз жасар баланы құтқарған қасқыр Алтайға барып жасырыныпты. Одан тараған ұрпақтар Жужандарға темір балқытады.

Климаттың адамзатқа әсері мәселесі тарихи географиялық детерминизм теориясында қарастырылады. Тарихта климат үздіксіз өзгеріп келеді. Климаттық өзгеріс адамзат дамуына қаншалықты әсер етеді? XVII–XVIII ғасырлары аталған сұраққа ғалымдар келесідей жауап берген болатын, географиялық орта түрлі психикалық сана қалыптастырады, яғни мәдениеттің алуантүрлілігі көрініс табады. Бұл географиялық детерминизм деп аталатын теория XVI ғасырлары Ж. Боден негізін құраған болатын. Бұл теорияны Л.Н. Гумилев дамытып, толықтырды [6, 556-б.]. Оның пікірі бойынша, бір фактор арқылы этникалық эволюцияны талдауға болмайды. Географиялық, биологиялық сияқты факторлар

есепке алынуы қажет. Евразия континентінің жағдайы өте құбылмалы. Климаттық құбылудың диапазоны өте кең, ғасырға құрғақшылық пен су тасқыны ұласады. Ұлы дала картада біркелкі болғанымен шығыс бөлігі мен батыс бөлігі бір-бірінен ерекшеленеді. Моңғолияның үстінде үлкен антициклон батыстан келетін ылғал батыс желдерді өткізбейді. Мұнда қыста қар аз болады. Көктемде Сібірден келетін ылғал ауа енеді. Бұл ылғал шөптің қалың шығуына мүмкіндік береді. Малы тойып жүрген аймақта халқы да дамитыны түсінікті. Сондықтан да, ғұн, түрік, моңғол сияқты күшті империялар бой көтерді.

Түрік қағанаты кезеңінде табиғи климаттың ауысуы, ауа-райының өзгеруіне қатты мән берді. Қоғамда болатын кез келген оқиға, әскери жорықтарды алдымен ауа-райының болжауына қарай жоспарлар отырған. Бұл жөнінде Қытай деректерінде келесідей мәліметтер бар. «Олардың жерін жұт жайлап, елін қырсық шалғалы қашан, шамасы мүшел межесі болса керек. ...әр қыста күн күркіреп, жай түсіп, өрт шығады. Барша тіршіліктің су мен шөпке сүйенетіндігі мәлім. Ал былтыр жыл он екі ай бойына олардың жеріне тырс етіп ылғал тамбады. Шегіртке қаптап, шөп күйіп кетті де, жақ жұттан және індеттен мал-жаннның тең жартысы қырылды. Көне мекендері тулақ сүйрегендей тақырға айналды. Сосын Дешті құмның күнгейіне көшіп барып, біраз уақыт жан сауғалады...» [7, 67-68-бб.]. Бұл Түрік қағанатында Ышбара қаған билік еткен 581-587 жылдар болса керек.

Ал келесі деректе Түрік қағанатында керісінше, ауа-райының жайлы, мал басының өскені туралы мәлімет бар: «Жуырдағы жылдары ауа-райы жайлы, жауын-шашын мезгіл ретіне лайықты болып келеді...шөлдалада қиыр қонып... мал-жанымыз құтлы (жүз миллион) бойынша есептелінеді...» [8, 69-б.]. Бұл Түрік қағанаты құрылғанына елу шақты жыл болды дегеніне қарағанда, шамамен 600 жылдардың басы болуы мүмкін.

Кейінірек, 629 жылы Сір-енда өзін қаған көтергенде «Ұдайы бірнеше қыс бойы қалың қар жауды, мал-түліктер қырылып, бітуге шақ қалды. Елде ашаршылық жүрді» [9, 126-б.].

Климаттық алуантүрлілік жер бетіндегі барлық тіршілік иесіне және жердің өзіне ықпалын тигізеді. Адамға әсері адамның экономикалық әрекетіне, адам денсаулығына, жер бетінде таралуы мен рухани және саяси өміріне әсері бар. Орта Азия түркі тайпаларының этноәлеуметтік сабақтастықтың қалыптасуына көптеген факторлар ықпал еткені белгілі. Соның

ішінде табиғи-климаттық және тарихи аспектілердің рөлі орасан зор [10, 32-б.].

Соңғы жылдары ғалымдардың зерттеулерінде ұрпақтар сабақтастығының жалғасуында және демографиялық өркендеуде климаттық жағдайдың игі ықпал жасайтыны дәлелдене түсуде. Мұның өзі жоғарыда атап көрсеткендей мал басы санының артуы ғана емес, сонымен бірге көшпелілердің тұрмыс жағдайының өсуін қамтамасыз етеді. Мұның бәрі өз кезегінде халық санының өсуіне және демографиялық өркендеуге алып келетіні белгілі [11, 118-135-бб.].

Ресейлік бір топ ғалымдар Э.С. Кульпиннің бастауымен отыз жылға созылған зерттеулер нәтижесінде климаттық сипаттамаларды көрсететін негізгі мәліметтерді жасауға қол жеткізді. Онда Жошы ұлысының Батыс аймағындағы жазғы және қысқы температуралардың ауытқу көрсеткіштері, сонымен қатар, жылдық орташа жауын-шашынның ауытқулары жалпылама мәліметтермен көрсетілген. Жалпы, Түркі қағанаттарындағы әлеуметтік құрылымның табиғи ортаға бейімделуіндегі сабақтастықтың сақталуы табиғат құбылыстарына және климаттық өзгерістерге әрқашан тәуелді болып келгенін ешқашан да ұмытуға болмайды.

Осы тұрғыдан алғанда Лев Гумилевтің мынандай пікірі назар аудартады. Алғашқы адамдар әр түрлі климаттық аймақтарда өзіндік шаруашылық түрлерімен шектелген табиғи қоршаулармен оқшауланған қауымдастықтардан тұрды. Мысалы, солтүстік және солтүстік шығыстағы Сібір тайпасын мекендеген халықтар оңтүстігі Қытай қамалымен басталып, Алашань, Бэйшань, Куньлунь және Памир тау-тастарымен қоршалған байтақ даланың тұрғындары болатын. Мұндай табиғи-географиялық оқшаулану жағдайында мемлекеттің пайда болуы аса қиын еді. Дегенмен де, халықтардың бірігуге ұмтылу тілегі б.з.д. IV-III ғғ. мемлекеттердің пайда болуына алып келді. Атты қолға үйрету, отырықшы аңшылар мен малшылардың көшпелі малшы сарбаздарға айналуы адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайтты.

Осылайша, әр аймақта пайда болған мәдениеттер адамдардың шаруашылықтық қызметіне берілген мүмкіндіктерді пайдалана отырып жақын қарым-қатынастарға көшті. Алайда, оңтүстік сібір аймағындағы мәдениеттің оңтүстік шығыстағы мәдениетпен салыстырғанда өзіндік өзгешеліктері болатын. Солтүстікте жылқыны қолға үйретудің кеңінен тарала бастауы адамдарды жайылымы мол кең далаға қарай қоныстануға бағыттады. Оңтүстік-Шығысқа ке-

лер болсақ, Хуанхэ өзені алқабын мекендеген рулар арасында қытайлар күшейіп, төңіректегі руларды өзіне бағындырып, оларды отырықшылыққа бейімдей бастады. Алайда, мұндай қысымға шыдамаған көптеген рулар Солтүстіктегі дала қойнауына қарай көшіп, көшпелі мал шаруашылығының табиғатқа бейімделген құпияларын шеберлікпен меңгере бастады. Олардың арасында моңғолдардың арғы аталары Дұхулар, түркі тілдес Ғұндар және тибеттіктердің арғы аталары бар еді.

Ұлы дала аймағындағы осы көшпенділер Сібірден оңтүстікке көшкен халықтармен араласып, Қытайға қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Түріктер мен моңғолдарды бостандық үшін күресте атты сарбаздарды көптеп жасақтау құтқарып қалды. Олар Ұлы далаға қаша көше отырып, сонымен бірге өздерінің отандары – Ордосты, Алашаньды және Хингань таулары аймағын қытайларға бермеу үшін қанды шайқастарға барды. Осындайда оларға Гоббидің шөлді даласы табиғи қорған болып, қытайлықтардан бой тасалауына ықпал жасады.

Дегенмен де, осы аталған аймақтан Батысқа және Оңтүстікке қарай адамдардың өмір сүруіне мүлде жарамсыз Такла-Мақан шөлі созылып жатты. Балхаш көлінің суы тартылып төңірегіндегі далаларды қурап, шұрайлы жайылымдарды жойып жіберді. Осылайша көшпелілер табиғаттың қысымы жағдайында ірі өзендердің сағаларын, атап айтар болсақ, Іле, Шу, Қара Ертіс, Тарым өңірлерін, сондай-ақ, қарлы шыңдардың етегіндегі, яғни Тянь-Шаньның және Тарбағатайдың айналасындағы жайылымдық алқаптарын тиімді пайдалануға тырысты.

Енді осы пікірден кейін, бұл қандай өзгеріс еді деген сауал туындайды. Әрине, көшпелілердің тыныс-тіршілігі, соның ішінде ежелгі түркілердің барлық шаруашылықтық іс-әрекеті, жоғарыда айтқанымыздай, дәстүрлі мал шаруашылығына аса қолайлы далалық жайылымдарға тікелей тәуелді болды. Мұндайда, әрине табиғаттың құрғақ немесе ылғалды климаты шешуші рөл атқарды. Л.Н. Гумилев өзінен бұрынғы зерттеушілердің еңбектерін талдай отырып, ежелгі түркілер мекендейтін көшпелілер қауымдастығына ауа-райын анықтайтын циклондардың қалай әсер еткенін нақтылап әңгімелеген еді. Мұнда ол, ұлы даланың батысына ықпал жасайтын, Атлант мұхитынан келетін циклондарға байланысты мынандай пікірлер айтқан еді: «Жайлы күн жылдарында, яғни күн белсенділігі азайған кездері циклондар жолы Жерорта және Қара теңіз, Солтүстік Кавказ

бен Қазақстан үстін басып өтеді де, Алтай мен Тянь-Шяньның Сеңгір тауларына дейін жетеді. Сол араға ол айналсоқтап қалады да, Атлант мұхиты айдынынан әкелген ылғалды жаңбыр етіп құя-құя салады. Осындай кездері сайын дала жібіп, жіпси бастайды. Қуаң шөлдер көкорайға малынады. Алтай мен Тарбағатай, Тянь-Шань мен Памир жоталарынан бұрқырап шығатын дала өзендерінің арналары мол суға кенеледі. Балхаш пен Арал теңізі суға толып, кемерлерінен асып, ұлғайып кетеді» [12, 29-б.].

Бірақ осы кезде Еуразия аймағының солтүстік далаларында қарама-қарсы климат көрініс береді. Еділден су алатын Каспий теңізі арасынан төмендеп, көлемі қысқара бастайды. Еділ аумағында барлық орта аймақтай, жауын-шашынның мөлшері азайып кетеді. Өзендер мен көлдер тартыла бастайды. Қыста қар аз жауып, ал жазда аңызақ жел күшейеді. Алайда, табиғаттың осынау Ұлы дала аймағындағы түріктердің шаруашылықтық тірлігіне қайшылықты әсері жағдайға күннің араласуына байланысты тағы да өзгерістерге ұшырайды. Күн қызып, белсенділігі артқан кезде Атлантикалық циклондар да күш алып, Еуропа мен Сібірдің орта алқаптарына екпіндеп келеді. Мұндайда Ұлы дала аймағындағы жауын-шашынның мөлшері күрт азайып кетеді. Далада шаң борап құрғақшылық басталады. Балхаш пен Арал теңізі тартыла бастайды. Ал Еділдің суы тасып, арнасы молайып өзі құятын Каспий теңізінің кенересін де үлкейте түседі. Мұндайда орманды алқаптарда жауын-шашынды, қары қалың қысқа тап болады.

Алайда, күннің белсенділігінің одан ары шарықтап арта түсуі Атлантикалық циклондардың Солтүстікке қарай ауысуына ықпал жасайды. Ал мұның өзі Ұлы дала аймағын қуаң да, шөл далаға айналдырады. Орманды алқаптар азайып, солтүстікке ығыса бастайды. Енді Еділ өзені де тартылып, Каспий теңізі арнасынан төмен түседі. Есесіне, осы кезде полярлы аймақта күн жылына бастайды. Осы айтылғандарға сүйене отырып, Л.Н. Гумилев былай деп жазған еді: «Атлант циклондары жолының негізгі үш варианты, міне, осындай. Ұлы даланың тікелей де, тұп-тура осы циклондар жолына тәуелді. Циклондардың бағыт-бағдары ұдайы тұрақты түрде өзгеріп тұрады, демек, біз енді Еуразия даласының ылғалдану мен құрғау кезеңдерін мезгіл-мезгілімен даталап отыруға мүмкіндігіміз бар» [13, 30-б.].

Л. Гумилевтің климаттық жағдайға байланысты Ұлы даладағы өзгерістерді нақтылап сипаттаған осы пікірінен аңғаратынымыз, біз

зерттеп отырған IX ғ. мен XII ғ. аралығы байырғы түріктер мекендейтін Ұлы даланың циклондар ықпалымен шұрайлы жайылымға айналып, айтарлықтай ұзақ уақыт мал шаруашылығын өркендетуіне қолайлы жағдайлар жасағанын байқаймыз.

Түркі қағанаттарының құрамындағы әр түрлі көшпелі халықтардың этноәлеуметтік құрылымының қалыптасуына және сабақтастықпен өркендеуіне географиялық табиғи ортаның ықпалы туралы айтқанда бір ғана Атланттық циклондардың әсерімен шектеліп қалуға болмайды. Моңғол үстірті деп аталатын Гоби шөліне Солтүстікке қарай және Солтүстік шығысқа қарай созылып жатқан кең далалық аймақта түркілердің көшпелі тұрмысына айтарлықтай үлкен ықпал жасаған.

Тынық мұхит муссондарының да маңызын айта кеткен жөн. Бұл мәселеге де кезінде Л.Н. Гумилев тоқталған болатын. Оның пікірінше, Тынық мұхиты муссондары шығыстан кейде мол ылғалды Моңғолия аймағына алып келеді. Мұндайда Гоби шөлі едәуір кішірейіп Хэнтей немесе Хангай тауларының қыраттарын ормантоғайлар баса бастайды. Ылғалдың көбеюіне байланысты Байкал көлі өзінің арнасынан асады және солтүстікке қарай жалжып, Алмалы қырқаларына дейін барып, жылға-жылға болып қуалай ағып Амур өзеніне келіп құяды. Тіптен мұндай ылғалдылық Камчаткаға дейін келеді. Жылнамаларды салыстыра қараған Л.Н. Гумилевтің айтуынша, муссондардың Моңғол үстіртіндегі осындай ықпалы Ұлы даланың батысына игі әсер тигізетін Атланттық циклондардың Батыс даламен көктеп өту дәуіріне сәйкес келеді. Зерттеуші мұның дәлелі ретінде, суының көтерілу деңгейі Селенга өзеніне тікелей байланысты, Байкал көлінің деңгейінің көтерілуін мысалға тартады [14, 30-31-бб].

Ұлы даланың батысы мен шығысындағы даму шын мәнінде табиғи ылғалдылыққа байланысты ұқсас болды. Мұнда, жоғарыда Э.С. Кульпин атап айтқандай, циклондардың әсерімен болатын табиғаттың ылғалдануы көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының өркендеуіне және оны ұйымдастыруға маусымдық сипат берді. Яғни жаңбырдың жаууы азайған кезде көшпелілер жаңа жайылымдар іздеуге мәжбүр болды. Л.Н. Гумилев бұл мәселені төмендегіше нақты сипаттап көрсетеді: «Батыста, Алтай мен Тянь-Шань етектеріне дейін жазды күні жауын-шашынның тамбайтыны және қысты күні Атлант мұхиты циклоны әсерінің болмайтыны анық. Бұл – жазда дала шөбі күйіп кетеді де,

қыста оны қалың қар басып қалатыны сондай, мал тебіндеп жайыла алмайды деген сөз. Мұның үстіне циклондармен бірге жиі-жиі жылымық болып тұрады да, күзде көкпеңбек мұз қатады, мұндайда жұт келіп, мал қырылып қалады. Сол себепті де, көшпелілер даланы малға көктемгі өріс есебінде пайдаланады. Ал жаз шығысымен малды тауға айдап кетеді. Онда қырқалар арасында алқаптарда көкорай шалғын көз тартады. Ал, олар қысқа пішен дайындайды. Тау алқаптарының әрқайсысы белгілі ру меншігінде болады. Демек, ол араның көшпелілері жылдың көп уақытын өз ағайындарының арасында өткізеді. Сол себепті де, оларда кең көлемдегі әлеуметтік аралас-құралас дағдысы туа бермейді. Олар әрқашан да үлкен орда болып бірігуден сырғақсып, қашып жүреді, бұдан көрі рулар бірлестігін артық санайды. Олардың әлемдік тарихтағы рөлі сыртқы жауларға қарсы күресу қорғаныс ісіне келіп саяды. Бірақ олардың бұл ісінің сәтті болғаны аса сирек» [15, 74-б.].

Л.Н. Гумилев баяндап отырған мәселеден аңғаратынымыз, XI ғасырдың басына дейін Ұлы дала аймағында қуаңшылықтың белең алуына байланысты түркілер негізінен тау баурайларына немесе тау аңғарларындағы жайылымдарына тығылып, құрғақшылықтан қашып, ру-ру, тайпа-тайпа болып оқшаулана өмір сүрді. Мұндайда мемлекеттік бірлестіктің қалыптасуы мүмкін емес еді. Тіптен, этногенездік тұрғыдан түп аталары бір болса да, діни ұстанымдары ортақ болса да, әсіресе тілдік тұрғыдан туыстас лингвистикалық ортақтықтың орын алғанына қарамастан халықтар ғасырлар бойы қалыптасқан рулық-тайпалық құрылымдардан ажырамай оларды нығайта түсті.

Сондықтан да, әлем зерттеушілері түркі және моңғол тілдес халықтардың Ұлы дала аймағындағы IX-XI ғғ. тарихын зерттеген кезде мұнда өмір сүрген мемлекеттер туралы жартымды ештеңе айта алмайды. Өйткені, жоғарыда әңгімеленген Батыстан соғатын Атлант циклондарының және Шығыстан келетін Тынық мұхиты муссондарының бағытын өзгертіп жіберулері және соның нәтижесінде жауын-шашынның азайып, Ұлы дала аймағында құрғақшы-

лықтың кеңінен таралуы тау қойнауларына және орманды алқаптарына тығылған көшпелілердің саяси-этникалық және этноәлеуметтік тұрғыдан тығыз топтасуларына, яғни мемлекеттік жүйелерге бірігуіне мүмкіндіктер бере қоймады.

Шын мәнінде, бұл кезеңде Ұлы далада мемлекеттік бірлестіктердің ұйымдаса қоймағанын байқаймыз. Алайда XI ғасырдың орта шенінде Тынық мұхиттан соққан муссондар күшейіп Моңғол үстірттеріне ылғалы мол жазды алып келді. Нәтижесінде, мұнда қыста да жағдай өзгеріп, үлкен антициклондық орталық қалыптасып, қар аз түсіп, аяз азайып, малдың өз аяғымен өрісте жайылуына үлкен мүмкіндіктер туды. Мұның өзі жаз айларында да жаңбырдың көбеюіне ықпал жасап, дала аймағында шүйгін-шүйгін жайлау алқаптары пайда болып, әсіресе қой малының өрісінің және басының көбеюіне жағдайлар туды.

Сонымен қорыта келгенде айтарымыз, тарихта күңгірт кезең деп аталатын біз зерттеп отырған VIII-XII ғасырлар аралығы табиғи климаттық ықпалдарға байланысты саяси тұрғыдан этноәлеуметтік сабақтастықты көп өзгерістерге ұшырата алған жоқ. Дегенменде, географиялық климаттық ахуалды түркі халықтары осы кезеңдегі тарихында алғашқы орынға қоюға болмайды деген ойдамыз. Мұның өзі Гумилев айтқандай біржақтылыққа, яғни географиялық детерминизмге алып келер еді. Географиялық ахуал адамдар тағдырына, әсіресе көшпелілер шаруашылығының өркендеуінде терең із қалдыра тұрса да, түркі халықтарының тарихи дамуын оны қоршаған ландшафттар емес, этноәлеуметтік қарым-қатынастар және этносаяси ықпалдастықтар белгілегенін атап айтуымыз керек. Яғни IX-XIII ғғ. аралығындағы түркілердің этноәлеуметтік сабақтастығы мәселесін қарастырғанда жаңбыр мен ауаға және географиялық ландшафттарға басты мәселе ретінде назар аударудың қажеті жоқ. Олар түркілер тарихының осы кезеңдегі кейбір «ақтандақтарын» және «күңгірт» тұстарын айқындауға қосымша көмекші материалдар ғана бере алады. Тарихты жазғанда осыны әрқашан есте ұстау керек.

Әдебиеттер

- 1 Кульпин Э.С. Золотая Орда (Проблемы генезиса Российского государства). – М.: Московский лицей, 1998. – 240 с.
- 2 Сонда, 144-б.
- 3 Кульпин-Губайдуллин Э.С. Золотая Орда: судьбы поколений // Серия «Социально-историческая история. Генезис кризисов природы и общества в России» / под ред. Э.С. Кульпина. – Вып. XXVIII. – М.: Инсан, 2008. – 192 с.

- 4 Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации: Сб. материалов междунар. науч. конф. / под. ред. Л.Е. Масановой, Б.Т. Жанаева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 268 с.
- 5 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М.: Айрес-Пресс, 2005. – 556 с.
- 6 Сонда.
- 7 Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. (б.з. 275-840 жж.) Екінші кітап. – Алматы: Өнер, 2006. – 344 б.
- 8 Сонда.
- 9 Бұл да сонда.
- 10 Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы. Т. 1. Орталық Азия көшпелілері: этнотерриториясы мен мемлекеттілігінің мәселелері: монография / жауапты ред. Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 387 б.
- 11 Слепцов А. М., Клименко В. В. 2005. Обобщение палеоклиматических данных и реконструкция климата Восточной Европы за последние 2000 лет. История и современность.
- 12 Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу: «Пирадар Иоанның мемлекеті туралы аңыз». – Алматы: Балауса, 1991. – 448 б.
- 13 Сонда.
- 14 Бұл да сонда.
- 15 Бұл да сонда.

References

- 1 Kul'pin Je.S. Zolotaja Orda (Problemy genezisa Rossijskogo gosudarstva). М.: Moskovskij licej, 1998. – 240 s.
- 2 Сонда, 144-б.
- 3 Kul'pin-Gubajdullin Je.S. Zolotoaja Orda: sud'by pokolenij. (Serija «Socioestestvennaja istorija. Genezis krizisov prirody i obshhestva v Rossii». Pod red. Kul'pina Je.S. Вып. ННУИИ) – М.: Insan, 2008. – 192 s.
- 4 Vklad kochevnikov v razvitie mirovoj civilizacii: Sb. materialov mezhdunar.nauch. konf. / pod.red. L.E. Masanovoj, B.T. Zhanaeva. – Almaty: Dajk-Press, 2008. – 268 s.
- 5 Gumilev L.N. Jetnogenez i biosfera Zemli. – М.: Ajres-Press, 2005. – 556 s.
- 6 Conda.
- 7 Kytaj zhylnamalaryndaғы қазақ тарихының деректері. (b.z. 275-840 zhzh.) ekinshi kitap. – Almaty: Өнер. 2006. – 344 b.
- 8 Сонда.
- 9 Бұл да сонда.
- 10 Ortalyk Azijaköshpeleri өркеніетінің тарихы. Т. 1. Ortalyk Azija köshpelileri: jetnoterritorijasy men memlekettiliginiң мәселелері: monografija / zhauapty red., Т. Omarbekov. – Almaty: Қазақ universiteti, 2015. – 387 b.
- 11 Slepcev, A. M., Klimenko, V. V. 2005. Obobshhenie paleoklimaticheskikh dannyh i rekonstrukcija klimata Vostochnoj Evropy za poslednie 2000 let. Istorija i sovremennost' 1.
- 12 Gumilev L.N. Qijal patshalyғыn izdeu: «Piradar Ioannуң memleketi turaly аңыз». – Almaty: Balausa, 1991. – 448 b.
- 13 Сонда.
- 14 Бұл да сонда.
- 15 Бұл да сонда.

Искакова Ғ.З.,
Байдавлетова М.Д.

**Түркі тайпалары мекен
еткен территорияның табиғи
ландшафты (VI-X ғғ.)**

Мақалада Еуразия даласында VI-X ғасырлар арасында Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты т.б мемлекеттер өмір сүрген кеңістікте қалыптасқан табиғи ландшафт ерекшеліктеріне талдау жасалынған. Сонымен қатар қарастырып отырған территорияның табиғат жағдайының адам өміріне қолайлылық дәрежесі сипатталған.

Түркі жазба ескерткіштерінде және қытай жазба деректерінде түркі тайпалары мен олар мекен еткен аймақ пен климат өзгешелігі туралы көптеп мәлімет кездеседі. Бұнда кездесетін ақпарат мақалада жан-жақты талданып, қазіргі кездегі географиялық объектілермен сәйкестендіріліп қарастырылған.

Түйін сөздер: Еуразия, ландшафт, табиғат, түркілер, климат, деректер.

Iskakova G.Z.,
Baydavletova M.D.

**The natural landscape of the
territory inhabited by Turkic
tribes (VI-X centuries.)**

This article analyzes the features of the natural landscape in the territory on which the VI-X century there were countries such as the Western Turk khanate, Turgesh khanate, Karluk khanate and so on. More over described the level of favorable natural conditions for human existence.

The Turkic written monuments and Chinese written sources contain a lot of information about the features of the natural environment and climate in the area inhabited by Turkic tribes. This information all parties analyzed and found to comply with modern geographic features

Key words: Eurasia, landscape, nature, Turks, climate, sources.

Искакова Ғ.З.,
Байдавлетова М.Д.

**Природный ландшафт
территории, населенный
тюркскими племенами
(VI-X вв.)**

В данной статье дается анализ особенностей природного ландшафта территории, на которой в VI-X веках существовали такие государства, как Западно-Тюркский каганат, Тюркешский каганат, Карлукский каганат и т.д. Так же описывается уровень благоприятности природных условий для существования человека.

В тюркских письменных памятниках и в китайских письменных источниках содержится множество информации об особенностях природных условий и климате в зоне, населенной тюркскими племенами. Данная информация всесторонне проанализирована и найдено соответствие с современными географическими объектами

Ключевые слова: Евразия, ландшафт, природа, тюрки, климат, источники.

**ТҮРКІ ТАЙПАЛАРЫ
МЕКЕН ЕТКЕН
ТЕРРИТОРИЯНЫҢ
ТАБИҒИ ЛАНДШАФТЫ
(VI-X ғғ.)**

Еуразия даласында VI-X ғасырлар арасында өмір сүрген Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ қағанаты т.б. мемлекеттер мен олардың негізін құраған тайпалар континенттің дәл ортасындағы кеңістікті иеленіп отырды. Түрік қағанаты (552-603) қазіргі Орталық Азия мен Оңтүстік Сібір жерінде орналасты. Қытай деректеріне сәйкес бұл мемлекет территориясы шығысында Корей бұғазынан, батысында Батыс теңізіне (Каспий) дейін он мың ли, оңтүстікте Песчанная даласынан (Алашань немесе Гоби шөлі), солтүстікте Солтүстік теңізіне дейін (Байкал теңізі) бестен алты мың лиға дейінгі жерді алып жатқан [1, с. 120]. Батыс Түрік қағанаты Орта Азияда Жоңғария, Шығыс Түркістан жерін иеленді. Алтай тауынан Тянь-Шань тауына, Баркөlden Арал теңізіне дейінгі территориядағы Он оқ тайпасын Түргештер түгел биледі [2, б. 139]. Ал Қарлұқ конфедерациясы Жетісу территориясының басым бөлігінде және Қашқарияда Сырдарияның ортаңғы ағысына дейінгі және Ферғанаға дейінгі аймақта қалыптасты. Сондықтан шамамен біз қарастыратын кеңістік Каспий теңізінен Байкал көліне дейінгі Оңтүстік Сібірден Сырдарияның төменгі ағысына дейінгі территория болып табылады.

Батысында Византия мен Парсы мемлекетінен, шығысында Қытай мемлекетіне дейінгі территорияда біздің зерттеулерімізге сәйкес қарастырып отырған уақыт аралығында көшпелілер құрған мемлекеттер орын алды. Бұл кеңістіктің географиялық сипатының өзіне тән ерекшеліктері ол мемлекеттер мен оны құраған халықтардың қалыптасуларының, дамуының ерекшеліктеріне, миграциялық жиілігіне т.б. өз ықпалын тигізді.

Ішкі Азия мен Қытайдың өзара шектескен аймақтарын Моңғолия, Солтүстік Қытай, Манжурия және Түркістан деп негізгі төрт экологиялық және мәдени зоналарға бөлуге болады. Моңғолия жазық және тау баурайында мал өсірген көшпенділердің отаны болды. Көшпенділер мезгілімен көшіп жүретін, ауқымды экономикалы, халқы шашырап орналасқан. Ол халқы суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарына тығыз қоныстанған, орталықтанған бюрократиялық аппаратқа бағынатын қоғамға негізделген, қытайлықтарға барлық жағынан қарама-қайшы болды. Бұл екі қоғамның арасындағы алшақтық және географиялық жағдайға байланысты олардың арасындағы шекара Цинь

династиясынан бастап салына бастаған, Қытай мен көшпенділер әлемін бөліп тұрған Қытай ұлы қорғанының бойымен өтті. Қытай мен Моңғол бөлек категорияларға оңай бөлінеді, ал олардың шығысқа және батысқа қарайғы географиялық аймақтары неғұрлым күрделі болып келеді. Сонымен қатар, Манжурия мен Түркістанның халқы көшпенді және отырықшы болып аралас қоныстанған кейбір экологиялық зоналарды өзіне кіргізді.

Бүгінгі Моңғолия 2700 000 км² ауданы бар Еуразияның орталық бөлігінде орналасқан аймақ. Оның ауа райы континентті, қысы өте суық, жазы ыстық, жауын-шашыны аз болады. Моңғолия негізінен далалық жерді, яғни ұлы Еуразия даласының шығыс бөлігін қамтиды. Сонымен қатар, жасыл жазықтар, таумен ұласқан орманға бай. Тау көлемі шығыстағы Манжурия шекарасынан Қара теңізге және батыстағы Венгрия жазықтықтарына дейін созылған. Моңғол үстірті оның батыс бөлігінде орналасқан және теңіздің деңгейінде орналасқан түрік даласына қарағанда үлкен биіктікте және оның биіктігі теңіз деңгейінен 1500 м.

Гоби шөлі Моңғолияның 2/3 бөлігін алады. Көптеген географтардың пікірі бойынша Гоби негізінен шөл дала емес, құрғақ жазық далаға жатады. Солтүстік және оңтүстік өріс зоналарына ажыратылған, оларды Қытайға географиялық жақын орналасуына байланысты Сыртқы және Ішкі Моңғолия деп атайды. Гоби орталық бөліктің құрғақ аймағына жататындықтан малы мен халқы өте аз, көшпелі моңғол халқының көптеп шоғырланған аймағы Моңғол үстіртіндегі отырықшылық аймағы. Мұндағы ең жайлы деген өрісті аймақ солтүстікте өзен жағалауларында, яғни Байқал (Байкөл) көліне құйылатын Амур өзенінің ағысы мен Алтай тауының қыратты аймақтары. Қытай даласымен шекаралас, әсіресе Ордос, Жэхэ және Батыс Моңғолия көшпенділердің көп шоғырланған аймақтары, алайда қазір Қытай елі оларды біраз ығыстырған.

Түркістан құрғақ аймаққа жатады, шөл далалардан, оазистерден, Ганьсуй қақпасы мен Арал теңізіне дейін созылған құрғақ жазық далалардан тұрады және оңтүстігінде Тибет, Памир, Гиндукуш тауларымен, солтүстігінде Тянь-Шань тауы мен ұлы Еуразия даласымен шектеледі. Түркістанның шығыс шекарасы Моңғолиядан анық бөлінбеген, себебі Моңғол қыраттары біртіндеп Түркістанның құрғақ даласына ұласқан. Бұл құрғақтықтан тіпті кейбір жерлер көшпелі малшаруашылығына жарамсыз болып келеді. Түркістан бір-бірі-

нен Памир тауы арқылы батыс және шығыс аймақтарына бөлінеді. Шығыс Түркістанда халық Тарым және оазистерде шоғырланған. Әр оазис ауылшаруашылығына қажет су көзін тау өзендерінен алады. Батыс Түркістан Амудария мен Сырдария (Окс мен Яксарт дейді) ағыстары аралықтарын қамтиды. Бұл аймақ Трансоксания деген атауға ие. Бұл өзендердің деңгейі Шығыс Түркістанда ағатын өзендердің деңгейінен жоғары, сол себепті климаты да шығыспен салыстырғанда жұмсақ. Сәйкесінше, батыста халық шығыспен салыстырғанда тығыз шоғырланған және Бұхара мен Самарқанд сияқты ірі қалалар бар. Территориясы бойынша үлкен, халық саны бойынша аздау келетін Түркістан Азияның батысы мен шығыс бөлігін сауда жолдары арқылы жалғайды. Бұл жолдар арқылы түрлі сападағы және бағадағы тауарлар ғасырлар бойы тасымалданған [3, с. 26-29].

Жетісу. Батыс Түрік, Түргеш, Қарлұқ қағанаттарының оңтүстік-шығыс бөлігі солтүстігінде Балқаш, Сасыкөл және Алакөл көлдері, оңтүстік-шығысында Жоңғар Алатауы жотасы, оңтүстігінде Солтүстік Тянь-Шань жоталары. Жетісудың атауы аймақтағы негізгі жеті көлмен байланыстырылады: Іле, Қаратал, Биен, Ақсу, Лепсі, Басқан, Сарқанд. Тарихи әдебиетте Жетісуға оның батысында орналасқан аймақтарға қатысты қарастырылады. Жетісу негізінен Қазақстан территориясының оңтүстік-шығысын алып отыр. Жетісудың жалпы аумағы 250 мың км².

Геоморфологиялық тұрғыдан алғанда Жетісудың негізгі территориясын Солтүстік Тянь-Шань таулары алып жатыр. Қазақстанның оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында Тянь-Шань жүйесіне жататын көп жылдық қар мен мұздықтар басқан аса ірі тау жоталары жатыр. Оңтүстіктен шығысқа қарай ендік бойымен Теріскей, Күнгей және Іле Алатауы жоталарымен, Кетмен (Ұзынқар) жотасы, Торайғыр, Боғыту таулар жүйесінен тұрады. Іле аңғары жоталарды Жоңғар Алатауынан бөліп тұр. Ең жоғарғы нүктелер Теріскей-Алатауында. Батысқа қарай Шу мен Іле аймағындағы таулар сипатты таулар аласалап, аласа таулы-ұсақ шоқылы рельефке ауысады.

Тау жоталары өзара тау аралық аңғарлармен бөлінген олар: Текес, Кеген, Жалаңаш, Қуғалы, Іле (ішінде ең ірісі). Іле Алатауы мен Жоңғар Алатауы, Балқаш көлі арасында ірі Оңтүстік Балқаш және Алакөл шұңғымалары, олардың беткі жағында кең ауқымды құмды шөлдер орналасқан [4, с. 13].

Іле Алатауы Солтүстік Тянь-Шанның ірі, әрі биік тау жотасы (ең биік жері Талғар шыңы). Іле Алатауы сейсмикалық өңір және мұнда ірі мұздану ошақтары өте көп (393 мұздық). Шығысында Шарын шатқалымен шектеліп, батысында Кіндік тас тауына ұласады да, одан солтүстік-батыста аласа таулы төбешікті Шу-Іле таулары жалғасады.

Жетісу (Жоңғар Алатауы) Алатауының ұзындығы 450 км, ені 100-250 км. Көксу аңғары тау жүйесін екі жотаға (Солтүстік және Оңтүстік Жетісу жоталары) бөледі. Солтүстік Жетісу жотасының орталық бөлігінде бүкіл тау жүйесінің ең биік жері – Бесбақан шыңы (4465 м) бар. Тау батысқа қарай біртіндеп аласарып, Баянжүрек, Қойтас т.б. жоталарға тарамдалып кетеді. Оңтүстік Жетісу жотасы негізінен ірі Тоқсанбай, Мұзтау, Бежінтау, Тышқантау жоталарынан құралады. Жетісу Алатауының басты ерекшеліктері – бұнда терең аңғарлар мен шатқалдар көп. Жетісу Алатауы оңтүстігінде Іле ойысымен шектеседі [5, 13 б.].

Шу мен Іле өзендерінің суайырығы бойынша солтүстік-батыс бағытында жоталар жүйесі орын алған, олар Шу-Іле таулары ортақ атымен бірігеді.

Мұндағы неғұрлым биік таулар Аңырақай (1183 м), Құлжабасы (1178 м) және Хантау (1024 м). Бұл аймақ күрделі геологиялық, геоморфологиялық және неотектоникалық құрылыммен ерекшеленеді. Қарастырылып отырған аймақтың денудациялық рельефті болып келеді. Яғни Балқаш көлінен Шу-Іле таулары және одан батыс бағыттағы территория.

Аймақтың гидрожүйесі негізгі екі су аймақтарымен байланыстырылады, олар – Шу мен Іле өзендері. Шу өзенінің алқабы талданып отырған аймаққа тек орта ағысының бір бөлігі ғана кіреді. Шу-Іле аймағының гидрографиялық жүйесі жақсы дамыған. Алайда су ағыны аз. Су ағыны мол есептелетін өзендер Копа, Ашысу, Жынғылды, Шоқпар, Ашыбұлақ және Қопалы [6, с. 10]. Аталған аймақ климаты құрғақ және континенталды [7, с. 50]. Іле өзенінің алқабы Қараой мен Итжон платоларын кесіп, тереңдігі 200 м каньон жасайды. Іле өзені үш арнаға (Жиделі, Іле, Топар) бөлінеді және дельта территориясының 30% алатын бөгеттер су ағысын баяулатады.

Жетісу – салыстырмалы үлкен емес кеңістікте көптеген ландшафты белдеулер орын алған: биік таулы ландшафтар орманды ұсақ шоқылармен, одан төмен орман алды жазықтықпен алмасып, ары қарай құмды Балқаш маңы шөлі-

не ұласады. Шөлдер аймақтың 57,3%, тау етегіндегі ландшафт аймақтың 16%-ын құрайды. Жалпы алғанда Жетісудың табиғи-климаттық жағдайы өмір сүруге қолайлы аймақтардың бірі. Мұнда мал шаруашылығымен қоса егіншілікпен айналасуға қолайлы орта қалыптасқан.

Оңтүстік аймақ. Қазіргі Қазақстан территориясы Арал теңізінен Балқаш көліне дейінгі кеңістікті алып отыр. Осы аймақтың табиғи шекаралары батысында Арал теңізімен, солтүстігінде Бетбақдала шөлдерімен, шығысында Балқаш көлімен сипатталады. Аймақтың маңызды элементтері ретінде Арал теңізі мен Арал маңындағы Қарақұмдар, Сырдария өзенінің алқабы, Қызылқұм шөлдері. Сырдарияның оң жағалауында орналасқан Қаратау таулары солтүстіктегі субтропиктердің табиғи шекарасы. Аймақ территориясы арқылы Сырдариядан басқа Шу мен Талас өзендері өтеді. Оңтүстік Қазақстан территориясының жалпы көлемі 465 мың км².

Тянь-Шань тауларының ең солтүстік-батыс бөлігі Қаратау жотасы. Қаратау жотасы Тұран плитасы жазықтығымен бірігеді. Қаратау жотасы аласа тауларға жатқызылады (1000-2000 м). Қаратау жотасы келесідей бірнеше морфоқұрылымдық элементтерге бөлінеді: Үлкен және Кіші Қаратау, Боралдай жотасы және Биліккөл ойпаты. Қаратау жотасының солтүстік-шығыс бөктерінде төмендегідей көл котловиналары орналасқан: Биліккөл, Ақкөл, Ашыкөл, Түзкөл, Соркөл (Шоркөл) және Қызылкөл.

Қаратау жотасы, Қазақ ұсақ шоқысы, Тянь-Шань тау сілемдерінің арасында ұзындығы 600 км Шу-Сырысу ойпаты орналасқан.

Арал теңізінен шығыста және оңтүстік-шығысқа Сырдарияның ойпатының аккумулятивті жазықтықтары орналасқан. Аралдың солтүстігінде геоморфологиялық тұрғыда Шағрай еңіс платосы, Ырғыз-Шалқар жазықтығы, Үлкен және Кіші Борсық құмды массивтері және Арал маңы Қарақұмы.

Үлкен Борсық шөлінің ұзындығы 200 км және ені 10-30 км, Арал теңізіне бағыттала, ені 60 км-ге жетеді. Кіші Борсық 100 км қашықтықты қамтып, ені 10-40 км құрайды. Арал маңындағы құрылымдық-денудациялық жазықтықты құмды массивті Арал маңы Қарақұмдары алып отыр [4, с. 9].

Шу алқабында жайылымдарға, жабайы аңқұсқа бай, климаты жайлы аймақ болғандықтан ерте кезден көшпелілердің қоныстарына айналған жер.

Талас ұзындығы жағынан Шу мен Сырдария өзендерінен кем, алайда Қырғыз жотасынан

шыққан жерде көптеген бағыттардан тұратын дельтаны құрайды. Бұл Талас өлкесінің бұл бөлігі археологиялық және тарихи ескерткіштерге бай. Оңтүстік Қазақстан территориясы барлық ландшафт және климаттық зона орын алған: құмды шөлдерден далаға, мәңгі мұздықтарға дейін. Шөл дала аймақтың 83%-ын құрайды.

Оңтүстік қыста қары аз, өзен бойында шөбі қалың шығатын неғұрлым жылы аймақ. Бұндағы Сырдария мен Шу өзендерінің жағалаулары ерте кезден көшпелілер қыстауы болса, Сырдария өзенінің аллювиалды жазықтықтары мен террасасы егіншілік зонасы болып келді.

Біз қарастырып отырған территорияда пайда болған топонимдер туралы айтар болсақ, қытай деректерінде кездесетін ортағасырлардағы Орталық Азия территориясындағы топонимдерге сипаттамалар көптеп беріледі. «Да Тан Сиюй цзи» («Ұлы Таң әулеті заманындағы Батыс өлке туралы жазбалар») еңбегінің авторы Сюань Цзан, Мұзтау мен Тұнық көл, Үлкен құм, Темір қақпа сияқты топонимдер аталып өтеді, соларға талдау жасауды жөн көрдік: «Балука елінен солтүстік батысқа қарай 300 лиден астам жол жүріп, тастаңғы шөлден өтіп, Мұзтауға жеттік. Бұл Памирдің солтүстік сілемі, ондағы өзен-сулардың дені шығысқа қарай ағады. Мұндағы тау аңғарлары жыл бойы қар жамылып, көктем мен жазда да мұз құрсанып жатады, әредік уақытша ерігенімен, көп өтпей бәрібір қайтадан жылдам мұз болып қатып қалады. Өткел жолдары тым қатерлі, қат-қабат кедергілері мол, боранды, аязы ызғарлы, «үрейлі айдаһар» деп аталатын қар көшкіні апаты жолшыбай жүргіншілерге көп қатер тудырады. Бұл жолдан жүрушілер үстеріне қызыл түсті киім киюіне немесе қолына қабақ алып жүруіне, дауыстап айғайлауына болмайды, одан сәл жаза басса болғаны эп-сәтте-ақ ғаламат апат туады, құм мен ұсақ қиыршық тасты құйындатар сұрапыл алай-дүлей боран тұрады. Оған душар болғандар сөзсіз мерт болады, тірі қалуы неғайбыл.

Мұзтауды көктей өтіп, 400 лиден астам жол жүріп, Тұнықкөлге (Көгілдір көл) жеттік. Көлдің өзгеше атаулары – Жэхай (Ыстықкөл), Сяньхай (Тұздықкөл). Оның айналасы мың лиден асады, көл айдынының шығысы мен батыс ені кең, ал түстігі мен терістігі тарлау. Көлдің төрт төңірегін таулар қоршаған, күллі өзен-сулар тоғысып, осында келіп құяды. Көл суы қара көгілдір түсті, дәмі ащы да, тұзды. Буырқанған асау толқыны түйдек-түйдегімен көл жағасын соққылайды. Көлде балықтар мен айдаһарлар бірге тіршілік етеді, су бетінен кейде аруақтар да көрінеді-мыс,

сол кезде жолай өткен жолаушылар табынып, құлшылық етіп, олардан бақ-дәулет тілейді екен. Көлде сан алуан су өнімдері болса да, бірақ онда ешкім аушылық жасамайды [8, 22-23 б.].

Мұндағы Мұзтауды кейбір зерттеушілер қазіргі ШҰАР жеріндегі Ақсу аймағынан Іле аңғарына асып түсетін Тянь-Шань тауындағы ең қатерлі Мұзарт (кейде Мұзұр дауан деп аталады) асуы деп есептейді. Ал шындығында көпшілік ғалымдар зерттеп мойындағандай, ол Ақсудың батысында, оңтүстік Тянь-Шань тауындағы қазіргі қытай-қырғыз шекарасын бөліп жатқан Беделі (Бодалин) асуы [8, 34 б.]. Бодалин туралы Ду Хуан «Ду Хуань Си син цзи» («Ду Хуанының Батысқа саяхат естеліктері») кітабында былай деген болатын: «Аньсиден батыс солтүстікке қарай мың лиден астам жерде Бодалин тауы деп аталатын асқар тау бар. Осы таудың түстік жағы Ұлы Таң патшалығының солтүстік жақ шекарасымен шектесіп жатады. Ал таудың терістік жағы Түркеш жерінің түстік жақ шекарасы болып келеді. Оңтүстік жақтағы Цинлин жоталарына дейінгі жол екі мың лиден асады. Таудың түнгей бетінен бастау алған өзендариялар дерліктей Чжунго жерін басып өтіп шығыс теңізге барып құяды. Тау теріскейінен бастау алған өзендер мен дариялар Ғулардың жерін басып ағып Солтүстік теңізге барып құяды».

Бодалин тауы – кезінде шамасы Тянь-Шань тау сілемдері жоталарының бірін ғана білдірсе керек. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл тауларды Чжан Силан мырзаның Беделі тауы (Bedal) деген пікірін құптауға болады. Бұл пікірді ұсынушылардың бірі француз ғалымы Эдвард Чаваннез болды. Сол сияқты Солтүстік Теңіз (*қытайша* Бэйхай). Қытайдың көне ресми тарихи жазба деректемелерінде Бэйхай деп көбінесе Байқал немесе Балқаш меңзеледі, ал бұл жерде Бэйхай деп Арал теңізін атап отыр [8, 41-44 б.].

Ал Тынықкөл, Көгілдір көл деп бұл арада Сюань Цзан қазіргі Қырғызстандағы Ыстықкөлді айтып отыр. Көне түріктер бұл көлді айтып отыр. Көне түріктер бұл көлді Ыстықкөл, суының тұздылығына байланысты Тұзкөл, қайраңында көл түбінен шайылып шығып жатқан темір рудасына қарай Теміртінор деп те атаған.

Үлкен құм. Осы жерден солтүстік-батысқа қарай жол тартқанда су да жоқ, өсімдік те жоқ үлкен құм кездеседі. Ол өзі шекарасын болжап болмас, жолсыз, соқпақсыз ұлан-ғайыр меңіреу тұз, тек алыстағы асқар тауларға қарап, жапан далада курап жатқан жиһанкездердің мүрделеріне қарап қана бағыт-бағдар ажыратып, жол

табуға болады. Бұдан әрі 500-ден астам ли жол жүріп Самарқанд еліне жетуге болады [8, 27 б.].

Темір қақпа. Темір қақпаның екі жағы бірдей құлама беткейлі биік тау, тау аңғарында кішігірім соқпақтар болғанымен, бірақ онымен жол жүру қиын да қатерлі. Тар соқпақтардың екі жағы құлама жартастар, олар темір түстес болып келеді. Тау сағасына үлкен қақпа орнатылып, ол темірмен бекемделген. Үлкен қақпаның басына көптеген темір қоңыраулар ілінген, қақпа еңселі әрі бекем болғандықтан Темір қақпа деп аталып кеткен [8, 30 б.].

Темір қақпа – қытай, араб, парсы және батыс деректемелерінде ол туралы деректер көп Батыс Түрік қағанатының шекарасы, орны – Өзбекстанның оңтүстігіндегі Дербенттендің батысына қарай 13 км жерде [8, 38 б.].

Түркі ескерткіштері мысалы ретінде, екінші түркі қағанаты кезіндегі Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Онгин ескерткіштеріндегі топонимдер қарастырып отырмыз. Мұнда Түркі ескерткіштерінің географиялық бейнелеуі басқалардан ерекшелеу, оларда топонимдер әскери жорық маршруты бойынша «төрт бұлұңға» бөліп орналастырылған болатын.

Шантұң язы. Шантұң жазығы қазіргі Хэбэй жазығын меңзесе керек. «Шантұңның» қытайша мағынасы «таудың шығысы», ал «Шантұң» жазығы Тайханшань тауының шығысындағы жазықты немесе қазіргі Хэбэй жазығын меңзейді, бірсыпыра ғалымдар оны қазіргі «Шаньдун» провинциясы тұрған жер деп жүр.

Қадырқан йыш туралы Күлтегін ескерткішінде түркологтардың зерттеуінше, «Қадырқан йыш» қазіргі Үлкен Хинган тауы. Түркі ескерткіштерінде Қадырқан мен қатар Өтүкен тауы аталады. Өтүкен тауы Тыва республикасының солтүстік батысында. Күлтегіннің Түркештерге қарсы шайқасында Алтұн йыш (КТ636), Ертіс өгүз (КТ637), Болчу (КТ637), Табар (КТ638), Йінчү өгүз (КТ639), Кеңрес (КТ639), т.б. топонимдер, этнонимдер кездеседі. Алтын йыштың қазіргі Алтай тауы екенін, Ертіс өгүздің қазіргі Ертіс өзені екенін түркологтар бірауыздан құптайды. Болчү, Табар, Йінчү, өгүз, Кеңрес жөнінде түркологтардың тұжырымы алуан түрлі [9, 259 б.].

Табар. Болчұдағы шайқастан кейін, қара түркеш халқын Табарда қондырады. Күлтегін ескерткішінде осы жер өшкін болғандықтан, С.Е. Малов осы топонимді жақшаның ішіне жазады (КТ638). Ю.А. Зуев осы топонимді Талас деп жаңғыртады. Түркі руникасында «б» мен «л», «р» мен «с» әріптерінің пішіні ұқсастау

болғандықтан, Зуев реконструкциясын дұрыс-бұрыстығын қайта қарау керек. Өйткені түп нұсқада осы руникалар айна қатесіз «Табар» деп жазулы тұр.

Йінчү өгүз. Осыдан соң Көк түріктер Йінчү өгүзді кешіп, Темір қапығқа дейін барады. Ғалымдар бірауыздан Йінчү өгізді Сырдария деп кесім жасайды.

Таң патшалығы дәуірінде, қытай деректерінде, қазіргі Нарын өзенін Йінчү өгіз деп атады. «Таң патшалығының жаңа тарихы. География баянында» Цзя Данның Кучаның батыс солтүстігіндегі елдер туралы жазған мынадай дерегі бар: «Ансиден (Кучадан) батысқа қарай Чәкүр қамалынан жолға шыққаннан кейін Баймахэ өзенінен (Ақсу өзені) өтіп, одан әрі қарай 180 ли жол жүрген кезде Куйбило шөліне жетуге болады ... 30 шақырым жүрген соң Йінчү өзенінен өтеміз ... Ыстықкөлге жеткен соң 80 шақырым жүрсек таудан шығып, Шу алабына ілінеміз, 80 шақырым басып Баласағұнға, одан батысқа қарай тағы 40 шақырым жүріп Суяб қаласына жетеміз, қаланың солтүстігінде Шу өзені ағып жатыр, өзеннің солтүстігінде 40 шақырым жерде Цзедань тауы бар, он оқ қағандары әр рет осы тауда елағаларын сайлайды. Суябтан батысқа 10 шақырым жүрсек Пенжикентке (Мигочэн) жетеміз». Аталмыш Йінчү өзені туралы «Таң патшалығының жаңа тарихы. Батыс өңір баяны» Шаш елі тарауында: «оңтүстік батысында Яксарт өзені бар, қытай жеріндегі бөлігі Йінчү өзені деп аталады, осы өзен Чжи (Сыр) өзені деп те аталады» делінген.

Орталық Азиядағы жер-су аттарының бірнеше аталымы болған, тек Сейхун деген өзеннен бірнешеуі бар.

«Таң патшалығының жаңа тарихы. География баяны» 40 бумасында: «Чэлин асуынан асқан соң Кеңүт қаласына жетеміз. Сейхун өзені мен Чжэшими қаласын басып, Іле өзенінен өткен соң (Іле өзенінің тағы бір аты Диди өзені), Суяб шекарасына аяғымыз ілінеді. Батысқа мың шақырым жүрсек Суяб қаласына жетеміз, (осы арадағы) өзен солтүстікке ағып құмға және Ибо теңізіне құяды». Мәтіндегі Сейхун өзені қазіргі Іле өзенінің жоғары ағарындағы Қас өзенін меңзейді. Махмұд Қашқарида аталмыш өзен «Қаз суы» деп аталады [9, 261 б.].

Жоғарыдағы деректерге сүйенсек, Түркі ескерткіштеріндегі Йінчү өгүзі Йафинч өзенін меңзейді. Түріктер Сырдарияға жорық жасамаған, Сырдария қытай деректері «Суй шу» («Суй патшалығының тарихы») мен «Синь Тан шуда»

(«Жаңа Таңнама») «Яо ша шуй» деп хатталған, бұл әрине Яксарттың дыбыстық аудармасы.

Жоғарыдағы деректерге талдау жасасақ, Түркі ескерткіштеріндегі «Йінчү өгүзі» қазіргі Іле өзенінің батысындағы бір өзен деген қорытындыға келеміз [9, 262 б.].

Қорытындылайтын болсақ, ежелгі түркілер мекендеген аймақтар геоморфологиялық құрылым және табиғи ландшафт тұрғысынан әртүрлі болып келеді. Мұның өзі түркі көшпенділерін отырықшы қауымдармен үздіксіз байланыста болуға итермеледі.

Әдебиеттер

- 1 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах обитавших в Средней Азии в древние времена. – М., – Л.: АН СССР, 1950. – Т. 1. – 381 с.
- 2 Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
- 3 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Астрель, 2010. – 575 с.
- 4 Историко-культурный Атлас казахского народа/ отв. ред. ... Л.Е. Масанова, Б.Т. Жанаев. – Алматы: Print-S, 2011. – 300 с.
- 5 Қазақстан табиғаты. Энциклопедия / бас ред. Б. Аяған. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2008. – Т. 1. – 392 б.
- 6 Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 192 б.
- 7 Климат Казахстана / под ред. А.С. Утешева. – Л.: Гидрометеиздат, 1959. – 360 с.
- 8 Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. Саяхатнамалар мен тарихи-географиялық еңбектерден таңдамалылар. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – Т. 1. – 396 б.
- 9 Кенжеахмет Н. Ежелгі түркі (Орхон) ескерткіштеріндегі топонимдер // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2009. – № 1 (268). – Б. 257-267.

References

- 1 Bichurin N.Y. Collection of information about the peoples who lived in Central Asia in ancient times. – M., L.: USSR Academy of Sciences, 1950. – T. 1 – 381 p.
- 2 Nygmet Mynzhan. Kazaktynkyskasha tarihy. – Almaty Zhalyn, 1994. – 400 b.
- 3 Gumilyov L.N. Ancient Turks. – M.: Astrel, 2010. – 575 p.
- 4 Historical and Cultural Atlas of the Kazakh people / hole. Ed. LE ... Masanov, BT Jean. – Almaty: Print-S, 2011. – 300 p.
- 5 Kazakhstan Tabigaty. Encyclopedia / Bass Ed. B. Ayagan. -Almaty: Kazakh entsiklopediyasy, 2008. – T. 1. – 392 b.
- 6 Omarbekov T. Kazakh tyrkilerinin memlekettligi: kaganattar, ulystar men handyktar bayany.- Almaty: Kazakh University, 2015. – 192 b.
- 7 The climate of Kazakhstan. ed. Utesheva A.C. – L.: Gidrometeoizdat, 1959. – 360 p.
- 8 Kazakhstan tarihy turaly Kitai derektemeleri. Sayahatnamalar mentarikh geografiyalik enbekterden tandamalyar.- Almaty: Dyke-Press, 2005. – T. 1. – 396 b.
- 9 Kenzheahmet N. Ezhelgi Turki (Orkhon) eskertkishterindegi toponimder // Proceedings of the National Academy of Sciences of Kazakhstan. A series of social sciences. – 2009. – № 1 (268). – B. 257-267.

Сагандыкова А.
**Мифологические
представления казахов:
на примере топонимических
мифов**

В данной статье рассматривается понятие топонимического мифа древних тюрков. Топонимические мифы – это полностью вымышленные истории, созданные народной коллективной фантазией, отражающей действительность в виде сверхъестественных существ, ставших основой для наименования топообъектов. В связи с этим автор рассматривает мифологию происхождения рек Сырдарья и Амударья. Так же автором затронуты источники, где встречаются упоминания о реке Сырдарье. Взгляды некоторых авторов о топониме Сырдарья, как оно менялось протяжении всей истории человечества. Горы Алтай, Баянаул, Кокшетау, Келиншектау, Каркаралы являются гордостью Казахстана, считаются одними из живописных мест и развиваются как туристические объекты. Поэтому автор считает целесообразным привезти мифы об этих топонимах, которые объясняют происхождение отмеченных гор. Существование недостроенных объектов у поселений наталкивают людей на складывание мифов и легенд. Примером такого мифа служит городище Акыртас в Жамбылской области. Историю Акыртаса изучают с конца XIX века, и еще не был сделан конструктивный вывод по поводу этого уникального объекта истории и культуры. А тем временем его топонимический миф привлекает всех людей, посещающих Акыртас.

Ключевые слова: топоним, легенда, древние тюрки, мифология.

Sagandykova A.
**Mythological representations
Kazakhs : the example of the
toponymic myths**

This article discusses the concept of toponymic myth of the ancient Turks. Toponymic myths is completely fictional stories by people's collective imagination, reflecting the reality of supernatural beings, which became the basis for the names of objects. In this regard, the author examines the mythology of the origin of the Syr Darya and Amu Darya rivers. As the author of affected sources, where there are references to the Syr Darya river. The views of some authors about the toponym Syrdarya how it has changed throughout history. Altai Mountains, Bayan-Aul, Kokshetau, Kelinshektau, Karkaraly are the pride of Kazakhstan. Considered one of the most picturesque places, and develop as tourist sites. Therefore, the author considers it appropriate to bring the myths of these place names, which explain the origin of the marked mountain. The existence of unfinished objects in settlements, impel people to the folding of myths and legends. An example of this myth is the settlement Akyrtaş in Zhambyl region. History Akyrtaş study at the end of the XIX century, and has not yet been constructive conclusions about this unique object of history and culture. Meanwhile his toponymic myth is a story for all people attending Akyrtaş.

Key words: place-name, the legend, the ancient Turks, mythology.

Сагандыкова А.
**Қазақтардың аңыздық
түсініктері: топономикалық
аңыздар мысалында**

Мақалада ежелгі түріктердің топономикалық аңыздары қарастырылады. Топономикалық аңыздар – бұл толығымен халықтың топономикалық объектілерге жоғары жаратылыс күшке қатысты ойынан туындады. Осыған орай, автор Сырдария және Әмудария өзендеріне қатысты аңыздарды да қарастырады. Сонымен қатар автор, Сырдария өзені жайлы деректерді қозғайды. Сырдария туралы кейбір авторлардың көзқарастары адамзат тарихында өзгеріп отырды. Алтай, Баянауыл, Көкшетау, Келіншектау, Қарқаралы Қазақстанның мақтанышы болып табылады. Бұл жерлер көрікті туристік орындар саналады. Сондықтан да автор, аталған тауларға қатысты топономикалық аңыздарды ерекше санайды. Қоныстар маңындағы салынып бітпей қалған құрылыстар адамдардың аңыздарды айтуына итермелейді. Осындай аңыздарға Жамбыл облысындағы Ақыртасты жатқызуға болады. Ақыртас тарихы туралы XIX ғ. соңынан бастап зерттеле бастады. Алайда бұл объектілер әлі күнге дейін нақты шешім жоқ. Бірақ оның топономикалық аңызы Ақыртасқа келушілер үшін қалың тарих болмақ. Сонымен қатар мақалада Ш.Ш. Уәлиханов «Дала философы» деп атап көрсеткендей, Жерұйық іздеуші Асан қайғы жөнінде де айтылады.

Түйін сөздер: топоним, аңыз, көне түркілер, мифология.

**МИФОЛОГИЧЕСКИЕ
ПРЕДСТАВЛЕНИЯ
КАЗАХОВ:
НА ПРИМЕРЕ
ТОПОНИМИЧЕСКИХ
МИФОВ**

Названия любого географического объекта – топоним [1]. Первым исследователем древнетюркской топонимики был Махмуд Кашгари. «Дивану лугат-ат-тюрюк» является единственным источником о жизни тюрков 11 века. Топонимы – родоплеменное деление города, все данные о них можно встретить на страницах труда М. Кашгари [2].

Роль топонимов, зафиксированных в памятниках древних тюрков, в истории зарождения и развитии древнетюркских государств была колоссальной. Тюрки расселялись на обширной территории евразийского материка. Поэтому топоним любого географического объекта позволяет определить историческую территорию проживания народа. Топонимы, изученные в древнетюркских памятниках, играли и играют весомую роль в изучении древнетюркского государства.

Древнетюркская топонимика сформировалась в особых условиях и является одной из сложных и не изученных проблем в науке.

На зарождение, развитие и функционирование древнетюркской топонимики, решающую роль играло мировоззрение, религия и мифология древних тюрков.

В данной статье мы решили рассмотреть топонимические мифы на территории Казахстана. Анализ и история мифов для нас являются важной темой, так как в условиях глобализации главной задачей для всех народов мира является сохранение своей идентичности. Мы знаем, что особенностью каждого народа является знание своей истории, культуры и традиции. Знание топонимов, их происхождение, связанные с ними мифы являются актуальными на сегодняшний день.

Появление интересных географических объектов пробуждает интерес у всего населения. Нередко появление топонимов связывают с каким-либо мифом, легендой или историей.

Топонимические мифы – это полностью вымышленные истории, созданные народной коллективной фантазией, отражающей действительность в виде сверхъестественных существ, ставших основой для наименования топообъектов.

В Орхонских надписях встречается интересный топоним – Жемчужная река. Перед тем как написать миф о возникновении Жемчужной реки, мы решили остановиться на истории.

Топоним, этимология слова Жемчужная река разбирались многими крупными учеными.

В античных источниках название Яксарт встречается как топоним, относящийся первоначально к участку Жемчужной реки, где расположились войска Александра Македонского.

В китайских источниках р. Йоша называется Жемчужной рекой в описании событий VII-VIII вв. Более позднее упоминание названия Яксарт (Яхшарт, Хашарт) как бытующего названия реки встречаются у Ибн Хордадбега (IX в.), ал-Масуди (X в.), ал-Бируни (973-1048 гг.), а также в «Худуд ал-алам» (X в.) [3, с.71].

Плиний (I в. н.э.) впервые отметил другое местное название реки – Silis: «Реку Яксарт, которую скифы называют Силисом, Александр и его воины приняли за Танаис». Гай Юлий Солин автор III в. так же повторяет это сообщение: «По всей этой земле с той стороны прорезывает границы река Лаксат, которую называют Лаксатом одни только бактрийцы, ибо прочие скифы зовут её Силисом. Димодамант, вождь Селевка и Антиоха, писатель довольно достоверный, переправившись через эту реку, «открыл... что эта иная река, чем Танаис». Тождество форм silis и sīg не вызвало сомнений ни у Ф. Юсти, ни у Бартольда [3, с.73].

Из сообщений Плиния и Солина понятно, что реку, именуемую местным населением в её среднем течении Яксарт, скифы (саки) – кочевники, населявшие нижнесырдарьинские и приаральские степи, именовали ее Силис. Ввиду крайней скудости античных и средневековых источников относительно топонимики Восточного Приаралья вполне естественно отсутствие других упоминаний названия «Сыр», имевшего только местное значение. Однако слово «сыр» как название района нижнего течения этой реки появляется не в XVI в., а в XIII-XIV вв. в наименовании расположенной близ Дженда ставки сыновей и внуков Джучи – Сыр-Орда [3, с.72].

А И. Маркварт дал развернутое объяснение топонима Жемчужная река. Он обратил внимание, что название Jāncū ügüz – «Жемчужная река» встречается в китайском тексте Карабалгасунского памятника под названием Чжень-чжу-хэ – «река истинного жемчуга», а оба названия вместе являются переводами местного названия реки, транскрибированного в китайских источниках как йо-ша или йок-шат (Яксарт), т.е. современной Сыр-Дарьи [3, с. 76].

Название Яксарт, впервые появляющееся в источниках, описывающих события IV в. до н.э., относится к верхнему и среднему течению

Сыр-Дарьи; название «Сыр» – древнее сакское имя реки – относилось первоначально к её нижнему течению. Но позже название Сыр распространяется по всему течению этой реки, известной нам под названием Сырдарья.

Таким образом, Яксарт, Сыр, Жемчужная река – это первоначальные названия реки, которые по свидетельствам источников были названиями разных отрезков реки. Сегодня Жемчужная река – это Сырдарья, которая протекает по территории нескольких стран. Что доказывает об обширной территории, которую занимали древние тюрки.

Несмотря на существование научного довода о происхождении и названии реки. Народу ближе воспринимается мифология, которая доходчиво объясняет происхождение того или иного объекта.

Итак, согласно тюркской мифологии происхождение Сырдарьи такое. Две крупные среднеазиатские реки – Амударья и Сырдарья, впадающие в Аральское море, считаются реками горя и слез. Появились эти реки в незапамятные времена, когда на одном из семи небес было женское ханство. Вся власть в ханстве принадлежала женщинам, которые воевали с мужчинами. Появившегося на свет мальчика бросали на съедение волкам и львам, но каждому сотому малышу они даровали жизнь.

Некоторое время спустя ханша родила мальчика, но отнять жизнь у собственного ребенка рука у матери не поднялась. Подменила сына своего на девочку, и растила его тайно. Вырос сын ханши сильным, смелым, непокорным и властным. Подняв восстание во главе с оставшимися в ханстве мужчинами, юноша решил захватить власть. Восстание было подавлено, бунтарей казнили, но главного оставили на суд самой правительницы, так как старушка, принимавшая роды у ханши, раскрыла великую тайну. Женщины ханства предъявили условие правительнице, чтобы она собственными руками отрезала сердце сына и вонзила его на копье [4, с. 81].

И зарыдала мать-правительница, печалью окуталось ее ханство, и две реки, два горьких потока слез из глаз ее – Сырдарья и Амударья – до сих пор бегут с гор с запада и востока до Аральского моря.

Географические названия на территории Казахстана сохранили не только тюркские корни, но и связанные с ними мифы. В своем большинстве мировоззрение и восприятие окружающего мира древних тюрков в сознании народа сохра-

нилось в виде мифов о происхождении какой-либо местности в честь великого Тенгри, о его милосердии и добродушии, о каре его и вечном соперничестве между Тенгри и Ерлик.

Для тюрка древнего и современного Тенгри – Бог, всемогущий – Бог. Если для древнего тюрка Тенгри – это Бог, решающий все жизненные вопросы, то для современно тюрка – это трансформация Тенгри с принятием ислама, вера в Аллаха, но несмотря на это, Всевышнего, называют чаще Тәңірім. Как уже отмечали, в древнетюркской мифологии Тенгри всемогущ, поэтому мы хотели привести в пример несколько мифов, которые отражают влияние Тенгри.

По мифу древних тюрков Памиро-Алайская горная цепь появилась по желанию Тенгри, который захотел оградить север от юга, чтобы разделить пространства земли.

Тенгри сам несколько дней собирал в мешок камни, землю и переносил в намеченное место и засыпал там.

Люди, лишённые природных укрытий, стали жаловаться на ранние холода и пронзительные ветра. Несмотря на жалобы людей, Тенгри продолжил свою задумку.

Однажды, когда уставший Тенгри уснул, смельчаки не стали терять время и разрезали мешки своего бога.

И когда Тенгри проснулся и продолжил свою работу, из дырявого мешка по дороге к намеченному месту стали рассыпаться камни, так появились горы Кокшетау, Каркаралы и Баянаул [4, с. 81].

Таким образом, мы видим, что, несмотря на причинённые неудобства всемогущественным Тенгри, люди в силу своего спокойствия терпели невзгоды. Но с течением времени методом хитрости и уловок люди вернули присущие им природные объекты. Чему учит этот миф? Терпимости, мы наследники великих тюрков, в своих генах имеем ДНК терпимости и смиренности, но все эти качества возвращают нам должное.

Баянаул – живописное место на севере Казахстана, есть там известное среди как местного населения, так и приезжих ущелье ведьм. Про него тоже бытует миф.

Ущелье ведьм, по мифологии, возник после разлада между Тенгри и Ерликом. Всевышний Тенгри создал землю и людей, он создал людей неинтересными, но с течением времени и он решил создать прекрасные человеческие качества. Это доброта, щедрость, взаимопонимание, искренность, честность, отзывчивос-

ть, любовь... Когда он собрал все положительные качества человека, положил их в большой кувшин, вызвал светлых духов – ак аруак – и велел раздать людям то, что поможет им жить, дружить, любить, вместе добывать пищу. Ерлик, властелин подземелья, бог тьмы и нечести решил разбавить доброту со злом и с помощью кара аруаков он спустил среди людей такие качества, как жадность, зависть, ненависть, корысть, месть... И вот поднялись в небо ночные ведьмы и стали разбрасывать человеческие пороки. И когда кувшин был уже наполовину пуст, светлые духи заметили это и взмыли в ночное небо. И началась битва добра и зла. Случайно ведьмы выронили кувшин, и упал он в темное каменное ущелье. Светлые духи закопали его глубоко, и, зная, что силы тьмы боятся красоты и гармонии, они сделали это ущелье живописным и красивым, они посадили папоротники, создали ручей, на склонах гор разбросали причудливый мох и лишайник. Отпугивала вся эта красота ведьм.

И тогда разгневанный бог Тьмы пришел к Тенгри и сказал: «Ты нарушил закон вселенной, ты отобрал мою силу и за это будешь наказан». На что Тенгри ответил: «Ты можешь забрать свой кувшин, но только один раз в году, седьмого числа седьмого месяца». И теперь каждый год именно в этот день ведьмы ищут свой кувшин в этом ущелье [5].

Так же в мифе присутствует все о могущественности Тенгри и что только по его велению был создан баланс и гармония в мире, но и появляются живописные места.

На территории юга Казахстана, в Жамбылской области сохранился недостроенный памятник, именуемый Акыртас. Его называют ставкой тюркского кагана, дворцовым комплексом, буддийским храмом или монастырём. Но загадка его заключается в том, что этот памятник не достроен и о нем слагают все возможные мифы, о которых в своих трудах писали В.В. Бартольд, Ч.Ч. Валиханов.

Таким образом, миф о постройке Акыртаса таков. Постройкой Акыртаса занимались два богатыря, отец и сын. Отец строил, сын носил камни с гор. Отец строго запретил сыну оглядываться по сторонам, но сын не утерпел, взглянул на проходившую мимо прекрасную царицу по имени Туйма и пустился вслед за ней. Царица и ее подруги бросали в преследователя комья земли, из которых выросли семь холмов (Жеты-тобе). На том месте, где утомившаяся царица умерла, построили город Туймекент [6, с. 32].

утомившаяся царица умерла, построили город Туймекент.

Другой миф об Акыртасе гласит следующее: Алан-Хазар, хан хазар, полюбил девушку, но она поставила ему условие, что выйдет за него только в том случае, если он построит город. Алан-Хазар с гор Бутам-буйнак принес камни и начал строить. Он хотел прорыть горы Бутам-буйнак и провести реку Талас мимо своего города, так как в местности воды не было [7, с. 59].

Одним словом, люди, видя недалеко от своих селений и городов недостроенные городища или развалины древних городов, придумывали различные легенды, тем самым, обогащая родной фольклор.

Еще один персонаж в мифологии и в истории казахского народа – искатель земли обетованной Асан Кайгы. Из-за идеи любви и сострадания акына Ч.Ч. Валиханов его называет «кочевым философом».

Асан Кайгы чувствовал сильную зависимость кочевого скотоводческого быта от природных условий, джудов, стихийных бедствий. Отсюда легенда о поисках Асаном Кайгы обетованной земли «Жерұйық» с обильными пастбищами и полноводными реками, мягким климатом и множеством зверей и рыб, где люди живут без нужды и горя, вражды и угнетений. На верблюде Желмая он объездил все стороны света, но нигде не нашел обетованной земли, где все люди жили бы счастливо и царило бы равноправие. Асан Кайгы считал, что Жерұйық должен стать местом счастья и равноправия людей. И независимо от условий жизни человек должен быть искренним и честным, боясь как огня «ложных показаний», «дурного слова», потому что именно с ними связано «зло» на земле. Рассказы о поисках Асан Кайгы Жерұйық включают в себя крылатые слова и выражения, образные характеристики тех местностей, где он побывал, их климатических условий, населения, а также многочисленные топонимы [8, с. 29].

Следует отметить, что миф для наших предков служил не просто картиной мира, но он также выступал иллюстрацией истории мира. Мировая история показала, что пренебрежение мифами как историческими источниками не совсем оправдано. Наилучший пример этого явления – это Г. Шлиман со своей безумной идеей в поисках мифологической Трои, существование которой оказалось вовсе не мифологическим.

О казахской мифологии С.А. Каскабасов пишет, что обнаруженные мифы по всем своим основным компонентам близки к архаическо-

му классическому мифу. В них четко прослеживаются (конечно, не в чисто архаическом виде) следы мифического сознания, мифического времени, мифических представлений и понятий. С.А. Каскабасов отмечает, что в мифах народов, прошедших стадию родового общества, превращение человека в животное или в неодушевленный предмет объясняется проклятием и наказанием героя или его бегством от опасности. В качестве примера приводятся казахские мифы «Сынтас» и «Келиншектау» [9, с. 62].

Миф о Келиншектау такой: то ли сто, то ли тысячи лет тому назад жил был один знатный бай и у него была единственная дочь. Пришло время выдавать ее замуж. Бай ради своей единственной дочери ничего не пожалел и подготовил большое и богатое приданное. Все было очень дорого и роскошно, сшито золотыми нитями, шелком. Шанырак был сделан из золота, уык сделан из серебра. Поместив все на 60 верблюдах, отец дал поводок от всего лично ей в руки и сказал – будь довольна любимая моя. И вот караван двинулся в путь в сторону Каратау. По дороге у дочери то ли возникло любопытство, то ли она решила оглядеть взглядом, что же ей дали в приданное. И вдруг из всей роскоши она заметила, что посуда для собак (итаяк) сделана из простого абрикосового дерева. Проявив недовольство, что посуда сделана из дерева, а не из серебра, отправила своего мужа обратно в аул отца, чтобы он исправил это и сделал посуду из серебра. Расстроенный отец, услышавший недовольство дочери, дал благословление: «У тебя каменное сердце, так стань камнем». В этот момент все приданное – верблюды, юрта, посуда и все, что было в приданном, стало камнем. До сих пор стоит эта гора и до сих пор там стоит его дочь, превратившаяся в камень».

Автор имеет свою точку зрения, утверждая, что казахские архаические мифы в стадийном отношении представляют собой промежуточное звено между древними первобытными мифами и развитой мифологией рабовладельческого строя. На их примере хорошо прослеживается тот факт, что если в своём социально-историческом развитии народ из патриархально-родового общества непосредственно переходит к феодальному строю, минуя рабовладельческий, то его архаический миф либо теряется, либо преследуемый монотеистической религией превращается в демонологию и воспринимается как суеверие, а затем превращается в быль [9, с. 102].

Наверное, нам следует отметить центр тюркской цивилизации Алтай. Богата история,

мифология и природа Алтая, которая во все времена привлекала многие племена и народы.

Алтай – золотая колыбель тюрков, священное место, где обитают души всех знаменитых людей, доблестных батыров, мудрых правителей, красноречивых акынов. По древнетюркской мифологии, Йер-су, сын Тенгри и Умай, встречается здесь с духами предков, ведет долгие, сладостные для сердца беседы.

Щедр Алтай и прекрасен, здесь находятся молочное озеро Сутколь и красное озеро Кызылколь, в котором живет огромная рыба Кер Балык, в чреве которой находятся зародыши всех людей и животных. По мере надобности отдает их рыба богу земли и воды Йер-су, который дарит им жизнь по всей земле.

Здесь же, на Алтае, растет золотой тополь, центр мира, пуповина земли, соединяющая срединный мир и небо. Прямо над тополем горит золотой кол, Полярная звезда, и сияние ее хранит вечную колыбель, золотой Алтай [4, с. 82].

Таким образом, мы – наследники огромной тюркской цивилизации, ее территории, благодаря своим предкам сохранили в своем сознании мифы о происхождении главных природных объектов. Но проблема заключается в том, что большинство топонимических мифов были утеряны. Причин несколько: минувя рабовладельческий строй, возможно, мы потеряли часть мифов. Так как в силу господства монотонической религии мифы древних тюрков преобразовались и уже с элементами мусульманства сохранились до

наших дней. По тем же мифам и письменным источникам определили территорию расселения. Ведь религия и миф в древнетюркском мире достигали государственной идеологии, а правители уровня религии и объекта поклонения. Теперь, главной нашей задачей остается сохранить свою территорию, историю и культуры для своих потомков, как это сделали наши предки.

Топонимические мифы ориентированы на знание для убеждения реальности положенных в основу наименований топонимов.

На основе сформировавшихся исследований, связанных с топонимическими мифами, делаем такие выводы. Первое, топонимические мифы в своем большинстве связаны с верховным божеством тюркского пантеона богов – Тенгри и приближенных к нему лиц. Второе, мифы, связанные с гидронимами, имеют печальный исход событий, например миф, связанный с Сырдарьей и Амударьей. Третье, мифы, связанные с недостроенными городищами или развалинами древних городов.

Локальные топонимические мифы представляют интерес для дальнейшего анализа. Так как в ходе исследования темы топонимического мифа мы столкнулись с малым количеством работ по данной теме. Возможно детальное изучение – дело будущих усилий собирателей мифов, историков, этнографов и филологов. И таким образом, определяется перспективность развернутого и детального изучения проблемы топонимического мифа в данном направлении.

Литература

- 1 Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. Толковый словарь русского языка: 80 000 слов и фразеологических выражений. – 4-е изд. – М., 1997. – 944 с.
- 2 Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк / перевод, предисловие и комментарии З.-А. М. Ауэзовой. Индексы составлены Р. Эрмесом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
- 3 Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М., 1964. – 214 с.
- 4 Маркова О., Жанабаев К. Золотая колыбель. По мотивам древнетюркских мифов. // Простор. – № 2. – 1996. – С. 77-83.
- 5 Живые легенды Баянаула // <http://www.newsfactory.kz/23127.html>
- 6 Бартольд В.В. Сочинения. – М., 1966. – Том 4. – 495 с.
- 7 Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Древние города Казахстана [Текст] / Академия наук Казахской ССР. – Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахский ССР, 1971. – 212 с.
- 8 Валиханов Ч.Ч. Избранные произведения. – М., 1986. – 414 с.
- 9 Каскабасов С.А. Золотая жила. Истоки духовной культуры [Текст]: избранные исследования. – Астана: Елорда, 2000. – Ч. 1. – 752 с.

References

- 1 Ozhegov S.I., Shvedova N.Ju. Tolkovyj slovar' russkogo jazyka: 80 000 slov i frazeologicheskij vyrazhenij. – 4-e izd. – М., 1997. – 944 s.

- 2 Mahmud al-Kashgari. Divan Lugat at-Turk / perevod, predislovie i kommentarii Z.-A. M. Aujezovoj. Indeksy sostavleny R. Jermesom. – Almaty: Dajk-Press, 2005. – 1288 s.
- 3 Kljashtornyj S.G. Drevnetjurkskie runicheskie pamjatniki kak istochnik po istorii Srednej Azii. – M., 1964. – 214 s.
- 4 Markova O., Zhanabaev K. Zolotaja kolybel'. Po motivam drevnetjurkskih mifov. // Prostor. – № 2. – 1996. – S. 77-83.
- 5 Zhivye legendy Bajanaula // <http://www.newsfactory.kz/23127.html>
- 6 Bartol'd V.V. Sochinenija. – M., 1966. – Tom 4. – 495 s.
- 7 Bajpakov K.M., Erzakovich L.B. Drevnie goroda Kazahstana [Tekst] / Akademiya nauk Kazahskoj SSR. – Alma-Ata: Izdatel'stvo «Nauka» Kazahskij SSR, 1971. – 212 s.
- 8 Valihanov Ch.Ch. Izbrannye proizvedenija. – M., 1986. – 414 s.
- 9 Kaskabasov S.A. Zolotaja zhila. Istoki duhovnoj kul'tury [Tekst]: izbrannye issledovanija. – Astana: Elorda, 2000. – Ch. 1. – 752 s.

Қошымова А.О.
**Оғыздардың көрші
халықтармен қарым-қатынас
мәселелері**

Мақалада ортағасырлардағы оғыздардың көрші халықтармен, оның ішінде орыс княздіктерімен де жан-жақты қарым-қатынасы мәселелері қарастырылады. Мұнда оғыздардың ортағасырлардағы қарым-қатынасы соғыс, экономика және мәдениет салаларындағы байланыстары негізінде ғана емес, сондай-ақ, славян халықтарымен этникалық байланыстары да зерттеледі. Автор мақалада оғыздардың орыс княздіктерімен бірде қақтығысқа түсу, бірде олармен одақтас болу себептерін де ашуға тырысады. Сонымен қатар, оғыздарда мемлекеттіліктің қалыптасуы кезеңіндегі, екі этностың тығыз байланыс жасағаны, бір-бірінің мәдениетіне, тұрмыс-салтына ықпал еткені және байытқаны мысалдар келтіріле отырып, салыстырмалы түрде қарастырылады.

Түйін сөздер: оғыздар, түркілер, славяндар, мәдениет, саясат.

Koshymova A.O.
**Questions about the
relationship of Oguz with
neighboring nations**

The article discusses the question of relations with neighboring countries Oguz in the Middle Ages, including the Russian principality. It is considered not only a military, economic and cultural relations of Oguz in the medieval, but ethnic relations with the Slavic people. The author attempts to specify the reasons for the collision and alliance of Oghuz with Russian principality. Also close relationship of the two ethnic groups, which has enriched and influenced culture and everyday life of the two nations during the building of statehood Oguz is comparatively considered.

Key words: Oghuz, Turkic, Slavic people, culture, policy.

Қошымова А.О.
**Проблемы отношения огузов с
соседними народами**

В статье рассматриваются проблемы отношения огузов с соседними народами в средние века, всесторонние взаимоотношения с русскими княжествами. Взаимоотношение огузов в средние века исследуется не только в сфере войны, экономики и культуры, но и на основе этнических связей со славянским народом. Автор в статье пытается выявить причины столкновения, а иногда союзничества огузов с русскими княжествами. А также рассматривает сравнительно на примере взаимовлияния двух этносов в сфере культуры, быта и приумножения традиции в период становления государственности у огузов.

Ключевые слова: огузы, тюрки, славяне, культура, политика.

ОҒЫЗДАРДЫҢ КӨРШІ ХАЛЫҚТАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түркі халықтарының тарихи мұраларынан бастау алатын қазіргі мәдени құндылықтарымыздың қалыптасуы мен даму тарихын білуде түркілердің көрші халықтармен қарым-қатынасын зерттеу өте маңызды. Өйткені, түркі тілдес халықтар көрші халықтармен, әсіресе славян халықтарымен кейде қарсылас, кейде одақтас мемлекет ретінде тығыз байланыс жасап, екі халық мәдениеттерін жаңа өзгерістермен толықтырып отырған.

Орта ғасырлардағы түркі халықтарының, оның ішінде оғыздардың орыс княздіктерімен байланысы жөніндегі жазба деректер көптеп кездеседі демесек те, жекеленген халықтар, мемлекеттер және т.б. тарихына қатысты мәліметтер қатарынан ұшырастыра аламыз. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде көрші екі халықтың қоныстанған аумағынан табылған сол дәуірге жататын материалдарға салыстырмалы талдаулар жасай отырып зерттеу түркі-славян байланысының тарихын толықтыра түседі. Ол байланыстардың сипаты негізінен көшпелі түркі халықтарының Шығыс Еуропаның жергілікті славян халықтарымен мәдени, рухани, шаруашылық, кейде саудасаттық негіздерде жүзеге асырылды және олардың мәдени құндылықтарында ерекшелігімен қатар, ұқсас, ортақ жақтары көп болды.

Түркі-славян тарихи байланыстары Қазақстан тарихының өзекті мәселелерінің бірі саналады. Қазақ даласы мен орыс елі тарихының геосаяси жағдайы өзара тығыз байланысты. Елбасшымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің «Халық тарих толқынында» атты еңбегінде ата-бабаларымыздың екі мың жылдай Қиыр Шығыстан Батыс Еуропаға дейінгі, Сібірден Үнді еліне дейінгі мемлекеттердің дамуында ерекше маңызды рөлге ие болғандығы, үлкен арақашықтықта орналаса отырып, көшпелілер Еуразияның этникалық және мемлекеттік картинасын бір емес, бірнеше рет өзгерістерге алып келгендігі туралы айтқан еді [1]. Түркі халықтарының Русьпен мәдени, саяси, экономикалық байланыстарының шарықтап тұрған шағы болғандықтан да IX-XII ғғ. түркі-славян қатынастарын зерттеудің маңыздылығы зор.

Түркі халықтары мен славяндардың қарым-қатынасы көптеген зерттеушілерді қызықтырған тақырып. Бұл мәсе-

ле төңірегінде Н.М. Карамзин, М.С. Грушевский, Н.Я. Аристов, Д.А. Расовский, Н.Г. Устрялов, В.О. Ключевский және т.б. осы сынды ғалымдар өз еңбектерінде тоқталып өткен болатын. Дегенмен де, көшпелілердің көрші халықтармен арасындағы қарым-қатынастарын, байланыстарын алып қарастырғанда олардың арасындағы соғыс, яғни сыртқы саясатта орын алған әскери қақтығыстары ең бірінші еске түседі. Неге десек, бүгінгі таңға дейін тарихнамада орын алып келген көзқарас: көшпелілер мәдениетінің болмағандығы, олар тек жаулаушы, соғыс құмар, мәдениетті құртушы, жоюшы, экономикалық дамуды тежеуші ретінде ғана сипатталып келген болатын.

Көшпелілер өміріндегі табыс көзі ол жаулаушылықпен тікелей байланысты еді, ол көшпелілер өмірінің бір бөлшегі есептелді десек те болады. Себебі, көшпелілердің территориясын кеңейту, өз ықпалын қалыптастыру, әскерін азық-түлікпен қамтамасыз ету және т.б. осы сынды қажеттіліктерден туындайтын тұрмыстық жағдайлардан туындаған еді.

Жалпы ортағасырлардағы халықтардың халықаралық жағдайы, әлеуметтік-экономикалық және сауда, әскери байланыстарын жан-жақты қарастыру сол кезеңнің келбетін ашуға көп септігін тигізеді хак.

П. Голубовский алғашқылардың бірі болып қарақалпақтар дәстүрінің Оңтүстік Русь мәдениетіне ықпалын атап көрсеткен болатын. Бұл ықпалды ол әскери өнерде былай суреттейді: олардың тұтқиылдан және күтпеген жерден шабуылдайтындығына, қимылдарының ширақ, шабуылдау мен кері шегіну кезінде отрядтарының ұстатпайтындығына, соғысу тактикасындағы шеберлік ерекшелігіне тоқтала отырып, қашуға ескерту жасауға ешқандай да мүмкіндік болмайтындығын, тек олардың кері шегінетін жолдарын жабуға және тұтқындарын кері қайтаруға тырысу ғана қалатындығын атап көрсетеді. Ол көбіне-көп мүмкін болмайтындығын да П. Голубовский ескертеді [2, 150-151 бб.].

Бұл мәселе өз кезегінде Д.А. Расовскийдің «Печенеги, торки и берендеи на Руси и в Угрии» деп аталатын монографиясында да көрініс табады. Еңбекте зерттеуші П. Голубовскийдің көзқарастарын жалғастыра түседі десек қателеспейміз. Мысалы, қарақалпақтардың Русь әскери істерінің дамуындағы үлесін былайша көрсетеді: «Для Руси Черные Клобуки были действительно незаменимы. Сами степняки, знавшие военное искусство своих противников, они, будучи кавалеристами, лишь одни

были в состоянии догонять и ловить уходивших с награбленной добычей Половцев, сами делать быстрые нападения на них, наконец быть прекрасными разведчиками» [3, 20]. Д.А. Расовский қарақалпақтардың Русьтің әскери өнерімен бірге материалдық мәдениетіне де ықпалы айтарлықтай болғандығына кері уәж айта алмайды [3]. Бұл жерде қарақалпақтармен бірге қыпшақтардың да әсері көрінеді. Дегенмен де, этномәдени байланыстары тұрғысынан келгенде Д.А. Расовский қыпшақтардың емес, көбіне-көп қарақалпақтардың әсерінің мол болғандығына баса назар аударады: «Хотя главная масса Черных Клобуков жила на окраине Руси, в южной части Киевского княжества, тем не менее они были хорошо известны всей Руси. Лепшие мужи их жили в самом Киеве; там же находились иногда при князе и отдельные берендейские отряды; во время междоусобных войн Черных Клобуков видели всюду, почти по всей тогдашней Руси проходили их полки. Можно предполагать, что в первые годы их проникновения в Русь, в эпоху Святополка II и Владимира Мономаха, они наводнили собою княжеские дружины, может быть существовали самостоятельные тюркские отряды при князьях. Все это не могло не сыграть существенной роли в деле передачи различных тюркских элементов на дотатарскую Русь; а в исходе XI начала XII вв., когда она была особенно насыщена этими элементами, благодаря массовому наплыву Торков и Печенегов, едва ли не создано своеобразной моды на них» [3, 37].

Ал, М. Грушевский қарақалпақтардың славяндармен қатынасы соншалықты жақын болмағандығын алға тартады [4, 550].

Оғыздар көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан еді. Сондықтан да көрші елдермен арада жүргізілген көптеген жаулаушылық соғыстары осыған байланысты туындап отырды. Жалпы, оғыздар Сырдарияның орта және төменгі ағыстарына, сондай-ақ Арал теңізінің айналасына орналасқан еді. Жоғарыдағы айтылған жәйттердің себебінен олар IX ғасырдың соңына қарай осы жерді қоныс еткен печенегтерді өздерінің одақтасы хазарлармен бірлікте қуып шығады.

О. Бубеноктың пікірінше, оғыздар X ғасырдың ортасында Солтүстік Кавказ жерінде болған. Оғыздар Кавказдың солтүстік-шығыс етегіне дейін жетіп, алан-бұлғар тұрғындарын ығыстырған еді. Е. Кругловтың пайымдауынша, X ғасырдың ортасына дейін оғыздар мен хазарлар печенегтерге қарсы одақ құрған. Хазарлар оғыздармен шекарада соғыс жүргізу үшін ешқандайда қорғаныс бекіністерін тұрғызбады және Еділ-

дің оң жақ жағалауына көшіп-қонуға мүмкіндік берді. Джуаншер Джуаншерияни «печенегтердің» «түріктердің» қысымынан кері шегінгенін жазады. Мұндағы «печенегтер» деп отырғаны «оғыз-түріктер» еді. Оғыздар печенегтердің бір бөлігіне хазарлардың билігін мойындатуға ықпал етті. Печенегтердің бұл бөлігі «хазар печенегтері» деген атау алды. Саркелде оғыз-печенегтердің гарнизоны пайда болды.

Русь билігін князь Святослав басқарып тұрғанда оғыздар хазарлармен жаулық саясат ұстанып, Русь жағында табылған еді. Ибн Хаукал орыстардың Бұлғар, Хазар, Еділ, Семендерді жаулағандығын хабарласа, ал Ибн Мисхавейх хазарлар исламды қабылдамастан бұрын оларға түріктер шабуыл жасаған дейді. Ал-Мукаддаси хорезмдіктер азат еткеннен кейін, орыстардың Хазарияға шабуыл жасағанын еске салады.

Қаңғар-печенегтер бірлестігіне қарсы IX-X ғасырларда жүргізілген соғыс оқиғалары «Оғыз-наменің» сюжеттік желісіне негіз болған [5, 99].

Оғыз тайпалары бірлестігі 965 жылы Киев Русінің сол тұстағы билеушісі Святославпен арасында әскери одақ жасалынып, екі жаққа бірдей қатер төндіріп тұрған қуатты Хазар қағандығына қарсы соғыс ашады. Оғыздар мен Киев Русінің арасындағы мұндай әскери-саяси одақтың жасалуы арадағы саяси, сондай-ақ сауда-экономикалық мүдделердің бір болуынан туындаған жәйт еді. Біріншіден, хазарлармен күресте одақ керек болған болса, екіншіден, жоғарыда айтып кеткендей, оғыздар мал шаруашылығымен айналысқандықтан, оғыз шонжарларына мал жаятын жайылым жерлерді қажет етіп, Дон, Қара теңіз маңындағы далаларға өте мұқтаж болды. Соңында хазарлар жеңіліске ұшырап, Каспий теңізінің солтүстік-шығыс жағалауын да жаулап алады. Арадан жиырма жыл өткен соң оғыздар орыс княздарымен біріге отырып, Еділ мен Кама өзендері бойындағы бұлғарларды да тас-талқан етіп жеңіп шығады. Негізі оғыздарды Еділ бойынан, Маңғыстаудан, Үстірттен өтіп, Еуропаны Азиямен жалғастырып жатқан маңызы зор жолдар қызықтырды. Бұл сауда жолдары тек оғыздарды ғана емес, сол кездегі орыс мемлекетін де қызықтырған еді. Осындай жолдарға алып баратын Хазария елінің жеңіліске ұшырауы орыс саудагер-көпестеріне Шығыс елдеріне шығуға мүмкіндік берді.

Міне, осы Хазар қағандығының оғыздар мен орыс княздерінің одағынан жеңіліске ұшырауы оғыз державасының саяси қуатын арттыра түсті. Орыс шежірелеріне сүйенсек, оғыздардың тек хазарларды емес, сонымен бірге орыс княздары-

мен біріге отырып Еділ бұлғарларын да жеңгендігіне куә боламыз. Онда 985 жылы князь Владимирдің торктармен (оғыздармен) одақтасып бұлғарларға жорыққа аттанғаны сөз болады. Орыс тарихшысы Н.М. Карамзин «берегом шли конные торки, союзники или наемники россиян» деп жазады. Осылайша орыстар жеңіске жеткен еді.

Міне, бұл зор жеңістердің бәрі Оғыз мемлекетінің күш-қуатын, саяси беделін бұрынғыдан да арттыра түседі. Оғыздардың жаужүрек ерлігі туралы алуан түрлі аңыздар тарайды. Оғыздар жайындағы осындай аңыз-ертегілер желісіне құрылған көркем шығарма – «Оғыз-наме» болып табылады.

Қыпшақтардың қатты тегеурініне төтеп бере алмаған оғыздар XI ғасырдың орта шенінде Дешті Қыпшақтан батысқа қарай ығысса да, бәрі бірдей қоныс аударған жоқ еді. Қазақстан жерінде қалған оғыздар бірте-бірте қыпшақ, қарлұқ, қаңлы секілді түркітілдес тайпалармен араласып, солардың этникалық құрамына сіңісіп кеткені белгілі.

Осы сияқты славяндар да кейде басқа халықтармен бірігіп, кейде жаңа этникалық топтарды қалыптастырып бөлінді, олар өзіндік этникалық элементтерін жоғалтпай басқа тайпалардың мәдениеттерін қабылдаған кезеңі де болды [6, 20 б.]. Оғыздардың құрамы біртекті болмады. Балқанға жылжу барысында құрамына өзге тайпалардан қосылып жатқандары да болды. Олар да тек түркі тайпалары ғана емес еді. XI ғасырдың алғашқы ширегінде орыс шекарасына жақындаған оғыздардың өзге тайпалармен араласқаны соншалық, олардың оңтүстік орыс даласындағы мәдени ескерткіштерін зерттегенде археологтар көптеген қиындықтарға кездесіп отырады [7, 52 б.].

Көрші халықтармен арадағы қарым-қатынас мәселесін қарастырғанда этникалық байланыстар мәселесі де маңызды орын алатыны белгілі. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда оғыздар тек түркі халықтарының ата-бабалары саналып, этникалық байланыстары түркі халықтарымен ғана шектелмейді, сондай-ақ славян халықтарының да этногенезінде алатын орны ерекше.

Оғыз-түркілері ұрпақтарының ортағасырлық украин этносы мен олардың мәдениетін қалыптастыруға қатысуы мәселесі бірнеше ғасырлар бойы талқыға түсіп, ғылыми баспа беттерінде жарияланып келе жатқан мәселелердің қатарында екені жасырын емес. Зерттеуші ғалымдар осындай мүмкіндіктердің болуы туралы айтса да, бір жағынан мұндай

жорамалдардың болуына фактілер жеткіліксіз. Осыған қарамастан ғалымдар қарақалпақтардың-торқтардың, печенегтер мен берендейлердің әсіресе, ежелгі орыс кезеңіндегі Орта Днепр бойындағы славяндардың этномәдени ерекшеліктеріне айтарлықтай ықпал еткендігін бірнеше рет баса көрсеткен еді. Қарақалпақтардың украин халқының этногенезіндегі қалдырған орнын қолдайтынның қатарында А.Я. Ефименко, Н.И. Костомаровтар бар.

Оғыздар мемлекеті Еуразияның саяси және әскери тарихында маңызды рөл атқарды. Сла-

вандардың қару-жарақтары көшпелілер қару-жарақтарының үлгісінде жасалды.

Осылайша, түркі-славян қатынасының пайда болуы мен қалыптасуы Х-ХІІ ғғ. күрделі жағдайлар негізінде орын алды. Көшпелілер мен Русь арасындағы саяси қатынастардың пайда болуы мен дамуына тікелей және жанама ықпал еткен кейбір саяси үдерістер мен тарихи оқиғалар қамтылды. ІХ-ХІІ ғғ. Еуразияның этникалық, саяси, сауда-экономикалық үдерістерінде көшпелілердің әлемдік аренаға кеңінен шығуымен сипатталады.

Әдебиеттер

- 1 Государственная программа «Народ в потоке истории». // Айқын. – 2013. – 30 марта.
- 2 Голубовский П. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. История южнорусских степей IX–XIII вв. – Киев, 1884.
- 3 Расовский Д. А. Печенеги, торки и берендеи на Руси и в Угрии // Д.А. Расовский. Половцы, Черные Клобуки: печенеги, торки и берендеи на Руси и в Венгрии (работы разных лет). – М., 2012.
- 4 Грушевський М. Історія України-Руси. Т. II. – Київ, 1992.
- 5 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991.
- 6 Ангели Ф. Очерки истории огузов. – Казань, 2010.
- 7 Райс Т. Сельджуки. Кочевники – завоеватели Малой Азии. – М.: «Центрполиграф», 2004.

References

- 1 Gosudarstvennaja programma «Narod v potoke istorii». // Ajqyn. – 2013. – 30 marta.
- 2 Golubovskij P. Pechenegi, torki i polovcy do nashestvija tatar. Istorija juzhnorusskih stepej IX–XIII vv. – Kiev, 1884.
- 3 Rasovskij D. A. Pechenegi, torki i berendei na Rusi i v Ugrii // D.A. Rasovskij. Polovcy, Chernye Klobuki: pechenegi, torki i berendei na Rusi i v Vengrii (raboty raznyh let). – M., 2012.
- 4 Grushevs'kij M. Istorija Ukraini-Rusi. T. II. – Kiiv, 1992.
- 5 Kelimbetov N. Ezhelgi dauir adebieti. – Almaty: Ana tili, 1991.
- 6 Angeli F. Ocherki istorii oguzov. – Kishenev, 2010.
- 7 Rajs T. Sel'dzhuki. Kochevniki – zavoevateli Maloj Azii. – M.: «Centropoligraf», 2004.

Ноғайбаева М.С., Кәрібаев Б.Б.

Алтын Орданың этникалық тарихына қатысты ауыз әдебиетінің деректерін талдау

Мақалада Алтын Орданың этникалық тарихына қатысты ауыз әдебиетінің мәліметтерін дерек ретінде қарастыру мәселелері баяндалған. Алтын Орда шын мәнінде Еуразия халықтарының тарихи тағдырында ерекше орын алады. Алтын Орданың құрамына кірген және оған бағынышты болған аймақтардың құрамы этникалық тұрғыдан алғанда күрделі болды. Сондықтан, әлі күнге дейін Алтын Орданың этникалық құрамы туралы зерттеулерде талас тудыратын мәселелер көп. Бір зерттеулерде Алтын Орданың көшпелі және жартылай көшпелі халқының этникалық құрамына қатысты мәселелер талқыланса, екінші зерттеушілер назарларын Ордаға бағынышты болған қала халқы мен отырықшы халықтардың этникалық тарихы тұрғысынан қарастырған. Сондықтан, мәселені зерттеуде жазба деректермен қатар ауыз әдебиеті үлгілерін де дерек ретінде талдау өзекті болып табылады. Себебі, ауыз әдебиетіндегі мағұматтар Алтын Орда тарихына қатысты ғылыми айналымға түскен жазба деректердің кең көлемін этникалық тарихтың дерегі ретінде жан-жақты қарастыруға, оларды толықтыра түсуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ауыз әдебиеті, дерек, Алтын Орда, этникалық тарих, Едіге жыры.

Nogaibayeva M.S., Karibayev B.B.

Analyze of ethnic history folklore of the Golden Horde

The article discussed in detail ethnic oral literature data on history of the Golden Horde. The Golden Horde takes a special place in the historical destiny of the peoples of Eurasia. Ethnic system which created composition of the Golden Horde is ethnically complexed. Therefore, there are still a lot of discussions on the ethnic composition of the Golden Horde. Some researches pay attention to the Golden Horde in the context of the history of the ethnic peoples: first to the studies of nomadic Golden Horde, and the second to discuss the issues regarding the ethnic composition of the population of the semi-nomadic and settled people. Therefore, it is important to analyse record data in the study of folklore of the Golden Horde. Because oral literature data record from the circulation of information about the history of the Golden Horde considered as a wide range of ethnic history data in a comprehensive way, allows you to fill them.

Key words: folklore, data, ethnic history, Golden Horde, poem Edige.

Ноғайбаева М.С., Кәрібаев Б.Б.

Источниковедческий анализ произведений устной литературы по этнической истории Золотой Орды

В статье рассматриваются проблемы этнической истории Золотой Орды в контексте источниковедческого анализа произведений устного народного творчества. Золотая Орда занимает особое место в исторической судьбе народов Евразии. Этнический состав вошедших в состав Золотой Орды и ставших зависимыми от нее территорий был сложным. В этом отношении и в настоящее время в исследованиях, посвященных изучению этнического состава Золотой Орды, есть множество дискуссионных проблем. Если одни исследователи анализируют проблемы этнического состава кочевых и полукочевых народов, то другие – рассматривают этнические аспекты зависимых от Орды городского и оседлоземледельческого населения. Поэтому в изучении указанной проблемы, наряду с анализом письменных источников, весьма актуальным становится и источниковедческий обзор образцов устной литературы. Данные устной литературы позволяют значительно дополнить и всесторонне пересмотреть в качестве источниковых материалов по этнической истории объемный массив вошедших в научный оборот письменных источников в отношении истории Золотой Орды.

Ключевые слова: произведения устной литературы, источник, Золотая Орда, этническая история, эпос Едіге.

**АЛТЫН ОРДАНЫҢ
ЭТНИКАЛЫҚ
ТАРИХЫНА ҚАТЫСТЫ
АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ
ДЕРЕКТЕРІН ТАЛДАУ**

Алтын Орда шын мәнінде Еуразия халықтарының тарихи тағдырында ерекше орын алады. Алтын Орданың құрамына кірген және оған бағынышты болған аймақтардың құрамы этникалық тұрғыдан алғанда күрделі болды. Сондықтан, әлі күнге дейін Алтын Орданың этникалық құрамы туралы зерттеулерде талас тудыратын мәселелер көп. Бір зерттеулерде Алтын Орданың көшпелі және жартылай көшпелі халқының этникалық құрамына қатысты мәселелер талқыланса, екінші зерттеушілер назарларын Ордаға бағынышты болған қала халқы мен отырықшы халықтардың этникалық тарихы тұрғысынан қарастырған.

Сондықтан, мәселені зерттеуде жазба деректермен қатар ауыз әдебиеті үлгілерін де дерек ретінде талдау өзекті болып табылады. Себебі, ауыз әдебиетіндегі мағлұматтар Алтын Орда тарихына қатысты ғылыми айналымға түскен жазба деректердің кең көлемін этникалық тарихтың дерегі ретінде жан-жақты қарастыруға, оларды толықтыра түсуге мүмкіндік береді.

Ауыз әдебиетінде ХІҮ-ХҮІ ғасырларда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында болып өткен көптеген оқиғалар туралы материалдар сақталған. Ол материалдардағы мәліметтердің бір бөлігі мифологиялық сипатта баяндалса, ал бір бөлігі қоғамдық өмірдің әр қыры мен жақтарын көрсететін мәліметтерге жатады. Олардан саяси тарихтың, экономикалық, әлеуметтік, этникалық, мәдени, рухани өмірдің, қоғамдық қатынастар дамуының іздерін аңғаруға болады. Халықтың өмірінде терең із қалдырған ұлы тұлғалар, маңызды оқиғалар, күрделі өзгерістер міндетті түрде халықтың санасына әсер етіп, ол ауыз әдебиетінің әр түрлі материалдары арқылы бейнеленген.

Ауыз әдебиеті материалдарын жазба дерек мәліметтерімен салыстыра қарағанда мынадай ерекшеліктерді аңғарамыз. Жазба дерек мәліметінде информациялардың сақталынуы ауыз әдебиетіне қарағанда анағұрлым жақсы болса, ХІІІ-ХҮ ғасырлардағы Шығыс Дешті Қыпшақта болған тарихи болмыстың бейнеленуі жазба деректерден гөрі ауыз әдебиетінде анағұрлым жақсы көрінеді. Жазба деректер авторлары көбінесе сырттан келген адамдар болғандықтан, олар оқиғалар мен процестердің сыртқы мазмұнын көрсетумен шектеледі. Ал ауыз әдебиетінің материалдарында тарихи болмыстың сыртқы

мазмұнымен қатар, оның ішкі мәні де көрініс береді. Осы жағынан алғанда ауызша дерек мәліметтерінің жазба деректерден бір артықшылығы байқалады.

Осы тұрғыдан алғанда Алтын Орда дәуіріндегі түрік халықтарының батырлық жырлары мен дастандарындағы мәліметтер аса құнды болып табылады. Бұл топқа түрік тілдес халықтардың, әсіресе, қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт халықтарына ортақ болып саналатын «Едіге», «Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар жатады. Бұл жырлардағы оқиғалар ХІҮ ғасырдың ортасы мен ХҮІ ғасыр аралығын қамтиды. Ал оқиғалардың өткен жерлері – Дешті Қыпшақ аумағы мен оған іргелес аймақтар.

Тарихи тұлға – Едігеге арналған жыр түрік тілдес халықтарда «Ер Едіге», «Мырза Едіге», «Едіге батыр» немесе жай ғана «Едіге» деп аталады. «Едіге» жырын терең зерттеген ғалымдардың бірі В.М. Жирмунский жырдың 30-дан астам әр түрлі нұсқаларының бар екендігін және ол жырдың белгілі нұсқалары ішінде архетипке Уәлиханов-Мелиоранский нұсқасының біршама жақын екендігін айтады [1, 354 б.]. «Едіге» жырының зерттеулері жөнінде пікір айтар болсақ, салыстырмалы түрде оны біршама жақсы зерттелген деуге болады. 1996 жылы «Едіге» жырының жеті нұсқасын бір жинаққа енгізіп, басылымға кең көлемде алғысөз жазған белгілі ғалым Р. Бердібай онда жырға қатысты мәселелердің бәріне тоқталады [2, 3-50 бб.].

Жырдағы мәліметтерде ноғай, өзбек, қалмақ секілді этникалық атаулармен бірге мүйтен, қыпшақ, арғын, барын, шырын, барлас, маңғыт секілді ру-тайпалар атауы және сол ру-тайпалардың билерінің, басшыларының, батырларының есімдері жиі кездесіп отырады.

Жалпы, біз қарастырып отырған тұста, яғни Алтын Орда мемлекетінің ең күшейіп, гүлденген тұсы Өзбек хан билігі кезінде-ақ мемлекеттің болашақ дағдарысының шарттары пісіп-жетіле бастаған болатын. Соның бір көрінісі жергілікті ру-тайпалардың басшылары болып келетін әмірлер билігі мен ықпалының күшейе түсуінен көрінеді. Міне, осы тұста Алтын Орда халқын құраған ірі тайпалардың ықпалы өсе түседі. Сондықтан жергілікті ру-тайпа өкілдерінен шыққан тарихи тұлғалар басқа да тайпа көсемдерінің қолдауына сүйеніп, жоғарғы билікке ұмтыла бастайды. Бұл процесс, әсіресе, Алтын Орда тарихындағы «дүрбелең кезең» деген атпен белгілі 1360-1380 жылдар аралығында айқын көрініс берді. Алтын Орданың оң қанатындағы қыйат Мамай, қожа Шеркеш және т.б. әмірлер

сарайдағы билікке ұмтылса, сол қанаттан Қызыр, Орда-Мелик-шейх, Темір-қожа, Мүрид, Ерзеннің ұлы Қасым хан, Шымтайдың ұлы Орыс хан сияқты Жошы ұрпақтары Ақ Орда мен Алтын Орданы біріктіруге, өз биліктерін орнатуға ұмтылады. Ал 1370 жылдардың аяғында сарай тағы үшін күрес Орыс хан мен Мамай арасында өріс алады. Осы тұста Орыс ханның бас әмірі болған Балтықшаның баласы әмір Едігенің де саяси карьерасы басталады. Әрине, Едіге есімі келесі бір билеуші Тоқтамыс есімімен тығыз байланысты. Орыс ханның және оның мұрагерлерінің басты жауына айналған Тоқтамыс әмір Темірдің көмегімен Орыс хан мұрагерлерін жеңіп, Ақ Ордадағы билікті иеленгені белгілі. Осы тұста Едіге негізінен маңғыттарға, қоңыраттарға, алшындарға арқа сүйеген болуы керек деп айта аламыз. Себебі маңғыттар оның өз руы, ал қоңырат деп көрестуіміздің бір себебі кейде деректерде Едігенің қоңырат руынан деп көрсетеді. Ал, алшындардың Едігенің қолдаған тайпалардың бірі болғандығын ауыз әдебиеті үлгілері мен шежірелік деректер жанама түрде болса да дәлелдей түседі.

Енді пікірімізді рет-ретімен дәлелдеп көрейік. Ақ Орда әмірі Балтықшаның ұлы Едіге алғашында Орыс ханның Тоқтамыс пен Темірге қарсы күресінде Орыс ханды жақтайды. Бірақ арасында қарсы жаққа да өз қызметін көрсетіп отырады, бірақ соңында Тоқтамыс пен Темір жағына өтіп, Тоқтамыс әкесін өлтіргеннен кейін әмір Темірмен жақындасады. Бірақ, тағы да көп ұзамай Темірдің нөкері болудан бас тартады. Осылайша, ол Жошы ұрпағы Темір-Құтлықты қолдап, Тоқтамысқа қарсы күресін бастайды. Деректерде Тоқтамыстың арқа сүйеген негізгі елі ретінде «шырын, барын, арғын, қыпшақтар» аталады [3, 115 б.]. Ал оған қарсы күрескен Едігенің әрине оның өз елі маңғыттармен қатар өзге де ру-тайпа өкілдері де қолдағандары белгілі. Солардың қатарында алшындар да бар деп айтуға толық негіз бар. Бұл туралы нақты жазба деректер сақталмағанымен, ауыз әдебиеті үлгілері мәліметтері бірқатар тұжырым жасауға мүмкіндік береді деп есептейміз. Мысалы, Едіге жырының Ш. Уәлиханов жазып алған нұсқасында Алшын атасы Көкжалды мерген туралы оқиға баяндалады. Едігенің жас кезінде оған екі кісі келіп жолығады. Олар: «Әй бала, даулы болып Тоқтамыс ханға бара жатыр едік, енді біздер дауымызды саған саламыз. Бітіресіз бе?» «Егер құдай аузыма салса бітірермін», – деді. «Мынау – Алшын атасы Көкжалды мерген, мен – Кеңестың Кең Жанбайымын. Еділ хәм

Жайық менікі еді. Одан қашқан қоян да менікі еді. Жайықтың жағасында, Ақ көлдің сағасында жатқан ақ қоянды көрдім де, мылтығымға кеттім атайын деп. Мен мылтығымды алып келгенше Көкжалды атып алыпты. Соның төресін беріңіз». Көкжалдыдан бала сұрады: «Сен қандай жерден аттың?» – деп. Қанша жерден атқан өлшеуін көрсетті. «Егер бір төрелік берсем, екеуіңіз де көнесіз бе?» деді. Қабыл көрділер баланың төресін. Қоянды алып бір балға құшақтатты. Кеңестің Кең Жанбайға айтты: «Балаға тигізбестен қоянды атқан жерден ат – деп. – Егер балаға тигізсең – құнын бер, егер далаға кетсе қояннан бейламақ бол, тигізсең қоян сенікі болсын», – деді. «Сенің ол төре қылғаныңа көнбеймін, Тоқтамыс ханға барамын», – деп Кең Жанбай ашуланып кетті. Қайтып келді: «Ұстат балаға атамын!», – деп. Балаға тигізбестен қоянның қалаған жерінен тигізді. «Бұрын көрген, қоян менікі!» Көкжалды: «Бұл төреңе көнбеймін», – деп ашуланып кетті. Екеуі Тоқтамыс ханға бардылар. Көкжалды айтты сөзін. Кең Жанбай айтты: «Бір төре болып еді», – деді, Тоқтамыс хан сұрайды: «Қандай төре болып еді?» – деп. Баланың берген төресін Кең Жанбай айтты. Сол мезгілде Тоқтамыс хан айтты: «Баланың төресі – төре, біздер ондай төрені бере алмаспыз» – деп айтты» [4, 52 б.].

Бұл үзіндіден төмендегідей маңызды қорытынды жасауға болады деп ойлаймыз. Алғашқысы Алшын атасы Көкжалды мерген туралы мәлімет. Мұндағы Көкжалдының руы алшын емес, керісінше ол Алшынның арғы атасы ретінде аталуы, алшын тайпалық бірлестігінің XIV ғасырдың аяғында әлі қалыптасу процесін басынан өткеріп жатқанын көрсетсе керек. Басқаша айтқанда кейінірек Алшын тайпалық бірлестігін құраған Байұлы, Қаракесек рулар бірлестігіне кірген ру-тайпалардың бірқатары жеке-дара өзіндік қалыптасу, даму тарихын басынан өткеріп, бұл кезеңде толық Алшын одағын құрай қоймағанын байқаймыз. Бұл пікірімізді жоғарыда келтірілген үзіндіде кездесетін жер-су атаулары да нақтылай түседі. Ежелден Еділ мен Жайық арасын мекендеп келе жатқан Байұлы, Қаракесек рулары негізінен бір кездері ноғайлар деген жалпы атаумен көбірек белгілі болған. Дегенмен Алшын тайпалық бірлестігінің, соның ішінде Қаракесектердің толық қалыптасу процесі Алтын Орда мемлекетінің ыдырау кезеңі, әсіресе Ноғай Ордасының тарихымен тығыз байланысты екендігі айқын мәселе. Сондықтан болар Едіге жырының кезінде Ә. Диваев жазып алған нұсқасында Едігені Тоқтамыс хан алдап шақырып алып, қас қылып өлтірмекші болып

жатқанда, оның аман-есен құтылып кетуіне Алшыннан шыққан Аңғысын досы көмек береді [4, 126-127 бб.]. Аңғысын бейнесін белгілі бір тарихи тұлғамен байланыстыру қиын. Дегенмен онымен қатар жырда көбірек аталатын Едіге, Тоқтамыс хан, Әмір Темір, Сыпыра жырау нақты тарихи тұлғалар екендігі анық жай болса, Алшын Аңғысын кім еді деген сауалға жауап іздеп көрелік. Ортағасырлық авторлардың бірі Ибн Арабшахтың еңбегінен халық аузында сақталған Едіге туралы жырда баяндайтын оқиғаны кездестіреміз. Едіге жырының әртүрлі нұсқасында ол Тоқтамыс ханның той үстінде өзін өлтірмек болған әрекетінен жақын досы Алшын Аңғысынның көмегімен қашып құтылатын тұсы қайталады. Ал ибн Арабшахтың шығармасында да бір той үстінде Едіге Тоқтамыстың өзін өлтіретінін сезіп қалып, сылтауратып далаға сытылып шығып қашып құтылғаны баяндалады [5, 458 б.]. Бұл жерде Аңғысын жайлы ешбір мәлімет берілмейді. Бірақ Едігенің әмір Темірге аттануға шешім қабылдап, Тоқтамыстың құрған торынан қашып шыққан тұсында сенімді бір адамына өзінің Темірге аттанып бара жатқанын, кімде-кім оны іздесе, сол жерден табатынын, бірақ бұл құпияны ол көздеген жеріне аман-есен жеткенше ешкімге айтпауы керектігін айтып кетеді [5, 458 бб.]. Ибн Арабшахтың шығармасында аты нақты аталмай қалған бұл адам жырда айтылатын Алшын Аңғысын емес пе? – деген ойға жетелейді.

Едіге жырының әртүрлі нұсқалары мен Ибн Арабшахтың еңбегіндегі біз талдап отырған эпизодтың шын мәнінде орын алған тарихи оқиға екендігін кезінде М.П. Мелиоранский де атап көрсеткен еді [6, 17 б.].

Дегенмен В.В. Бартольд 1393 жылғы жарлықтың мәліметтеріне сүйене отырып, Едіге әмір Темірге Тоқтамыстың қастандығынан тойдың үстінен қашып барған емес, керісінше 1391 жылы өзіне қарсы бас көтерген Алтын Орда ханзадаларының көтерілісіне байланысты Тоқтамыс Едігені өз атынан әмір Темірге жіберген деп тұжырымдайды [7, 736 б.]. Әрине, халықтың жадында ауыздан-ауызға көшу арқылы жеткен жырларда кейбір сәйкессіздіктер орын алуы мүмкін, бірақ жалпы тарихи оқиға желісі сақталатыны, тіпті кейде жазба деректерге түспей қалған құнды мәліметтер кездесетіні дау туғызбаса керек.

Сонымен Алшыннан шыққан Аңғысын тарихта болған шынайы тұлға екендігіне күмән келтіру қиын. Себебі халық жадында сақталған жыр-дастандарда көбінесе тек ерлігімен, ерек-

ше бір қасиеттерімен ғана ерекшеленген тұлғалардың атанып, жырланатыны белгілі жайт.

Жырдағы негізгі кейіпкерлердің бірі ретінде ел есінде сақталған алшын Аңғысын батыр есімін жазба деректерде аттары кездесетін тұлғалармен байланыстырып көруге әрекет жасадық. Осы орайда XVI ғасырда жазылған Өтеміс қажының «Шыңғыс наме» атты шығармасынан төмендегідей мәліметтерді кездестірдік. Алтын Орда ханы Тоқта хан (1290-1312) билікті сүйікті ұлы Елбасарға қалдыру үшін басқа ұлдарымен Бату ханнан тараған өзге ханзадаларды қырып салады. Бірақ тағдыр ісімен Елбасар әкесінен бұрын ерте өмірден озады. Ендігі тұста Тоқта ханнан кейін Алтын Орда тағы Жошының өзге ұрпақтарына өтетіні белгілі болады. Мұны сезген хан өзегі өртеніп, қайғыға батады. Осы кезде Византия ханшайымы, кезінде Тоқта ханның өз қолынан қаза тапқан Тоғрылдың жесірі, әменгерлік жолмен Тоқтаға әйел болған Келин-Байалин бір құпия сырды ашады. Оның Тоғрылдан туылған, Тоқта ханның қаһарынан қорыққан Шеркес тауына тығып қойған ұлы Өзбек тірі екен. Хан бұл хабарды естіп, қуанғаннан Келин-Байалинге 2 түмен әскер сыйлап, баланы алдыру үшін қыйат Исатай мен анджут Алатай басқарған 4000 адамды аттандырады. Бірақ, аталған әскер Өзбекті алып келгенге дейін Тоқта хан қайтыс болады. Осы сәтті пайдаланған аталық Тоқты Баджир Тоқбұға ұйғыр сарайдағы билікті басып алады. Бұл туралы естіген Өзбек және оның серіктері Сарайға адам жіберіп, өздерінің оның билігін мойындайтындықтарын білдіреді. Ал, өз кезегінде Баджир Тоқбұға ұйғыр да «мен Өзбек келгенге дейін басқа біреу тақты иеленіп кетпесін деп осылай істеуге мәжбүр болдым. Менің әміршімнің ұлы тірі тұрғанда, менің билікті иеленуіме жол бар ма? Билеушім келсін. Халық та, хандық та оған тиесілі» деген жауап қайтарады. Ал, шын мәнінде өзі Өзбектің көзін қалай жоюды ойластырады. Сангусун атты бір әмір қыйат Исатайға бұл ұйғырдың шын ниетінің сырын ашып қояды. Сондықтан Өзбек хан және оның серіктері ордаға басып кіріп, сатқынның басын алады [3, 104 б.].

Жоғарыда келтірілген мәліметтердің ішінде бізге керектісі Сангусун есімді әмір. «Шыңғыснама» шығармасын зерттеу, аудару, оның мәліметтерін ғылыми айналымға енгізуде есімі ең алдымен ауызға алынатын белгілі зерттеуші В.П. Юдин Сангусунды Әбілғазының «Түрік шежіресінде» айтылатын Жәнібек хан тұсындағы ұйғыр Санклы-Синмен бір адам деп

қарастырады [8, 70-71 б.]. Зерттеуші ауызша тарихнама айту дәстүрі дала дәстүрі бойынша тарихта өзіндік ерекшеліктерімен ел жадында қалған тұлғалар жайлы мәліметтерді ұрпақтан-ұрпаққа үзбей жеткізіп отыратын ерекшелігін атап өте отырып, Сангусунды Жәнібек ханның түркімендерге басшы ретінде тағайындаған ұйғыр Санклы-Син екендігін алға тартады. Әрине, Сангусун Санклы-Син атауымен өзара үндес екендігін ескерсек, бұл атаудың Аңғысын деген аттың сәл өзгертіліп жазылған түрі де болу әбден мүмкін екендігін мойындауымыз қажет. Қалай дегенмен де жазба деректерде нақты аталмаса да ауыз әдебиеті деректеріне сүйене отырып, алшындарды Едігені қолдаған ру-тайпалардың бірі болған деп тұжырымдай аламыз. Сондықтан Сарай тағын жаулап алып, Алтын Орданы «қуыршақ» хандар арқылы басқаруды жүзеге асырған Едіге тұсында алшындар да батысқа қарай жылжыған, әрі олар көп ұзамай үлкен беделге ие, ықпалды тайпалардың біріне айналады. Сондықтан да бірте-бірте алшын атауы кейінгі бүкіл Кіші жүз руларының ортақ атауы ретінде қабылданған болуы керек.

«Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар топтамасында Едігенің ұрпақтары Нұраддин, Мұса би, Орақ, Мамай, Қарасай, Қазі секілді тұлғалар жеке-жеке жырланады. Батырлық жырларда Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындарының жалпылама жиынтық атауы – ноғайлы деп аталады. Жырда ноғайлы елінің тағы бір атауы ретінде «тоқсан баулы ноғайлы» деген сөз тіркестері жиі кездеседі.

Жалпықазақ атауы Шығыс Дешті Қыпшақтағы ру-тайпалардың ортақ этникалық атауына айналғанға дейін, қыпшақ, өзбек атауларының қолданылып, «92 баулы қыпшақ», «92 баулы өзбек», «92 баулы ноғай» деген сөз тіркестерінің айтылғандығы белгілі. Алғашқылар жазба дерек мәліметтерінде айтылса, соңғы ауыз әдебиетінде кездеседі. Осындай жағынан алғанда, «Қырымның қырық батыры» атты батырлар жыры топтамасындағы мәліметтер де ХҮ ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақтың этникалық өміріне қатысты деректер береді.

Г.Н. Потаниннің қазақ халқы арасынан жазып алған тарихи аңыз-әңгімелерінде «Отыз екі баулы өзбек», «Тоқсан екі баулы қыпшақ» атты сөз тіркестері кездеседі [9, 54, 64 бб.]. Ал Мұрын жыраудан жазып алынған «Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар топтамасында ноғайлы еліндегі рулардың саны туралы былайша айтылады:

«Сонда Аңшыбай сөйлейді:
– Руымды сұрасаң,
Мұсылман деген ел деді.
Қайратымды сұрасаң,
Қара дауыл сел деді.
Тұқымымды сұрасаң,
Токсан баулы ноғайдан,
Қырық таңбалы Қырымнан
Шылқытып жатқан жер деді» [10, 26 б.].

Осы жырдың келесі бір жерлерінде:

«... Токсан баулы ноғайлы
Байтақ жатқан ел едің...»
«... Токсан баулы ноғайда
Құтқарып алар адам жоқ депті»,
«... Токсан баулы ноғайдан
Бір қыз іздеп таппадым...»
«... Нәріктейін ханымыз
Токсан баулы ноғайдан
Артық тұрған жанымыз...» [10, 159, 161, 307, 321 бб.].

Ал енді жазба дерек мәліметтеріне келсек, оларда да тоқсан екі өзбек тайпалары туралы айтылып, тайпалардың атаулары беріледі. Оларға: «Маджму ат-таварих», «Тухфат ат-таварих», «Асами-йи наваду ду фирка-йи узбек» («тоқсан екі өзбек тайпаларының атаулары») секілді тарихи жазба деректер жатады [11, 210-213 бб.; 12, 129-131 бб.]. Осы деректердегі мәліметтерден біз кейін қазақ халқын құраған тайпаларды кездестіреміз. «Қазақ халқының қалыптасуының соңғы кезеңінің этникалық негізіне Өзбек ұлысындағы тайпалар тобы жатады. Сондықтан да XV-XVI ғғ. қазақтардың этникалық тарихын зерттеуде XV ғ. Өзбек ұлысындағы көшпелілердің ру-тайпалық құрамы туралы мәліметтер басты роль атқарады, – деп жазған болатын Т.И. Сұлтанов [13, 8 б.].

Жоғарыда келтірген дерек мәліметтеріне талдау жасай келе, біз мынадай қорытындыларға келеміз.

Біріншіден, араб тіліндегі авторлар өз шығармаларында XIV ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап Алтын Орданың халқын бұрынғы қыпшақтар атауына қоса жалпылама жиынтық атаумен өзбектер деп атай бастайды да, бұл екі атау олардың еңбектерінде синоним ретінде қолданыла береді.

Екіншіден, парсы тіліндегі авторлар болса, өзбек атауын жалпы Алтын Орда тұрғындарына қатысты қолданса да, нақтырақ келгенде, өзбектерге олар Мауереннахрдың солтүстігіндегі Шығыс Дешті Қыпшақ тайпаларын немесе Ақ Орда тұрғындарын жатқызды.

Үшіншіден, Мұхаммед Хайдар Дулати Ташкентте туып-өсіп, саналы өмірін Дешті Қыпшаққа іргелес Моғолстанда өткізгендіктен, көршілес елдің халқы жөнінде бай материалдарға ие болған да, өз еңбегінде Шығыс Дешті Қыпшақ халқын өзбектер деп, ал территориясын Өзбекстан деп атап көрсетеді.

Осылайша, Қазақстан атауы қалыптасқанға дейін Шығыс Дешті Қыпшақ тұрғындары – өзбектер, ал олардың жері – Өзбекстан деп парсы тіліндегі деректерде қолданыста болады.

Батырлық жырлар мен дастандардағы мәліметтер ХУ ғасырдың ортасы, атап айтқанда, «Едіге» жыры мен «Қырымның қырық батыры» атты батырлық жырлар топтамасының бізге XIV-XV ғасырлардағы саяси күрестер мен оқиғаларды, жалпылама сипаттағы этникалық ахуалдан мәліметтер беретіндігіне көз жеткіздік.

Мақала 4822/ГФ4 «Түркі-славян әлемі этно-тарихи және социомәдени сұхбаттастықтың үлгісі ретінде жобасы бойынша дайындалды.

Әдебиеттер

- 1 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Л., 1974.
- 2 Бердібай Р. Алғысөз. Едіге батыр. – Алматы, 1996.
- 3 Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. Факс., пер., транск., текст. прим., исслед. В.П. Юдина. – Алматы, 1992.
- 4 Едіге (Ш. Уәлиханов нұсқасы). – Алматы, 1996.
- 5 Тизегнгаузен В. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды / извлечения из арабских источников – Т.1. – СПб., 1884.
- 6 Мелиоранский П.М. Сказание об Едигее и Тохтамышше. Приложение к сочинениям Ч.Ч. Валиханова // Записки РГО по отделению этнографии. – СПб., 1905. – Т. XXIX.
- 7 Бартольд В.В. Сочинения. Т. 2. Ч. 1. // Ответственный редактор Б.Г. Гафуров. – М., 1963.
- 8 Юдин В.П. Переход власти к племенным биям и неизвестной династии тукатимуридов в казахских степях в XIV в. // Утемиш-хаджи. Чингиз-наме. Факс., пер., транск., текст. прим., исслед. В.П. Юдина. – Алматы, 1992.
- 9 Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки // Живая старина. – Петроград, 1917.
- 10 Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. – Т.5. Батырлар жыры / Құраст.: О. Нұрмағамбетова, Қ. Сыдықов. – Алма-Аты, 1989.
- 11 Материалы по истории Киргизов и киргизии. – Вып. I. – М., 1973.

12 Ахмедов Б.А. Историко-географическая литература Средней Азии XVI-XVIII вв. (Письменные памятники). – Ташкент, 1985.

13 Султанов Т.И. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). – М., 1982.

References

1 Zhirmunskij V.M. Tjurkskij geroicheskiy jepos. – L., 1974.

2 Berdibaj R. Alfyzoz. Edige batyr. – Almaty, 1996.

3 Utemish-hadzhi. Chingiz-name. Faks., per., transk., tekst. prim., issled. V.P. Judina. – Almaty, 1992.

4 Edige (Sh.Ualihanov nұsqasy). – Almaty, 1996.

5 Tizegngauzen V. Sbornik materialov odnosjashhihsja k istorii Zolotoj Ordy / izvlechenija iz arabskih istochnikov – T.1. – SPb., 1884.

6 Melioranskij P.M. Skazanie ob Edigee i Tohtamyshe. Prilo-zhenie k sochinenijam Ch.Ch. Valihanova // Zapiski RGO po otdeleniju jet-nografii. – SPb., 1905. – T. XXIX.

7 Bartol'd V.V. Sochinenija. T. 2. Ch. 1. // Otvetstvennyj redaktor B.G. Gafurov. – M., 1963.

8 Judin V.P. Perehod vlasti k plemennym bijam i neizvestnoj dinastii tukatimuridov v kazahskih stepjah v HIV v. // Utemish-hadzhi. Chingiz-name. Faks., per., transk., tekst. prim., issled. V.P. Judina. – Almaty, 1992.

9 Potanin G.N. Kazak-kirgizskie i altajskie predanija, legendy i skazki // Zhivaja starina. – Petrograd, 1917.

10 Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. – Т.5. Батырлар зһыры / Қырастырғандар: О.Нұрмағамбетова, Қ.Сыдықов. – Alma-Aty, 1989.

11 Materialy po istorii Kirgizov i kirgizii. – Vyp. I. – M., 1973.

12 Ahmedov B.A. Istoriko-geograficheskaja literatura Srednej Azii HVI-HVIII vv. (Pis'mennye pamjatniki). – Tashkent, 1985.

13 Sultanov T.I. Kochevye plemena Priaral'ja v HV-HVII vv. (Voprosy jetnicheskoj i social'noj istorii). – M., 1982.

Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.

**XV ғ. I жартысындағы
Әбілқайыр хандығының
тарихынан**

Автор мақаласында XV ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы «көшпелі өзбектер» мемлекеті тарихының кейбір мәселелерін қарастырады. Бұл мемлекеттің тарихына арналған алғашқы монографиялық еңбектің жарыққа шыққанына жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де, ондағы кейбір тұжырымдар әлі күнге дейін қолданыста келетінін автор сынға алады. Сондай тұжырымдардың біріне – «Әбілқайыр Дешті Қыпшақта 40 жыл билік құрды» деген тұжырым жатады. Автор соңғы зерттеулер мен дерек мәліметтерін терең талдай отыра, мұндай тұжырымның шынайы емес екендігін дәлелдеуге тырысады. Сөйтіп, автор мақаласында бұл мәселеге байланысты жеке өзінің тұжырымын алға тартады.

Түйін сөздер: Б.А. Ахмедов, Әбілқайыр хан, Шибан ұлысы, «көшпелі өзбектер» мемлекеті, Дешті Қыпшақ, Алаш-бахадүр, Едіге би.

Karibayev B.B., Nogabayeva M.S.

**From the history of the Khanate
Abulkayyr in the I-half
of the XV century**

In the article the author considers some issues «nomadic Uzbeks» State history in the first half of the XV century in Eastern Desht-iKipchak. The author criticizes some of the findings of the first monograph, which was published half a century ago, on the history of this state. In the number of such conclusions that «Abilkayyr ruled in KypchakDeshti 40 years» is also present. By deeply analyzing data from recent studies and evidence, trying to prove that such a conclusion is not true. Thus, in the article, the author refers to his personal conclusions.

Key words: B.A. Akhmedov, Abilkayyr Khan, Shiban state, «the nomadic Uzbeks», Dasht-i-Kipchak, AlashBahadur, Edige bi.

Карибаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.

**Из истории ханства Абулхайра
I половины XV века**

В статье автор рассматривает некоторые вопросы истории государства «кочевых узбеков» в первой половине XV века на территории Восточного Дешти Кыпчака. Автор критикует некоторые действующие выводы первой монографии, которая вышла в свет полувек назад, посвященной истории этого государства. В числе подобных выводов, что «Абилхайыр властвовал в Дешти Кыпчаке 40 лет» так же присутствует. Автор, глубоко анализируя данные последних исследований и фактов, пытается доказать, что такое заключение не правдоподобно. В статье, таким образом, автор ссылается на свои личные выводы.

Ключевые слова: Б.А. Ахмедов, Абилкайыр хан, улус Шибан, государство «кочевых узбеков», Дешти-Кыпчак, Алашбахадур, Едигеби.

**XV ғ.
I ЖАРТЫСЫНДАҒЫ
ӘБІЛҚАЙЫР
ХАНДЫҒЫНЫҢ
ТАРИХЫНАН**

Әбілқайыр хандығы – XV ғасырда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағындағы Ақ Орда хандығы мен Қазақ хандығын байланыстырушы саяси құрылым ретінде белгілі. Мемлекеттілік және этникалық тұрғыдан оның атауы ғана өзгеше болып көрінгенімен, оның тарихы XV ғасырдағы қазақ тарихының құрамдас бір бөлігі болып саналады. Ол мемлекеттің тарихы – Қазақ хандығының құрылуының саяси және этникалық алғышарттарымен тікелей байланысты және сонысымен өте өзекті.

Кешегі кеңестік, бүгінгі Отандық тарихнамада Әбілқайыр хандығының тарихына арналған зерттеулер өте аз. Жекелеген зерттеу мақалаларынан басқа бір ғана монографиялық еңбек жарық көрген екен. Ол – XX ғасырдың 60-шы жылдары жарық көрген Б.А. Ахмедовтың «Государство кочевых узбеков» атты еңбегі [1]. Кітаптың жарыққа шыққанына жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Автордың тақырып шеңберінде жасаған тұжырымдары әлі күнге дейін мәселенің тарихнамасы бойынша кең таралған тұжырымдар қатарына жатады.

Қазіргі күнде автордың кейбір тұжырымдарының ескіре бастағанын көреміз. Кезінде Б.А. Ахмедовтың еңбегіне ғылыми сын-пікірді белгілі шығыстанушы – ғалым В.П. Юдин берген болатын. Оның білдірген сын-пікірін – нағыз классикалық үлгідегі сын-пікір деуге болады. Ол «Б.А. Ахмедовтың зерттеуі – XV ғасырдағы Шығыс Дешті Қыпшақта өмір сүрген өзбектердің тарихи жолын жүйелеп, ғылыми тұрғыда зерттеуге арналған алғашқы ұмтылыс», – дей келе, зерттеудегі көптеген қате пікірлер мен кемшіліктерді нақты-нақты атап көрсетіп береді де, кітап жөнінде «Б.А. Ахмедов пайдалы кітап жазған», – деген жалпы тұжырым жасайды [2, 261-270 б.]. Біз өз тарапымыздан еңбектің маңыздылығына автордың монографиялық деңгейде мәселені алғаш көтеруін, еңбектегі фактологиялық материалдардың молдылығын жатқызамыз. Қазіргі күнгі тарих ғылымының деңгейінен қарасақ, монографияда бірталай кемшін тұстар кездеседі. Олар мыналар:

1) Жап-жас Әбілқайырдың билікке келуінің және де оны жергілікті ру-тайпа басшылары мен дін басылары қолдауының себептері ашылмай қалған;

2) 1446-1468/69 жж. Әбілқайыр ханның Мауереннахрдағы Ақсақ Темір ұрпақтарымен жүргізген саясаты, қарым-

қатынастары жан-жақты қарастырылмай бар болғаны бір-ақ сөйлеммен берілген;

3) Әбілқайыр ханның Моғолстанға жасаған ең соңғы жорығының мақсаты, бағыты, барысы туралы ештеңе айтылмайды және т.б.

Аталмыш еңбек жарыққа шыққаннан кейін кеңестік тарихнамада «Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында «көшпелі өзбектер» мемлекеті 40 жылдан астам өмір сүрді», «Әбілқайыр ханның билігі 40 жылдан астам уақытқа созылды» деген тұжырымдар берік орнығып, ол әлі күнге дейін қазіргі кезеңдегі тарихнамамызда жетекші пікірлердің бірі болып отыр. Осы тұжырымдарға байланысты біз осы жұмысымызда өзіндік ой-пікірлерімізді білдірмекпіз.

1428 жылы Барақ ханның қаза табуынан кейін бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында, оның ішінде аумақтың батыс бөлігіндегі Шибан Ұлысында да феодалдық тартыс-тартыстар күшейе түскені белгілі. Кухистанидың дерегінде Едіге бидің ұлдарының бірі – Ғази бидің билігі, оның саясатына наразы бір топ әмірлер мен бектердің одан бөлініп, шибанилық Жұмадық ханға келуі, хан тарапынан маңғыт әмірлерінің жылылық пен қайырым көрмей тағы да қашып кетуі, сөйтіп Жайтар Жалқын деген жерде олардың бас қосуы туралы айтылады да, одан ары оларға қарсы Жұмадық ханның 70 мыңдық әскер жасақтап, әскердің сол қанатында Әбілқайырдың болғандығы баяндалады [3, 141-147 бб.]. Одан ары дерек мәліметінде екі жақ арасында кескілескен қанды шайқастың болып, Жұмадық хан әскерінің жеңілгендігі, ханның қаза тауып, ал 16 жастағы Әбілқайырдың тұтқынға түскендігі айтылып өтіледі [3, 142 б.]. Б.А. Ахмедовтың пікірінше, Жұмадық ханның өзі және әскерінің көптеген қолбасшылары тұтқынға алынып, кейін маңғыт әмірлерінің жарлығымен өлтірілген [1, 46 б.]. Ал Кухистани болса, «бұл ұрыста Көктегі жарылқаушының қалауымен Жұмадық хан қаза табады», – деп нақтылап айтады [3, 142- б.].

16 жасар Әбілқайырды маңғыт әмірлерінің бірі аса жоғары құрмет көрсетіп, оның кейін оралуына жағдай жасайды. Әбілқайыр сол жылдың желтоқсанынан келесі жылдың наурызына дейін батыс өңірдегі аймақтың басшысы, өте беделді және ықпалды тұлға – Алаш-баһадүрдің жұртында қыстап шығады [3, 142 б.]. Осы кезде Шибан ұлысының болашақ тағына үміткер анықталған секілді. Алаш-баһадүр өзінің жұртында Шыңғыс ұрпағының және жай ғана ұрпағы емес, Шибан ұлысын XIII ғасырдан бері басқарып келе жатқан әулеттің тікелей ұрпағы бар екендігін көршілес өңірлердегі барлық ру-

тайпа басшыларына хабарлаған секілді. Көктем шыға Әбілқайыр өз жұртына қайтып оралады. Сол жылы-ақ Әбілқайырды ірі дін басылары – Құл-Мұхаммед Сейд, Қара Сеид, сондай-ақ қият, маңғыт, шынбай, иджан, қаанбайлы, табгут, дурман, құсшы, отаршы, найман, өкіреш найман, тубай, таймас, уат, қытай, барак, ұйғыр, қарлұқ, кенегес, уйшін (үйсін), қоңырат, құрлауыт, ички, туман, туман-минг және тағы басқа ру-тайпалар басшылары мен Шадбақыт оғлан, Темір оғлан, Мұрат-сопы оғлан секілді Шыңғыс әулетінің өкілдері, тархан лауазымын иеленген бірнеше белді тұлғалар хан етіп көтереді [3, 143 б.]. А.Б. Ахмедов Махуд бен Уәлидің дерегіне сүйеніп «сол кезде оны (Әбілқайырды – Б.К.) рулар мен тайпалардың 200-ге жуық көрнекті басшылары қолдады», – деп жазады [1, 46 б.]. Кухистани Әбілқайырдың билікке келген жылын былай деп көрсетеді: «Он жеті жасында, сегіз жүз отыз үшінші жылы биджин, яғни мешін жылы (1428/1429 жж.) [Әбілқайыр] мемлекет тағына келіп отырды» [3, 46 б.]. Осылайша, 17 жасар Әбілқайырдың Шибан ұлысы мен Шығыс Дешті Қыпшақтағы билігі басталады.

Билікке келген Әбілқайыр ханның басты мақсаты Шибан ұлысындағы саяси бытыраңқылықты жойып, ұлыстың тұтастығын қалпына келтіру болды. Бұл мақсат оны билікке әкелген ірі дін басшылары мен ру-тайпа басшыларының да мүдделерімен ұштасып жатқан болатын. Дінбасылары үшін кішігірім, дербес ұлыстарда жеке-жеке діни кеңістіктің пайда болуы үлкен қауіп туғызып отырды. Әрбір жеке ұлыста бір-біріне қайшы келетін діни бағыттар тарап кетсе, онда ол өз кезегінде әртүрлі мұсылмандық топтардың пайда болуына әкеп соғары сөзсіз болатын. Сол себепті де ұлыстың түгелдей бір саяси кеңістікте болуы әртүрлі бағыттарға жол бермейтін бірден-бір ұстаным болып есептеледі. Ал ру-тайпа көсемдеріне келсек, олардың қоластындағы елдің көшіп-қонуы үшін үлкен кеңістіктің қажет екендігі белгілі жайт. Көшпелі мал шаруашылығы үшін орасан зор шаруашылық кеңістіктің саяси тұрғыда жеке-жеке саяси кеңістіктерге бөлінуі мал шаруашылығының дамуына кедергі келтіріп отырды. Сол себепті де ру-тайпа басшыларына жеке-жеке саяси кеңістіктен гөрі ортақ саяси кеңістіктің болғаны өте тиімді болды.

Саяси бытыраңқылық сауда-саттыққа де кедергі келтіріп отырғандықтан, саудагерлер тобы да бір аймақта бір саяси кеңістіктің болуына өте мүдделі болды. Ал Әбілқайыр хан үшін сонау XIII ғасырдан бері ата-бабалары үзбей билік

жүргізіп келген ұлыстың бірнеше ұлыстарға бөлініп, онда жеке дара билік жүргізген хандардың болуы өте тиімсіз болды. Ол Шибан ұлысында бір ғана биліктің, Шибан әулеті билігінің қайта қалпына келтірілуін көздеді. Осылайша, Әбілқайыр хан мен оны жақтаған әулет өкілдерінің, қолдау көрсеткен дін басылары мен ру-тайпа көсемдерінің мақсат-мүдделері бір арнаға тоғысып, бір бағытқа жұмылдырылады.

Әбілқайыр хан өзінің жақтаушылары мен қолдаушылардың арқасында Шибан ұлысын біріктіру жолындағы күрестерде бірден ірі-ірі табыстарға қол жеткізеді. Жас ханның алғашқы жорығы сол аймақтың саяси, әкімшілік және экономикалық орталығы болған Тура (Тара) қаласына бағыттталып, ұрыссыз жеңіске қол жеткізеді. Адаб-бек, Кепек-қожа секілді әкімдер Әбілқайыр ханның билігіне бірден мойынсұнады [3, 144 б.].

Б.А. Ахмедов Әбілқайыр ханның Тура қаласын алғаннан кейін өз атына хутба оқытып, ақша соқтырғандығын және қаланы 1446 жылға дейін өзіне астана еткендігін атап көрсетеді [1, 48 б.]. Бұл жеңіс – Әбілқайыр ханның Шибан ұлысын біріктіру жолындағы алғашқы жеңісі болды. Ол Әбілқайыр ханды жаңа жорықтарға аттануға итермелейді. Сондай-ақ бұл жеңіс туралы хабар жан-жаққа тез тарап, Шибан әулетінің өкілдерін, Әбілқайыр ханның туыстарын, сонымен бірге кейбір ру-тайпа көсемдерін жас ханның төңірегіне топтастырады да, олар ханның күшін арттырып, Әбілқайырдың келесі, жаңа жорықтарына белсене қатынасады.

1430/31 жылы Әбілқайыр хан Тобыл өзені маңында шибанилық Махмұдқожа ханның әскерін талқандап, оның ұлысын өзіне қосады [3, 146-149 бб.]. Кухистани Әбілқайыр ханның бұл жеңісінен кейін Дешті Қыпшақтың көп бөлігінің ханның қол астында бағынғандығын атап өтеді [3, 149 б.]. Шынында да, Әбілқайыр ханның жеңісті екі жорығы нәтижесінде бытыраңқы Шибан ұлысының басым бөлігі біріктіріледі. Сөйтіп ол Шибан ұлысының жеке-дара билеушісіне айналады. Одан әрі ол өзінің бүкіл Дешті Қыпшақтағы позициясын нығайту үшін және Орта Азиямен экономикалық байланыстарда жетекшілік роль атқару үшін келесі жорығын 1431/1432 жылы Хорезмге бағыттайды.

Әбілқайыр хан Хорезмнің астанасы Үргенішті тез алады, бірақ онда тұрақтап қала алмайды. Оның Хорезм өңірінен тез кетуін жазба дерек мәліметтері, сондай-ақ зерттеушілер әртүрлі себептермен түсіндіреді. Кухистанидың дерегінде ол жөнінде мынадай мәлімет

айтылады: «Хорезм қаласы мен сол уалаяттың тұрғындары біршама уақыт қайнаған ыстық күннің астында және Сүлеймен секілді қайырымды патша [Әбілқайыр ханның] қарамағында болып еді, Хорезмде оба ауруы пайда болды» [3, 152 б.]. Одан әрі автор Дешті Қыпшақтың таза ауасына үйренген Әбілқайыр хан әскерінің белді адамдарына Хорезмнің жаман ауасының жақпай, ауыра бастағанын, соған байланысты әскер басшыларының ханға келіп, әскерді оба ауруы мен күннің шыжыған ыстығынан құтқарудың жалғыз жолы Дешті Қыпшаққа оралу екендігі жөнінде кеңес, өтініш бергендігін баяндайды. Әмірлері мен кеңесшілерінің [осы] өтініштері негізінде [Әбілқайыр хан] кейін қайтуға шешім қабылдап, [өзінің] ордасы жағына бет алды», – деп нақтылап түсіндіреді Масуд ибн Осман Кухистани [3, 152 б.]. Дәл осы жылдары осы аймақта қатты құрғақшылық пен оба ауруының індет болып кең жайылып тарағанын, одан көп халықтың құрылғанын 1364/65-1441/42 жж. өмір сүрген араб тарихшысы Абу Аббас Ахмед Такмаддин Ал-Макризидың «Книга путей для познания» атты кітабында баян етеді [4, 442 б.]. Ал темірлік әулеттің тарихшысы Абд ар-Раззак Самарканди дерегінде (1413-1482) оба ауруы және күннің ыстығы Әбілқайыр ханның кейін оралуына себеп болды деп айтылады [5, 198 б.]. Одан әрі Абд ар-Раззак Самарканди «834 жылы (19.IX.1430 – 8.IX.1431) Хорезм мен Шахрухқа хабаршы келіп, өзбек әскерлері Хорезмді басып алды, үлкен тонаушылықтар мен талан-тараждар жасады және қайтадан өздерінің Дешті Қыпшағына кетті», – деп хабар береді де, «Ол (Шахрух) сол өңірді бірнеше әмірге тапсырды, [ол] әмірлер батырлық пен қайсарлық көрсетіп, өзбек ұлысына шабуыл жасап, оларды жойды, қалғандарын қашырып жіберді», – деп жазады [5, 198 б.]. Енді осы дерек мәліметіне терең үңілесек. 1430-1431 жылы Гераттағы Шахрухқа келген хабаршы өзбек әскерінің Хорезмді жаулап алып, тонаушылыққа ұшыратқанын және өзбек әскерінің, яғни Әбілқайыр хан әскерінің кейін қайтып кеткендігін жеткізеді.

А.А. Семенов Әбілқайыр ханның Хорезмнен кетуінің себебін оба ауруының таралуымен байланыстырса, Б.А. Ахмедов осы себепті және Кіші Мұхаммед ханның ұлдары: Махмуд хан мен Ахмед ханның Әбілқайыр ханның ұлыстарына төндірген қауіптері де себеп болғандығын атап көрсетеді [6, 51 б.; 1, 48 б.].

Біз Б.А. Ахмедовтың осы пікіріне толығымен қосыламыз. Әбілқайыр ханның келесі жорығының Ахмед хан мен Махмуд ханға қарсы

бағытталуы Б.А. Ахмедов пікірінің дұрыстығын көрсетеді. Хорезм жорығынан оралғаннан кейін Әбілқайыр хан бірден ағайынды хандарға қарсы жорыққа мұқият әзірленіп, аттанып кетеді. Бұл жорық және оның барысы туралы шайбанилық әулеттің тарихшысы Масуд ибн Осман Кухистани жақсы баяндап береді. Оның мәліметтеріне қарасақ, Махмуд хан мен Ахмед хан Әбілқайыр ханға тәуелді болып, оған бағынудан бас тартқан да, бүліктер жасаған [3, 153 б.]. Ал басқа ешбір жазба деректе Кіші Мұхаммед хан ұлдарының Әбілқайыр ханға тәуелді болғандығы туралы айтылмайды. Б.А. Ахмедов болса бұл мәселеден айналып өтіп, бірден екі жақ арасында болған шайқасты талдайды. Әбілқайыр хандығының тарихы үшін бұл мәселенің өзіндік маңызы болғандықтан, оған арнайы тоқтала кетелік.

Әбілқайыр ханның қарсыластары болған Ахмед хан мен Махмуд хандар Алтын Орда тарихында із қалдырып, хан болған тарихи тұлғалар: Темір-Мәліктің, Темір-Құтлықтың және оның ұлы Кіші Мұхаммедтің тікелей ұрпақтары болып келеді [7, 40 б.; 8, 116 б.; 9, 520-521 бб.].

М.Г. Сафарғалиев Алтын Ордада XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың алғашқы 30 жылы ішінде Тоқтамыс ханның бес ұлы, Темір Мәліктің бес ұрпағы және Хасанның ұлы Ұлұғ Мұхаммедтің билікте болғандығын айта келе, 1437 жылдан бастап Алтын Орда тағының иесі Кіші Мұхаммед хан мен оның ұрпақтары екендігін атап өтеді де, өзі құрастырған «Алтын Орда хандарының шежіресі» атты кестеде ол туралы нақты көрсетіп береді [9, 520-521 бб.]. Кіші Мұхаммед хан Алтын Орда тағын иеленгенге дейін Астрахан аймағында болады. Оның атасы Темір-Құтлық хан 1396 жылдан бастап осы өңірді өзінің қол астына ұстап тұрады. Қадырғали Жалайырдың дерегі бойынша Темір Құтлық Еділ бойындағы Қажы тархандға қожалық етіп, Едіге бимен бірге бірі хан, бірі би болған [8, 116 б.]. В.В. Вельяминов-Зернов та XVI ғасырда ноғай мырзалары Астраханды – «Темір Құтлұғ патшаның жұрты» деп атайтындығын айтады [10, 123 б.].

Осылайша, Ақсақ Темірдің Алтын Ордаға қарсы жасаған жойқын жорығынан кейін, Еділдің батыс жағындағы ұлыстар мен өңірлер қатты күйсілске ұшырап, көптеген ру-тайпалар басқа жақтарға қоныс аударса, кейбір ұлыстарда билеушілер ауысып, жаңалары келеді. Темір Құтлұқтың ұрпақтары Астраханда орын теуіп, 1459 жылы оның ұрпақтарының бірі – Махмуд хан дербес Астрахан хандығының негізін қалайды. 1430-шы жылдардағы Астрахан иелігінің шы-

ғыстағы шекарасына көз салсақ, оның Маңғыт ұлысы мен Еділ өзені арқылы түйісіп жататынын көреміз. Еділден шығысқа қарай Ембіге дейінгі аралықта маңғыт рулары көшіп-қонып жүрді. Ал сол кездегі маңғыт биі Оқастың Әбілқайыр ханның жағында болғандығын деректердің бәрі бір ауыздан мақұлдайды [7, 16-17 бб.; 3, 143 б.; 8, 120 б.]. Едігенің немересі Оқас бидің шибанилық Әбілқайыр ханға өте жақын болуы, оны билікке әкелуге қатысып, оның жорықтарына белсене атсалысуы Темір Құтлық ханның ұрпақтары Ахмед хан мен Махмуд хандарға ұнамаған секілді. Бұл екеуін жазба деректер 1430-шы ж. басында «хан» лауазымын атағанымен, олар әлі хандық билікті иеленбеген болатын. Тек әкелері Кіші Мұхаммед хан 1459 жылы қайтыс болғаннан кейін ғана Махмуд – Астраханда, Ахмед – Үлкен Ордада хандық билікке келеді. Ал оған дейін ағайынды екі сұлтан Астраханның шығыс өңіріндегі маңғыттармен шектес ұлыстарда билік жүргізген деп есептейміз.

Біздің ойымызша, 1428-29 жылы билікке келіп, 1431/32 жылға дейін бүкіл Шибан ұлысын біріктіріп, тез күшейе бастаған Әбілқайыр ханнан қауіптеніп, екі сұлтан оны әлсірету мақсатында қарсы әрекеттер жасаған секілді. Қалай десек те, Кухистани айтып отырған ағайынды Ахмед пен Махмудтың Әбілқайыр ханға қарсы бүлік жасады деген дерегі сенімсіз. Мүмкін, шайбанилық әулеттің тарихшысы Әбілқайыр ханның Шыңғыс ұрпақтарына қарсы жасаған жорығын ханды ақтау үшін жазған шығар. Мүмкін, маңғыт биі Оқастың Әбілқайыр ханның жанында жүруіне байланысты оның Еділ мен Жайық, Жайық пен Ембі аралықтарындағы иеліктеріне ағалы-інілі екі сұлтан жорықтар жасаған шығар. Міне, осындай себептерге байланысты Әбілқайыр хан өзінің төртінші жорығын Кіші Мұхаммед ханның ұлдарына қарсы бағыттады.

Жалпы алғанда, жорықтың барысы мен оған қатынасқан ру-тайпа көсемдері, шайқастың өтуі мен нәтижесі Кухистани еңбегінде жақсы баяндалған [3, 153-156 бб.]. Әбілқайыр хан бұл шайқаста да жеңіске жетеді. Орда Базарда Әбілқайыр ханның атына хұтба оқылып, ақша соғылады. Деректе Орда Базар – Дешті Қыпшақтың астанасы делінеді, ал дерекке түсініктеме берушілер «хандардың Ордасы әдетте осылай аталған». «Тарих-и Абулхайр-ханида» кезінде Батыйдың ордасы болған Орда Базар туралы айтылып тұр», – деп жазады [3, 155 б.].

1431/32 жылғы Әбілқайыр ханның батыстағы жеңісі оның беделін арттырады, бірақ ол ұзаққа созылмайды. Махмуд ибн Уәлидің дерегін-

де Ахмед пен Махмуд хандардың 1431 жылғы жеңілістен кейін «мұра еткен таққа қайта отырғандығы» айтылады [3, 155 б.]. Жалпы алғанда, Әбілқайыр хан 1429-1431/32 жылдары Шибан ұлысын қалпына келтіру ісін аяқтап, өзінің алғашқы мақсатына жетеді.

1431/32-1446 жылдары Әбілқайыр ханның өміріне қатысты деректер жоқ. Егерде ол бір жаққа жорық жасаған болса, онда ол туралы деректерде айтылған болар еді. Соған қарап оның осы кездегі 14-15 жылдық өмірі өз ұлысында өткен деп есептейміз. Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында бұл жылдары жеке-жеке өмір сүріп жатқан бірнеше ұлыстар бар болатын. Олар: Есіл мен Ертіс өзендерінің аралығындағы шайбанилық Мұстафа ханның ұлысы, Сырдың төменгі ағысы бойындағы шайбанилық Бурек сұлтанның ұлысы және Сырдың орта ағысы бойындағы ордаежендік Керей мен Жәнібек сұлтандардың ұлыстары еді. Шамасы оларға қарсы күресу үшін Әбілқайыр ханның күші жетпей, ол қолайлы сәтті күткен секілді. Әбілқайыр хандығының саяси тарихындағы бұл жылдар тыныштық, бейбіт кезеңге жатады.

Әбілқайыр хандығының тарихындағы келесі, үшінші кезең – 1446 жылдан басталады. 1429 жылы 17 жасар Әбілқайырды ру-тайпа көсемдері мен дін басылары қолдап, бытырап жатқан Шибан ұлысын біріктіру үшін билікке әкелсе, енді 34 жастағы хан бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты біріктіріп, бүкіл аумақта өзінің жеке-дара билігін орнату үшін күресін бастайды.

Күрестің басталуына маңғыт биі Оқас пен шибанилық Мұстафа ханның жақындаса бастауы түрткі болады. Кухистани ол туралы былай деп жазады: «... [оның] (Әбілқайыр ханның – Б.К.) жеңімпаз күзетшілері ханға келіп, Мұстафа ханның өте көп әскермен және Оқас бидің қолдауымен (Әбілқайыр ханға) қарсы жорыққа дайындалып жатқанын жеткізді...» [3, 156 б.]. Хабарды естіген хан Мұстафа ханның жорығын күтпей, оларға өзі қарсы аттанады да, Орталық Қазақстандағы Атбасар өзенінің маңында ұрысқа түседі. Бұл шайқаста Әбілқайыр хан жеңіске жетіп, Мұстафа хан болса, кейін қашуға мәжбүр болады [3, 158 б.].

Мұстафа ханды жеңіп, оның ұлысын өзіне қосып алған Әбілқайыр хан бірден келесі жорығына дайындалады. Кезекті жорықты хан Сырдың орта ағысы бойындағы Сығанақ өңіріне бағыттайды. Ол туралы дерек мәліметінде «қыстап шығу үшін хан Сығанақты бағындыруды қажет деп тапты», – делінеді [3, 158 б.].

Әбілқайыр ханның Сыр бойындағы аймақтарды қалай бағындырғанын деректер мәлімдемейді. Соған қарағанда ол бұл аймақты көп қиындықсыз алған секілді. Шибанилық хан аймақтың Сығанақ, Аққорған, Аркөк, Созақ, Өзгент секілді қалаларын өзінің әмірлері мен қолбасшыларына басқаруға береді. Ханның өзі алғаш рет осы өңірде қыстап шығады. Ал 1446 жылдан бастап Сығанақ Әбілқайыр хандығының астанасына айналады.

Әбілқайыр ханның Мұстафа ханды жеңіп, Сырдың орта ағысы бойындағы қалалар мен өңірлерді иеленуі оны Шығыс Дешті Қыпшақтың толыққанды және жеке дара билеушісі етеді. Саяси жағынан алғанда ол Барақ ханнан кейінгі бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақты бір саяси құрылымға біріктіреді. Саяси бірігу этникалық біртұтас кеңістікті де қалыптастырып, тарихи әдебиеттерде жаңа этноқауымдастық «көшпелі өзбектер» деп аталына бастайды.

1446 жыл – Әбілқайыр ханның жеке билігі мен оның хандығының қуатының өсіп, ең шегіне жеткен жыл болып саналады. Міне, осы кезден бастап Әбілқайыр ханды Шығыс Дешті Қыпшақтың нағыз жеке-дара билеушісі деуге болады. Одан кейінгі 1446-1457 жылдар мен 1457-1469 жылдар Әбілқайыр хандығының тарихындағы күшею мен құлдырау кезеңдеріне жатады.

Осылайша, жоғарыда қарастырған мәселелерімізді түйіндей келе, біз «Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақта 40 жылдан астам хан болды» деген тұжырымның нақты емес екендігіне көз жеткізіп, ол 1428 жылы Шибан ұлысындағы көп ұлыстың біріне ғана хан болып сайланған, 1431-32 жылы ғана атасының ұлысын жеке-дара билеген, ал 1446 жылы Сыр бойын иеленгеннен кейін ғана оны бүкіл Шығыс Дешті Қыпшақтың ханы болған деген қорытындыға келеміз.

Әдебиеттер

- 1 Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965.
- 2 Юдин В.П. Рецензия на «Государство кочевых узбеков» Б.А. Ахмедова // В кн.: Юдин В.П. Центральная Азия в XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001.
- 3 Тарих-и Абу-л-хайр-хани. //Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.

- 4 Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. В.Тизенгаузена. – Т.1. Извлечения из сочинений арабских. – СПб., 1884.
- 5 Абд-ар-Раззак Самарканди. Места восхода двух счастливых звезд и места слияния двух морей. // Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т.II. Извлечения из персидских сочинений. Собранные В. Тизенгаузенем и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.Л. Волиным. – М.-Л., 1941. –308 с.
- 6 Семенов А.А. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // МИТУСА. Вып. I. ТИИАЭ АН Тадж. ССР. – Т. XII. – Столинабад, 1954.
- 7 Таварих-и гузида-йи нусрат-наме // Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата, 1969. – 652 с.
- 8 Қадырғали Жалайыр. Жылнамалар жинағы / Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мигулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы, 1997.
- 9 Сафарғалиев М.Г. Распад Золотой Орды. // В кн.: На стыке континентов и цивилизации... (из опыта образования и распада империй X-XVI вв.) – М., 1996.
- 10 Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касымовских царях и царевичах. – СПб., 1864. – Ч.2.

References

- 1 Ahmedov B.A. Gosudarstvo kochevyh uzbekov. – М.,1965.
- 2 Judin V.P. Recenzija na «Gosudarstvo kochevyh uzbekov» B.A. Ahmedova // V kn.: Judin V.P. Central'naja Azija v HIY-HYIII vekah glazami vostokoveda. – Almaty: «Dajk-Press», 2001.
- 3 Tarih-i Abu-l-hajr-hani. //Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV-XVIII vekov (Iz vlechenija iz persidskih i tjurkskih sochinenij) / Sost.: S.K.Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A. Pishhulina, V.P. Judin. – Alma-Ata, 1969. – 652 s.
- 4 Sbornik materialov, odnosjashhihsja k istorii Zolotoj Ordy. V.Tizengauzena. – Т.1. Iz vlechenija iz sochinenij arabskih. – SPb., 1884.
- 5 Abd-ar-Razzak Samarkandi. Mesta voshoda dvuh schastlivyh zvezd i mesta slijanija dvuh morej. // Sbornik materialov, odnosjashhihsja k istorii Zolotoj Ordy. – Т.II. Iz vlechenija iz persidskih sochinenij. Sobrannye V. Tizengauzenom i obrabotannye A.A.Romaskevichem i S.L.Volinyim. – М.-L., 1941. –308 s.
- 6 Semenov A.A. K voprosu o proishozhdenii i sostave uzbekov Shejbani-hana // MITUSA. Vyp. I. TIIAJe AN Tadz.SSR. – Т. XII. –Stolinabad, 1954.
- 7 Tavarikh-i guzida-ji nusrat-name //Materialy po istorii Kazahskih hanstv XV-XVIII vekov (Iz vlechenija iz persidskih i tjurkskih sochinenij) / Sost.: S.K.Ibragimov, N.N. Mingulov, K.A.Pishhulina, V.P. Judin. – Alma-Ata, 1969. – 652 s.
- 8 Қадырғали Жалайыр. Жылнамалар жинағы / Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мигулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы, 1997.
- 9 Safargaliev M.G. Raspad Zolotoj Ordy. // V kn.: Na styke kontinentov i civilizacii... (iz opyta obrazovanija i raspada imperij H-HYI vv.) – М., 1996.
- 10 Vel'jaminov-Zernov V.V. Issledovanie o Kasymovskih carjah i carevichah. Ch.2. – SPb., 1864.

Жұмаділ А., Рамазанова А.
**XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығының
дипломатиялық қатынастары
тарихының мәселелері**

Zhumadil A., Ramazanova A.
**The problems of the Kazakh
khanate's history of diplomatic
relations in the XVI-XVII
centuries**

Жұмадил А., Рамазанова А.
**Проблемы истории
дипломатических отношений
Казахского ханства
в XVI-XVII веках**

Аталмыш мақалада Қазақ хандығы құрылуының алғашқы кезеңдерінен бастап халықаралық аренаға тең құқықты субъект ретінде шыққан уақытындағы Ресей, Орталық Азия елдері секілді алып көршілерімен белсенді дипломатиялық қызметіне шолу жасалып, сол кездегі хандықаралық дипломатиялық байланыстардың жүзеге асырылу барысы мен тәсілдеріне мысалдар келтіріледі. Сонымен қатар, басым назар мемлекет қауіпсіздігі мен сыртқы саяси курсты жүзеге асыру мақсатындағы көршілес елдермен дипломатиялық қызметтің ұйымдастырылуының тұжырымдамалық негізінің қалыптасуы мен дамуына аударылады. Осы тұста XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығында басты дипломат рөлін атқарған хандардың көршілес елдермен сыртқы сауда, экономикалық және саяси қатынастарды іске асырудағы рөлі мен қызметі атап өтіледі.

Түйін сөздер: дипломатия, Қазақ хандығы, сыртқы саясат, сауда, экономика, Орталық Азия, елшілік, келіссөз, қақтығыс.

This article provides an overview of the active diplomatic activity of the Kazakh Khanate with the neighboring countries of Central Asia and Russia since its foundation and prior to becoming a full-fledged subject in the international arena, given examples of approaches and implementation of diplomatic relations between the khanates of that time. Also focuses on formation and development of the conceptual bases of the organization of diplomatic activity with a view to the implementation of external policy and security. At this point, emphasized the Khan's role and activity as the chief diplomat of the Kazakh Khanate in the XVI-XVII centuries in the implementation of economic, trade and political ties with neighboring countries

Key words: diplomacy, Kazakh khanate, foreign policy, trade, economy, Central Asia, embassy, negotiation, conflict.

В данной статье дается обзор активной дипломатической деятельности Казахского ханства с соседними странами Центральной Азии и Россией со времени его основания и до становления полноправного субъекта в международной арене, приведены примеры подходов и осуществления дипломатических отношений того времени между ханствами. А также главное внимание уделяется формированию и развитию концептуальных основ организаций дипломатической деятельности в целях осуществления внешнего политического курса и безопасности государства. На этом месте подчеркивается роль и деятельность хана как главного дипломата Казахского ханства в XVI-XVII вв. в осуществлений экономических, торговых и политических связей с соседними странами.

Ключевые слова: дипломатия, Казахское ханство, внешняя политика, торговля, экономика, Центральная Азия, посольство, переговоры, конфликт.

XVI-XVII ҒҒ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ ТАРИХЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Белгілі тарихшы І. Қозыбаев өзінің «Қазақстан дипломатиясы: тарихтан тағылым» атты кітабында: «Тәуелсіз Қазақстан өз дипломатиясының алғашқы онжылдығын шығарып салуда. Алайда оның өз шежіресі бар. Өткенмен үйлестік әркез біршама болғандығы белгілі. Десек те, егер біз және біздің ұрпақтарымыз өткенге баға беруде тек бүгінгі жетістіктеріміздің тұрғысынан ғана қарайтын болсақ, қатты қателескеніміз. Дәстүрлер сабақтастығының үзілуі де осыдан шығар...» деп жаза отырып, қазақстандық дипломатия тарихын келесідей кезеңдерге бөлген:

- 1) Қазақ хандықтары кезеңі;
- 2) Отарлық тәуелділік кезеңі;
- 3) Алаш-Орда кезеңі;
- 4) Кеңестік кезең;
- 5) Тәуелсіздік кезеңі [1, 31 б.].

Біздің қарастырғалы отырғанымыз, қазақстандық дипломатияның алғашқы кезеңі, яғни Қазақ хандығының дипломатиясы болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақ хандығының дипломатиялық қатынастарын зерттеу отандық тарихтың айтарлықтай өзекті ғылыми бағыты болып табылады. Ең алдымен, көшпенді халықтардың мемлекеттігі тұрғысынан, сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар мемлекеттік басқарудың маңызды және ажырамас бөлігі саналады. Сол себептен де мемлекет болып қалыптасу, өмір сүруі мен тәуелсіздігі тарихындағы олардың ықпалын бағаламауға болмайды.

Сонымен қатар, Қазақ хандығының жекелеген көшпенді және отырықшы-жер иеленуші мемлекеттермен байланыстарының тарихына қатысты қарама-қайшы мәліметтер жиналып қалғандықтан оларды қорытындылап, бір жүйеге келтіретін уақыт келіп жетті. Мәселенің тарихнамалық маңыздылығы да осыған саяды.

Қазіргі түсініктегі толыққанды халықаралық қатынастар біздің мемлекетімізде тек XX ғасырдың соңғы онжылдығында басталды. Соңғы жиырма жылдағы республиканың халықаралық қатынастарын зерттеу методологиялық тұрғыдан өткен ғасырлардағыдан әлдеқайда жеңілрек. Бүгінгі халықаралық қатынастар санаттары стандартты, мемлекет фе-

номенінің түсінігі мен оның сипаты әмбебап болып табылады. Қазақ хандығының халықаралық қатынастары және оның сипаттамаларын зерттеуде айтарлықтай көптеген мәселелерді шешуге тура келеді. Олардың бірқатарын санамалап көрейік. Ең біріншіден, қалыптасу кезеңінде хандық территориясы біртіндеп кеңейген, ал шекаралары болса жылжымалы болып, Қазақстан кеңістігінің кейбір бөліктері халықаралық басымдықтары бір-бірімен сәйкес келмеген әр түрлі иеліктер құрамына кірген. Екіншіден, басым бөлігі мал шаруашылығымен айналысқан халқы да көшпелі тұрмыс кешкен. Хандық тұрғындарының құрамы өзгеріп, билеушілер көрші тайпаларды өздеріне қосқан. Тайпалық одақтар мен олардың тұрақты ірі бірлестіктері арасындағы байланыстарды халықаралық қатынастардың бейнесі ретінде қарастыруға болады. Басқаша айтқанда, халықаралық қатынастар сипаттамасы мемлекеттің генезисімен тікелей байланысты. Төртіншіден, егер құрылу уақытын он бесінші ғасырдың екінші жартысында деп есептейтін болсақ, Қазақ хандығының тарихы бес ғасырдан асады. Дала билеушілері көршілес халықтармен ауқымды халықаралық қатынастарға ие болған, осы тұста тарихшылардың алдында қазіргі Қазақстан шекарасынан тыс халықтарды билеген тұлғалармен елшілік, сауда және мәдени байланыстарды сипаттау кезінде қиындықтар туындайды.

Аталмыш сұрақтар зерттелмеді деп айтуға болмайды. Әрбір кезең және жекелеген мемлекеттік құрылымдар тарихының авторлары мәліметтеріне қарай олардың сыртқы саяси қызметін қарастырды. Ендігі кезекте көшпенді мемлекеттер халықаралық қатынастарының құрылуындағы ортақ және ерекше қырларын, дипломатиясы мен дипломатиялық институттарын бөліп көрсету қажет [2].

Қазақ дипломатиясы ежелгі түріктер мен алтынордалықтар секілді бастамашыларының бай қорынан тұратын тәсілдері мен әдістеріне сүйенген. Шығыста әрқашан да дипломаттар мен елшілердің кәсіби шеберлігі жоғары бағаланғаны белгілі. Мысалы, атақты ортаазиялық ойшыл Ходжа Самандар Термези, елші жүз өжет әскердің көмегімен шеше алмайтын істерді тындырады деп есептеген. Дипломаттарға артылған міндеттер мен дипломатиялық рәсімдердің ғасырлар өткен сайын өзгерістерге ұшырап отырғандығын атап өту керек. Қазақ хандығы қалыптасуының ауыр талаптарында мемлекетаралық қарама-қайшылықтарды күш көрсету

жолдарымен шешу басымдық танытқанымен, уақыт өте келе ол одақтастар табу, бейбітшілік жөнінде келіссөздер жүргізу секілді дипломатиялық шаралармен толықтырылған. Қазақ қоғамының ішкі негіздерін нығайту, мемлекеттілікті дамыту мақсатына хандардың заңнамалары бағытталған. Мысалы, Қасым ханның «Қасқа жолы», Хақназардың «Ақ жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуекелдің «Жеті жарғысы». Соның ішіндегі, билеуші Қасым ханның есімімен халықаралық байланыстардың этикеті мен заңдылықтары айтылған елшілік дәстүрі туралы арнайы тарауға ие «Қасым ханның қасқа жолы» аталатын заңдар жинағы байланысты. Билеушілерінің бұйрықтарын орындаған елшілер бала кезінен хат тануға және араб, шағатай, парсы тілдеріне үйретілген білімді адамдар болған. Халықаралық байланыстар сипатының күрделену мөлшеріне орай қазақ дипломаттары дипломатиялық тәжірибенің династия аралық неке, сауда және бітімгершілік келісімдерін жасау, одақтастар табу, шетелдік сарайларға сыйсыпат ұсыну, сенім грамоталарымен алмасу секілді әр түрлі тәсілдері мен әдістерін қолданған. Сол кезеңдегі қазақ елшілерін дипломатиялық тілдесу өнеріне ие болуы ерекшелеп тұрған. Елшілер шешен, өз жауаптарында нақты болғандығын табылған ресми құжаттар дәлелдеп отыр [3].

Қазақ хандығы XV ғ. – XVIII ғасырдың басында егеменді мемлекет және халықаралық-құқықтық аланда басқа мемлекеттермен мойындалған субъект ретінде өмір сүрді. Бұл Батыс, сондай-ақ Шығыс мемлекеттерімен дипломатиялық қатынастары жөніндегі дерек мәліметтерінде расталады [4].

Әсіресе, XVI-XVII ғасырлар аралығы Қазақстан тарихындағы қазақ мемлекеттігінің нығайып, қазақтардың тарихында айрықша рөл ойнаған көршілес елдер және олардың халықтарымен белсенді әскери-саяси, сауда және мәдени байланыстарының уақытымен сәйкес келетін ерекше кезең саналады [5].

Қазақтардың көрші халықтармен тарихи-мәдени байланыстары әр түрлі формаларға ие болған. Осылардың ішінде аталмыш байланыстарды зерттеудің екі басты құрамдас бөлігін атап көрсетуге болады. Олардың біріншісі – мәдени, екіншісі – әлеуметтік.

XV-XVII ғғ. Қазақ халқының тарихы Орталық Азия халықтарымен тығыз әрі жан-жақты байланыстар дамыды және олардың даму жолдары бірде әскери қақтығыстармен шиеленісіп, бірде ынтымақтастық және достық кезеңдерімен алмастырылып отырды. Қазақстан,

Орта және Орталық Азия халықтарының өзара байланыстары ежелден бастау алады. Бұл сыртқы саяси байланыстарда да, өзара сауда айырбасында да көрініс тапты. Сауда, сауда жолдарының тарихы бойынша далалық аймақтарға жасалған экспедиция материалдары Қазақстанның Батыс және Шығыс мәдениеттерінің өзара ықпалдасу және өзара байыту жолдарында байланыстырушы буын, көпір болғандығын дәлелдейді. XVI-XVII ғғ. Қазақстанның саяси және сауда қарым-қатынастары Орта азиялық хандықтармен қатар, Үндістан, Ауғанстанмен айтарлықтай кеңейіп, сауда-дипломатиялық елшіліктермен алмасу орын алады. Қазақстан және аталмыш елдер арасында елшілік алмасу, шын мәнісінде, сауда байланыстарының формасы болды [5, 176 б.].

Қазіргі таңдағы Қазақстанның да, Орталық Азияның да территориясын қиып өткен Ұлы Жібек жолының арналарын зерттеуге үлкен мән беріліп отыр. Оған қоса, дәл осы XVI ғасырдың екінші жартысынан бастап аталмыш жол жаңа импульске ие болған. XVI-XVII ғғ. жазба деректерінен Қазақстан арқылы Қытай, Үндістан және Орталық Азияны байланыстырған сауда жолдары да орналасып, бұл жерлерден қажылыққа баратын адамдар мен әскери жасақтар өткендігі белгілі. Сауда Астрахан мен Маңғышлақ арасындағы Каспий арқылы теңіздік жолмен де, Каспийдің солтүстік жағалауы, Бұхара, Хиуа арқылы құрлықтық жолмен де жүзеге асырылды. Алайда, шығыс деректерінде аталмыш сауда деңгейі туралы ақпараттар қамтылмаған. Десек те, шығыс авторларының өзге мәліметтері сауда байланыстарының жиілігі жөнінде айтуға мүмкіндік береді. Расымен қазақтар мен көрші халықтар арасындағы сауда соғыс пен дау-дамайлар кезінде де үздіксіз жүріп отырды, бірақ соңғысы оның дамуына айтарлықтай кедергі келтірді [5, 177 б.].

Қазақ хандығының ортаазиялық хандықтармен өзара байланыстары әртүрлі сипатта орын алғандығын жоғарыда атап өткен болатынбыз, яғни әскери қақтығыстар мен өзара шабуыл кезеңдері сауда керуендері дамыған тату көршілік байланыстардың кезеңімен кезектесіп жүрді. XVI-XVIII ғғ. деректерінде қазақ хандарының Хиуа, Бұқара, Қоқанд және т.б. арасындағы дипломатиялық келіссөздер жөнінде мәліметтер кездеседі [5, 180 б.].

Сонымен қатар, XV-XVIII ғғ. тарихтың әр кезеңіне шет елдермен халықаралық дипломатиялық және сауда-экономикалық байланыстардың дамуында үлкен рөл атқарған хандар мен сұлтандарды бөліп көрсетуге болады. Ол кез-

дегі дипломатиялық тәжірибе өз уақытындағы қажеттіліктерге орай қарыштап отырған [6].

Мысалы, Қазақ хандығының белсенді сыртқы саясатының бастауы жоғарыда атап өткен Қасым ханның (1511-1518) билеген тұсында жасалды және сыртқы саяси тұжырымдамасының ең басты мақсаты пайдаға қол жеткізу еді. «Пайда» сөзінің астында жаңа жерлерді басып алу түсіндірілді, себебі мемлекеттің сыртқы саяси мүдделері оның территориялық жағдайымен анықталатын болған. Сондықтан Керей мен Жәнібектен бастап, әрбір қазақ билеушісі жаңа территорияларды жаулауға және жаңа шекаралар сызуға ұмтылған [7].

Жалпы, Қасым ханның билікке келуі Қазақ хандығының саяси жағдайында оң өзгерістерге жол ашты, ең алдымен Шайбанидтер мемлекетімен күреске байланысты. Қасым хан басқаруының алғашқы жылдары Қазақстан және Орталық Азия тарихында хан билігінің күшеюіне септігін тигізген маңызды оқиғалар орын алады. Шығыс Дешті Қыпшақтан Хорезм территориясына шайбанид Береке сұлтанның ұлдары Елбарыс пен Белбарыс бастаған «өзбек» тайпаларының соңғы үлкен бөлігі кетеді. Дерек мәліметтерінің сарапталуы нәтижесі көрсеткендей, аталмыш оқиға 1512 жылдың екінші жартысында болған. Бұл оқиғалардың қорытындысы ретінде Орталық Азияда шайбанидтердің екі мемлекеті іргесін қалайды. Ал, осы шайбанид Елбарыс пен Белбарыстың аластатылуына қазақтар себепкер болды деп топшылауға болады. Өйткені, қазақ билеушілері Шығыс Дешті Қыпшақтың біраз бөлігінің жеке дара билей бастады. Көршілес ел хандары арасында да абыройы асқақтай бастайды [8, 15 б.].

XVI ғасыр қазақ дипломатиясының дамуындағы және әскери мемлекет құрудағы маңызды кезең болды. Одан бөлек, Қазақстан үшін ішкі экономикалық, әлеуметтік және саяси факторлармен байланысты терең дағдарыс уақыты болды. Бұл жағдай халықаралық ахуалға да өз әсерін тигізбей қоймады. Хандар үшін жаулап алған жерлерін сақтап қалу қиынға соғып, қарсыластары қазақтарға қарсы бірлестіктерді белсенді ұйымдастырды. XVI ғасырдың екінші жартысында билікке Хакназар хан келгенде оқиға Қазақ хандығының пайдасына шешіле бастайды. Ол бірқатар реформалар жүргізіп, мемлекеттік басқару жүйесі мен әскерді айтарлықтай нығайтады. Сонымен бірге, Хакназар уақытында (1548-1580) басты назар сауда орталықтары болып табылған Сырдария маңындағы бай қалаларға бөлінеді. Осы жер-

лер үшін қазақтар алдымен шайбанидтермен, кейін аштарханидтермен күреске түседі [7]. Қазақтардың шайбанидтермен өзара қарым-қатынастарының сипаты айтарлықтай тығыз және әртарапты болған. Әскери қатығыстар достастық пен ынтымақтастық кезеңдерімен ауыстырылып, некелік одақтар жасалды. Жақындасу мен бірлестік құруға әлдеқайда мүдделілікті қазақтардан әскери-саяси күш байқаған Шайбанид Абдаллах хан II танытып, өз бәсекелестері орныққан аудандардағы өз билігін нығайтуға қолдануға тырысты. Жоғарыда айтып өткен «сертті одақты» Хақназар ханмен осы мақсатта жасап, екі тарап та бір-бірімен бейбіт қарым-қатынастар сақтауға міндеттелді [5, 197 б.]. Өз бастамашысы Хақназардың саясатын жалғастыра отырып, Тәуекел хан (1583-1598) бірқатар жеңістерге қол жеткізеді.

Тәуекел ханның есімін айрықша атап өтуге болады, себебі ол мемлекеттік тәжірибеге династия аралық неке мен әскери-саяси одақтарды енгізді. Мысалы, алғашқы қазақ хандарының бірі ретінде Ресеймен одақ құрып, оны келісіммен бекітті. Кейін шайбанидтермен, ноғай билеушілерімен және т.б. коалициялар құрылды. Бейбітшілік пен ынтымақтастық жө-

ніндегі маңызды келісімдердің бірі ретінде 1598-1599 жж. Қазақ хандығы мен Аштарханид мемлекеті арасында жасалған құжатты айтуға болады.

Аталғандардың барлығы XVI-XVII ғғ. дипломатия Қазақ мемлекеттігінің дамуында маңызды рөл ойнағандығын білдіреді. Жазба деректер, грамота, мөрлерге сараптама жасай отырып, Қазақ хандығының көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарының тарихын қайта қалпына келтіруге, өз мемлекетінің мүддесін қорғауда қазақ хандары белсенді қолданған династиялық неке, халықаралық келісімдер секілді халықаралық дауларды шешудің тәсілдері мен барлық дипломатиялық құралдарды зерттеуге көмектесті [7].

Осылайша, Қазақ хандығының көршілес елдермен дипломатиялық қарым-қатынастарының тарихын зерттеу, әсіресе ел мемлекеттігінің алғашқы қалыптасу жылдарында орын алған оқиғалардың толыққанды мәнін түсіну, қандай да сыртқы саяси басымдықтарды таңдаудың себептерін ұғыну және Қазақ хандығының көршілес шет елдерге қатысты сыртқы саясатының даму перспективасын бағалай мақсатында маңызды болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Башмаков А.А. От приграничного сотрудничества к евразийской экономической интеграции: сборник научных трудов. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2013. – 216 с.
- 2 Хафизова К.Ш. Проблемы исследования международных отношений казахских ханств, «Цивилизации Великой Степи» (г.Алматы)// <http://e-history.kz/ru/books/library/read/832>
- 3 Мажденова Д.М. Истоки казахской дипломатии// <http://e-history.kz/ru/expert/view/96>
- 4 Атыгаев Н.А. О дипломатических контактах казахского ханства с мусульманскими государствами (XVI – начало XVIII вв.) / Н. А. Атыгаев // Отан тарихы. – 2015. – Т. 2. – С. 15-22.
- 5 Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия: политические, международные и культурные связи (XV-XVII вв.): Дис... д-ра историч. наук. – Алматы, 1997. – 312 с.
- 6 Немного о дипломатии в период Казахского ханства// http://e-history.kz/ru/project/view/3?type=publications&material_id=1229
- 7 Корни казахской дипломатии берут начало в глубокой древности// <http://www.inform.kz/rus/article/2475915>
- 8 Атыгаев Н.А. Казахское ханство в XV – середине XVI века: Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. – Алматы, 2003. – 30 с.

References

- 1 Bashmakov A.A. Ot prigranichnogo sotrudnichestva k evrazijskoj jekonomicheskoj integracii: sbornik nauchnyh trudov. – Almaty, KISI pri Prezidente RK, 2013. – 216 s.
- 2 Hafizova K.Sh. Problemy issledovanija mezhdunarodnyh otnoshenij kazahskih hanstv, «Civilizacii Velikoj Stepi» (g.Almaty)// <http://e-history.kz/ru/books/library/read/832>
- 3 Mazhidenova D.M. Istoki kazahskoj diplomatii// <http://e-history.kz/ru/expert/view/96>
- 4 Atygaev N.A. O diplomaticheskikh kontaktah kazahskogo hanstva s musul'manskimi gosudarstvami (XVI – nachalo XVIII vv.) / N. A. Atygaev // Otan tarihy, 2015. – t. 2. – S.15-22
- 5 Abuseitova M.H. Kazahstan i Central'naja Azija: politicheskie, mezhdunarodnye i kul'turnye svjazi (HV-HVII vv.): Dis...d-ra isto-rich. nauk. – Almaty, 1997. – 312 s.
- 6 Nemnogo o diplomatii v period Kazahskogo hanstva// http://e-history.kz/ru/project/view/3?type=publications&material_id=1229
- 7 Kornj kazahskoj diplomatii berut nachalo v glubokoj drev-nosti// <http://www.inform.kz/rus/article/2475915>
- 8 Atygaev N.A. Kazahskoe hanstvo v XV – seredine XVI veka. Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata is-toricheskikh nauk. – A., 2003. – 30 s.

Кәрібаев Б.Б.
**Жәңгір хан және XVII ғ.
қазақ-жоңғар қатынастары
мәселелері**

Автор бұл мақаласында ортағасырлық Қазақстан тарихындағы өзекті мәселелердің бірі – XVII ғасырдың екінші ширегіндегі қазақ-жоңғар қатынастары мәселелері мен сол жылдардағы қазақ ханы – Жәңгір хан өмірінің кейбір тұстары мәселелерін қарастырады. Автор бұл мәселелерге қатысты кейбір осы күндерге дейінгі ғылыми тұжырымдардың негізсіз екендігін дәлелдей келе, өзінің ғылыми дәлелдеулері мен пікірлерін алға тартады. Әрбір дерек мәліметтеріндегі ақпараттарды сол тұстағы қоғамдық өмірдің дамуы барысы тұрғысынан саралай келе, өзіндік тұжырымдарға келеді. Нақтырақ айтсақ, Жәңгір ханның жоңғар тұтқынынан босануы мәселесі бойынша, Жәңгір ханның билікке келуі мәселесі бойынша, 1643/1644 жылғы қазақ-жоңғар соғысы бойынша, сондай-ақ Жәңгір ханның қаза табуына байланысты жаңа тың ойларды негіздейді.

Түйін сөздер: XVII ғасыр, Жәңгір хан, хонтайшы, жоңғарлар, қазақ-жоңғар қатынастары, шайқас.

Karybaev B.B.
**Zhangir Khan and issues of the
Kazakh-Jungar respect in the
XVII century**

In this article the author examines one of the most urgent problems of the medieval history of Kazakhstan – Kazakh-Jungar relations in the second half of the XVII century and some moments of life of Kazakh Khan – Zhangir in that period. Author on certain points of the problem putting forward his arguments and judgments gives rebuttal approved concepts in science to this day. Analyzing each information source with the development of the social life of that time he makes his conclusions. Specifically, on the issue of exemption of Khan Zhangir from Djungarian captivity, on the issue of Zhangir Khan coming to power, on the Kazakh-Jungar wars in 1643-1644, and founds new views on the death Zhangir Khan.

Key words: XVII century, Zhangir Khan, huntayshi, Dzhungars, Kazakh-Jungar relations, war.

Карибаев Б.Б.
**Жангир хан и проблемы
казахско-джунгарских
отношений в XVII в.**

В данной статье автор рассматривает один из актуальнейших проблем средневековой истории Казахстана – казахско-джунгарские отношения во второй половине XVII века и некоторые моменты жизни казахского хана – Жангира в тот период. Автор по некоторым моментам данной проблемы, выдвигая свои аргументы и суждения, дает опровержение утвержденным концепциям в науке до сегодняшнего дня. Каждую информацию в источнике, анализируя с развитием общественной жизни того времени, делает свои выводы. Точнее, по проблеме освобождения Жангир хана из джунгарского плена, по вопросу прихода к власти Жангир хана, по казахско-джунгарской войне в 1643/1644 гг., а также основывает новые взгляды по поводу гибели Жангир хана.

Ключевые слова: XVII век, Жангир хан, хонтайшы, джунгары, казахско-джунгарские отношения, война.

**ЖӘНГІР ХАН ЖӘНЕ
XVII Ғ. ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР
ҚАТЫНАСТАРЫ
МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы, оның ішінде XV-XVIII ғасырлар аралығын қамтитын хандық дәуірде шешімін таппаған түйінді мәселелер өте көп. Әсіресе, төрт ғасырлық дәуірдің ішінде XVII ғасырдағы мәселелер жетіп артылады. Оның ең басты себебіне әрине, сол ғасырдың деректік негіздерінің аз болуы жатады. Осы ғасырда билік құрған хандар, олардың жүргізген саясаты, көрші елдермен қарым-қатынастары және т.б. көптеген мәселелер әлі күнге дейін өз зерттеушілерін күтуде. Осыған байланысты біз осы мақаламызда XVII ғасырдың екінші ширегіндегі Отан тарихының маңызды мәселелерінің біріне жататын – Жәңгір хан және оның билігі тұсындағы қазақ-жоңғар қатынастарының кейбір мәселелерін қарастырамыз.

XVII ғасырда Қазақ хандығында билік құрып, белгілі болғаны – төрт хан. Олар – Есім, Жәнібек, Жәңгір, Тәуке хандар. Есім хан ұлы Жәнібек ханнан басқалары тарихымызда белгілі бір дәрежеде өз орнын алды деуге болады. Дегенменде олардың тарихымыздағы алатын орнын анықтауға арналған зерттеулер әлі жалғасып жатыр. Жәңгір хан жөнінде «Салқам Жәңгір» деген сөз тіркесі ауыз әдебиеті арқылы бүгінгі күнге дейін жетсе, тарихшыларымыз – «Билік құрған жылдарын тақ үстінде емес, ат үстінде, жоңғарлармен соғыста өткізген» деп бағалайды. Бұл баға – Жәңгір ханға жайдан-жай берілмеген баға.

Жәңгір ханның арғы ата-бабалары Қазақстан аумағында XIII-XV ғасырларда өмір сүрген Жошы Ұлысы, Ордаежен ұлысы және осы мемлекеттік құрылымдардың негізінде құрылған Ақ Орда хандығының билеушілері болса, бергі аталарының бірі – Жәнібек ханның Қазақ хандығының негізін салушылардың бірі екендігі барлығына мәлім.

Жәңгір хан – Есім ханның тарихта белгілі үш ұлының бірі [1, 221-222-б.]. Есім ханның үлкен ұлы – Жәнібек сұлтан, екіншісі – Жәңгір хан, ал үшінші ұлы – Сырдақ сұлтан. Т.И. Сұлтановтың пікірі бойынша Есім ханның үлкен ұлы – Жәнібек XVII ғасырдың 30-шы жылдарының басында хан тағына отырып, ойрат тайшыларымен көп соғысқан және XVII ғасырдың 40 жылдарының басында ойраттармен болған кезекті бір шайқастардың бірінде қаза тапқан [1, 222-б.]. Ал Сырдақ сұлтаннан Хұсрау сұлтан деген ұл туылады, оның ұлы тарихта белгілі – Қайып хан.

Жәңгірдің шын есімі – Жахангер (парсыша «әлемді бағындырушы, билеуші»). Оның Жәңгір болып айтылуы парсыша есімнің қазақ тілінің ерекшелігіне сай өзгеруінен шығып тұр. Мұндай есім XV-XVIII ғасырлардағы Орталық Азия мен Қазақстан аумақтарындағы билеуші әулет өкілдерінің арасында жиі ұшырасады.

Жәңгір (Жахангер) ханның есімі шығыс деректеріндегі және орыс тіліндегі материалдарда XVII ғасырдың 30-шы жылдарының ортасындағы оқиғаларға байланысты алғаш рет кездесе бастайды. Ондағы дерек мәліметтерінде ол сұлтан лауазымымен айтылады [2, 174-175, 207, 234, 239, 276, 278-бб.].

Ең алғаш Жәңгірдің жоңғарларға тұтқынға түскендігін И.Е. Фишер өзінің Сібір тарихына арналған кітабында жазады. Онда автор 1635 жылы ойраттардың көсемі Батыр хонтайшының Есім ханмен соғысқанын айта келе, оның ұлы Жәңгір сұлтанды жоңғарлардың тұтқынға түсіргенін баяндап өтеді [3, 444-б.]. Автор онда бұл дерегін қайдан алғандығын көрсетпейді. Тарихшының осы материалын кейінгі тарихшылардың бәрі қайталап, И.Е. Фишердің еңбегіне сілтеме береді. 1959 жылы Мәскеу қаласында жарық көрген орыс-монғол қатынастарының жинағында осы тарихи оқиғаға қатысты мәлімет кездеседі. Ол мәлімет 1635 жылдың 19 шілдесінде Тобольск приказдығының кеңсесінде ойрат тайшысы Абактың елшілерінен жазылып алынған. Ол мәліметте ойрат тайшыларының бір тобы 1635 жылдың қыс айларында Қазақ Ордасына аттанғандығы, ал Қазақ Ордасы адамдарының ойраттарға жорыққа шыққандығы, екі жақтың бір-бірімен кездесіп қалып, үлкен шайқастың болғандығы, ойраттардың жеңіске жеткендігі, Есім ханның ұлы Жәңгір сұлтанның (деректе Янгир царевич деп жазылады – Б.К.) тұтқынға алынғандығы және қазіргі кезде ол сұлтанның ойраттардың қолында екендігі айтылады [2, 278-б.]. Кезінде Сібір тарихын жазған Иоганн Фишер осы деректі пайдаланған болуы керек, өйткені оның жазғаны мен дерек мәліметі екеуі мазмұндас келеді.

И.Е. Фишер, одан кейін В.В. Вельяминов-Зернов, М. Тынышпаев, И.Я. Златкин, Т.И. Сұлтанов және тағы басқа кейінгі зерттеушілер Жәңгірді жоңғар тұтқынынан ретін тауып қашып шыққан немесе кездейсоқ сәтті жағдай оның жоңғар тұтқынынан босануына жағдай жасаған деп есептейді [3, 444-б.; 4, 378-б.; 5, 159-160 – бб.; 6, 309 – б.; 7, 129-б.]. Егерде XVII ғасырдың 30-шы жылдарындағы жоңғар қоғамының ішкі саяси өміріне терең назар аударсақ, сонда

ғана Жәңгірдің жоңғар тұтқынынан қалай босап шыққанын түсінуге жол тапқандай боламыз.

Тарихта Жоңғар хандығының құрылған жылы деп 1635 жылдың есептелетіні белгілі. Ал оған дейінгі кезеңде ойрат қоғамының ішкі саяси өмірі қазандағы қайнаған судай тасып тұрған болатын. Жоңғар тарихының ірі маманы И.Я. Златкиннің дәлелдеп көрсетуі бойынша осы кезеңде ойрат одағына енетін тайпалар арасында күрестер күшейіп, талас-тартыстар белең алып тұр еді. Дүрбіттер көсемі Далай тайшы, шоростар көсемі Харақұла тайшы, торғауыттар көсемі Хоурлік, хошоуыттар көсемі Хүндүлен тайшы және тағы басқа тайпалар көсемдері жеке-дара билікке ұмтылып жатқан болатын. Талас-тартыстардың нәтижесінде торғауыттар – батысқа, хошоуттар – Тибетке, қарай қоныс аударады да, ойраттар жерінде шорос тайпасының ролі артып, жалпы билік осы тайпаның көсемі Харақұлаға көшеді. 1634 жылы ол қайтыс болғаннан кейін Харақұланың ұлы, әрі мұрагері Хото-Хоцин Батыр ойрат чулганында (ойрат тайшыларының кеңесі, құрылтай секілді жиын) хошоуыттар көсемі Байбағас тайшымен бірдей дәрежеге ие болады, ал Далай-лама оған хонтайшы титулын береді. Сөйтіп іс жүзінде Батыр хонтайшы ойрат одағының жеке-дара билеушісіне айналады [7, 74-98-бб.]. Батыр хонтайшының билікке келуі қарсаңында Жоңғар хандығының сыртқы саяси жағдайы жалпы алғанда біршама тұрақты болса, ал ішкі саяси жағдайы күрделірек болатын. Батыр хонтайшы ішкі саяси өмірде орталықтандырылған хандық билікті нығайту саясатын жүргізсе, кейбір жергілікті тайпа көсемдері хандық билікке бағынбауға, өздерінің статусын сақтап қалуға немесе қалпына келтіруге тырысады [7, 108-110-бб.]. Осылайша, Жоңғарияның өзінде Батыр хонтайшыға қарсы топ пайда болады. Міне, хонтайшы мен оған қарсы топ арасындағы қайшылық Жәңгір сұлтанның жоңғар тұтқынынан босап шығуына әсер еткен деуге болады. Харақұла тайшы тұсында ойрат чулганын басқарған хошоуыт тайпасының көсемі Байбағас тайшының туған інісі Хүндүлен тайшы – Батыр хонтайшы билігінің күшеюіне бірден-бір қарсы тұрған тұлға болатын. Сол себепті де ол хонтайшының көптеген іс-әрекеттеріне кейде ашық, кейде жабық түрде қарсылықтар көрсетіп отырады. Біз оның біріне – 1643 жылғы Батыр хонтайшының қазақтарға қарсы жорыққа шығу туралы бастамасына қарсы шығып, жорыққа қатыспай қоюын жатқызамыз.

1644 жылы Батыр хонтайшымен әңгімелескен Тобольск әкімшілігінің елшісі Г. Ильиннің есебінде Хүндүлен тайшы мен Далай тайшының ұлдарын, Жәңгір сұлтан мен Жалаңтөс батырды хонтайшы өзінің жауы деп санайтынын, Хүндүлен тайшының Жәңгірді қолдап отыратынын және тайшы оны таңдаулы ұлы (названный сын) деп санайтындығын баяндап береді [7, 131-б.]. Міне, осы мәліметтен біз Жәңгірдің жоңғар тұтқынынан аман-есен босап шығуының себебін түсінгендей боламыз. XVIII ғасырдың 40-шы жылдарының басында Абылай сұлтанның қазақ қоғамындағы саяси ролін жете түсінген жоңғардың саяси элитасының өкілдері оны өлтіргеннен гөрі онымен одақтасуды, жақындасуды дұрыс деп тауып, оны тұтқыннан босатқан болатын. Сол іс-әрекеттері арқылы олар өздерінің болашақтағы жоспарларын жүзеге асыруды ойластырғаны белгілі. Дәл сол сияқты XVII ғасырдың 30-шы жылдарындағы Жәңгір сұлтанның қазақ қоғамындағы алатын орнын білген Батыр хонтайшының қарсыластары Жәңгірді өлтірткізбей, керісінше онымен жақындасуды, одақтасуды ойластырған деуге болады. Ш. Құдайбердіұлы Тәуке ханды Салқам Жәңгірдің қалмақ ханының қызынан туған ұлы деп жазады [8, 25-б.]. Тәуке ханның 1715 жылғы ұзақ өмір сүріп қайтыс болғанына қарап және әкесі Жәңгір ханның билігі тұсында Қашқарияға қазақ елшілігінің құрамында барғанына қарап оны шамамен 1630-шы жылдардың ортасында дүниеге келген деуге болады. Тәукенің анасы қалмақ тайшыларының бірінің қызы болса және туылған жылы XVII ғасырдың 30-шы жылдарының екінші жартысына сәйкес келсе, сондай-ақ Хүндүлен тайшының Жәңгірді ұлым деп санайтындығын ескерсек, онда Жәңгірді жоңғар тұтқынынан құр қол қайтпаған деуге болады.

Осылайша, Жәңгір сұлтан 1635 жылы жоңғар тұтқынынан жоңғарлардың өз қолымен босап, туған еліне аман-сау оралады, жоңғар тайшыларының арасынан өзіне одақтастар тауып қайтады. Бұл одақтастықтың оған 1643 жылғы Батыр хонтайшы әскерімен шайқасында көп көмегі тиеді.

Жалпы, қазақ-жоңғар қатынастарының алғашқы 20 жылдай кезеңіндегі екі жақтың қатысуымен болған ірі оқиғалар саны үшеу. Біріншісі, жоғарыда атап өткен 1635 жылғы қазақ-жоңғар шайқасы, екіншісіне – 1643 жылғы қазақ-жоңғар шайқасы жатады. Ал үшінші ірі оқиға, ол – 1652 жылғы Жәңгір хан қаза табатын шайқас. Қарап отырсақ, осы үш оқиғаға Жәңгір тікелей қатысып, оқиғалардың басында жүрген екен. Жәңгір

ханның өміріне қатысты ең көп кездесетін мәліметке – 1643 жылғы шайқас туралы мәлімет жатады. Бұл кезде Жәңгір әлі сұлтан дәрежесінде болатын. Жоңғарияға барып келген орыс елшілерінің есептерінде оның дәрежесін сұлтан деп жазады. Мысалы, 1640 жылы қыркүйек айында жоңғар хонтайшысының ордасында қазақ сұлтаны Жәңгір сұлтанның елшісі болғандығын орыс деректері хабарлайды [7, 129 б.].

1643-1644 жылғы қазақ-жоңғар соғысы туралы ең алғашқы хабарды Г. Ильин береді. Ол 1644 жылы ақпан айында Батыр хонтайшының ордасынан Тобольскіге қайтып оралып, воевода Куракинге осы соғыс туралы баяндайды [7, 129-б.]. Дәл осы жылы және сол айда Тобольскіге келген ойрат көсемдерінің бірі Абылайтайшының елшісі Бахтыйдың хабарламасында да 1643-44 жылғы қазақ-жоңғар соғысы туралы айтылып, ол да Г. Ильиннің мәліметін растайды және оны толықтыра түседі [7, 130-131-бб.]. Екі мәліметтің үзінділері И.Я. Златкиннің монографиясында келтірілгендіктен, біз оның бәрін қайталап жатпай, тек осы соғысқа және Жәңгірге қатысты жерлерін ғана сілтеме ретінде пайдаланамыз.

Батыр хонтайшының қазақтарға қарсы жорығы 1643 жылдың қысында басталып, 1644 жылдың жазының ортасына дейін созылады. Жоңғар билеушісі жағында көптеген ойрат тайшылары, Халха билеушісінің ұлы Омбо-Эрдени болып, жалпы саны 50 мың әскер жорыққа шығады. Бұл жорыққа Жәңгірдің одақтастары Хүндүлен тайшы, Далай тайшының ұлдары қатысудан бас тартқанын елші Бахтыйдың мәліметі дәлелдейді. Бір қызығы, Г. Ильиннің дерегінде Батыр хонтайшының Жәңгір сұлтанға қарсы аттанғандығы баса айтылады. Сол кездегі қазақ ханы Жәңгірдің ағасы Жәнібек болса да, ол туралы ешкім де сөз қылмайды. Барлық деректерде тек Жәңгір сұлтанның есімі ғана айтылып отырады. Бұл жағдай XVIII ғасырдың 40-60 жылдарындағы қазақ сұлтаны Абылайдың тарихи ролін еске түсіреді.

Жәңгір сұлтан жоңғар әскерінің қазақтарға қарсы дайындығынан хабардар болған сияқты. Мұны Жәңгірдің Хүндүлен тайшымен достығының нәтижесі деп білу керек. Жәңгір сұлтан Батыр хонтайшының жорық бағытын да алдын-ала біліп, оларға қарсы тұратын ыңғайлы жерді таңдап та алады. Самарқандағы досы Жалаңтөс батырға да хабар жібереді. Өзі 600 адамдық әскерімен жау әскеріне қарсы аттанып кетеді. Жоңғар әскерінің бағытындағы тар тау шатқалының ішінде окоп қаздырып, онда мылтықпен қаруланған

300 жасағын қалдырады да, өзі қалған әскерімен қарсы беттегі тастардың артына бекінеді. Хонтайшы әскері окоптағыларға жақындағанда Жәңгірдің 300 жасағы оларға оқ атып бетін қайтарады. Екінші жақтан сұлтанның өзі соққы береді. Шатқалдың өте тарлығынан қалмақ әскері сандық артықшылығын пайдалана алмайды, маневр жасауға мүмкіндіктері болмайды. Батыр хонтайшы екі рет шабуыл жасайды, бірақ ол екеуі де ешқандай нәтиже бермейді. Сол кезде Самарқан әкімі Жалаңтөс батырдың 20 мыңдық әскері де келіп жетеді. 10 мыңдай адамынан айырылған жоңғар әскері кері шегінуден басқа амал таппайды [7, 130-б.]. Бұл соғыс Жәңгір сұлтанның атақ-абыройы мен беделін қалай асқақтатса, Батыр хонтайшының беделіне зор нұқсан келтіреді.

Орыс елшісі мен жоңғар елшісінің жазбаларына қарағанда, Батыр хонтайшы бұл жорықтан еліне 1644 жылдың шілде айында оралған. Келе сала Жәңгір мен Жалаңтөстен кек алу үшін жаңа жорыққа қатты даярланады. Сонымен бірге жорыққа қатысудан бас тартқан Хүндүлен тайшы бастаған қарсылас топты жазалауды да ойластырады. Осыған байланысты ол Кузнецк уезінен көптеген қару-жарақ сатқызып алады [7, 131-б.]. Бірақ неге екені белгісіз, Батыр хонтайшының келесі жылға жоспарлаған Жәңгірге қарсы жорығы жүзеге аспай қалады. Біздің ойымызша, оның екі себебі болған сияқты. Бірінші себепке – Жоңғарияның өз ішіндегі саяси жағдайдың ушығып кетуі жатса керек. Хонтайшының қарсыластарын жазалауға кірісуі оны Хүндүлен тайшымен ашық шайқасқа шығуына алып келеді, бірақ хонтайшы өз мақсатына жете алмайды. Мұндай жағдайда қазақтарға қарсы жаңа жорық жасау оны тағы да масқара жеңіліске әкелері сөзсіз еді. Ал екінші себепке жататын жағдайға – осы кезден бастап Жәңгірдің бүкіл қазаққа хан болуы Батыр хонтайшыны жаңа соғысқа барудан бас тартқызып деп ойлаймыз.

Жәңгірдің дәл қай жылы хан болғаны белгісіз. Осыған байланысты Т.И. Сұлтанов мынадай пікір білдіреді: «Ағасы Жәнібек ханның өлімінен кейін шамамен XVII ғасырдың 40-шы жылдарының ортасына таман Жахангер бүкіл қазаққа хан болады» [1, 223-б.]. Біз де осы пікірге қосыла отырып, Жәңгірдің таққа отырған кезін 1643/44 жыл деп санаймыз. Хандық билікке келгенге дейін-ақ қазақ қоғамы ішінде өте зор беделге ие болған Жәңгірдің ағасынан кейін Түркістандағы хан тағын иеленгендігі заңды құбылыс.

Жәңгір ханның тақта қандай саясат жүргізгені бізге беймәлім. Жазба деректердің мәлімет-

теріне қарағанда ол үнемі ат үстінде, жаумен соғыста, алыс жорықтарда жүргендей әсер береді. Оның өміріне қатысты соңғы дерекке – 1652 жылғы қазақ-жоңғар шайқасында Жәңгірдің қаза табуы туралы мәлімет жатады. Осы дерек мәліметіне тереңірек тоқталып, 1652 жылғы ұрысқа, Жәңгір ханның өліміне қатысты ойларымызды білдіріп көрелік.

Кейбір тарихи әдебиеттерде 1652 жылғы қазақ-жоңғар соғысы жеке, екі ел арасындағы кезекті бір соғыстың бірі деп қарастырылады. Мәселеге тереңірек үңілсек, оның 1643 жылғы қазақ-жоңғар соғысының жалғасы екендігіне көз жеткіземіз. Бұған дейін жоғарыда айтып өткеніміздей, 1643/44 жылғы жеңілістен кейін Батыр хонтайшы Жәңгірден кек алу үшін жаңа соғысқа дайындалады. Ол үшін оған алдыменен Жоңғариядағы Жәңгірдің одақтастары – Хүндүлен тайшыны, Далай тайшының ұлдарын жеңу керек болатын. Жоңғарияның екі саяси серкесі арасындағы келіссөздер нәтижеге бермей, қатынас ушыға түседі де, ақыры 1646 жылы ол әскери қақтығысқа әкеп соқтырады. Жәңгір ханның одақтасы сол қақтығыста 250 адамынан айырылады да, шегінуге мәжбүр болады. 1647 жылы Зая Пандита соғысушы жақтарды татуластыруға күш салады. Оларды бір-бірімен жолықтырып, бетпе-бет сөйлестіреді. Бірақ ол ойдағыдай нәтиже бермейді.

Одан кейінгі жылдары жоңғар тайшылары арасында бірнеше жылға созылған қақтығыстар Батыр хонтайшыға қазақтарға қарсы аттануға қолбайлау жасайды. Бірақ та жоңғарлар билеушісі жаңа жорыққа даярлығын тоқтатпайды.

Батыр хонтайшының қазақтарға жорығы ақыры 1652 жылы жүзеге асады. Оған қарсы Жәңгір ханның өзі қазақ әскерін бастап шығады. Бірақ дерек мәліметтері ұрыстың қалай жүргені туралы баяндамайды. Тек Батыр хонтайшының одақтасы, хошоуыт тайпасының көсемі, Очирту-Цецен ханның 17 жасар ұлы Галдамның Жәңгір ханды өлтіргенін ғана айтады [7, 132-б.]. И.Я. Златкин дерек мәліметіне сүйеніп, Жәңгір хан жекпе-жекте Галдамнан жеңіліп өлтірілді деп жазады. Бірақ мұндай мәліметке сене қою қиын. Өйткені ұрыс басталар алдында жекпе-жекке тек екі жақтың мықты, сенімді батырларының ғана шығатыны белгілі. Ал Жәңгір ханның қалай қаза тапқаны туралы біз, өзіндік ойларымызды ортаға салып көрелік.

1643/44 жылғы соғыста орасан көп қолмен жеңіліс тауып, масқара болған Батыр хонтайшы 1652 жылғы жорықта қалай болса да Жәңгір ханды өлтіруге бел буған. Сол үшін

де ол арнайы мерген-садақшылардан адамдар даярлап, оларға ұрыстың қызған кезінде қазақ ханының жанына мүмкіндігінше жақын барып, өлтіруді тапсырған. Бұл тапсырманы жоғарыда есімін атап өткен 17 жасар Галдам орындап шыққан. Осылайша, бүкіл ғұмырын ат жалында өткеріп, елі мен жерінің азаттығы мен тәуелсіздігін сақтау жолында жауларымен алысып, арпалысып өткен қазақ ханы – Жәңгір хан нағыз ерлерше, нағыз батырлардай қан майданда қаза табады. Оның денесі Түркістандағы Қожа Ахмет Йасауи кесенесінің жанына қойылады. Жәңгір ханға дейін кесене жанына әкесі Есім хан, көкесі, яғни Есім ханның ағасы Ондан сұлтан, туған ағасы Жәнібек хан және тағы басқа белгілі тұлғалар жерленген болатын. Оның да осы қалада жерленуін қалыптаса бастаған дәстүрді сақтау және оны одан әрі жалғастырудан туындаған деп есептейміз.

Енді бір-екі ауыз сөз, Жәңгір ханның ұрпақтары туралы болмақ. Қолымызда бар материалдар Жәңгір ханның екі қызы және үш ұлы болғандығын айтады. Оның басқа да ұл-қыздары болуы мүмкін, бірақ олар жөнінде ешбір деректе айтылмайды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, Жәңгір ханның деректерде кездесетін екі қызының бірі – аштарханилық Абд ал-Азиз ханға, екіншісі, Қазақ ханым атты қызы – Шығыс Түркістандағы шағатайлық Абдоллах ханның ұлы Жолбарыс ханға ұзатылады.

Жәңгір ханның ұлдарының үлкені – Аппак сұлтан. Жәңгір ханның тұсында оның қазақ елшілігі құрамында Шығыс Түркістанға барғаны Шах Махмұд шоростың дерегінде айтылады. Келесі ұлдарының бірі – Тәуекел сұлтан. Ол қазақ тарихында – Тәуке, Өз Тәуке деген есіммен қалды. Ш. Құдайбердіұлының материалдарында Жәңгір ханның тағы бір ұлының есімі аталады. Оның есімі – Уәлибақи. Ол Үргеніштегі Ғайып ханның қызынан туған делінеді және қалмақ әйелден туған Тәуке әкесінен соң таққа отырғанда, өкпелеген Уәлибақи Үргеніштегі Ғайып ханға кетіп қалған еді делінеді [8, 25-б.].

Енді жоғарыда айтқан барлық ойларымызды қорыта келе, мынадай тұжырымға келеміз.

Біріншіден, XVII ғасырдың екінші ширегіндегі қазақ тарихындағы тарихи тұлға – Жәңгір ханның жеке өмірі мен билікке келген жылына қатысты кейбір мәселелер нақтылана түсті дейміз.

Екіншіден, 1643/1644 жылғы қазақ-жоңғар шайқасына қатысты мәселелер де нақтыланып, бұрынғы беймәлім тұстарға қатысты тұжырымдар берілді. Жәңгір ханның қаза табуы жөніндегі кейбір ескі тұжырымдар жоққа шығарылып, автордың ғылыми негіздегі жеке пікірлері ұсынылды.

Жалпы қорыта келе, Жәңгір ханға және сол кезеңдегі қазақ-жоңғар қатынастарына қатысты болашақта табылатын тың деректер мен материалдар мәселені одан әрі аша түседі деген ойдамыз.

Әдебиеттер

- 1 Султанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-хана. – Алматы, Дайк-Пресс, 2001.
- 2 Материалы по истории русско-монгольских отношений. Русско-монгольские отношения. 1607-1636: Сборник документов. – М., 1959.
- 3 Фишер И.Е. Сибирская история с самого открытия Сибири до завоевания сей земли российским оружием. – СПб., 1774.
- 4 Вельяминов-Зернов В.В. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Часть вторая. – СПб., 1864.
- 5 Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия проф. Такенов А.С. и Баигалиев Б. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993.
- 6 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992.
- 7 Златкин И.Я. История Джунгарского ханства. 1635-1758. 2-е изд. – М.: Наука, 1983.
- 8 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991.

Referenses

- 1 Sultanov T.I. Podnjatyje na beloј koshme. Potomki Chingiz-hana. – Almaty, Dajk-Press, 2001.
- 2 Materialy po istorii russko-mongol'skih otnoshenij. Russko-mon-gol'skie otnoshenija. 1607-1636. Sbornik dokumentov. – M., 1959.
- 3 Fisher I.E. Sibirskaja istorija s samogo otkrytija Sibiri do zavoevanija sej zemli rossijskim oruzhiem. – SPb., 1774.
- 4 Vel'jaminov-Zernov V.V. Issledovanie o Kasimovskih carjah i carevichah. Chast' vtoraja. – SPb., 1864.
- 5 Tynyshpaev M. Istorija kazahskogo naroda. Sostaviteli i avtory predis-lovija prof. Takenov A.S. i Baigaliev B. – Alma-Ata: Kazak universiteti, 1993.
- 6 Kljashtornyj S.G., Sultanov T.I. Kazahstan letopis' treh tysjacheletij. – Alma-Ata: Rauan, 1992.
- 7 Zlatkin I.Ja. Istorija Dzhungarskogo hanstva. 1635-1758. Izdanie vtoroe. – M.: Nauka, 1983.
- 8 Qudajberdiyly Sh. Tyrik, kyrgyz-kazak ham handar shezhiresi. – Almaty: Kazakstan; Sana, 1991.

Сайлан Б., Раушанбек Б.
**Қазақ халқының әскери
өнеріндегі батырлар образы**

Бұл мақалада қазақ халқының халық болып қалыптасуына қаһарман батырларымыздың қалай үлес қосқаны туралы жазылған. Батырлар – жалпы өзіндік идеологиясы, моральдық этикасы мен өзіндік салт-дәстүрі, діни-нанымы, ырым жоралары бар қоғамдағы ерекше тап өкілдері болды. Әскери кәсібі мен жауға шапқан қасиетті, асыл бұйымдары – қару-жарағын да ұрпағына мұра етіп қалдырғандығы жайлы сөзге тиек етілген. Отан алдындағы парызы елін, жерін жаудан қорғау деп біліп, бар өмірін осы жолда сарп етті. Намысты биікке ту етіп көтерген батырлар өз ұрпағын да ержүрек жауынгер ретінде шыңдап, ұлы жолға бағыттай білген. Мақаланың басты мақсаты батырларымыздың ерен еңбегін, ұлы жолын дәріптеп жеткізе білу. Өскелең ұрпақтың бойына ұлы тұлғаларға деген құрмет сезімін қалыптастыру.

Түйін сөздер: батыр, әскери кәсіп, жауынгер, жорық, соғыс, қару-жарақ, халық.

Sailan B., Raushanbek B.
**The heroes character in military
art of the Kazakh nation**

This article was written about how our belligerent heroes contributed to the formation of the Kazakh nation. The heroes were members of a special class in a society with universal own ideology, moral ethics and traditions, religious beliefs, custom. Mentioned about legacy to posterity of the precious wares and weapons in a soldiery and the attacking on the enemy. Considered that it their duty of motherland and they sacrificed their lives to protect the country and the land. Noble heroes prepared their descendants brave soldiers and instructed in a great path. The main purpose of the article is to convey the significant work and the great path of our heroes. Developing in young people a sense of respect for great personalities.

Key words: hero, soldiery, soldier, camping, war, weapon, nation.

Сайлан Б., Раушанбек Б.
**Образ героев в военном
искусстве казахского народа**

В этой статье повествуется о том, как наши воинственные герои вносили лепту в формирование казахского народа. Герои были представителями особого класса в обществе с собственной идеологией, моральной этикой и традициями, религиозными убеждениями и обычаями. Упомянуется также и о наследии потомству священных, драгоценных изделий и оружия в военном ремесле и нападении на врага. Считая это долгом перед родиной, они жертвовали своими жизнями ради защиты страны и земли. Благородные герои готовили своих потомков отважными воинами и наставляли на великий путь. Главная цель статьи – превознося, донести весомый труд и великий путь наших героев, формировать у молодежи чувство уважения к великим личностям.

Ключевые слова: герой, военное ремесло, воин, поход, война, оружие, народ.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІНДЕГІ БАТЫРЛАР ОБРАЗЫ

Сан ғасырлық тарихымызда мақтан тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар оқиғалар мен ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, ұлтының тұтастығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ батырлары, Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен байқасақ, ежелден-ақ ру-тайпаларымыздың өз жерін еш жауға бастырмай, шыбын жанын шүберекке түйіп, қасық қаны қалғанша күрескен жауынгерлік істері бізге аманат болып жеткен. Қазақтың ұлан-байтақ даласын мыңдаған жылдар бойы «найзаның ұшымен, білектің күшімен қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» батыр ата-бабаларымыз аман сақтап келген.

Батырлар – дала серілері. Кәсіби сарбаздардың осынау әлеуметтік тобы болмаса, қазақ халқының өмір сүруі де, өзінің мемлекеттілігін қорғап қалуы да мүмкін болмас еді. Нағыз сарбаз тек осы кәсіби ортадан ғана шыққан. Қоғамның ерекше әлеуметтік тобы ретінде батырлардың өзіндік әлеуметтік нормалары, тәртіп ережесі, идеологиялық ұстанымы, ерекше өмір салты, әдет, салт-дәстүрі мен әскери әдептілігі және бұлардың көшпенді қоғамның басқа да әлеуметтік топтарымен өзара қатынасын реттеп отыратын қағидалары болды [1, 67-б.].

Қазақ халқының батырларын ерте кезде-ақ жыр эпостар мен аңыздарда айтылған. Сол айтылған аңыздардағы батырлардың келбеті: ірі денелі, отбасын, отанын, жерін, халқын қорғайтын, жау қолында қалса да, еліне сатқындық жасамайтын намысшыл ер тұлғалы батырлардың болғаны анық.

Ел аузындағы деректерге зер салатын болсақ, ХҮІІІ ғасырдағы батырлар ерен ерлік істеріне байланысты марапатталып отырған. Олар үшін жер өте қымбат та қастерлі болған. Әр батырға соғыста көрсеткен ерен ерліктеріне, жауды жеңуіне қарай қоныс бөледі. Алақолдей кермарал сұлу көлді Қабанбай батырдың ұрпағының иемдену себебі, ұлы бахадүр бабамыздың ерлігі деп білуге болады. Қапалдай ғажап өлкенің Шоңай, Есенгелді батырлардың ұрпақтарына мирас етілуі бабалар ерлігінің арқасы десек, артық айтпаймыз [2, 7-б.].

Батырлық атадан қалған кәсіп болып, атадан балаға мұра ретінде қалып отырған және ата жолын жалғастыру міндетті болды. Батырлар әулетінде туылған ер бала жастайынан со-

ғыстарға қатысып, шындалды. Осылайша ата кәсіп жауынгерлік дәстүрді жалғастырды. Батырлық жырлардағы Ер Қосай, Едіге, Ер Тарғын. ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырлардағы Райымбек, Бөгенбай т.б. батырлар, берідегі Исатай, Жанқожа батырлар бәрі де ата-бабасынан ұрпағына дейін батыр болғандар. Батырлардың ең басты ерекшеліктерінің бірі де тек қана әскери кәсіппен айналысуы. Басқа кәсіппен шұғылдандуды өздеріне ар санайтын. Сондықтан олардың бар өмірі соғыста өтетіндіктен, қартайғанша қолынан қаруын тастамай, батырлар үшін соғыста қаза болуды қасиетті өлім деп санады. Батырлар әулеті үшін ата кәсібін жалғастырмау – масқаралық. Сондықтан батырдың балаларының ерте жастан, 13-15 жастан-ақ соғысқа қатынасып, жорыққа аттанғаны эпостарда, тарихи жырларда айтылады. «Шынжырлы тұқым», «шынжырлы ер», «шыншырлы туған», «шынжыры үзілмеген» сияқты сөздердің ауыз әдебиетінде жиі кездесуі, бұл ұғымның тұрақты ұғым, қалыптасқан түсінік екенінің дәлелі [3, 16- б.].

Ата-кәсіп ұрпаққа жалғасатын болғандықтан батырлар әулетінде қару-жарақ атадан-балаға мұра болады. Егер мұрагері жоқ болса, өлгенде қаруын бірге жерлеген. Кей деректерде ер адам моласының басына найза шаншылған. Батырдың жаны мен қарудың өзара байланысы деген сенімнен туған болу керек, кейде батыр өлгенде оның қарулары сындырылып, арнайы білдіру ырымы да бар. Археологиялық қазбаларда көшпелілер батырларының обаларынан табылған, сынған қарулардың кездесуі осы ырыммен байланысты болуы керек [4, 83-б.].

Әскери әлеуметтік топ ретінде батырлардың өзіндік этикасы болды. Оны олар өте қатты ұстанған. Үлкен айқастар әрқашанда жекпе-жектен басталатындықтан жекпе-жекке қатысу батырлардың басты міндеттерінің бірі. Жауынгердің шын мәнісінде батыр атануы осы жекпе-жек айқастарда жеңіске жетуден басталатын. Жекпе-жек айқастың алдында батырлар бір-бірінің атын сұрап, өзін таныстыруға тиісті. Бұдан батырлар қарсыласын жеңсе, кімді жеңгенін, жеңілсе, кімнен жеңілгенін біліп, екі жақтың әскері де жекпе-жекке қатынасқан, батырлардың есімдерін есте сақтап, осы арқылы жеңімпаз батырлардың атағы шартарапқа кетіп жататын. Көбіне жауынгерлер батыр (баһадүр) титулына осындай жекпе-жекте жеткен жеңісінің нәтижесінде ие болды. Осындай жеке айқаста ғана кәсіби жауынгердің жауынгерлік өнері сынға түсіп, шеберлігі шындалып, ерлігі жетілді. Жеке

айқаста жау батырларын жеңу батырлардың атын шығарып, дәрежесін өсіретіндіктен, кәсіби, жауынгер үшін оған қатысу үлкен абырой да болды [5, 71-б.].

Мысалы, 1726-27 жылдары сұлтандар мен билер қазақ жерін жоңғар шапқыншыларынан азат етуде қазақ руларының басын біріктіру саясатын қолға алды. Ордабасында Әбілқайыр хан бас қолбасшы болып сайланды. Қазақ қолының сардарбегі болып атақты батырлардың ішінен Қанжығалы Бөгенбай сайланды. Жиналыста елімізді жоңғар басқыншыларынан азат ету жолында қазақ халқы бас біріктіріп, бар күшті жоңғарларға қарсы жұмылдыруға шешім қабылдады.

Қазақ әскерінің сол қанатын Әбілмәмбет хан, Сәмеке сұлтан, Қазыбек би, Қабанбай батыр басқарды. Әскердің оң қанатын Төле би, Саңырық, Қойгелді, Қосын Шінет, Мәмбет, Сәңкібай, Шойбек батырлар басқарды. Әскердің орталық тобын Әбілқайыр, Әйтеке би, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек батырлар басқарды. Шайқас барысында жалпы қолбасшылықты Әбілқайыр жүргізді. Жоңғарлар да бұл шайқасқа жан-жақты дайындалған болатын. Олардың әскерінің саны да 28-30 мың болған. Шайқас жекпе-жектен басталады. Жоңғар жағынан талантты әскери қолбасшы, атақты күрескер Шарыш батыр шыққан. Қазақтар жағынан Сабалақ батыр шығады. Жекпе-жек қарсаңында Сабалақ Абылай атасының аруағына сыйынып, атын ұран еткен. Жекпе-жекте Сабалақ батыр жеңіске жетеді. Сабалақтың жеңісі қазақ сарбаздарының рухын көтеріп, жеңіске жетеледі. Осы тарихи оқиғадан кейін Сабалақ батыр (шын аты Әбілмансұр) Абылай есіміне ие болды [6, 238-б.].

Аңырақай шайқасына қатысқан қазақ сарбаздары асқан ерлік көрсетті. Қаракерей Қабанбай, Саңырық, Шақшақ Жәнібек, Тама Есет, Шапырашты Наурызбай, Райымбек, Құдайменді Жібекбай, Сенгірбай, Шүйкебай тағы басқа батырлар қанды шайқастардың алдыңғы шептерінде болып, талай рет суырылып шығып, ерлік үлгісін танытты. Батырлар өзіндік шешім қабылдай алатын, соғыс ісін жан-жақты білетін, әскери стратегия, тактикамен таныс тәжірибелі ерлер еді.

Батырлардың өлімге көзқарасы басқалардан өзгеше болды. Батырлар әскери кәсіппен үнемі шұғылданып, соғыстан бас үзбейтін болғандықтан, олар өлімді кез келген уақытта қабыл алуға тәрбиеленді. Олар үшін ең өкініштісі соғыста өлмеу, олар үшін өзінің жауынгерлік намысы, әскери парызы өлімнен жоғары тұрды.

Ел үшін, ханы үшін жанын қию парыз – даңқ санады.

Батырлар алдындығы басты принцип – Отан және оның жер аумағын қорғаудан басқа біз осы жыраулар арқылы, жорық кезіндегі батырлардың басқа да мүдде-міндеттерін білеміз: жорықта жүру, қол бастау, қару асыну, сауыт қию, майдан жасау, жаудан олжа түсіру, елді асырау, халықты тойғызу, тұлпар міну, сұлу құшу, қару соқтыру, әскери өнер үйрену, кек алу. Бұлар батырлардың өзіндік және ол мүше болып табылатын, өмір сүріп отырған мемлекетінің мүдделері болып табылады [7, 92-б.].

Жекпе-жек ер қаруының әр түрімен айқасудан: жақпен атысудан, найзаласудан, қылыштасудан, күрзімен ұрысудан, балталасудан кезектесіп ұрыс жүргізу арқылы өткен және айқас жауынгердің біреуі жеңіске жеткенше жүргізілген. Көне әскери салт бойынша батырлар міндетті түрде қарсыласы қолданған қарумен айқасуға тиісті болған. Яғни қарсыласы найза алса, ол да найзамен айқасты, қылыш ұстаса, ол да қылышты қолға алды. Егер қарумен айқаста батырлар бір-бірін жеңе алмаған жағдайда аттан түсіп жаяу күресетін болған.

Кәсіпқой жауынгер жекпе-жек айқас кезінде ер қаруының әр түрімен шабуыл жасаудың және қорғанудың өзіндік түрлі әдістерін шебер меңгеруге машықтанды. Батырлар жекпе-жекке жақсы дайындалып, бес қаруын сайлап, берік сауыт, шарайналар киіп шыққан. Қандай берік болса да, сауытты кигенде, әр сауыттың конструкциясына байланысты, адам денесінің ашық қалатын жерлері болды. Қару жұмсағанда батырлар қарудың әр түрімен қарсыласының осындай «ұрымтал жерлерінен» ұруға тырысып, жеңіске жеткен жағдайда батыр қарсыласын өлтіріп, басын кесіп қанжығасына байлап, аты мен қару жарағын олжалап алатын [3, 73-б.].

Батыр елі үшін жанын аямай күресетін асқан патриот, жақсылыққа жаны құмар ізгі жан. Ол жау қолына қатал, мейірімсіз болса, туған-туысқан, отбасына, ел жұртына соншалықты мейірімді, жұмсақ, аңғал да ақкөңіл жан. Қазақтың жауынгерлік дәстүрін қазақ халқының көшпелі тіршілігіне, қоғамдық құрылым

ерекшелігіне байланысты қарастыратын болсақ, жауынгерлік дәстүр-тұтас қазақ қолынан жауынгерлік сипаттағы әзірлігін үзбей ұстауы. Бұл жерде қазақ халқы ұлт болып қалыптасу дәуірінен бастап күні кешеге дейін жауынгерлік жағдайда өмір сүріп өз елін, жерін, тәуелсіздігін үнемі қорғап отыруға тура келді. Сол себепті қолына қару ұстауға жарайтын азамат кез келген уақытта қазақ әскерінің жауынгері болып табылатын [8, 71-б.].

Қазақ халқы батырлық жырларға бай халық. Бүкіл көшпелі түркі халықтарына ортақ, көне заманда тасқа жазылған Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштері, оғыз заманында пайда болған, «Оғызнама», «Қорқыт Ата кітабы», ноғайлы дәуіріне жататын «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» эпостары, Жоңғар шапқыншылығы кезінде елін қорғаған Қабанбай, Бөгенбай батырлар туралы тарихи жырлар, отаршылдыққа қарсы күрескен Кенесары, Сырым, Исатайға арналған дастандар сияқты мол қазынамыз бар [3, 6-б.].

Талай ғасырды басынан өткеріп, бізге жеткен батырлар туралы аңыздар, жырлар, өсиет сөздер бүгінгі ұрпақтың еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін қалыптастыруда басты орын алады. Батырлар жырының мұңы туған елін, жерін жаудан қорғаумен қатар, батырлардың қайсар қаһармандығын, ерлігін, суреттей отырып, ұрпақ тәрбиесіне өшпес мұра қалдырып отыр.

Қорытындылай айтқанда, батырлар – өмірінің көп бөлігі соғыста өткен, кәсібін ұрпақтарына мұра еткен, елдегі билікті өздері де саралай білген, ерекше қадір-қасиетке ие қабілетті тұлғалар болды. Сондай-ақ, қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы жолында талай қиын-қыстау күндерді бастан кешірді. «Мың өліп, мың тірілген» тарихи заманда жауға қасқайып қарсы шапқан, ерлік көрсеткен батырларымыз көп. Сондықтан, көшпелі қоғамда ел үшін өмірін құрбан еткен батырлардың биік парызын киелеу салты қалыптасып отырды. Елі үшін тағдырын талақ еткен батырларымыздың есімдері киелі сақталып, ұрпақтан ұрпаққа, кешеден бүгінге жетіп, жалғасып келеді. Ер есімі – мәңгілік ел есінде...

Әдебиеттер

- 1 Ахметжан Қ. Батырлар дала серілері// Қазақ батырлары туралы. – Алматы: Nomad- Kazakhstan, 2005. – №2. – 66-71 бб.
- 2 Иманбаев Т. Батырлар тарихы – ел тарихы// Президент және халық. – Алматы: 2009. – 1 мамыр №17. – 7 б.
- 3 Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы: Дәуір, 1996. – 238 б.

- 4 Картаева Ш.Е. Қазақ халқының әскери өнері және жауынгерлік дәстүрі (ХҮ-ХҮІғ) // Тарих ғылымдарының кандидаттық диссертациясы. – Алматы, 1999. – 190 б.
- 5 Ахметжанов Қ.С. Батырлардың жауынгерлік жекпе-жегінің әскери моральдық психологиялық және ғұрыптық аспектілері // Қазақ білім академиясының баяндамалары. – 2011. – №1. – 70-79 бб.
- 6 Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – I-том. – 380 б.
- 7 Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1989. – 4-том. – 391 б.
- 8 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 51: Батырлар жыры. – Астана: Фолиант, 2008. – 448 б.

Rerences

- 1 Akhmetzhan K. Batyrlar dala serileri // Kazak batyrlary turaly. – Almaty:Nomad- Kazakhstan, 2005.–№2.–66-7 bb.
- 2 Imanbaev T. Batyrlar tarihy– el tarihy // –Prezident zhane halyk. – Almaty: 2009. – 1 мамыр №17:–7b.
- 3 Akhmetzhanov K.S. Zharagan temir kigender (Batyrlardyn karu-zharagy, askeri oneri, salt-dasturleri). – Almaty: Daur, 1996.–238b.
- 4 Kartaeva Sh.E. Kazak halkynyn askeri oneri men zhauyngerlik dasturi(15-16g) // Tarih gylymdarynyn kandidattyk dissertatsiyasy. – Almaty: 1999. – 190 b.
- 5 Akhmetzhanov K.S.Batyrlardyn zhauyngerlik zhekpe-zheginin askeri moraldyk psihologiyalyk aspektileri // Kazak bilim akademiya synyn bayandamalary. –2011. – №1.– 70-79 bb.
- 6 Ortlyk Aziya koshpelileri tarihy. – Almaty: Kazak universiteti, 2015. – I-том. – 380 b.
- 7 Batyrlar zhyry. –Almaty: Zhazushy, 1989. – 4-том. – 391 b.
- 8 Babalar sozi: zhuz tomdyk, T. 51:Batyrlar zhyry. – Astana: Foliant, 2008. – 448 b.

3-бөлім
**ЖАҢА ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ**

Раздел 3
**НОВАЯ И НОВЕЙШАЯ
ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА**

Section 3
**MODERN AND CONTEMPORARY
HISTORY OF KAZAKHSTAN**

Мекебаев Т.Қ.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**Тұтас Түркістан идеясы және
Мұстафа Шоқай**

Мақалада Мұстафа Шоқайдың Ресей қоластындағы Түркістан түркі халықтарының басын қосуды ойлап Тұтас Түркістан идеясын жүзеге асыруда саяси қызметі туралы айтылып, жат жұртта аса ауыр жағдайда жүріп Түркістанның тәуелсіздігі үшін ерен ерлік танытқан Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы тәуелсіздік идеясы үшін күресінің келесі сатысы туралы біршама баяндалады. Эмиграцияда жүріп, қолына қару емес, қалам алып баспасөз арқылы Түркістанның тәуелсіздігіне арналған іс-әрекеті туралы кейбір мәселелері өз еңбектерінен келтіріледі.

Түйін сөздер: Мұстафа Шоқай, Түркістан автономиясы, эмиграция, түркі халықтары.

Mekebaev T.K.,
Kumganbaev Zh.Zh.

**Mustafa Chokai and the idea of a
united Turkestan**

The article deals with the political activities of Mustafa Chokay to unite the Turkic peoples who have been the colonial policy of Russia, Turkestan, as well as in the article refers to the work of Mustafa Chokay abroad in the struggle for independence of Turkestan. Mustafa Chokai in exile through the printed edition has been active in information activities on the issue of acquisition of Turkestan independence.

Key words: Mustafa Shokai, Turkestan autonomy, emigration, Turkic peoples.

Мекебаев Т.Қ.,
Кумғанбаев Ж.Ж.

**Мұстафа Чокай и идея
объединенного Туркестана**

В статье рассматривается политическая деятельность Мустафы Чокая по объединению тюркских народов, которые подверглись колониальной политике России, Туркестана, а также деятельность Мустафы Чокая за рубежом в борьбе за независимость Туркестана. Мустафа Чокай, находясь в эмиграции, посредством печатных издания вел активную информационную деятельность по проблеме обретения независимости Туркестана.

Ключевые слова: Мустафа Чокай, Туркестанская автономия, эмиграция, тюркские народы.

ТҰТАС ТҮРКІСТАН ИДЕЯСЫ ЖӘНЕ МҰСТАФА ШОҚАЙ

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізгеннен кейін бұрынғы, яғни кеңестік билік тұсында бұрмаланған тарихымызды қайта қарауды кең қолға алды. Оның ішінде қазақ халқының біртұтастығын, егемендігін ұстанған, ал кеңестік саясаттан бас тартқан ұлт зиялы қауымы өкілдерінің тәуелсіз автономиялы мемлекет жолындағы қызметтері кеңестер тұсында зерттелген жоқ. Ал атап айтар болсақ, кеңестік билік тұсындағы тарих ғылымында түркі халықтарының ортақ мүдделерін алға тартқан қоғам қайраткерлері жүргізген саясат қудалауға түсті. Бұл зиялы қауым өкілдерінің ұсыныстары, идеялары мен ұстанған саясаттары, ортақ мүдделері мұрағат қойнауында қалып, оны зерттеуге мүлдем тыйым салынды. Өйткені олардың көздеген мақсаты мен ұстанған қағидалары елдің егемендігі болатын.

Қазақ елінің өткен сындарлы тарихына көз жүгіртіп қарайтын болсақ, мемлекетіміздің тәуелсіздік жолындағы өткен кезеңдері сан қилы саяси-әлеуметтік оқиғалар желісімен өріліп жатқандығын көреміз. Тәуелсіздік жолында қазақ халқының ұлт зиялылары қай кезеңде болмасын күресумен келеді. Осы жерде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев былай дейді: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі ең алдымен дәстүрлі дала ақсүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал [1]. Ұлт-азаттық қозғалыс барысындағы ұлт зиялы қауымы өкілдерінің тәуелсіздік жолындағы күресінің мән-маңызын айқындау барысында осы ұстанымды басты мақсат ретінде алып қарауға болады. Тарихшы-ғалым Х.М. Әбжанов: «Әлемдік және Отандық тәжірибені зерделесек, мәні мен көздеген мақсатына жеткен-жетпегеніне қарай азаттық дәуірінің әлденеше кезеңнен тұратынын байқаймыз. Бірі – номиналды азаттық, екіншісі – сындарлы азаттық, үшіншісі – шынайы азаттық. Номиналды азат ел басқа бір немесе бірнеше мемлекеттің ықпалынан шыға алмайтын кіріптар күйде қала береді. Сындарлы азаттыққа жеткен елге кешегі бодандық мұрасынан

(рухани, тілдік, экономикалық, менталитеттік және т.б.) толық қол үзбесе де өзіндік даму жолын таба алғандық тән. Шынайы азат ел ішкі-сыртқы саясатын әлемдік өркениет талабына, ұлттық мүддеге сай жүргізетін биіктіктен көрінеді», – [2] деп атап көрсетеді.

Бүгінгі күні барынша зерттеу нысанына айналған Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің белгісіз тұстары басым. Әсіресе эмиграция жылдарында атқарған қызметі үлкен сұранысқа ие. Қазіргі таңда Мұстафа Шоқай тарихи тұлға ретінде тиісті бағасын алғанымен, қоғамда екіұшты пікірлердің бары рас. Тарихи дерекке негізделмеген пікірлердің болуы өткінші және ұлт қайраткеріне қатысты пікір араздығын тудыруға бағытталған құбылыс деп санаймыз. Дегенмен қоғамдағы мұндай пікірдің болуы зерттеушілердің алдына жаңа міндет жүктеп отыр. Демек нақты тарихи дерекке негіздей отырып, М. Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметіне объективті баға берілуі бүгінгі күннің басты талабы болып табылады.

Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің аясы ауқымдылығымен ерекшеленеді. Ресей қоластындағы түркі халқының басын қосуды ойлаған ұлт қайраткері большевиктерге қарсыласудың ерекше тәсілін, яғни эмиграция жолын таңдады. Эмиграция – саяси, экономикалық және өзге де себептерге байланысты өз елінен мәңгілік немесе уақытша ерікті немесе еркінен тыс қоныс аудару болып табылады [3]. Осы тұрғыдан келгенде М. Шоқай өзінің саяси көзқарастары үшін шетелге өз еркінен тыс кетуге мәжбүр болған. Түркішіл қайраткердің негізгі саяси көзқарасы, яғни тұтас Түркістан идеясы – большевиктер тарапынан қорқыныш тудырып, оның соңы түрлі тосқауыл, тіпті ашық күш көрсетуге жалғасқандықтан түркішіл қайраткердің эмиграциялық қызметі басталған.

Қырым татарларының көрнекті өкілі, Мұстафа Шоқайдың соңғы күндерінде жанынан табылған Тахир Шағатайдың пікірінше, қазақ халқының жарқын өкілінің эмиграциядағы қоғамдық-саяси қызметі нәтижесінде тұтас Түркістан идеясы Еуропалық немесе халықаралық сипат ала бастағанын айтады [4]. Ал Еуропадағы саяси қызметінің алдында қайраткердің Түркістан автономиясын құрғаны белгілі. Алайда автономия жұмысы 1918 жылдың ақпан айында күшпен таратылғаннан кейін де М. Шоқай өзінің алдына қойған мақсатына сай әрекет ете бастаған. Атап айтқанда, түркілік белгіге тыйым

салынғандықтан, большевиктердің билігіне деген өзге ұлттардың қарсылық шарасына қатысып, олармен тығыз қарым-қатынас орнатады. Олардың қатарында большевиктерге қарсы құрылған Ресей үкіметінің Самара қаласындағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының комитеті мәжілісіне қатысқан болатын. Алайда бұл ұйыммен орнатылған байланыстар нәтижесіз аяқталып, Мұстафа Шоқай 1918 жылы қыркүйек айында Челябинскіде шақырылған комитеттің келесі бір съезіне қатыспақ болғанымен, Колчак тарапынан тұтқындалады [5]. Өзінің саяси көзқарастары үшін сегіз айдың ішінде ірі екі тосқауылды басынан өткізген М. Шоқай алдағы уақыттағы тиімді жолдың бірі – эмиграция болатындығын жете түсінді. Сондықтан тұтқыннан босап шығысымен 1919 жылы көктемде Маңғыстау арқылы Баку қаласына, одан әрі Тбилисиге жол тартады. Грузия большевиктердің билікке келу қарсаңында өмір сүріп жатқандықтан осы жердің мемлекет басшылары мен билік органдары да большевиктерге қарсы саясат ұстанған болатын. Сондықтан болар Грузия үкімет басшысы Ной Жордания және Ішкі Істер министрі М. Рамишвилимен болған кездесулер сәтті өтеді [6, 65 б.]. Нәтижесінде Грузия үкіметі мен М. Шоқай арасында Түркістан мен Грузия халықтарының большевиктерге қарсы тізе қоса отырып күрес жүргізу мақсатында одақтастық келісім-шарт жасалды [6, 32-33 б.].

М. Шоқай большевиктерге қарсы саясат ұстанған барлық ұлт өкілдерімен саяси байланыстар орнатуға тырысқан. Мысалы, Тбилиси қаласында Украина өкілдерімен кездесу өткізіп, украиндықтардың қолдауына ие болады. Осындай қолдаулар нәтижесінде Тбилиси қаласында «На рубеже» журналын шығара бастады. Сонымен қатар М. Шоқай бұдан бөлек Тбилисидегі түрік қоғамының қолдауымен «Шафак» атты журналын шығара бастаған [7, 260 б.]. Әрине, мұндай баспасөз органына ие болып, мерзімдік басылым шығару ісі арзанға түспейтіні белгілі. Ол үшін қомақты қаражат немесе демеушілердің көмегі қажет. Біздің пікірімізше, М. Шоқай Тбилиси қаласындағы грузия және украин өкілдерінің қолдауына ие болған. Өйткені осы жылдары украин жеріндегі үкімет билігі большевиктердің қолына өткен болса, Грузиядағы билігін қолға алуды көздеген большевиктердің белсенді әрекеттері байқалып жатқан болатын. Сондықтан большевиктерден төнген қауіп түркішіл М. Шоқай мен гру-

зия, украин өкілдерін жақындастырған негізгі фактор болған деп есептейміз.

Аталмыш баспасөз беттерінде жарияланған мақалалары арқылы М. Шоқай ашық түрде большевиктерден төнетін қауіп пен оларға қарсы күрес барысындағы бірлік мәселесін барынша насихаттауға тырысады. Алайда бұл елге большевиктердің кіруі Тбилисидегі қоғамдық-саяси қызметіне тоқтау салады. Сондықтан өзінің жары Мария Яковлевнамен бірге Әзірбайжан жері арқылы 1921 жылы ақпанның 25 күні Стамбулға келген. Стамбул қаласы түркі қалаларының ішінде Еуропа мәдениеті түркілік дәстүрмен етене араласқан сол тұстағы заманауи қалалардың қатарына жатты. Біздің пікірімізше, Стамбул қаласы уақыт өте барлық эмиграция жолын тандағын түркішіл қайраткерлердің саяси баспанасына айналды. Оның негізгі себебі, Түркия Республикасының тандаған саяси бағытымен тығыз байланысты болды. Бұл жылдар Түркия тарихында түбегейлі өзгерістерге тап келді. Сан ғасырлық тарихы мен империялық саяси беделі басым болған Осман империясының өмір сүруін тоқтатып, жаңа Түркия Республикасының құрылуы уақытына тұспа-тұс келді. Мемлекеттіліктің қалыптасуының алғашқы жылдарында Мұстафа Кемалдың «түріктің түріктен басқа досы жоқ» деген ұран сөзі де түркі халықтары арасындағы бауырластықтың күшеюіне жағдай жасаған деп санаймыз. М. Шоқай осындай саяси бағдарды ұстанған Мұстафа Кемал Ататүрікті қызу қолдай түсуінің басты себебі де осы болса керек. Оған Ю. Ақшораның «Түркістанның да, өзге түрік өкілдерінің де тәуелсіздігі Түркияның тәуелсіздігіне тікелей байланысты. Егер Түркия мемлекет ретінде сақталып қалса, Мұстафа Кемал амалын тауып Түркияны құтқарып қалса, бұл біздің және сіздің Түркістанды құтқаруымыздың да басы болар еді» – дегені сөзімізді дәлелдей түседі [8, 127 б.]

Мұстафа Шоқайдың қоғамдық-саяси қызметінің жаңа белеске көтерілуінде Түркия елінің, Мұстафа Кемал Ататүрік бастаған түркішіл қайраткерлермен болған кездесулер мен пікір алмасулар үлкен септігін тигізген. Түркішіл қайраткерлермен болған кездесулер арқылы өзінің саяси көзқарастарымен бөлісіп, идеялас қайраткерлермен тығыз байланыстар орнатылды.

Жат жұртта аса ауыр жағдайда жүріп Түркістанның тәуелсіздігі үшін ерен ерлік танытқан Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы тәуелсіздік

идеясы өмірінің соңына дейін еш ойынан кетпегендігін зерттеу барысында байқадық. Қолына қару емес қалам алып баспасөз істерімен айналысуы және шет елдегі осындай күресі тек Түркістанның тәуелсіздігіне арналған іс-әрекеті еді. Мұстафа Шоқайдың баспасөз арқылы тәуелсіздікке ұмтылған іс-әрекетінің жандануынан соң, оған жауап ретінде Кеңестер Одағында, соның ішінде өзінің отаны Түркістанда еркін ой-өрісінің күн өткен сайын тарыла түсуі байқала бастады. Жаңадан келген большевиктер үкіметінің рухани өмірінде де, шексіз билікке ұмтылып, ешқашан да оппозицияға жол бермейтінін жақсы айыра білді. Сондықтан да оның пікірінше, Түркістандағы кеңестік билікті сынауды өзінің тікелей ұйымдастыруымен 1927 жылдан бастап Стамбулдан шыға бастаған қайраткер З.У. Тоған басқарған «Иени Түркістан» журналында орын алды. «Иени Түркістан» журналының басты мақсаты – Түркістан ұлттық тәуелсіздік идеясы мен түркі халықтары арасында ынтымақтастық пікірін айтуы көзделді. Сонымен қатар Түркістан халықтары мен Түркия халқы арасында тіл және діл бірлігін нығайтуды басты мақсат етіп қойған журнал болып табылды [7]. «Иени Түркістан» журналында М. Шоқайдың Кеңестік Орта Азия мемлекеттерінде болып жатқан мәдени жаңалықтармен қоса, көбінесе тәуелсіздікке бастар маңызды мақалалары жарық көрді. Айта кету керек «Иени Түркістан» журналы «Түркістан ұлттық Бірлігі» ұйымының басылымы болатын. Сол себептен эмиграциядағы тұтас Түркістанның ортақ мүддесі жолындағы журнал болды. М. Шоқай бастаған эмиграциядағы ұлт зиялыларының басым бөлігінің мақсаты бір тәуелсіздік үшін күрес болатын.

Мұстафа Шоқай басқа отандастары сияқты Стамбулда ұзақ тұрмастан, Ресейлік саяси эмиграцияның астанасы Париж қаласына жол жүріп, сол жерде паналаған. Мұстафа Шоқайдың ендігі өмірі Еуропадағы тәуелсіздік идеясының көрініс табуы үлкейе беріп, Алаш бағытында автономияны көздеген зиялылар қатары өмір көрсетіп бергендей, осылай отанында және шет елдік эмиграцияда іс-әрекеттерімен жалғасын тапқан еді. М. Шоқайдың шетелдік эмиграцияға кетуі, қандай бағытта болатыны өзі көрсетіп бергендей өмірінің соңына дейін дәлелдеп кеткен еді. М. Шоқай Түркияға келмей тұрып Грузияда журнал шығарып тұрған кезінде Ташкенттегі Сұлтанбек Қожановтан телеграмма алады. Онда алдымен ұстап алып, артынан кешірім сұрайтын

Кеңес үкіметінің Қоқан автономияшыларына амнистия жарияланғандығы, соған байланысты М. Шоқайдың Ташкентке қайта оралуының болатындығын айтқан еді. М. Шоқай бұл арада өте тиімді шешімге келген еді, яғни кейін оралған жоқ. Сөйтіп, оның ғұмырының соңына шейін ұласқан эмиграциялық қызметі осылай басталған болатын.

Отанда қалған Алаштың зиялылардың тағдырында кеңестік билікті ішкі дүниесімен қабылдай алмады, бірақ мойындауға мәжбүр болды. М. Қойгелдиевтің еңбегінде көрсетілгендей. Ә. Бөкейханов ОГПУ тергеушілеріне берген жауабында: «Мен кеңес үкіметін сүймеймін, бірақ мойындаймын», – деп кеңестік биліктің бұл міндетті толық атқара алатынына күмән келтіреді. Бұл бағыттағылар алдымен қуғын-сүргінге түсіп, артынан түгел атылады [9, 224 б.]. Өз отанында қалған Алаш зиялыларына тиесілі басқа үлес жоқ екенін Мұстафа Шоқай жақсы түсінді. Түсінгендіктен де саналы түрде эмигрант тағдырын тандап алды. Оның бұндай қадамға баруы ерліктің үлкені болды. Оған себеп эмиграцияда Тұтас Түркістан идеясын шетелде жүріп ұлттық мемлекеттілік мәселесін өмірінің соңына дейін көрсетіп бергенін негізге алсақ та жеткілікті екені айқын. Түркістанда тұратын халықтардың тәуелсіз мемлекеттерін көзімен көрмесе де, ол алдын ала болжай білгені өз ойларынан баспа бетіндегі мақалалары мен еңбектерінен байқаймыз.

Стамбулдағы өз жақтастарымен бірге тәуелсіздік идеясында қалам тартқан. Мұстафа Шоқайдың қызметі «Иени Түркістан» журналы 1931 жылы қыркүйек айында түрік үкіметінің шешімі бойынша жабылып қалған болатын [10, 40 б.]. Өзі тікелей атсалысқан «Яш Түркістан» журналы құнды еңбек екені белгілі. Және сонымен қатар бұл журнал Түркістан Ұлттық Одағының баспасөз органы ретінде шығып тұрды. Ал Мұстафа Шоқай бұл журналдың тікелей басқарушысы болмаса да жоғарыда атағандай журналдың шығып тұруында көп еңбегі болды. Тахир Шағатай «Иени Түркістан» журналының Түркістан мәселелерін жеткілікті дәрежеде қамти алмаған үшін «Яш Түркістан» журналының шыға бастағанын айтады [7, 262 б.] «Иени Түркістан» журналы жабылып қалған соң, «Яш Түркістан» журналы іштегі және сырттағы жалғыз журнал болып қалды. Бұлай дейтініміз, кеңестік қысым күшейген бұл тұста жалғыз «Яш Түркістан» ғана Түркістанның тәуелсіздігі

жайында сөз қозғап, қалам тербей білді. Сондықтан, «Яш Түркістанға» Еуропа мен Түркиядан ғана емес, сонымен қатар Жапониядан, Қытайдан, Үндістаннан, Ауғаныстаннан, Иран, Кеңестік Орта Азиядан оқырман хаттары ағылып келіп жатты. «Яш Түркістан» журналында М. Шоқайдың басты мақалалары негізінен тәуелсіздік идеяларын көздейді. Өзінің «Біздің жол» атты мақаласы журналдың 1929 ж. №1 санында жарық көрді. Мақалада баяндалғандай: «Біз, Түркістан Тәуелсіздігін жақтаушылар, еліміздің еркі үшін және жұртымыз Түркістанның бодандықтан құтылуы үшін күресеміз» деген ойлары «Яш Түркістан» журналының мақсатының өзі шет елде эмиграцияда жүрген М. Шоқайдың ашық большевиктерге қарсы оппозицияда екені мойындалды. Түркістан халықтарының тәуелсіздігін көздегені журналдың алғашқы санынан-ақ көрініп тұр. [11] Сонымен қатар аталған мақалада «Егер біз халқымыздың ұлттық тәуелсіздігі жолындағы талаптарының мән-мағынасын бұзбай, күшін әлсіретпей «Яш Түркістан» беттерінде көтере алсақ, онда бәріміз үшін қасиетті және ауыр жауапкершілік артқан міндеттердің бір бөлігін өтеген болар едік» [11] деген М. Шоқай сөздері еш күмәнсыз шындық.

М. Шоқайдың орыс баспасөзінен қол үзуі дегенде, осы 1923 жылдан кейін Мұстафа Шоқай «Дни» немесе «Последние новости» басылымдарына мүлдем мақала жазбады деп түсінбеу керек. М. Шоқай бұдан кейін де бұл басылымдарда түркістандық мүддені бейнелеген мақалалар мен орыстың «көкезу», «мылжың» «демократтарына» қарсы мақалалар жазып тұрған. Ол бұл басылымдардағы корректорлық ресми қызметінен кетті. Оның төмендегідей себептері болды деп ойлаймыз. Біріншіден, шынайы Түркістандық мүддені білдіретін мақалаларын бұл басылымдар баса қоймаған. Өйткені, эмиграциядағы орыс «демократтары» Ресей империясының ішіндегі Түркістан мен өзге орыс емес халықтарды мойындағысы келмейтін. Екіншіден, кезінде Түркістан ұлттық үкіметінің басшысы болған, өзі түрікшіл, Тұтас Түркістан идеясын насихаттаушы тұлғаның өзге ұлттардың табиғи құқына күле қарайтын орыс басылымдарында жұмыс істеуі, оның саяси беделіне зор нұқсан келтіретін және өзіне деген сенімсіздік тудыратын. Үшіншіден, М. Шоқай сол кездің өзінде тәуелсіз Түркістан баспасөзін ұйымдастыруды ойға алып, оның жолында белін бекем бұғанға ұқсайды.

Ұлттық автономия алу идеясын орыс демократиясы қолдайды деген соқыр сенім дәуірін М. Шоқай былай деп еске алады: «... біздің эмигранттық топтар Түркістаннан келген әрбір поштадан орыс халқы туралы, оның демократиялық және төңкерістік топтары туралы ескі таным-түсінігімізге өзгерістер енгізетін жаңалықтармен танысудамыз. Біздің бұрынғы жетекшілеріміз Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов және т.б. орыс халқына тән ерекшелік – ұлттық эгоизм мен ұлттық үстемдіктің жоқтығына қатты сенген болатын. Олар осы өз сенімдерімен басқаларды да сендірді және сондарынан көпшілікті ерте білді. Ақпан төңкерісі кезінде орыс демократиясына, әсіресе оның төңкерісшіл бөлігіне деген соқыр сенім жетегінде жүрдік. Украиндар бірінші болып ұлттық айқындалу бағдарламасымен шыққан кезде, бұл біздерге, түркістандықтарға жасалған бірінші сақтандыру және орыс халқына деген біздің сенімімізге қағылған бірінші сына болды» [12] М. Шоқай коммунистік өтірік бүркемелеген Түркістан шындығын халықаралық аренаға көтеру үшін, түрік халықтарының өзекті мәселелеріне Ұлттар Лигасының және әлем халықтарының назарын аудару үшін, тұтас Түркістан идеясын насихаттау үшін тәуелсіз түрік баспасөзін қалыптастыруға баса назар аударды. Осы тұста, кезінде Ресей империясының отары болған Польша өкіметі мен маршал И. Пильсудскийдің «Лихие прометеи» ұйымының Батыс Еуропадағы Түркістан, Еділ-

Орал, Әзірбайжан, Кавказ және басқа да ұлттық азаттық қозғалыстарына зор материалдық көмек көрсеткенін атап өту ләзім. Орыс отаршылдығының ауыр тауқыметін өз бастарынан кешірген поляктар Ресейдегі өздерімен тағдырлас бодан халықтардың жай-күйіне немқұрайлы қарамаған. М. Шоқай да «Иени Түркістан» және «Яш Түркістан» журналдарын шығаруда осы «Лихие прометеи» ұйымының қаржылық көмегіне сүйенген болатын. Эмиграцияда жүрген түркі-мұсылман халықтарының Ә. Топчибашев және Г. Исхаки секілді өкілдерімен жиі араласып, пікірлес болды. Оларды Ресейдегі түркі-мұсылман халықтарын азаттыққа жеткізуде күш біріктіре әрекет етуге үндеді.

Сонымен, қорытындылай келе, Түркістан саяси эмигранттарының азаттық қозғалысы азат және Тұтас Түркістан идеясы үшін қызмет еткендігін; Түркістан, Еділ-Орал және өзге де түрік халықтары ұйымдарының «түрік бірлігі» идеясына топтасуына Кеңестік және эмиграциялық орыс шовинистерінің, өзге де түрікшілдікке қарсы топтардың әрекеттерінің басты себеп болғандығын; азат және Тұтас Түркістан идеясы үшін күреске өз өмірін арнаған М. Шоқайдың жетекшілік ролінің жоғары болғандығын; М. Шоқайдың ешқандай өзге идеяға қызмет етіп, сатылмағандығын және соғыстан кейін де М. Шоқай бағытының өз жалғасын тауып, әлі күнге созылып келе жатқандығын атап көрсетеміз.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 288 б.
- 2 Әбжанов Х.М. Азаттық тарихы және зерттеу методологиясы // Қазақстан мұрағаттары. – 2010. – №4 (16). – Б. 20-26.
- 3 Национальная энциклопедия Казахстана. Человек с книгой: Статьи и публикации. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2006. – Т. 5. – 558 с.
- 4 Çağatay S. Önsöz // Mustafa Çokay. 1917 Hatıra Parçaları. – Ankara, 1988 – S. 5-6.
- 5 Шоқай М. Естеліктер. – Ыстанбұл, 1997. – 271 б.
- 6 Oktay A. Mustafa Çokayın Gençlik ve Siyasi Hayatından Bır Parça // Türkistan Milli Hareketi ve Mustafa Çokay. – Istanbul, 1950. – S. 44 – 50.
- 7 Қара Ә. Мұстафа Шоқай. Өмірі. Күресі, Шығармашылығы / Түрік тілінен ауд. Г.Шадиева. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 320 бет + 8 бет суретті жапсырма.
- 8 Қыдыралиев Д.Қ. Мұстафа Шоқай. – Астана: Фолиант, 2007. – 320 б.
- 9 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита. Қызметі мен тағдыры (XVIII – XX ғғ.): зерттеулер. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
- 10 Яш Түркістан. – 1931. – № 237. – қазан 40 б.
- 11 Яш Түркістан. – 1929. – №1. 33-39 бб.
- 12 Шілдебай С.Қ. Түрікшілдік және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс. – Алматы: Ғылым, 2002. – 214 б.

References

- 1 Nazarbaev N.A. Taryh tolkynynda . – Almaty: Atamura, 2003. – 288 b.
- 2 Abzhanov H.M. azattyh taryhy zhane zertteu methodologyasy // Kazakhstan muragattary. – 2010. – №4 (16). – B. 20-26.

- 3 Nacionalnaya encyclopedia Kazakhstana. Chelovek s Knigoi. Statii I publikacii. – Almaty: Kazakh enciclopediasy, 2006. – 5. T. – 558 c.
- 4 Çağatay S. Önsöz // Mustafa Çokay. 1917 Hatıra Parçaları. – Ankara, 1988 – S. 5-6.
- 5 Shokai M., Estelikter. – Istanbul, 1997. – 271 b.
- 6 Oktay A. Mustafa Çokayın Gençlik ve Siyasi Hayatından Bır Parça // Türkistan Milli Hareketi ve Mustafa Çokay. – Istanbul, 1950. – S. 44 – 50.
- 7 Kara A. Mustafa Shokai. Omyry. Kuresy. Shygarmashylygy / Turk tilinen audargan. G. Shadieva. – Almaty: «Arys» bas-pasy, 2004. – 320 bet+ 8 bet surety zhapsyrma.
- 8 Kydyraliev D.K. Mustafa Shokai. – Astana: Foliant, 2007. – 320 b.
- 9 Koigeldiev M.K. Ulttyk sayasy elita. Kismeti men tagdyry (XVIII – XX gg.). Zertteuler. – Almaty: Zhalyn, 2004. – 400 b.
- 10 Yash Turkestan. – 1931. – № 237. – kazan 40 b.
- 11 Yash Turkestan. – 1929. – №1. – 33-39 bb.
- 12 Shildebai S.K. Turikshildyk zhane Kazakhstandagy ult-azattyk kozgalys. – Almaty: Gylym, 2002. – 214 b.

Базарбаев Қ.Қ., Оспанова Г.И.

**Орта Азиядағы жәдитшілердің
ағартушылық идеяларының
ұлт-азаттық қозғалысқа ұласуы**

Орта Азиядағы жәдитшілікті XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезінде Шығыстың көптеген елдерінде пайда болып қалыптасқан ұлт прогресшілері зиялыларының реформаторлық қозғалыстарының аймақтық көрінісі ретінде бағалаған орынды. «Жәдит» ұғымы «усул-и-джадит» («Жаңа тәсіл») мағынасында пайда болып, еуропалық үлгімен жаңаша оқыту дегенді танытады. Жәдитшіліктің осы ағартушылық мазмұны өлкедегі қоғамдық-саяси ахуалдың дамуы барысында ескі әлеуметтік және саяси жүйенің мәртебесін өзгертіп, оған тың сипат беру түрінде өзгеріске түсті. Сонымен, өлкедегі жәдитшіліктің қалыптасуы мен қызметіндегі сапалы өзгерістерге қарай, оны мәдени ағартушылық және саяси күрес кезеңі деп екіге бөліп қарастырамыз. Жәдитшілердің ағартушылық идеялары өлкеде білім беру жүйесін қазіргі заманғы модульдерге лайықтап реформалау қажеттілігін туғызды. Әрине, бұндай реформаларды өлкедегі отарлық билік те қолға алған болатын. Білім беру жүйесін реформалауды іске асыруда отарлық мүддені көздеген патша өкіметі ұлыорыстық шовинизмнің қағидасына сүйенді.

Түйін сөздер: Орта Азия, Түркістан, патша өкіметі, ағартушылық, ұлт-азаттық қозғалыс.

Bazarbayev K.K., Ospanova G.I.

**Continuation of the educational
ideas jadid in the national
liberation movement in central
asia**

The national progressives who have appeared in the majority of the countries of the East at the end of the XIXth beginning of the XXth centuries estimated the Central Asian Jadidism as reflection of the reformatory movement of the local intellectuals. The concept «jadid» formed from Arab «usul-and-jadid» («new method») designates new ways of learning in an example of the European education.

Such educational maintenance of Jadidism in the course of social and political development of the country has changed the status of old social and political system, having provided her new, original character. Together with it, process of formation and high-quality changes of Jadidism in the country can be divided into two periods: cultural and educational and period of political struggle. The educational ideas of Jadidism have generated need to reform an education system in the country according to modern models. Naturally, such reforms have adopted also the colonial authorities in the country. In the course of education system reform realization the imperial government protecting colonial interests in the actions relied on the principles of Great Russian chauvinism.

Key words: Central Asia, Turkestan, imperial government, enlightenment, national liberation movement.

Базарбаев К.К., Оспанова Г.И.

**Продолжение
просветительских идей
джадидов в национально-
освободительном движении
в Средней Азии**

Национальные прогрессивисты, появившиеся в большинстве стран Востока в конце XIX – начале XX вв., оценивали среднеазиатский джадидизм как отражение реформаторского движения местной интеллигенции. Понятие «джадид», образованное от арабского «усул-и-джадит» («Новый метод»), обозначает новые способы обучения по примеру европейского образования. Такое просветительское содержание джадидизма в процессе общественно политического развития страны изменило статус старой социальной и политической системы, предоставив ей новый, оригинальный характер. Вместе с этим, процесс формирования и качественных изменений джадидизма в стране можно поделить на два периода: культурно-просветительский и период политической борьбы. Просветительские идеи джадидизма породили необходимость реформировать систему образования в стране в соответствии с современными моделями. Естественно, такие реформы также взяли на вооружение и колониальные власти в стране. В процессе реализации реформы системы образования царское правительство, защищавшее колониальные интересы, в своих действиях опиралось на принципы великорусского шовинизма.

Ключевые слова: Средняя Азия, Туркестан, царское правительство, просветительство, национально-освободительное движение.

¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

²№17 Ататүрік атындағы мектеп-гимназиясы,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

*E-mail: Kanat-08@mail.ru

ОРТА АЗИЯДАҒЫ ЖӘДИТШІЛЕРДІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСҚА ҰЛАСУЫ

Тәуелсіз тарихы сана қалыптастырудың мақсаты – өткен тарихтың мазмұнын қайта қарап, ондағы бұрмаланған теріс тұжырымдарға түзету енгізу, саяси, әлеуметтік құбылыстарға шынайы баға беру болғандықтан да ХХ ғ. 90 ж. бергі тарихнамада жәдитшілік қозғалысқа қатысты жаңа көзқарастар жүйелі қалыптасып келеді.

Түркістан өлкесінің отар ел ретінде экономикалық тұрғыда аяусыз қаналғандығы, патша өкіметінің өлкені дамытуда тек экономикалық мүдде көздегендігі белгілі. Өлкеге орыс отаршылығының енуі өндіріс қатынастарын дамытып, жаңа экономикалық инфраструктура қалыптастырғанымен ол біржақты отарлық сипатымен ерекшеленді. Өлкеге тек арзан шикізат көзі ретінде мән берілгендігін мына деректер айғақтайды: Бірінші дүниежүзілік соғыс жылдары Түркістаннан 59 млн пұт мақта, 8,5 млн пұт мақта майы, 950 мың пұт жібек құрты, 2925 мың пұт жүн және 70 мың жылқы, 12 мыңнан астам түйе жөнелтілген [1].

Дегенмен, осындай экономикалық қанаушылыққа қарсы отарлық биліктің өлкедегі бірқатар игі ықпал-әсерін біржақты жоққа шығаруға болмайды. Осыған байланысты Д. Алимова өлкеге бай тәжірибесі және технологиялық жетістіктері бар жаңа еуропалық мәдениет, тұтастай еуропалық әлеммен байланысқан кемелденген білім беру жүйесі де келді [2, с. 8-9] – деп тұжырым жасайды. Өлке өміріне енген бұндай жаңалықтар жергілікті зиялы қауымның ақыл-ойына ықпал етпей қойған жоқ. Олар алғаш рет өлкедегі әлеуметтік және отарлық езгіні, елдің артта қалушылығы мен қараңғылықтың себептерін көре білді. Өлкедегі ағартушылық идеясы алғаш рет осылай көрініс тапты.

Осыдан ағаратынымыз, жәдитшілер әрекетінің өзегінде ұлттың болашағын ойлаған патриоттық жатты. Д.А. Алимова жәдитшілердің өздерін «ұлт прогресшілері» («милли тараккийпарварлар») деп атағандығын жазады [2, с. 9]. Демек, ұлт прогресшілері өз заманының жағары білімді тұлғалары болғандықтан да өз ұлтының болашағын әлемдік өркениетпен байланыстыруға ұмтылған алдыңғы қатарлы өкілдері ретінде тар ұлттық оқшауланудан жоғары тұрды. Содан да жәдитшілердің көпшілігі шығыс пен батыстың білімімен сусындап қана қойған жоқ, сонымен бірге Ресейдің орталық қалаларында, Ев-

ропада, Түркия мен Иран, Египеттің қаларында білім алды, ол елдердің қоғамдық-саяси өзгерістерін өз көздерімен көрді. Бұл жағдай олардың өлкедегі қоғамдық-саяси ахуалды салыстыра бағалауына ғана емес, артта қалушылықты жою жолдарын айқындауына да мүмкіндік берді. Осылайша Түркістанда әлемдік өркениеттің жетістіктері алғаш рет жәдитшілердің айтуымен насихаттала бастады және алдыңғы қатарлы мәдени, әлеуметтік құндылықтар өлкені жаңғыртудың үлгі-өлшемі ретінде ұсынылды.

Түркістан қоғамында баспасөздің дамуы үлкен маңызға ие болды. Айталық, жәдиттік һәм түрікшілдік идеяларды насихаттауда әр жылдары әр түрлі қалалардан шығып тұрған газет-журналдар көп үлес қосты. Атап айтқанда: «Таракки» («Прогресс»), «Шухрат» («Даңқ»), «Самарканд», «Ойна» («Айна»), «Садои Туркестан» («Түркістан үні»), «Садои Фергана» («Фергана үні»), «Вакт» («Уақыт»), «Юлдуз» («Жұлдыз»), «Түран», «Кенгаш» («Кенес»), «Ислах», «Қазақ» (1913-1917), «Айқап» (1911-1915), «Серке», «Қазақстан» (1911-1913), «Алаш» (1916-1917), «Бірлік туы» (1917-1918), «Сарыарқа» (1917) және т.б. болды. Түрік мұсылмандарының ұлттық баспасөзін қалыптастыру мен дамытуда жәдиттердің қызметі өте зор болды.

Түркістан өлкесіндегі ағартушылық мақсатты көздеген жәдитшілерге қозғалыстың саяси ағымға айналуы өз кезегінде Түркия қоғамындағыдай мұсылмандық бірлік идеясы саясат сахнасына шығады. Бұл саяси ағымдар алғашқы кезекте өлкедегі отарлық билікті демократияның тәсілдерімен реформалау барысында саяси талаптарды ұлттық идея деңгейіне көтерді.

Жергілікті халықтың отаршылдыққа қарсы саяси күресі кезеңінде С. Лапинның кандидатурасын Сырдария облысы бойынша II Ресей Мемлекеттік думаның сайлауына Махмуд Қожа Бехбуди бастаған зиялылар депутаттыққа кандидат ретінде ұсынды. Ол «Мемлекеттік думаға кандидаттар туралы» [3] мақаласында Сералыны елге таныстырып, оны депутаттыққа лайық тұлға деп бағалаған.

Дума депутаттығына сайланбағандығына қарамастан С. Лапин думадағы мұсылман фракциясының нәтижелі қызмет етуіне өз септігін тигізуге тырысты. 1907 ж. 3 маусым заңына сәйкес Түркістан мен қазақ облыстарының халқы Мемлекеттік дума жұмысынан шеттетілген соң зиялылар Мемлекеттік думадағы татар, башқұрт және әзербайжан халқы өкілдерінен тұратын мұсылмандар фракциясының қызметі-

не үлкен үмітін артты. III Мемлекеттік думадағы мұсылмандар фракциясына көмек көрсету мақсатында С. Лапин Б. Қаратаев, Е. Оразаев, А. Өтегеновтермен бірге Петерборға барған. Фракция мәжілістеріне қатысып, депутаттардың назарын қазақ халқының мұң-мұқтажына аударуға әрекет жасаған. Аталған тұлғалар мұсылмандар фракциясы мен халық арасында дәнекерлік қызмет атқаратын қазақ тілінде газет шығаруға ұсыныстар әзірлеген.

С. Лапин жоғарыда аталған қазақ зиялыларымен бірге қазақтарды жерге орналастыру туралы заң жобасын әзірлеуге қатысқандығы жайлы «Айқап» журналында «1908 ж. Қостанай уезі қазақтарының өтінулері бойынша сұлтан Бақытжан Қаратаев, Елжан Оразаев һәм Серали Лапин қазақтарды жерге орналастыру жайында закон жобасын жасап шығарып еді» [4, 219 б.] деп жазды. Ресейдің орталығындағы мұсылмандық қозғалысқа осындай жолдармен белсене араласқан С. Лапин 1917 ж. сындарлы тарихи оқиғалар кезінде Түркістандағы саяси күрестің басшыларының біріне айналды.

Отарлық биліктің әлеуметтік-экономикалық және саяси қысымы 1916 ж. көтерілістің басталуына негіз болды. Көтеріліс өртінің тұтануына II Николай патшаның 25 маусым 1916 ж. әйгілі жарлығы түрткі болды. Осындай қысыммен өкімет жарлықтағы 19 бен 43 жас аралығындағы «бұратаналарды» майданның қара жұмысына алу жөніндегі шекті 19 бен 31 жас аралығы деп өзгертуге мәжбүр болды. Билік тарапынан жарлық талаптарының бұлайша «жұмсартылуы» да халықтың толқуына кедергі бола алмады.

Осы жарлық бойынша Ташкент қаласынан бастапқыда 7 мың адам тылдың қара жұмысына алынуы керек болса, кейіннен бұл сан 12600 адамға өсті, олардың 12 мыңы ескі қала бөлігінен алынуы тиіс еді [5, с. 271]. Ташкент қаласының бастығы 1916 ж. 7 шілдесінде Шейхантаур мешітінде қала имамдары мен елуліктеріне жарлықты жариялап, оларды адам жинауға көмек көрсетуді міндеттеді [6, с. 133].

1916 ж. 11 шілдесінде бейбіт халықтың полицейлермен қақтығысында көтерісшілер әскер бөлімдері мен патша билігіне наразы тұлғаларды да өз қатарына тартуға әрекет жасаған. Өлке генерал-губернаторының 1916 ж. 16 шілдеде әскери министрге былай деп жазады: «16-го (июля) около саперного лагеря близ Ташкента задержан местный туземец, предлагавший добровольцам-сербам, живущим в этом лагере, принять участие в сартовском беспорядке, в ко-

тором, по его словам должны принять участие пленные Ташкента и афганцы». Бұл деректер Түркістандағы 1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліске шетелдік әскери тұтқындардың да ішінара тартылғандығын айғақтайды. Әскери тұтқындар арасында түрік жауынгерлерінің де болғандығын ескерсек олардың да жергілікті халықтың көңіл-күйіне түсіністікпен қарағандығын жоққа шығаруға болмайды. Қаладағы көтеріліс өлкенің басқа аймақтарына тез таралып, қазақ тұрғындары басым Сырдария облысында 20-дан астам жерлерде көтеріліс жалыны бұрқ ете қалды [7, 12 б.].

1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс стихиялы болғандықтан аяусыз басып-жаншылды. Жергілікті тұрғындардың талап етуімен тамыз айының соңында Ташкентке Мемлекеттік Дума делегациясы келген. Қ. Қожықов Ресей Министрлер кабинетінің төрағасы С. Виттенің атына петиция жазып, Түркістан өлкесіне ішкі басқару істерін өзі шешу құқын беруді өтінеді. Ол «генерал Куропаткинге жазалау отряды мен орыс мұжықтарының мейрімсіз және айуандық іс-әрекеттерін баяндап жазып жібердім. Сонымен бірге редакцияның ұсынысына қосылып, Түркістанға Мемлекет Думасының мұсылмандар фракциясының уәкілдерін шақырып, көтерілістен кейінгі репрессия нәтижесімен танысуды талап етім. Осыған байланысты күз айларының бірінде Тевкелеев, Керенский және Шоқаев келді. Соңғы екеуіміз Чайкиннің үйінде кездестік, сөйтіп оларға қолымдағы бар құжаттарымды тапсырдым» [8, 336-375 бб.] деп жазады. Делегация құрамы басшысы А.Ф. Керенский, М. Шоқай және Қ.М. Тевкелеев сияқты қайраткерлерден тұратын. Олар Ташкент, Самарқанд, Жызақ, Андижан, Қоқан қалалары мен кейбір ауылдық жерлерді аралайды. 15 тамыз бен 2 қыркүйек аралығында өлкедегі қанды оқиғалардың салдарымен танысқан делегация басшысы А.Ф. Керенский «Туркестанские ведомости» газетіне берген сұхбатында Жетісу облысын қоспағанда «өлкеде сабаға түсу кезеңі басталды» деп есептеуге болады деп мәлімдеді. Ташкенттің ерлер гимназиясында білім алған А.Ф. Керенский өлкенің жағдайын жетік білуі тиіс болғанымен, қаланың еуропалық және «бұратана» тұрғындарын біртұтас деп санаймын деп нақты мәселені түсінбейтіндігін көрсетті. Әйтсе де, А.Ф. Керенский Мемлекеттік Дума мәжілістерінің бірінде Түркістан мәселесін арнайы сөз еткенімен, оның сөзі өлкеде қалыптасқан жағдайды жергілікті халықтың пайдасына өзгертуге ықпал жасай алмады.

1916 ж. көтеріліс аяусыз басып-жаншылғаннан кейін ширьқан саяси көңіл-күйдегі жергілікті халық 1917 ж. ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясын қуанышпен және үлкен үмітпен қарсы алды. Бұл тарихи оқиға өлке халқы үшін үлкен қуаныш болғанымен шексіз билік жүргізген генерал-губернатор кеңсесі, отарлық биліктің шенеуніктері мен әскерилер қуана алмады. Тіпті, осы оқиға генерал-губернатор Куропаткиннің көңіліне қорқыныш ұялатқан [9, 39 б.].

Ақпан төңкерісі тек орыс либералдарымен бірге ғана емес, жергілікті халықтың алдыңғы қатарлы өкілдерін де белсенді саяси әрекетке итермеледі. Өлкеде партиялар, саяси ұйымдармен, әсіресе Ресейдің мұсылмандық бөлігіндегі еуропалық ұлттық саяси ұйымдармен, тығыз қарым-қатынас орната бастаған алғашқы ұлттық саяси ұйымдар, қозғалыстар пайда бола бастады. Төңкерістің алғашқы күндерінде «Озод Халк» (Азат халық), «Хуррият», «Гулистан», «Жамиат Исламия» (Ислам жамағаты) сияқты ұйымдар құрылды. Олардың арасында 1917 ж. наурызында құрылған «Шурои Исламия» ұйымы өлкедегі қоғамдық-саяси дамуда ықпалды күшке айналды.

Еділ бойындағы жәдитшілердің саяси ағартушылық қызметінің басты жемісі түркі халықтары арасында ұлт тіліндегі баспасөзді дамытуы болды. Түркі-мұсылман халықтарын ағартушылық арқылы саяси сипаттағы ұлт-азаттық қозғалысын үндеген «Тәржіман», «Уақыт», «Үлфат» сияқты газеттер болды. Қазақ жерінде ұлт-азаттық қозғалыстың идеологиялық өзегін құраған тұңғыш баспасөз органы «Қазақ» газеті болды. Ол газет белгілі дәрежеде жоғарыда аталған түркітілді басылымдардың саяси күрестегі және баспагерлік тәжірибесіне сүйенген. Жалпы жадидшілік жалпыресейлік ауқымдағы ұлт зиялыларының азаттық жолында қарулы күшке емес, ағартушылық әдістермен саяси күрес тәсілдеріне сүйенген алғашқы қозғалысы болғандығын Мұстафа Шоқай «Жәдитшілік» пен «жәдитшілер» төңкерістен бұрын Түркістанда халықты прогресс жолына салуда қыруар жұмыстар атқарғаны кез келген түркістандыққа мәлім. Жәдитшілік – адамдардың жеке басын алаламайтын, таптарға бөлмейтін, жалпыға бірдей саяси еркіндік пен бостандықты мұрат тұтқан ұлттық салауатты алғабасар қозғалыс болатын» [10, 252 б.] деп айқындайды. Отарлық езгі күшейген сайын жәдитшілердің ұстанған рухани-мәдени бағдары саяси сипат алып, Түркістанда «Мұсылмандық Кеңестің»

(Шураи Исламия) құрылуына ұласты. Ұлт-азаттық сипат алған бұл ұйымның Бүкілресейлік басшылығын Ә. Топчибашы, С. Мақсуди, Ю. Акчура, С. Жантөрин, Ә. Ибрагимов сияқты қайраткерлер құрады.

Осындай негізде Түркістан өлкесінде ХХ ғ. бас кезінде жергілікті халықтардың түрлі саяси, ағартушылық ұйымдары құрыла бастаған. Ағартушылық бағыттағы бұл ұйымдар қоғамдық-саяси даму барысында қызмет ауқымын кеңейтіп, отаршылыққа қарсы күрес дәлелдерін бағдар еткен саяси, қуатты қозғалыстарға ұласты. Ондай үйірмелердің қуатты қозғалысқа айналуын Түркиядағы жастүріктер, Ирандағы жаспарсылар, Бұқарадағы жасбұқарлықтар сияқты саяси қозғалыстардың ықпал әсері болды. Саяси қозғалыстағы осы шығыстық фактордың басым болуы өлкедегі ұлттық ұйымдардың жәдитшілік, мұсылмандық және түркішілдік деген үш бағытын айқындайды. Ол бағыттардың ұстанған позицияларына қарай сипаттық, мазмұндық ерекшеліктері болды. Мысалы Бехбуди, Мұнауар Қары бастаған жәдитшілердің діни білім беруді реформалауға бағытталған іс-әрекеті қоғамдық өмірді демократиялық жолмен жаңарту бағытына ойыса берді.

М. Бехбудидің қызметі 1918 ж. жаңа арнаға ойысты. Ол осы жылы «Турк учоғи» («Түрік ошағы») атты қоғам құрды. Қоғамның мақсаты Түркістан түріктерінің ұлттық дәстүрлерді сауда мен өнерді дамыту және ұлттық тілді және оның рухани өзегін нығайту, нағыз түркі мәдениетін қалыптастыру үшін «бір тудың астына біріктіру» [11] болды. Оның бұл идеясы жастүріктердің қоғамды модернизациялаудағы ұстанған қағидаларының ықпалымен толығыды.

Убайдулла Хожаев (толық аты-жөні – Убайдулла Хожа Асадулла Хожаұлы, 1879-1938) – Түркістан жәдитшілері көсемдерінің бірі. Ташкентте орыс-бұратана мектебінде оқыған

Убайдулла Хожаев Саратов университетінде жоғары заңгерлік білім алады.

Ташкент қаласында адвокат болып қызмет істеген Убайдулла Хожаев өлкедегі жәдиттік қозғалысқа белсене араласады. «Садойи Фарғона» газетінің редакторы және «Туркестанский голос» газетінің тілшісі ретінде өлкедегі «Таракий парварлар» ұйымының қалыптасуы мен дамуына шешуші ықпал жасады [12, с. 15].

Ақпан төңкерісінен соң, Өлкелік мұсылман депутаттары кеңес төралқасының мүшесі, «Шурои Исламия» Ташкент қалалық ұйымының төрағасы болды.

Ол І-ІІ Бүкілресей мұсылмандары съездерінің делегаты, Бүкілресей мұсылмандары атқару комитетінің («Милли шуро») мүшесі. Түркістан мұхтарияты Уақытша Үкіметінде ішкі істер және әсері министр қызметтерін атқарып, үкіметтің бағдарламалық құжаттарын дайындауға қатысты.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының саяси кезеңінің басталуын өлкедегі І Ресей Мемлекеттік думасы сайлауымен байланыстырамыз. Өйткені, осы сайлауға дайындық барысында өлкедегі ұлт зиялылары алғашқы рет саяси идеялар төңірегіне топтаса бастаған. Осыдан кейінгі кезеңде жәдиттік қозғалыс саяси сипат ала бастап, Бүкілресей мұсылмандары Орталық кеңесінің ықпалымен аймақтық деңгейден шығып, қызмет аясын кеңейте түсті. 1908-1916 жж. өлкедегі саяси қозғалыстың өрлеуі барысында ұлттық баспасөздің қаулап өсуі халықтың саяси санасын жоғары деңгейге көтере алды. Ал 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілістің басып-жаншылуы саяси күресті жаңа сапалық деңгейге көтеріп, оның стратегиялық мақсаттары мен тактикалық тәсілдеріне түзетулер енгізді. Осылайша, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы саяси ұйымдасқандық сипат алып, елдегі жаңа өзгерістерге дайындала бастады.

Әдебиеттер

- 1 Галузо, П., 1931. За большевистскую концепцию восстания 1916 года в Средней Азии (К 15-летию восстания) Туркменоведение. No. 7-9.
- 2 Алимова Д.А. История как история, история как наук. – Ташкент: Узбекистан, 2009. – 184 с.
- 3 De Lagerd, H.A., 1987. The revolt of the Basmachi according to Red Army Journals (1920-1922)., Central Asian Survey.4. Туркестанская туземная газета. 1906. 23 мая.
- 4 «Айқап». – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 366 б.
- 5 Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстана //Сб. док. / Ред. колл. А.В. Пясковский (отв. ред.). – М.: АН СССР, 1960. – 795 с.
- 6 Турсунов Х. Восстание 1916 года в Средней Азии и Казахстане. – Ташкент: Госиздат УзССР, 1962. – 428 с.
- 7 Чариев У. Усиление колониальной политики и национального гнета и их последствия в Туркестане в начале XX века (на примере мобилизации на тыловые работы): автореф.... докт. ист. наук. – Ташкент, 1999. – 60 с.

- 8 Додонов А. Февральская революция в Средней Азии. // Сборник. «Революция глазами современников». – Ташкент, 1991.
- 9 Шокай М. Таңдамалы. 2 т. – Алматы: Қайнар, 1998. – 1-т. – 252 б.
- 10 «Турк сузи» газеті. 1918, май.
- 11 Kuran.A.B. Inkilap tarihimiz ve Ittihat ve teraki. – Istanbul, 1948. – 375 s.

References

- 1 Galuzo, P., 1931. Za bol'shevistskiju koncepciju vosstaniya 1916 goda v Srednej Azii (K 15-letiju vosstaniya) Turkmenovede-nie. No. 7- 9.
- 2 Alimova D.A. Istorija kak istorija, istorija kak nauk. – Tashkent: «Uzbekistan». 2009. – 184 s.
- 3 De Lagerd, H.A., 1987. The revolt of the Basmachi according to Red Army Journals (1920-1922)., Central Asian Survey.4. Turkestanskaja tuzemnaja gazeta. 1906. 23 maja.
- 4 «Ажкар».-Алматы: Қазақ jenciklopedijasy, 1995. – 366 b.
- 5 Vosstanie 1916 goda v Srednej Azii i Kazahstana //Sb. dok. Red. koll. A.V. Pjaskovskij (otv. red.). – M.: AN SSSR, 1960. – 795 s.
- 6 Tursunov H. Vosstanie 1916 goda v Srednej Azii i Kazahstane. – Tashkent: Gosizdat UzSSR, 1962. – 428 s.
- 7 Chariev U. Usilenie kolonial'noj politiki i nacional'nogo gnet'a i ih posledstvija v Turkestane v nachale HH veka (na primere mobi-lizacii na tylovyje raboty): avtoref.... dokt. ist. nauk. – Tashkent, 1999. – 60 s.
- 8 Dodonov A. Fevral'skaja revoljucija v Srednej Azii. //Sbornik. Revoljucija glazami sovremennikov. – Tashkent, 1991.
- 9 Шокай М. Таңдамалы. 2 т. 1-т. – Алматы: Қайнар, 1998. – 252 б.
- 10 «Турк сузи» газеті. 1918, май.
- 11 Kuran.A.B. Inkilap tarihimiz ve Ittihat ve teraki. Istanbul, 1948. – 375 s.

Боранбаева Б.С.

Ғұмар Қараштың Алаш қозғалысындағы орны мен рөлі: тарихнамалық деректер

Мақалада тарихи құнды деректерді талдау арқылы Ғұмар Қараштың Алаш қозғалысындағы орны мен рөліне ғылыми негізде тұжырымдар жасалады. Автор XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі Алаш қозғалысы, оған қатысқан қазақ зиялыларының өмірімен тығыз байланысты қарастырудың қажеттілігін ескере отырып, қоғам қайраткері жөніндегі жарияланған деректер мен зерттеу тарихнамалары негізінде Ғұмар Қараштың қазақ халқының жарқын болашағы үшін сіңірген тарихи еңбегіне ғылыми баға беруді мақсат етеді. Ғ. Қараштың Алаш автономиясын жедел түрде жариялауды жақтаушылардың бірі екендігі, Орынбор Діни басқармасының қазіы болғандығы, сондай-ақ оның ағартушылық және жәдидшілдік қызметі туралы жарияланған деректер сараланып баяндалады. Қоғам қайраткері Ғ. Қараштың педагогикалық және философиялық көзқарастарын зерттеудің жаңа бағыты ұсынылады.

Түйін сөздер: Алаш қозғалысы, қазақ зиялылары, оқу-ағарту, «Қазақстан» газеті, «Дұрыстық жолы» газеті, Бөкей Ордасы.

Boranbayeva B.S.

The role and place of Gumar Karash in the Alash movement

The article is based on historical data analyses of Gumar Karash and his influence on the political movement «Alash». The purpose of the paper is to analyze the impact of Gumar Karash on bright future for Kazakh people. Analyzing the social and political work of scientist, the author considers the life and activities of Gumar Karash, who lived at the end of nineteenth and the beginning of twentieth centuries and was closely related to the Alash movement and its representors. The article gives some facts about the enlightenment and jadidism service of Gumar karash, his activity as a imam of the religious department of Orynbor, and his impact on organizing the Alash autonomy. Moreover, the paper provides a new direction in research of the pedagogical and philosophical view of Gumar Karash.

Key words: The Alash movement, the kazakh intelligentsia, an enlightenment, «The Kazakhstan» newspaper, «The Right way» newspaper, The Bokei Horde.

Боранбаева Б.С.

Место и роль Гумара Караша в деятельности движения Алаш: на основе исторических источников

В статье на основе анализа обобщения ценных исторических сведений дается научная оценка роли Гумара Караша в деятельности движения Алаш. Автор статьи в качестве главной цели своего труда ставит задачу дать научную оценку вкладу Гумара Караша в дело борьбы за светлое будущее своего народа. Анализируя общественно-политический труд ученого, автор считает, что жизнь и деятельность жившего в конце XIX начале XX века Гумара Караша была тесно связана с движением Алаш и ее видными представителями. В статье даются подробные сведения о просветительской и джадидистской деятельности Гумара Караша, о его работе в качестве казия в Оренбургском релегизном управлении и, самое главное, о вкладе ученого и политика в дело создания алашской автономии. Также в данном научном труде предлагается новое направление в исследование педагогических и философских мировоззрений Гумара Караша.

Ключевые слова: движение Алаш, казахская интеллигенция, просвещение, газета «Казахстан», Букеевская Орда.

**ҒҰМАР ҚАРАШТЫҢ
АЛАШ
ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ
ОРНЫ МЕН РӨЛІ:
ТАРИХНАМАЛЫҚ
ДЕРЕКТЕР**

Келер жылы қазақ ұлтының тарихында 100 жылдығы аталып өтілетін Алаш қозғалысы XX ғасырдың басындағы күрделі қоғамдық саяси жағдайда қалыптасқан қоғамдық құбылыс. XX ғасыр басындағы қазақ халқының тарихы өзінің аса күрделі әлеуметтік және қоғамдық-саяси қайшылықтарымен ерекшеленеді. Сондай-ақ ұлттық ұлы тұлғалардың жарыққа шыққан, асыл мұраттардың алға қойылған дәуір болып табылады. Ұлттық теңдік, демократиялық-ағартушылық идеяларға толы бұл кезеңде, ұлт зиялыларын ойландырған мәселелер – елдің елдігін, ұлттың бірлігін, жердің тұтастығын сақтау және қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу арқылы ұлттық теңдік пен дербестікке қол жеткізу болды. Бұл мәселелер бүгінгі таңда жаңаша формада алға қойылып отырғанын ескерсек, ғасыр басындағы алаш көсемдерінің алға қойған мақсаттары мен қоғамдық тәжірибелерінің қаншалықты маңызды екендігін терең түсінуге болады.

Кеңестік тоталитарлық жүйе өзінің «қанды шеңгеліне» түсіріп, есімдерін халық жадынан шығарып, тарих бетінен біржола өшіруге тырысқанына қарамастан, алаш көсемдерінің ұлттық мүдде тұрғысында айтылған негізгі ой-пікірлерінің бүгінгі таңда қайта жаңғыруының тарихи маңызы айырықша. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Алайда ұлттық жігер мен толысқан зерде сабағы ұмыт болған жоқ» [1, 15 б.], – деп көрсетуі жайдан-жай емес.

Еліміздің тәуелсіздігі ұлттық тарихымызды зерттеуге кең жол ашты. Соңғы жиырма жылдан бері ұлттық тарих зерттеудің ұстанымдары, әдістемелерінен тартып, қолданатын дерек көздері мен құжаттар да жаңарды, молайды, тың зерттеу салалары қалыптасты. Солардың бірі алаштану ғылымының қалыптасуы болып табылады.

Демек, қазақ елінің азаттығы жолында жанкешті қызмет еткен ұлт зиялыларының өмірі мен қоғамдық-саяси және шығармашылық қызметін мұрағаттық деректер негізінде зерттеу табиғи түрде күн тәртібіне қойылған-ды. Сөйтіп тәуелсіздікпен бірге келген тарихи мүмкіндіктің нәтижесінде алаш қозғалысы қайраткерлерінің өмірі мен қызметін зерттеуге арналған іргелі еңбектер жарық көріп келеді. Дегенмен бүгінгі

күнге дейін алаш қозғалысына қатынасқан зиялылардың барлығының өмірі мен қызметі зерттеліп, бағаланды деуге әлі ерте деп санаймын. Өйткені халқының мүддесі үшін қызмет етіп, жанын құрбан еткен, бірақ ұзақ жылдар бойы қоғамға беймәлім болып келген Ғұмар Қараш сияқты тұлғалар лайықты өз бағасын ала алмай келеді. Әрине, Ғұмар Қараш әдебиет, құқық саласы бойынша ізденістердің нәтижесінде белгілі дәрежеде қарастырылды. Бірақ бұл зерттеулердің басым бөлігі оның ақын-жазушы, қаламгер ретіндегі әдеби шығармашылық қызметімен шектелді. Бұл зерттеулердің құндылығы ақынның ғұмырнамалық, әдеби, саяси құқықтық көзқарасына танымдық талдаулар жасауында. Дейтұрғанмен ол авторлардың қорытқан ой-тұжырымдары әрқелкі. Сондықтан кейіпкер жөніндегі құнды тарихи деректерді саралау арқылы Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне жалпы сараптама жасап, ғылыми баға берудің қажеттілігі өзінен өзі алға қойылып отырғанын аңғарамыз.

Ғұмар Қараштың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі Алаш қозғалысы, оған қатысқан қазақ зиялыларының өмірімен тығыз байланысты қарастыруды қажет етеді. Өйткені ХХ ғасыр басында ұлт азаттық қозғалысқа қатысқан интеллигенция өкілдерінің дені ұлттық мәселені шешуді бірінші орынға қойған еді. Осы мақсатта бүкіл қазақтың зиялылары мүмкіндіктерінше құлшыныс жасады.

Сол қатарда Ғұмар Қараш та болды. Оның қоғамдық-саяси көзқарастары мен дәріптемелері оның жариялаған әртүрлі формада жазған шығармаларында көрініс тауып жатты. Оған кезінде кереғар пікірлер айтылып, әрқилы баға берілген болатын. ХХ ғасырдың 30 жылдары жарық көрген тарихи-саяси әдебиеттерде қайраткер ақынның қазақ әдебиетіндегі алатын орны туралы айтыла бастады. Бірақ сол заманның ауқымы бойынша Ғ. Қарашқа «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген қате кінә тағылды. Мәселен, Ғ. Тоғжановтың 1931 жылы Мәскеуден шыққан «Әдеби энциклопедияның» бесінші томына жазған тарихнамалық деректер мақаласында, С. Мұқановтың 1938 жылы шыққан «ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті: ұлтшылдық-байшылдық дәуірі» атты еңбегінде Ғ. Қараштың әдеби мұрасына таптық принцип тұрғысынан талдау жасалып, оған «байшыл», «ұлтшыл» деген айып тағылды. Сондай-ақ алаш қозғалысы мүшелерінің өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу мәселесінде айырықша орын алатын С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғак

кешу» деп аталатын тарихи-публицистикалық еңбегінде де Ғұмар молда ақын, Алашорданың жыршысы [2] деп танылды.

Дегенмен, 1934 жылы жарық көрген Шәңгерей жинағына Нұғыман Манайұлының жазған алғы сөзінде Шәңгерей мен Ғұмар өзара сабақтастық тұрғысынан қарастырылып, ақын өміріне қатысты кейбір тың мәліметтер айтылады [3].

Сөйтіп, Ғұмар Қараш мұраларын зерттеу ісі Қазақстан жазушылары мен ақындарының 1939 жылы өткен екінші сиезінің шешіміне сәйкес тың серпін ала бастады. Сиез қабылдаған қарарда қазақтың бай жазба әдебиетін ең алдымен Абай, Махамбет, Шернияз, Сұлтанмахмұт, Ғұмар мұраларын жинап, игеру мәселелері нақтыланды.

Ғұмар Қарашты зерттеуде қазақ әдебиеті тарихын зерттеуді ұлы мұрат еткен ғалым Есмағамбет Ысмайловтың еңбегі ерекше. Е. Ысмайлов пен Т. Ақшолоқовтың құрастыруымен орта мектептің 9 класына арналған хрестоматияға Ғұмардың 11 өлеңі мен «Сырым батыр» тарихи жыры енгізілді [4]. Ғалымның 1943 жылы қараша айында «ХХ ғасырдағы қазақтың демократияшыл әдебиеті» тақырыбында жазылған кандидаттық диссертациялық еңбегінде Ғұмар Қараш мұраларына әділ баға берілді [5]. Сөйтіп, жоғарыда айтқанымыздай, өткен ғасырдың 30-жылдары Ғұмар Қараштың мұралары жөнінде, бір жағынан, ауыр сындар айтылып жатса, екінші жағынан, ол қазақтың көрнекті ақын-жазушылары санатында оқулық кітаптарына енгізілді.

Е. Ысмайловтың жеке мұрағатында сақталған Сәрсен Аманжоловтың хатына қарағанда Ғұмар мұраларын жинауға оның да атсалысқаны байқалады. Соғыстан аман-сау елге оралған жолында Мәскеуге тоқтап, кітапхана, мұрағат қорында ізденіс жұмысын жүргізген ғалым С. Аманжолов Е. Ысмайловтың өтініші бойынша оған Ғұмар Қараш өлеңдерінің көшірмесін жіберіп отырған. С. Аманжоловтың да өз тарапынан Ғұмар Қараштың «Дұрыстық жолы» газетінде жарияланған өлеңдері мен мақалаларын түгелдей жинауға тырысқандағы еңбегін мұрағаттық деректер дәлелдейді [6, 178 п.].

Ал 1947 жылы қаңтардың 21-інде Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» деген қаулысынан кейін Мұрат, Шортанбай, Шәңгерей т.б. ақындармен бірге Ғ. Қараш та «революцияға дұшпан буржуазиялық-ұлтшыл

Алашорда партиясының қайраткерлерінің бірі» деп танылды. Міне, осы қаулыдан кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 1957 жылғы «Қазақстан халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеуді сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы» қаулысына дейінгі аралықта Ғұмар әдебиет тарихынан шығарылып, оның шығармаларын оқуға мүлдем тыйым салынған еді. Тек 1958 жылы ғана Мәскеу қаласында жарық көрген «Қазақ поэзиясының антологиясына» [7] ақынның «Достыма» және «Түсінбеймін» атты екі өлеңі беріліп, Ғ. Қараш қазақтың ірі ақыны деп бағаланды.

Ғ. Қараштың өмірі мен шығармашылығына қатысты мол дерек қорын қалдырған зерттеуші ғалым Мұстафа Ысмағұлов. Ол Батыс Қазақстан өлке тарихы мен Б. Қаратаев, Е. Бұйрин, Ғ. Қараш сынды тұлғаларға қатысты құнды құжаттарды Москва, Санкт-Петербург, Орынбор, Омбы, Астрахань, Алматы қалаларындағы мұрағат қорларынан тауып жинақтады. Қазіргі кезде Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында зерттеушінің 1951 жылы телевизиялық деректі фильмге арнап жазған «Газеттің аты «Қазақстан еді» атты сценарийінің қолжазбасы сақталған [8]. 1959 жылы ол «Қазақстан мұғалімі» газетінде жариялаған көлемді мақаласында Ғұмардың «Педагогика» атты еңбегіндегі шәкірт тәрбиесіне қатысты айтылған тұжырымдары мен баланың еркін, жан-жақты өсіп жетілуіне, мектеп мұғалімінің тигізетін ықпалы туралы педагогикалық ой-пікірлерін бағалап, Ғ. Қараштың өмірі мен қызметін зерттеудің жаңа бағытын ұсынды [9].

Сондай-ақ Ғұмар Қараштың қоғамдық-әлеуметтік қызметі мен әдеби шығармаларының, пәлсапалық ойларының мән-маңызын жете түсінген академик С. Зиманов пен зерттеуші ғалым М. Ысмағұлов 1962 жылы Мәскеуден шыққан «Философская энциклопедия» атты еңбекте: «... казахский поэт, публицист, мыслитель подвергал критике некоторые догмы ислама, ратовал за реформу школы, призвал к сближению с русским народом. Философской основой его творчества становится стихийный материализм» [10, 78 б.], – деп Ғұмар Қараштың ақындық, ағартушылық, жаңа оқу жүйесін жасаушылық, ойшылдық қырларын анықтап көрсетеді. Демек, осы орайда айта кететін жайт, Ғұмар Қараштың педагогикалық және философиялық көзқарастары туралы жаңа тың зерттеулерді қажет етеді.

Өткен ғасырдың жетпісінші жылдары жазылған бірқатар ғылыми еңбектерде зерт-

теушілердің Ғ. Қараштың қоғамдық әлеуметтік қызметіне көңіл аударғаны байқалады. Мәселен, С. Зимановтың кеңестік ұлт мәселелеріне байланысты зерттеулерінде, әсіресе кезінде Одақ көлемінде белгілі болған заңгер ғалым С. Байсаловтың «Қазақстанның алғашқы ұжымдық шаруашылығының құқықтық негіздері» [11] деген мақаласында Ғұмардың туған жері Таловкада ұйымдастырып және оған басшылық еткен «Құрқұдық» ауылшаруашылық артелінің қызметі мен мұрағат қорында сақталған артел жарғысының құқықтық негіздеріне ғылыми талдау жасалады.

Ал XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының саяси-экономикалық көзқарастарын айқындауға қалам тартқан ғалым М. Жақсыалиев алаш зиялылары М. Сералин, Ж. Сейдалин, Б. Қаратаевпен бірге Ғ. Қарашты да қазақ қоғамының ілгері дамуына демократиялық бағыт ұстаған, халықтың әлеуметтік дамуын жақтаған ірі қоғам қайраткері деп бағалады. Алайда Ғұмар Қарашты прогресшіл демократтар бағытына жатқызған М. Жақсыалиевтың бұл пікіріне тарихшы П. Пахмурный «Ғұмар Қараш «Алаш» партиясының ұранын жазған ұлтшыл» деген кесімді пікір айтып, үзілді-кесілді қарсы шығады [12, с. 166-167]. Ал белгілі ғалымдар Ғ.С. Сапарғалиев пен М.С. Дүйсеновтың Ғұмардың әлеуметтік ой-пікірлеріне тоқталып, оны алдыңғы қатарлы қазақ зиялыларының өкілі деп жазған кітаптарының жариялануына тыйым салынады [12]. Міне, бұл тарихтың осы кезеңінде алаш қайраткері Ғұмар Қараш туралы көзқарастың әлі де түзеле қоймағанын анық аңғартады.

Ғұмар Қараш есімін бұрынғы Кеңес Одағы көлемінде таныстыруға жазушы, ғалым М. Мағауин үлкен еңбек сіңірді. 1978 жылы аталмыш автордың құрастыруымен Ленинград қаласында жарық көрген «Қазақстан ақындарының жинағына» Ғ. Қараштың алты өлеңі енгізіледі [13, с. 24-26].

Жалпы Алаш қозғалысы тақырыбы бойынша жаңа әдістемелік және теориялық деңгейде ой-тұжырымдар жасаған көрнекті ғалым К. Нұрпейісов көрсеткендей, 1930 жылдардың ортасынан 1980 жылдардың соңына дейін отандық тарихнамада Алаш қозғалысына байланысты зерттеулер жүргізілмеді [14, 14 б.]. Сөйтіп, осы жылдар аралығында алаш қозғалысының көрнекті қайраткері туралы бұл тақырыпты нақты тарихи тұрғыдан зерттеуге ресми идеология мүмкіндік бермеді. Бұл кезеңде Ғ. Қараштың аты аталса, тек ол идеологиялық жау тұрғысынан ғана аталуы тиіс болды.

Демек, XX ғасырдың 80-жылдарының екінші жартысынан басталған қоғамдағы демократиялық жаңарулар және Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялауы нәтижесінде ұлттық тарихымызға терең көңіл бөлініп, XX ғасырдың басындағы алаш қайраткерлерінің қоғам дамуындағы алатын орнын анықтау мәселелерін көтерген зерттеулерде Ғұмар Қараш есімі қайта көріне бастады. Мәселен, 1989 жылы шілдеде Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің жанындағы партия тарихы институтының ұйымдастыруымен «Алашорда: пайда болуының, қызметі мен күйреуінің тарихы» деген тақырыпта өткен пікір алысу Алаш қозғалысы тарихы үшін маңызды тұжырымдамалардың жасалуына негіз болды [14, 17 б.]. Сөйтіп қазақ демократиялық интеллигенциясының XX ғасырдың бас кезіндегі қоғамдық-саяси қызметін зерттеудегі шын мәніндегі жаңа кезең басталды. Оған жол ашқан сол кездегі бүкіл Кеңестер Одағын қамтыған қайта құру үдерісі еді.

Алаш ардақтысы Ғұмар Қараштың халқымен қайта табысуына мүмкіндік жасалған осы кезеңде әдебиеттанушы Қ. Сыдиықов «Замана» деген атпен Ғұмар Қараштың шығармалары мен өлеңдері топтастырылған жеке кітабын жарыққа шығарды. Бұл әрине, Ғ. Қараш мұраларын зерттеушілер үшін үлкен көмек, игілікті іс болды [15].

Еліміз тәуелсіздігі ұлттық көзқарасқа негізделген отандық тарих ғылымының жаңа арнаға түсуіне және өткен тарихымызды жаңаша саралауға жол ашты. XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының Алаш қозғалысындағы қызметін қажетті деңгейде айқындап көрсету соңғы жылдары ең өзекті тақырыптардың біріне айналды. Бұл тұрғыда қазақ зиялылары тарихындағы «ақтаңдақты» беттерінің сырын ашып, олардың мол мұрасын зерттеудің бағытын айқындап берген М. Қозыбаевтың [16], ұлт зиялыларына таңылған қатал да әділетсіз бағаның ақиқатын анықтап, тарихи шындықты қалпына келтіріп, қазақ халқының тәуелсіздігі жолында күрескен алаш қайраткерлерінің 1917 жылғы Ақпан және Қазан төңкерісі, оған жалғасқан азамат соғысы, Кеңес билігінің орнауы жылдарындағы қоғамдық-саяси қызметін терең зерттеп, жаңа әдістемелік және теориялық деңгейде ой-тұжырымдар қалыптастырған көрнекті тарихшы ғалым К. Нұрпейісовтің [14], XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының отарлық езгі мен тәуелсіз мемлекет – Алаш автономиясын құру жолындағы жанкешті ең-

бегі баяндалған М. Қойгелдиевтің [17], Қазақ автономиясының құрылуы мен даму жолдарын, Алаш қозғалысы тарихын Ресей мен Қазақстан республикаларындағы мұрағаттардың тың деректері негізінде талқылаған зерттеу жұмыстарының авторы Д. Аманжолованың [18], алаш зиялыларының алдыңғы буын өкілдерінің тізімі беріліп, олардың қоғамдық-саяси қызметтеріне шолу жасалған Ғ. Ахмедовтың [19] еңбектері жарыққа шықты. Бұл зерттеу еңбектерде 1917 жылы 5-13 желтоқсан күндері Орынбор қаласында өткен екінші жалпықазақ сиезіне арнайы шақыртылған Ғұмар Қараштың сиез төрағасының орынбасары болып сайлануы және оның осы сиезде Алаш автономиясын жедел түрде жариялауды жақтаушылардың бірі болғандығы мұрағаттық деректер негізінде дәлелденген.

Сондай-ақ Әлихан Бөкейхановтың «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларын құрастырып, кіріспесін жазған ғалым М. Қойгелдиев осы еңбегінде Ғұмар Қараштың «Неден қорқам» атты өлең жолдарының саяси астарында: «большевиктік идеологтар айтқандай, «социалистік революцияның салтанатты шеруін қабылдай алмаған қазақ буржуазиялық интеллигенциясының үрейі» жатқан жоқ, А. Байтұрсынов дәл басып көрсеткендей, бұлыңғыр таптық азаттықтан гөрі ұлттық бостандықты күткен қазақ елінің қауіпін жатты» деп тұжырымдады [17, 43 б.].

Алаш тақырыбымен қоса Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылығы да М. Олкотт, Т. Дж. Виннер, А. Беннигсен, Ш. Лемерсье Келкежей, Х. Оралтай сияқты жекелеген шетелдік зерттеушілердің назарынан тыс қалмады [20].

Соңғы жылдары ұлт қайраткерінің ақындығы, өмірі мен шығармашылығына арналған еңбектермен қатар Ғұмар Қараштың саяси-құқықтық көзқарасы жөнінде ғылыми тұжырымды пікірлер жазылған ғылыми зерттеулер жарық көрді. Бұл орайда әдебиеттанушы ғалым М. Тәж-Мұраттың Ғұмар Қараштың ақындық қырының тың деректер негізінде зерттеуі ғұмартанудағы жаңа бір белес болып табылды. Ғалымның 2004 жылы жарық көрген «Ғұмар Қараш» [21] атты монографиялық еңбегінде ақынның әдеби шығармашылық мұрасы XX ғасыр басындағы жаңару қозғалысы жәдидия тарихымен байланысты баяндалады. Ақын өмірі мен шығармашылық қызметін, мұрағат құжаттарымен бірге көнекөз қариялар естеліктерін негіз ете отырып, қарастырған М. Тәж-Мұраттың бұл тарихи-филологиялық еңбегін Ғұмар Қараштың өмірі мен шығармашылық қызметін біріктіре

зерттеген алғашқы туынды деп санаймыз. Сонымен бірге аталмыш автордың тың деректер негізінде жазылған «Шәңгерей» атты кітабы да ғұмартанудағы құнды еңбектердің қатарынан көрінді.

Алаш қайраткерінің өмірін зерттеуде жергілікті өлке танушы ғалымдардың да қосқан үлесі қомақты. Отарлық бұғау өлке тарихын зерттеуге де зардабын тигізген еді. Тәуелсіздік жылдары осы олқылықтардың орнын толтыруға тырысқан белгілі тарихшы ғалым И.Кенжалиевтың зерттеулерінде ХХ ғасыр басындағы Орал облысының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайына шолу жасай отырып, мұрағаттық құжаттар негізінде 1917 жылғы өлкемізде орын алған саяси өзгерістер мен азаматтық қарсыласу кезеңіндегі күрес тарихы туралы кең түсініктер береді. Автор 1917 жылғы Бөкей даласындағы демократиялық қозғалыс пен жаңа өкіметті орнату жолындағы күрес тарихына қатысты бірқатар мұрағат деректерін алғаш ғылыми айналымға енгізген. Қазан төңкерісіне дейінгі Бөкей Ордасындағы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси жағдай Ғұмардың ұлт жанашыры ретінде қалыптасуының қайнар көзі болғаны анық. Демек, ғалымның зерттеулерінде Ғұмар Қараштың өскен өлкесі Бөкей облысындағы қоғамдық өмір мен бөкейлік алаш зиялыларының қоғамдық-саяси қызметіне қатысты деректер мол қамтылған. Ұлт жанашырын тарихи тұлға ретінде қарастыруда зерттеушінің «Ғұмар Қараш» еңбегі маңызды. Әсіресе, бұл еңбекте 1911-1913 жылдар аралығында Ғұмар Қараштың қатысуымен шығарылып тұрған «Қазақстан» газетіне қатысты кейбір мәліметтер берілген [22].

Жоғарыда айтылған «Қазақстан» газетінің шығу тарихы Ғұмар Қараш есімімен тығыз байланысты. Өйткені ол ұлттық баспасөз тарихындағы толыққанды тұңғыш басылымның ыстығына күйіп, суығына тонған шығарушысы болып қана қойған жоқ, сондай-ақ газеттің белсенді авторларының бірі болды. Бұл басылым жөнінде К. Нұрпейісов: «Қазақстан» газеті оның атынан көрініп тұрғандай жалпы ұлттық мәселелерді көтеруге ұмтылды», – деп тұжырым жасады [14, 54 б.]. Осы орайда қазан төңкерісіне дейінгі баспасөз тарихын жазып, Ғ. Қараштың газет бетінде көтерген қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелер жөніндегі мақалаларының библиографиялық көрсеткіштерін жасаған Ү. Субханбердинаның еңбектері маңызды [23].

Себебі, бұл басылымдағы деректерсіз Ғұмар Қарашты қоғам дамуына үлесін қосқан саяси қайраткер ретінде толыққанды тану мүмкін болмас еді.

Жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік, ұлтжандылық сезімін қалыптастыруға ықпал етудің күш, құралы туған жердің тарихын оқып үйрену десек, тарихшы ғалым Т. Рысбековтың «Өскен өлке тарихы», «Этюды истории родного края» зерттеулерін атап айтамыз. Онда Батыс Қазақстан тарихының келелі мәселелері қарастырылған. Автордың мемлекеттік даму мәселелерімен бірге жеке тұлғалардың өмірін, өлкедегі Алаш Орда, ұлт-азаттық қозғалыстарының рөлі мен мазмұнын баяндайтын еңбектерінде Ғұмар Қарашты тарихи тұлға ретінде танитын пікірлері тұжырымды берілген [24].

ХХ ғасыр басында Қазақстандағы қоғамдық-саяси және құқықтық ой-пікірдің дамуына зор үлес қосқан қазақтың көрнекті өкілдерінің қатарында Ғұмар Қараш та ерекше орын алады. Сондықтан ақын, ағартушы, ойшыл Ғ. Қараштың құқықтық ой-пікірлері заңгер ғалымдардың назарын өзіне аударды. Әсіресе, А. Байтұрсынов, Б. Қаратаев, Б. Сыртанов, Ж. Сейдалиев, Ғ. Мусағалиев, Ғ. Қараш сынды т.б. алаш қайраткерлерінің қоғамдық-саяси, құқықтық көзқарастарын сол заманның көкейтесті мәселелерімен ұштастыра отырып, Ғ. Қараштың мемлекет, құқық, саяси жүйе, заңдылық, әділсот, құқық бұзушылық, әйел теңдігі жөніндегі құқықтық ой-пікірлері туралы тұжырым жасаған ғалым С. Өзбекұлы: «Ғ. Қараш Қазақстанның ХХ ғасыр басындағы дамуы кезеңінде қоғамдық-саяси және құқықтық ой-пікірге ерекше, молынан үлес қосып, артына өшпес із қалдырған ірі тұлға», – деп бағалады [25, 66 б.].

Қорыта келе, жоғарыда баяндалған тарихнамалық деректер негізінде ой түйіндесек, Ғұмар Қараш – ХХ ғасыр басында қазақ елін қараңғылықтан құтқарудың жолын іздеген, өз тұсындағы жаңа тұрпатты алаш қайраткері. Ол – артына өлмес мұра етіп, ұлы тағылымдарын қалдырған ойшыл философ, халқын өнер мен ғылымға, берекелі ел болуға үндеген ағартушы.

Демек, Тәуелсіз қазақ елінің кейінгі жас ұрпағы – Ғұмар Қарашты дін, шариғат, имандылық жолын, араб, парсы, түрік, татар тілдерін жетік білген ғұлама, өз дәуіріндегі мерзімді баспасөзде қазақ елінің жоғын жоқтап, көкейтесті мәселелері хақында ой толғаған тарихи тұлға деп таниды.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы: «Атамұра», 1999. – 296 б.
- 2 Тугжанов Г. Казахская литература. – М., 1931. – Т. 5. – С. 236; Мұқанұлы С. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. (Ұлтшылдық, байшылық дәуірі) – Алматы, 1932. – 329 б.; Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу. – Алматы: «Жазушы», 1977. – 392 б.
- 3 Манаев Н. Шәңгерей. Өлеңдер жинағы. – Алматы, 1934. – 79 б.
- 4 Ысмайлов Е. Қазақ әдебиеті, 9 кл. арналған хрестоматия. II бөлім. – Алматы, 1940. – 112 б.
- 5 Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚРОМА) 1985-қор, 1-тізім, 3-іс. Ысмайлов Е. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. Қолжазба, – 234 б.
- 6 ҚРОМА, 1985-қор, 1-тізім, 6-іс. С.Аманжолов хаты.
- 7 Антология казахской поэзии. – М.: «Гослитиздат», 1958. – С. 861.
- 8 Ысмағұлов М. Ғұмар Қарашев. Қолжазба. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы (БҚОТӨМ), М.Ш. Ысмағұлов қоры.
- 9 Ысмағұлов М. Ғұмар Қараштың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері // Қазақстан мұғалімі. – 1959. – 21 – май.
- 10 Зиманов С. Исмагулов М. Карашев Гумар. Философская энциклопедия. Т.2. – М.: «Советская энциклопедия», 1962. – С. 457.
- 11 Байсалов С. Правовая основа первых колхозов Казахстана // Вестник АН Каз ССР. – 1961. – № 2, (191). – С. 34-43.
- 12 Джаксалиев М. Экономические и социально-политические взгляды казахских общественных деятелей конца XIX – нач. XX вв: автореф. дис. ... канд. ист. наук. – М., 1973. – 30 с.; Пахмурный П. Большевики Казахстана в революции 1905-1907 годов. – Алма-Ата, 1976. – С. 312.; Сапарғалиев Г.С. Дюсенов М.С. Социологическая мысль в Казахстане в конце XIX начале XX вв. – Алма-Ата, 1971. – С. 127.
- 13 Магауин М. Поэты Казахстана. – Л., 1978. – С. 220.
- 14 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 256 б.
- 15 Ғұмар Қараш. Замана. (Өлең, толғаулар, пәлсапалық ой-толғамдар, мақалалар) / Құраст. Қ. Сыдықов. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 240 б.
- 16 Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. – Алматы: «Санат», 1998. – 206 б.
- 17 Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: «Санат», 1995. – 368 б.; Әлихан Бөкейханов. Шығармалар / Құрастырып, кіріспесін және өмірбаяндық ғылыми мақаласын жазған М. Қойгелдиев. – Алматы: «Қазақстан», 1994. – 384 б.
- 18 Аманжолова Д.А. Казахский автономизм и Россия. История движения Алаш. – М.: «Россия молодая», 1994. – 216 с.
- 19 Ахмедов Ф. Алаш Алаш болғанда. – Алматы: «Жалын», 1996. – 224 б.
- 20 Олкотт, Казахи. – Калифорния: Гувера Стэнфорд, 1978. – С.73.; Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. Баспасөз және 1920 жылға дейінгі россия мұсылмандары арасындағы ұлттық қозғалыс // Қазақстан коммунисті, 1991. – № 10. – 72-78 б.; Виннер Т.Г. Устное творчество и литература казахов Русской Центральной Азии. Изд. Дьюкского университета, – 1958. – С. 324.; Оралтай Хасен. Алаш Түркістан түркілерінің ұлт-азаттық ұраны. – Стамбул. 1973. (аудармасы Азат газетінде жарияланған) // Азат. – 1991. – № 1, 1-шілде.
- 21 Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш. (Өмірі мен шығармашылығы.) – Ақтөбе: А-Полиграфия ЖШС, 2004. – 384 б.; Соныкі: Шәңгерей. (Жасампаздық өмірі.) – Алматы: «Өлке», 1998. – 336 б.
- 22 Кенжалиев И. Батыс Қазақстанның қасіретті жылдары (1916-1920 жж.). Тарихи очерк. – Орал: БҚМУ баспаханасы, 2000. – 144 б.; Кенжалиев И. Ғұмар Қараш. – Орал: БҚМУ баспаханасы, 2004. – 136 б.
- 23 Субханбердина Ү. Қазақ халқының атамұралары. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: «Ғылым», 1999. – 834 б.
- 24 Рысбеков Т.З. Өскен өлке тарихы. – Орал, 1997. – 62 б.; Рысбеков Т.З. Этюды истории родного края. – Уральск, 2007. – С. 196.
- 25 Өзбекұлы С. Арыстары алаштың. Тарихи очерктер. – Алматы: «Жеті жарғы», 1998. – 186 б.

References

- 1 Nazarbaev N. A. Tarih tolkynynda. – Almaty: «Atamura», 1999. – 296 b.
- 2 Tugzhanov G. Kazahskaja literatura. – M., 1931. – T. 5. – S. 236; Mukanuly S. HH gasyrdagy kazak adebieti. (Ultshyldyk, bajshyldyk dauiri) – Almaty, 1932. – 329 b.; Sejfullin S. Tar zhol tajgak keshu. – Almaty: «Zhazushy», 1977. – 392 b.
- 3 Manaev N. Shangerej. Өlender zhinagy. – Almaty, 1934. – 79 b.
- 4 Ysmajlov E. Kazak adebieti, 9 kl. arналган hrestomatija. II belim. – Almaty, 1940. – 112 b.
- 5 Kazakstan Respublikasy Ortalyk Memleketтик Arhivi (KROMA) 1985-kor, 1-tizim, 3-is. Ysmajlov E. HH gasyrdagy kazak adebieti. Kolzhazba, – 234 b.
- 6 KROMA, 1985-kor, 1-tizim, 6-is. S.Amanzholov haty.
- 7 Antologija kazahskoj poezii. – M.: «Goslitzdat», 1958. – S. 861.
- 8 Ysmagulov M. Gumar Karashev. Kolzhazba. Batys Kazakstan oblystyк tarihi – өlketanu murazhajy (BKOTӨM), M.Sh. Ysmagulov kory.
- 9 Ysmagulov M. Gumar Karashtyn talim-tarbielik oj-pikirleri // Kazakstan mugalimi. – 1959. – 21 – maj.
- 10 Zimanov S. Ismagulov M. Karashev Gumar. Filosoфskaja jenciklopedija. T.2. – M.: «Sovetskaja jenciklopedija», 1962. – S. 457.
- 11 Bajsalov S. Pravovaja osnova pervyh kolhozov Kazahstana // Vestnik AN Kaz SSR. – 1961. – № 2, (191). – S. 34-43.

- 12 Dzhaksaliev M. Jekonomicheskie i social'no-politicheskie vzgljady kazahskih obshhestvennyh dejatelej konca HIH – nach. HH vv: avtoref. dis. ... kand. ist. nauk. – M., 1973. – 30 s.; Pahmurnyj P. Bol'sheviki Kazahstana v revoljucii 1905-1907 godov. – Alma-Ata, 1976. – S. 312.; Sapargaliev G.S. Djusenov M.S. Sociologicheskaja mysl' v Kazahstane v konce HIH nachale HH vv. – Alma-Ata, 1971. – S. 127.
- 13 Magauin M. Pojety Kazahstana. – L., 1978. – S. 220.
- 14 Nurpejsov K. Alash ham Alashorda. – Almaty: «Atatek», 1995. – 256 b.
- 15 Gumar Karash. Zamana. (Өlen, tolgaular, palsapalyk oj-tolgamdar, makalalar) / Kurast. K. Sydiykov. – Almaty: «Gylym», 1998. – 240 b.
- 16 Kozybaev M.K. Tarih zerdesi. – Almaty: «Sanat», 1998. – 206 b.
- 17 Kojgeldiev M. Alash kozgalysy. – Almaty: «Sanat», 1995. – 368 b.; Alihan Bekejhanov. Shygarmalar / Kurastyryp, kirispe-sin zhane өmirbajandyk gylymi makalasy zhazgan M. Kojgeldiev. – Almaty: «Kazakstan», 1994. – 384 b.
- 18 Amanzholova D.A. Kazahskij avtonomizm i Rossija. Istorija dvizhenija Alash. – M.: «Rossija molodaja», 1994. – 216 s.
- 19 Ahmedov G. Alash Alash bolganda. – Almaty: «Zhalyn», 1996, – 224 b.
- 20 Olcott, Kazahi. – Kolifornija: Guvera Stjenford, 1978. – S.73.; Bennigsen A., Lemer'se-Kel'kezhej Sh. Baspasөz zhane 1920 zhyлга dejingi rossija musylmandary arasyndagy ulttyk kozgalys // Kazakstan kommunisti, 1991. – № 10. – 72-78 b.; Vinner T.G. Ustnoe tvorcestvo i literatura kazahov Russkoj Central'noj Azii. Izd. D'jukskogo universiteta, – 1958. – S. 324.; Oraltaj Hasen. Alash Turkistan turkilerinini ult-azattyk urany. – Stambul. 1973. (audarmasy Azat gazetinde zharijalangan) // Azat. – 1991. – № 1, 1-shilde.
- 21 Tazh-Murat M. Gumar Karash. (Өmiri men shygarmashylygy.) – Aktөbe: A-Poligrafija ZhShS, 2004. – 384 b.; Sonyki: Shangerej. (Zhasampazdyk өmiri.) – Almaty: «Өlke», 1998. – 336 b.
- 22 Kenzhaliev I. Batys Kazakstannyn kasiretti zhyldary (1916-1920 zhzh.). Tarihi ocherk. – Oral: BKMU baspahanasy, 2000. – 144 b.; Kenzhaliev I. Gumar Karash. – Oral: BKMU baspahanasy, 2004. – 136 b.
- 23 Subhanberdina U. Kazak halkynyn atamuralary. Mazmundalghan bibliografijalyk kersetkish. – Almaty: «Gylym», 1999. – 834 b.
- 24 Rysbekov T.Z. Өsken өlke tarihy. – Oral, 1997. – 62 b.; Rysbekov T.Z. Jetjudy istorii rodnogo kraja. – Ural'sk, 2007. – S. 196.
- 25 Өzbekuly S. Arystary alashtyn. Tarihi ocherkter. – Almaty: «Zheti zhargy», 1998. – 186 b.

Мекебаев Т.Қ.,
Құмғанбаев Ж.Ж.

**Көлбай Төгісов бастаған
«Үш жүз» партиясының
саяси қызметі**

Кеңес өкіметі тұсында «Алаш» партиясы туралы ауызға алынбаса да, оған қарсы аталған социалистік бағыттағы «Үш жүз» партиясы жайында аз да болса мәліметтер халыққа жетіп отырған болатын. Дегенмен, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін «Алаш» партиясы сияқты «Үш жүз» партиясы да тарихтан өзінің шын орнын ала алмай келді, сол себепті авторлар мақалада аталған партияның саяси қызметіне мұрағат деректері негізінде тоқталып өтеді.

Мақалада патша үкіметі құлағаннан кейін бүкіл Ресейдегі секілді, Қазақстанда да қос үкімет орнап және сол кезеңде өлкеде орын алған ұлттық демократиялық Алаш партиясымен бір мезгілде өзіндік ұстанымы бар «Үш жүз» партиясы туралы қарастырылады. Кеңестік кезеңде Үш жүз партиясының ұстанымдарына басқаша тұрғыда пікір берсе, тәуелсіздік алғаннан кейін, партия басшыларының ой-пікірлеріне берген Отандық тарихшылардың тұжырымдамаларына тоқталып өтеді.

Мақалада қарастырылған негізгі деректердің қатарына Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты қорларында сақталған Үш Жүз партиясы басшыларының бір-біріне жазған хаттары, қаулылары және тағы басқа іс-қағаздары негізге алынып, ой-тұжырымдамалар жасалған.

Түйін сөздер: «Үш Жүз» партиясы, «Алаш» партиясы, Уақытша үкімет, Ақпан революциясы, Көлбай Төгісов, Әлихан Бөкейханов.

Мекебаев Т.Қ.,
Kumganbaev Zh.Zh.

**The political activities of the
party « Ush Zhuz» under Kolbay
Togisov**

In the Soviet period, when no mention of the party «Alash», then the party «Ush Zhuz» has chosen the socialist direction of received information. Prior to independence, the party «Alash» and ««Ush Zhuz» could not take a proper place in the pages of history, on the basis of this article the authors analyze political activities of the party «Ush Zhuz» based on archival materials

The article discusses the activities and principles of the party «Ush Zhuz». After the fall of the Tsarist regime in Kazakhstan, along with the national Democratic Party Alash, conducted the activities of the party «Ush Zhuz» With the Soviet period, the party «Ush Zhuz» evaluated differently, but in this article the idea of local researchers after independence.

Exact same, the article based on the materials of archive of the President of the Republic of Kazakhstan, in particular, letters, documents, representatives of the party «Ush Zhuz» an analysis of the basic principles of the party at the beginning of the XX century.

Key words: Party «Ush Zhuz», the party «Alash», the Provisional Government, the February Revolution, Kolbai Togisov, A. Bokeyhanov.

Мекебаев Т.Қ.,
Кумғанбаев Ж.Ж.

**Политическая деятельность
партии «Үш жүз»
под руководством
Колбая Тогисова**

В советский период, когда о партии «Алаш» не упоминалось, то о партии «Уш жүз», избравшей социалистическое направление, поступали сведения. До обретения независимости как партия «Алаш», так и «Уш жүз» не могли занять должного места на страницах истории, исходя из этого авторы статьи анализируют политическую деятельность партии «Уш жүз», основываясь на архивные материалы.

В статье рассматривается деятельность и принципы партии «Уш жүз». После падения царского режима в Казахстане наряду с национальной демократической партией Алаш, вела свою деятельность партия «Уш жүз». В советский период деятельность партии «Уш жүз» оценивалась по-другому, но в данной статье анализируются идеи отечественных исследователей после обретения независимости.

Также, в статье, опираясь на материалы архива Президента Республики Казахстан, в частности письма, документы представителей партии «Уж жүз», проводится анализ основных принципов деятельности партии в начале XX века.

Ключевые слова: партия «Уж жүз», партия «Алаш», Временное правительство, Февральская революция, Колбай Тогисов, А. Бөкейханов.

КӨЛБАЙ ТӨГІСОВ БАСТАҒАН «ҮШ ЖҮЗ» ПАРТИЯСЫНЫҢ САЯСИ ҚЫЗМЕТІ

XX ғасырдың бірінші жартысында жазықсыз қудаланған қазақ зиялы қауымның тағдыры кеңестік кезеңде айтылмады және жазылмады, оның себебі қазіргі уақытта баршамызға мәлім. Еліміз егемендікке қол жеткізгеннен кейін, бұл мәселені зерттеу қолға алынды, алайда мәселе әлі де толықтай зерттеле қойған жоқ. XX ғасырдың басында қазақ қоғамында орын алған күншілдік, сатқындық секілді жаман, жат қасиеттер қазақ ұлтының зиялы қауымы өкілдерінің арасында да белең алып, соның салдарынан кеңес билігі одан сайын күшейе түсті. Мұны пайдаланған сталиндік үкімет қазақ зиялыларының басым бөлігін қудалауға ұшыратты. Қуғын-сүргін шаралары ой еңбегінің рухани болмысын меңгерген зиялылар үшін өте ауыр болып, олар рухани жағынан адам айтып түсіндіре алмас азап шекті. XX ғасырдың ең ауқымды екінші жартысында әлемдегі көптеген елдердің халықаралық саясатында түбегейлі өзгерістер болды. Дүниежүзін қарама-қарсы топқа бөліп тұрған «қырғи-қабақ» соғысы өте күшті қиратпа күшпен шексіз ауыр шиеленістер тудырды, ал бұл бір-біріне сенбейтін қарама-қайшы елдердің әдеттегі әлемге үстемдік ету бақталастығынан пайда болды. Сөйтіп, мықты иелігі болса да, кеңестік өкіметтегі уланған идеологиялық қайшылық терең адасуға алып барды.

XX ғасырдың басы халықтың мәдени-ағарту жолымен әлеуметтік әділеттікке, бостандыққа және өркениет жолына бастаған, осы мақсатта жан аямай еңбек еткен қазақ зиялылары үшін құнарлы кезең болғаны белгілі. Олар газет шығарып, кітап бастыртып, жер-жерде мектеп ашумен қатар саяси партиялар құрып, толып жатқан мәдени ағартушылық бағыттағы (топтарға ұйымдасты) үйірмелерге топтасады, яғни, ойлары қазақ жерінде дербес мемлекеттілікке қол жеткізудің әртүрлі жолдарын таңдады, бір сөзбен айтқанда ұлт зиялыларының жолдары әртүрлі болғанымен мақсаты бір бағытта еді. Сол кездегі саяси партиялармен ағымдар арасындағы ең ірілері – ұлттық-демократиялық «Алаш» және қазақ социалистік «Үш жүз» партиясы болды.

Патша өкіметі құлатылғаннан кейін бүкіл Ресейдегі секілді, Қазақстанда да қос үкімет орнап, онда Уақытша үкімет және жұмысшы-шаруа, солдат депутаттарының Кеңесін құрды. Уақытша үкіметтің ұстанған бағыты – капитализмді дамыту

болса, ал жұмысшы-шаруа және солдат депутаттар кеңесі ұстанған бағыты – социалистік қоғам құру еді. Ақпан төңкерісінің жеңісін Ә. Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары майданға тыл жұмысына алынғандар арасында жүріп қарсы алды. Өз қуанышын Ә. Бөкейханов «Кеше құл едік, енді бұл күн теңелдік. Қам көңілде қайаудай арман қалған жоқ. Неше ғасырлардан бері жұрттың бәрін қорлықта, құлдықта ұстаған жауыз үкімет. Жүз жылдан бері халықты теңдікке жеткізу жолында ескі үкіметпен алысып, дарға асылып, оққа ұшып, басы айдауға, малы талауға түсіп жүрген сабаздар жасымай, бәрі кемісе, оны артылып, ақырында Русия қол астындағы халықтардың бәріне: дін, ұлт, тіл айырмасына қарамай азаттық әперді. Енді бүгін теңеліп, түсімізде көрмеген жақсылықты өңімізде көріп, төбеміз көкке жетіп отыр» [1, 234 б.], – деп білдіреді.

Аталған буржуазиялық-демократиялық Ақпан революциясының жеңіске жетуі аймақтағы еңбекші халықтардың саяси белсенділігін өсірген болатын. Уақытша үкіметтің қазақ өлкесіндегі жергілікті мекемелері 1917 жылы наурыз-сәуір аралығында құрылып, облыстарды басқаруға бұрынғы патша шенеуніктерін және қазақтың ұлт зиялы қауымы өкілдерін сайлады. Атап айтқанда Әлихан Бөкейханов Торғайдағы, Мұхаметжан Тынышпаев Жетісудағы, ал Мұстафа Шоқай Түркістандағы Уақытша үкіметінің комиссары болып қызмет атқарды. Уақытша өкімет органдары өзінің әлеуметтік құрамы, басқару әдістері жағынан революцияға дейінгі патша әкімшілігі жергілікті халыққа қалай қараса, бұл да солай қарады. Тарихшы-ғалым М. Қойгелдиевтің пікірінше: «Қазақ елі патшалық Ресей құрамына енгеннен бергі уақытта оның бірде-бір өкілінің империяның әкімшілік жүйесінде губерниялық, облыстық деңгейді қойғанда, тіптен уезд бастығы дәрежесінде қызмет жасамағандығы мәлім. Империялық басқару жүйесінде қазақтар болыстық басқарудан жоғарғы қызметті иемденуге тиісті емес еді. Бұл тұрғыдан Ә. Бөкейханов ескі патшалық биліктің орнына келген Уақытша үкімет жағдайында облыстық басшылыққа келген бірінші қазақ болатын», – деп атап өтеді [2, 323 б.]. Әрине бұл жерде аңғарғанымыз Уақытша үкімет басқару кезінде қазақ ұлт зиялылары жергілікті билік орындарына араласа бастағанын байқаймыз.

Осы уақытта «Алаш» партиясы секілді алғашқы қазақ социалистік «Үш жүз» партиясы да құрылып, өз мақсатын көздеген еді.

Кеңес өкіметі тұсында «Алаш» партиясы туралы ауызға алынбаса да, оған қарсы аталған социалистік бағыттағы «Үш жүз» партиясы жайында аз да болса мәліметтер халыққа жетіп отырған болатын. Дегенмен, еліміз тәуелсіздік алғанға дейін «Алаш» партиясы сияқты «Үш жүз» партиясы да тарихтан өзінің шын орнын ала алмай келгені белгілі. Оған түрлі бағыт ұстанған тарихшы, зерттеушілер әр кезде түрлі баға беріп келді. Мәселен, жоғарыда айтылған «Алаш партиясы» туралы – «ұсақ-буржуазияның партиясы», «бүкіл байлардың саяси ұйымы» немесе – «жартылай феодалдық байлардың партиясы» деген пікірлер айтылып келген, ал «Үш жүз» партиясын да «қазақтардың ұсақ буржуазиясының оппозициялық фракциясы», «ұлттық саяси ұйым немесе қозғалыс», сонымен бірге «қазақ кедейлері мен жалшыларының одағы» деген пікірлер де айтылды. Сөйтіп, бұл екі партияның да кезінде қоғамнан алған шын мәніндегі орны, яғни рөлі тек кейінгі жылдары ғана ақиқат көзіне айнала бастаған сияқты.

Бастапқы кезде «Үш жүз» партиясының көшбасшылары Шаймерден Әлжанов, Мұқан Әйтпенов және Көлбай Төгісов «Айқап» журналына жақын болып, оның істерінде мәдениет, оқу-ағарту, денсаулық сақтау, жер мәселелері туралы мақалалар жазып тұрған. Сонымен бірге К. Төгісов өзінің ұлттық ұстанымдары салдарынан 1907-1912 жылдары патшалық әкімшілік тарапынан қуғын-сүргінге де ұшырағаны белгілі. Ал 1916 жылдан бастап ол Ташкент қаласында «Алаш» атты газет шығарды. Сөйтіп К. Төгісовтың ағартушылық қызметіндегі үлкен бір белес – «Алаш» газетінің шығуы қазақ халқы үшін ұлы оқиға болғаны рас. Сөйтіп ел ішінде бұрыннан беделі жоғары К. Төгісов «Алаш» газетін шығару арқылы барша қазақ жұртының ұстазына айналды. Өйткені Семей, Ташкент, Орынбор, Уфа сияқты қалаларда топтасқан қазақ зиялылары, оның ішінде, әсіресе, жастар жағы газетпен тығыз байланыс жасап оған ресми материалдарын беріп отырған. Осы газеттің алғашқы сандарында патшалық өкіметке қарсы мазмұндағы мақалалар жарияланған жоқ, дегенмен бұл басылымның 12-ші санынан бастап қазақ зиялы өкілдері (1917 жылғы 24 ақпан) революциялық-демократиялық бағыт ұстанып, өз ойларын да ашық білдіре бастады. Ол туралы мұрағат құжаттарында былай делінген: «Алаш» газеті 1916 жылдың желтоқсан айынан 1917 жылдың мамыр айына дейін К. Төгісовтың редакциялығымен шыға бастады. Газет әйелдердің тұрмыс жағдайын жақсарту туралы

бастамалар көтерді, сонымен бірге Ақпан буржуазиялық-революциясына да қолдау көрсетіп, Қазандағы буржуазиялық-демократиялық революцияның барысы туралы әртүрлі бағыттағы хабарлар жариялап тұрды» [3, 3 п.].

«Үш жүз» саяси ұйымындағы жетекшілік рөлдерді бұрынғы адвокат, журналист және драматург Көлбай Төгісов, фельдшер және тілмаш Шаймерден Досов, журналист Мұқан Әйтпенев, жүк тасушы жұмысшы Ысхан Кабеков сынды азаматтар атқарды. Бұл туралы алаштанушы-ғалым К. Нұрпейісов былай дейді: «1917 жылғы наурыз-сәуір айларында К. Төгісов Сырдария облысының қалалары мен басқа да елді-мекендерінде «Шуро-и-Исламия» партиясының ұйымдарын құруда Мұстафа Шоқайға көмектесіп, оның Ташкенттегі ұйымына мүше болды. Осы ұйымның атынан мұсылмандардың бүкілресейлік съезіне делегат болып қатынасып, оның Атқару комитетінің құрамына сайланды. 1917 жылдың бірінші жартысында К. Төгісов қазақ қауымының демократиялық бағытты ұстайтын пікірлестерімен бірге жалпымұсылмандық және оның аймақтық қозғалыстары аясында белсенді түрде саясатпен айналысты» [4, 127-128 б.], – деп атап өтеді.

Сөйтіп, 1917 жылдың 12 желтоқсанында Орынбар қаласында Алашорда үкіметі құрылған кезде Көлбай Төгісов неғұрлым ықпалды-ау деген қазақ оппозициялық фракциясын басқарып тұрған болатын. Көп ұзамай бұл фракция қазақ социалистік «Үш жүз» деген атпен партия болып құрылды, оның алғашқы төрағалығына Мұқан Әйтпенев тағайындалды, ал кейіннен партия басшылығы қызметін Көлбай Төгісов атқарады. Бұл туралы мұрағат құжаттарын мысалға келтірер болсақ, 1917 жылы 17 қарашада «Революционный мысль» газетінде берілген мақалада: «Танымал кадет Ә. Бөкейхановтың ұйымдастыруымен құрылған «Алаш» ұлттық партиясының бағдарламасына қанағаттанбаған бір топ қазақ өкілдері «Үш жүз» социалистік партиясын құрды. Партияның мақсаты түрік-татар тайпаларын Ресей Республикасы құрамында федеративті құрылымға біріктіруді көздейді» [5, 9 п.], – деп жазылды.

Ал тағы бұл туралы К. Нұрпейісов өзінің аталған еңбегінде осы екі партияға былай баға береді: «1917 жылдың күзіне қарай Қазақстанда тағы да бір ұлттық-саяси ұйым – «Үш жүз» партиясы дүниеге келді. Ол өзін «қырғыздың (қазақтың – авт.) социалистік партиясы деп атады» – [4, 5 б.], ал «Революционная мысль» газетіндегі «Үш жүз» партиясына сәлем!» деген

мақалада: «Көлбай Төгісовке газеттің редакциялық алқасы мен қазақ демократтары жағынан қолдау көрсетеді. ...Ташкент, Верный, Пішпек, Наманған, Тройцк, Зайсан және тағы басқа қалалары «Үш жүз» партиясының мүшелерінен үнемі телеграммалар мен хаттар алып тұрады, біз комитет мүшелеріне толықтай сене отырып, қазақ еңбекші халқының жалғыз жанашыры болып тұрған партияға табанды қолдау көрсетеміз» [6, 24 п.], – делінген. Әрине бұл кезде «Үш жүз» партиясын большевиктердің қолдауынан, солардың үгіт-насихат жүргізу идеяларынан туындап отырған көзқарастар. Өйткені кеңестер «Алаш» партиясын «ұлтшылдар» деп сынға алса, ал «Үш жүздіктерге» қолдау көрсеткені белгілі.

«Үш жүз» партиясының мүшелері кеңестерді қолдап отырғаны мен қазақтардың жеке мемлекет құру идеясында ұстанды. Көп ұзамай партияның баспасынан 1917 жылдың 27 қарашасынан бастап «Үш жүз» деген газетте шыға бастайды, ал оның редакторлығында – Көлбай Төгісов өз қолына алады. «Үш жүз» газеті бұрынғы «Алаш» газетіне қарағанда саяси тартысқа бейімдеу болғаны рас, алайда оны заманның ықпалынан деп түсіндірген жөн. Шын мәнінде «Үш жүз» партиясы да, оның газеті де төңкерісшілдіктен гөрі ағартушылық, ұйымдастырушылық, бітімшілік бағытқа бейім тұрған. Осы топтың, әсіресе, Сәкен Сейфуллиннің социалистік идеялар ықпалында болғандығы туралы көп жазылғанына қарамастан, Алашорда басшыларымен арадағы жеке бастарының бәсекелестігі, алашордашылардың өздерінің ақсүйектік шығу тегін даусыз жоғары қоюлары Көлбай Төгісов пен оның жақтастарын өз беттерінше қимылдауға итермеледі. Қалай болғанымен де Көлбай Төгісовтың фракциясы большевиктік билікті қолдауда пысықтық таныта білді, – дегендер де болды. Сонымен бірге, бұл жөнінде Сәкен Сейфуллин өзінің «Тар жол тайғақ кешу» роман-эссесінде былай деп жазды: «... Омбы жатақтары Мұқан Әйтпенұлын, Шаймерден Әлжанұлын, Қылышбайұлын, Көлбай Төгісұлын бас қылып, «Үш жүз» партиясын жасады. Дұрыстыққа келгенде, бұл бастықтар саясатқа үлкен олақтық қылды. «Алашқа» қарсы шыға отырып, сол «Алаштың» күрес тәсілдерін қолданды. Қолданғанда үлкен ебедейсіздікпен қолданды. Әйтпесе партияны «социалшыл» деген соң, «Үш жүз» деп несі бар еді. «Социалшыл» деген соң, күреске «Алаштың» тәсілдерін қолданып не керек еді?», – [7, 130 б.]. Айта кету керек «Алаш» партиясының көсемде-

рі де «Үш жүз» басындағыларды сөгуден кенде қалған жоқ. Бұлар да боқтады. Қайта бұлар сөгуді, жамандауды «Үш жүзден» асырып жіберді. Өйткені, бұлар сөзге шеберірек. Бұлардың саны көп, бұлардың бастықтарының бәрі де оқығандар және әр облыстарды шығып жатқан қазақ газеттерінің «Тіршіліктен» басқасының бәрі бұлардікі еді. Семейдегі «Сарыарқа» газеті, Ташкенттегі «Бірлік туы» газеті, Астрахандағы «Ұран» газеті, Орынбордағы «Қазақ» газеті бәрі де Омбыда «Үш жүздің» бастықтарын сөгіп бақты. Дегенмен, кімді болса да сөгуге «Алаштың» шешендері шеберірек болып шықты.

Әрине, шеберлікті бәрінен Орынбордағы «Қазақ» газеті асырды. Өзге «Алаш» газеттерінің «Қазақ» газеті ағасы болған соң, шеберлікті асырмай қояр ма? Мәселен бұл туралы К. Төгісов: «Бірінші орыс революциясы кезінде мемлекет мекемесінің қызметкері Әлихан Бөкейханов өзінің «қара тонын» шешіп, «қызыл халат» киіп, аяқ асты «социал-демократ» болып шыға келді, ал 1917 жылы ақпан революциясынан кейін төңірегіне «сенімді» жақтастарын жинап, «Алаш» партиясын құрды. «Алаш» партиясы қазақтың революциялық-демократиялық жалғыз сүйеніші болып тұрған «Үш жүз» партиясын үнемі лас сөздермен бағалап жазуын тоқтатпады», – дейді [8, 6 п.]. Ал «Алаш» партиясы өздерінің «Қазақ» газетінде: «Социалистік партияның көшбасшысы Көлбай Төгісов бір кездері Семей аймақтық Сотының тұтқындау бөлімінде «демалып» отыр еді, енді «Үш жүз» партиясының басшыларының бірі болып шыға келді», – деп жазды [9, 7 п.]. «Шеберліктерін» көзбен көру үшін және «Үш жүзге» көзқарастарын аңду үшін «Қазақстан» және «Сарыарқадан» «Үш жүзді» балағаттаған біраз ғана сөздер келтірелік. Ал бұл туралы мұрағат қорларында сақталған «Сарыарқа» және «Қазақ» газеттерінде жазылған мәліметтерден мысал келтіретін болсақ: «Қазақтан шыққан арамзалар. Бостандық болғаннан бері жұрттың көзі ашылып, қайда болса да ынтымақ бірлік табылып, қалың қазақ ішіне береке ұйтқысы орнағандай болып тұр еді. Қазақ арасында кейбір жүгенсіздік ұлғайып, азаматтарының соңына ерген жұртты арамза қулары азғырып, адастарып тұр еді. Біздің ұяттан кеткен, ардан безген арамзалар шығып, газет таратқан болып, ел ішіне әрекет шашқалы жүр. «Алаштың» туын ұстаған, асқар белдей ерлерімізді жынданған итке ұқсап, арамзалар қаппақ болып, жынын құсып, уын шашып жүр. Түрі адамға ұқсағанмен пікірі айуан сияқты адамдар. «Үш жүздің» партиясы деп атақ байланып, ұйытқысы болған

«Алаш» партиясының адамдарын арам аузымен былғамақ болып жүр. Төрт аяқты қасқырға у салушы еді, мыналарға деген у мынау: «Үш жүз» партиясы – содырлы, сойқанды, жүзіқаралар партиясы. Бұл – жұртқа келген үлкен дерт. Сөзіне құлақ қоймай, өздерінен аулақ болып, сақтану – алаш балаларының борышы», – делінген [10, 21 п.].

Дегенмен көптеген ғылыми зерттеулер мен көркем шығармаларда «Үш жүз» партиясын да «буржуазиялық ұлтшылдар» деп қаралаған пікірлер жазылып келді. Сол мақсатта «Үш жүз» партиясының құрылуы, оның саяси және экономикалық, әлеуметтік мақсат-мүддесі, бағыты жөнінде сол кездің өзінде-ақ әртүрлі тілде баспасөз беттерінде мақалалар жарияланғаны да белгілі. Атап айтқанда, «Революционная мысль» газеті: «Қазақ социалистік партиясы «Үш жүз» құрылды, ол өзінің орталық комитетін сайлады, тұрағы Омбы қаласы», – деп жазды. «Үш жүз» партиясы жөнінде іле-шала «Алаш» партиясының органы «Қазақ» газеті, Х. Ғаббасов, И. Әлімбаев, Р. Мәрсековтердің ұйымдастыруымен шыққан «Сарыарқа», Қызылжарда шығатын жастардың «Жас азамат» газеттерінде әртүрлі пиғылдағы мақалаларды үнемі жариялап тұрды. «1917 жылы Қазақстанда екі саяси партияның, атап айтқанда, шовинистік көзқарастағы «Алаш» ұлттық партиясының және коммунистік бағыттағы интернационалдық «Үш жүз» партиясының болғандығын, Бөкей ордасындағы қазақ революциялық комитетінің мүшелері С. Жақыпов, М. Өтегенов және А. Сейітовтардың баяндамаларында айтылды. Онда «Алаш» партиясын белгілі кадет Әлихан Бөкейханов басқарып, Алашорда үкіметін құрғандығын, олар сол бағыттағы «Үш жүздің» әрекет етуіне кедергі жасап баққандығы, екі партия арасындағы айтыс-тартыс 1918 жылы күшейіп, оның ақыры «Үш жүздің» ақ гвардияшылар тарапынан талқандалғандығы туралы келтірілді» [11, 79-81 б.], – деп атап көрсетеді. Сөйтіп «Алаш» пен «Үш жүз» партиясының арасындағы алауыздықты сәтімен пайдаланған большевиктер Омбыдағы «Революционная мысль» газеті арқылы «қазақ кедейлерін соңынан ерткен» «Үш жүз» партиясын құттықтаумен болды.

Сонымен көріп отырғанымыздай, «Алаш» партиясына қарама-қарсы партия ретінде пайда болған «Үш жүз» партиясына алғашқы күннен бастап-ақ өзіне де оның басшыларына да әртүрлі айыптар тақты. Дегенмен «Үш жүздіктерде» қалыс қалған жоқ, оларда қарап қалмай «Алаш»

пен оның көсемдерін үнемі балағаттаумен болды. Мәселен «Үш жүз» газетінің беттерінде «Алаш» партиясының басшысы Ә. Бөкейханов патша үкіметінің қол шоқпары ретінде сипатталды, А. Байтұрсынов, М. Дулатов сияқты және т.б. мүшелеріне де осындай сипаттама берілді. «Үш жүз» газетінің 4 санындағы бас мақаласында «Алаш» партиясы қазақ халқын алдаушы ретінде әшкереленді. Бұл мақалада Ә. Бөкейхановтың басшылығымен Орынбордағы «жалпықазақ» съезінде «Алашорда» автономиясын жариялауына қарсы шықты, бір тиын ақша бермеуге шақырды. «Ғалихан сияқты қас жауымыз халықты басқара алмайды – деп жазылды мақалада. Біз Орынбордаға жиналысты жалпы қазақ съезі деп есептемейміз [12, 11 п.] – деп атап көрсетеді.

Қазақ жеріндегі бұқара халықтың революциялық белсенділігінің өсуі, большевиктер партиясының буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистікке ұласуы үшін күресі, бір жағынан Уақытша үкіметтің ішкі және сыртқы империалистік саясатын қолдаған «Алаш» партиясының ұстанымы қазақ интеллигенциясының жіктелуіне және саралануына, өлкеде революциялық-демократиялық қозғалыстардың күшеюіне және оның пролетариатпен жақындауына алып келді [13, 2 п.]. Сөйтіп, екі партия арасындағы егес 1918 жылы жазда «Үш жүз» партиясы тарих сахынасынан жойылғанға дейін жалғасты.

К. Нұрпейісовтің «Үш жүзбен» «Алаш» партиясының арақатынасына мынадай баға береді: «Үш жүз» және «Алаш» арасындағы автономия мәселелері жөніндегі ойлары бірде қарсы, бірде жақын ұқсас екендігін, «Үш жүз» партиясы басшыларының бірі Көлбай Төгісовтің жүргізген қызметі жөнінде нақтылай көрсете келе: «Үш жүз» 1917 жылғы күз айларында пайда болды. Алғашқыда «Алашпен» бірге жүру жөнінде мәлімдегенімен, ол ойынан қайтып, Қазақстанның қоғамдық-саяси мәселелері жөнінен «Алаштың» басты сынаушысына айналды. «Үш жүз» партиясындағы саяси жетекшілік рөлдерді К. Төгісов, Ш. Досов, Ы. Кабеков, М. Әйтпенев, С. Төленгітов, М. Өсербаев, Ж. Ишмұхамедов, Е. Тоқбаев атқарды», – деп атап өтеді [4, 127 б.].

Ал тарихшы-ғалым С. Смағұлова «Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы» деген еңбегінде: «Үш жүз» партиясы мен «Алаш» партиясының саяси бағыттары бір еді. Олардың негізгі мақсаты – ескі үкімет билігін толығымен жойып, қазақ халқының өз алдына бөлек отау құруын жүзеге асыру. Осы мақсат жолында екі ұлттық партияның арасында күрес туындады. «Алаш»

мүшелері «Үш жүздің» ісін жақтырмады. «Үш жүз» де «Алашты» өз газеттерінде ғайбаттап жатты» [11, 81 б.], – деп ашығын айтады. Тікелей тақырыбымызды зерттеу барысында негізгі мақсатымызға жету үшін С. Смағұлованың айтқан пікіріне толық қосыламыз, яғни «Алаш» партиясының көсемі Ә. Бөкейхановтың да «Үш жүз» партиясының басшылары М. Әйтпенев пен К. Төгісовтың да мақсаты қазақ халқына жеке мемлекет алу, көксегендері ескі өкімет орнына жаңа өкімет орнату болатын.

«Үш жүз» партиясы туралы К. Есмағамбетов өзінің «Қазақтар шетел әдебиетінде» атты еңбегінде: «Уақытша үкіметтен көңілі қалған кейбір қазақтар Бүкілқазақтық конгрес шешімдерінен бас тартты. Олардың көпшілігі Көлбай Төгісов есімді кісінің айналасына топталды, ол құрылған күнінен бастап «Бірлік» тобының белсендісі болды. Ақпан төңкерісінен кейінгі кезде қазақ тілінде шығатын «Алаш» газетінің редакторы бола жүріп, Оңтүстік Қазақстандағы Түркістан қазақтарын ұйымдастыруға қызу араласқанымен, Ә. Бөкейханов пен «Қазақ» тобының қызметіне еш уақытта тартылмаған болатын. 1917 жылғы 12 наурызда К. Төгісов Ташкентте жиналыс ұйымдастырады, оған бұған дейін Ташкент кеңсесіндегі қызметімен көрінген Тұрар Рысқұлов қатысады. Жиналыс К. Төгісов үшін жайлы болмағанға ұқсайды, айдың аяғында ол өзінің саяси белсенділік орталығын асығыс түрде Қазалыға көшіреді, онда 27 наурызда 5000-дай қазақ, өзбек және татар қатысқан (бұларды кейінірек кеңес деректері мұсылман солдаттары деп дұрыс көрсетпейді) жиналысқа төрағалық етеді. Қолдары бос болмағанына қарамастан, олар 1917 жылғы мамырда болатын бүкілресейлік мұсылмандар конгресіне үш татар, үш қазақ және үш өзбек делегатын сайлайды» [14, 73 б.], – деп жазды. Сонымен айтылған «Үш жүз» партиясының жалпы алғанда қазақ қоғамы сияқты біртекті болған жоқ. Оларға Ресейдегі социалистік бағыттағы партиялар насихаттаған идеялар айтарлықтай ықпал етті. Сондықтан мұндай социалистік бағыттағы партиялар татар, башқұрт сияқты қазақтардың еңбекші халықтары тарапынан белгілі дәрежеде қолдау тапты.

Ә. Бөкейханов пен жоғарыда келтірілген «Үш жүз» партиясының қазақ автономиясы туралы көзқарастарының ұқсастықтары мен қайшылықтары неде деген сұраққа: «Қайшылықтар, – Ә. Бөкейханов көп ұлтты Қазақстан жеке автономия болса, ішімізде орыстар оны қолдайды деп үміттенді, ал «Үш жүздегілер» «Көп орыс аз орысты қазаққа бауырлата

қоймайды», – [15] дейді. Ә. Бөкейханов отарлау саясаты нәтижесінде жойылған қазақ мемлекеттігін жаңа жағдайда кіргізе отырып, кейін бөлініп шығу жайын ойласа, «Үш жүз» партиясының мүшелері Қазақстан Түркістан өлкесімен бірлесе отырып, Ресей құрамына федерациялық негізде автономия құруды жөн көрді.

Дегенмен, қай бағытты көздесе де «Үш жүз» партиясы ХХ ғасырдың басындағы қазақ-қырғыз азаттық қозғалысы кезінде мемлекеттік мәселесін алға жетелейтін партия еді. Ал «Алаш» партиясының басшыларының бірі М. Дулатов және т.б. социалистік бағыттағы «Үш жүз» партиясының қызметіне қарсы болды. Мәселен, олар «Үш жүздің қулары» деген мақаласын жариялап, «Үш жүз» партиясын құрушылар мен басшылары Мұқан Әйтпенов пен Көлбай Төгісов және партияға мүше Шаймерден Әлжанов, Қазі Торсанов, Ү. Қасабаевтардың қадамдары «Алашқа» қарсы жүргізіліп жатқан істер деп сынға алса «Үш жүз» партиясының қандай партия екендігін қазақ зиялыларының бірі Көшке Кемеңгерұлы: «Үш жүздің» адал саяси партия емес екеніне мынадай дәлел қоямын: 1) Партияға мүшелікке «қырып сал» байларды, жуандарды алды; 2) Бұқарашыл, кедейшіл болып отырып, сьезге қазақтың нағыз байларынан, жемқорларынан бадырайтып отырып атын атап, уәкілдерді шақырды; 3) Ұлт айырмашылығына қарсы большевик партиясымен тізгіндесіп отырып, «сары орыстың бәрі-бір орыс, хахолды ердің алдыңғы қасына отырғызбаңыз» деп бағдарлама қойды; 4) Діншілдік ұранын көтерді», – деп жазды [11, 80-81 б.] С. Смағұлова өз еңбегінде.

Қорыта келгенде «Үш жүз» партиясы ұрда-жық революцияшылдықтан гөрі, бейбіт жасампаздыққа бейім қызметтер атқарды. Қызмет барысында пікірлері, көзқарастары «Алаш» партиясының бағытына кереғар келуінен шиеленіскен жағдай үшжүзшілердің өмірінің қайғылы аяқталуына әкелді. «Үш жүз» партиясының рөлі мен оның сол кезде атқарған қызметіне берілген объективті баға Қазақстанның демократиялық қозғалысының тарихында Көлбай Төгісовтың есімімен байланысты. ХХ ғасырдың басы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің жандануы ретінде сипатталады. Ғасырлар бойғы халықтың өкпесі ұлт-азаттық күреске ұласты. Отарлау, әлеуметтік-экономикалық дамудың тежелуі ұлт-азаттық қозғалысқа өзіндік ықпалын тигізді. Экономикадағы түбегейлі өзгерістер ұлттың сана-сезімін оятты. Қазақ қоғамында жаңа идеялардың қалыптасуына ықпал етті.

Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде ұлттық жас қазақ интеллигенциясының рөлі маңызды болды. Олар халықтың отарлық езгісін құтқарудың жолдарын іздеді. ХХ ғасырдың басында Қазақстанда ағартушылық кең көлемде жүрді. Бұл халыққа білім беру жүйесін қамтыды. Нәтижесінде жеке мерзімді баспалар ашылып ары қарай дамыды.

Жалпы үшжүзшілер қолына қару алып тез арада билікті жеңіп алуға тырыспаған. Бұл партияның бағдарламасында политехникалық білім беру, діннің халыққа қызмет етуі, бейбітшілік саясатын қолдау, халықты отырықшылыққа бейімдеу, ұлттар арасын ушықтырмау сияқты мәселелер орын алды. Демек үшжүзшілердің революция жылдарында да ізгілікті демократиялық бағыттан жаңылмағанын аңғаруға болады. Осы бағытта жүру барысында «Алаш» партиясының көзқарасына бірде жақындап, бірде алыстап отырғандығын жоғарыда атағанбыз. Аумалы-төкпелі қиян-кескі заманда, тарих сахынасына қатар келген бұл екі партияның ұстаған саяси, қоғамдық, әлеуметтік бағыт бағдарламасы екі басқа, біріне-бірі кереғар қайшы болды. Әрқайсысының өзіндік ұстаған жолында мұндай қарама-қарсылықтың болуы, аласапыран кезеңде, қиян кескі тартыстың үстінде болатын заңды құбылыс, мемлекет жүйесі бір түрден екінші түрге ауысқан кезде болатын заңдылық. Қай партияның да өзінің ұстаған, саяси бағыт-бағдарламасын жүзеге асыруы талас-тартыссыз өтпейтіндігі тарихи шындық. Сондықтан бұл екі партияның талас-тартысын, өзара күресін кінәлауға болмайды. Бұл тақ тартысы емес, халқының мақсат-мүддесі мен мұны үшін күрес. Бұл мәселе төңірегінде арнайы тоқталғаныммен, өзіндік пікір айтудан аулақпыз. Тек айтарымыз, қазіргіше айтқанда, оппозициялық бағыттағы партия еді.

Егер де «Алаш» пен «Үш жүз» өз күштерін бір-бірімен күресуге жібермей, керісінше бірігіп қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескенде аса маңызды саяси күшті құрайтын еді. «Үш жүз» партиясының қоғамдық-саяси қызметін сараптаудың нәтижесінде біз оның демократиялық бағытта іс-әрекет жасағанын көреміз. Қазіргі кезде біз тарихымыздың шынайы онды-солды мәселелерін толық қалпына келтіруге мүмкіндігіміздің мол екеніне көзіміз жеткені белгілі. Халқының болашағы үшін өз өмірлерін арнаған жандардың есімі әрқашанда халықтың есінде қалады. Зерттеу жұмысы «Үш жүз» партиясы Қазақстанның ұлт-азаттық және демократиялық қозғалысы тарихында алатын орнының ерекше екенін растайды.

Әдебиеттер

- 1 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т.1. – 384 б.
- 2 Қойгелдиев М.Қ. Алаш қозғалысы. Бірінші том. Өңделіп, толықтырылған екінші басылым. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2008. – 480 б.
- 3 ҚР ПМ. 811-қор, 23-тізбе, 218-іс. 3 п.
- 4 Нұрпейсов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
- 5 ҚР ПМ. 811-қор, 23-тізбе, 218^а-іс. 9 п.
- 6 Алексеенков П. Кокандская автономия. – Ташкент: Узгиз, 1931. – 75 с.
- 7 Сейфуллин С. Тар жол тайғақ кешу // Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Қазығұрт, 2004. – Т. 1. – 395 б.
- 8 ҚР ПМ. 811-қор, 23-тізбе, 218-іс. 6 п.
- 9 ҚР ПМ. 811-қор, 23-тізбе, 218-іс. 7 п.
- 10 ҚР ПМ. 811-қор, 23-тізбе, 218^а-іс. 21 п.
- 11 Смағұлова С.О. Көлбай Төгісов және «Үш жүз» партиясы. – Алматы: Арыс, 2009. – 232 б.
- 12 ҚР ПМ. 811-қор, 23-тізбе, 218^а-іс. 11 п.
- 13 ҚР ПМ. 811-қор, 23-тізбе, 217-іс. 2 п.
- 14 Есмағамбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде. – Алматы: Ата-мұра, 1994. – 240 б.
- 15 Бөкейханов Ә. Шығармалар. – Алматы: Қазақстан, 1994. – Т. 1. – 384 б.

References

- 1 Bokeihanov A. Shygarmalar. – Almaty: Kazakhstan, 1994. – T.1. – 384 b.
- 2 Koigeldiev M.K. Ultyk sayasy elita. Kyzmety men tagdyry (XVIII-XX ғғ.). Zerteuler. – Almaty: Zhalyn, 2004. – 400 b.
- 3 KR PM. 811-kor, 23-tizbe, 218-is. 3 p.
- 4 Nurpeisov K. Alash ham Alashorda. – Almaty: Atatek, 1995. – 256 b.
- 5 KR PM. 811-kor, 23-tizbe, 218a-is. 9 p.
- 6 Alekseenkov P. Kokandskaya avtonomya. – Tashkent: Uzgiz, 1931. – 75 s.
- 7 Seifullin S. Tar jol taigak kewu // Kop tomdyk shygarmalar jynagy. – Almaty: Kazygurt, 2004. – T. 1. – 395 b.
- 8 KR PM. 811 -kor, 23-tizbe, 218-is. 6 p.
- 9 KR PM. 811-kor, 23-tizbe, 218-is. 7 p.
- 10 KR PM. 811. 811- kor, 23-tizbe, 218a-is. 21 p.
- 11 Smagulova S.O., Kolbay Togisov zhane «Ush zhuz» partyasy. – Almaty: Arys, 2009. – 232 b.
- 12 KR PM. 811 -kor, 23-tizbe, 218-is. 11 p.
- 13 KR PM. 811 -kor, 23-tizbe, 218-is. 2 p.
- 14 Esmagambetov K. L. Kazakhtar shetel adebietynde. – Almaty: Ata-mura, 1994. – 240 b.
- 15 Bokeihanov A. Shygarmalar. – Almaty: Kazakhstan, 1994. – T. 1. – 384 b.

Базарбаев Қ.Қ.,
Рустамбекова М.Е.

**Заки Уалиди Тоған және
Түркістан ұлт-азаттық
қозғалысындағы қазақ-түрік
зиялылары**

Мақалада Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткеріне айналған Заки Уалиди Тоғанның естеліктері сол кезеңнің оқиғаларын қалпына келтіруге өте маңызды дерек ретінде пайдаланылды. 1920–1923 жж. Түркістан өлкесіндегі саяси процестерге белсене араласып, соңында басшылармен бірге қарулы күреске қатысқан Заки Уалиди естеліктері 1963 ж. Түркияда алғаш рет жеке кітап болып жарық көрді. Осы естеліктер 1994–1997 ж. орыс тіліне аударылып жарияланды. Оның естеліктеріне М. Шоқайдың және тағы басқа да Түркістан саяси мұғажырларының естеліктері және мақалаларымен салыстыра отырып жасалған талдау Түркістан қозғалысы жастүріктер қозғалысы барысында көтерілген саяси-әлеуметтік, діни-рухани идеялардың қаншалықты ықпал жасағандығын және қаншалықты сабақтастығы болғандығына қатысты тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Бұл естеліктердің ғылыми құндылығы оның авторларының мұндай саяси тарихи оқиғалардың куәгерлері ғана емес, сонымен бірге тікелей қатысушысы болғандығы кеңінен қарастырылған.

Түйін сөздер: Орта Азия, Түркия, Түркістан, Бұхара, Заки Уалиди Тоған, ұлт-азаттық қозғалыс, отарлық билік.

Bazarbayev K.K.,
Rustambekova M.E.

**Akhmet Zaki Validi Togan and
the kazakh-turkish intellectuals in
the national liberation movement
of turkestan**

Memoirs of Zaki Validi Togan, eminent person of the national liberation movement of Turkestan became an important source for revision of the events which were taking place during this period. This historic figure took active part in the political processes happening in Turkestan in 1920–1923. Validi's memoirs have been for the first time published in Turkey in 1963. In 1994–1996 the book of memoirs has been translated into Russian and published. The analysis of memoirs of Validi in the course of which comparison with memoirs and articles of M. Shokay and other politicians of Turkestan was carried out gives the chance to draw conclusions concerning extent of influence of the socio-political, spiritual and religious ideas which arose during an era of young Turkish revolution to social and political movement in Turkestan. In article the scientific value of these memoirs where the author not only is the witness of the taking place events, but their active participant is also considered.

Key words: Central Asia, Turkey, Turkestan, Bukhara, ZakiValidi, national liberation movement, colonial power.

Базарбаев К.К.,
Рустамбекова М.Е.

**Заки Валиди Тоған и
казахско-турецкая
интеллигенция в национально-
освободительном движении
Туркестана**

Воспоминания Заки Валиди Тогана, являющегося видным деятелем национально-освободительного движения Туркестана, стали важным источником для пересмотра событий, происходивших в тот период. Эта историческая личность принимала активное участие в политических процессах, происходивших в Туркестане в 1920–1923 гг. Воспоминания Валиди были впервые изданы в Турции в 1963 г. В 1994–1996 гг. книга мемуаров была переведена на русский язык и опубликована. Анализ воспоминаний Валиди, в процессе которого проводилось сравнение с мемуарами и статьями М.Шокая и других политических деятелей Туркестана, дает возможность сделать выводы касательно степени влияния социально-политических, духовно-религиозных идей, возникших в эпоху младотурецкой революции, на общественно-политическое движение в Туркестане. В статье также рассматривается научная ценность этих воспоминаний, где автор не только является свидетелем происходивших событий, но их активным участником.

Ключевые слова: Средняя Азия, Турция, Туркестан, Бухара, Заки Валиди, национально-освободительное движение, колониальная власть.

¹Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

²Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Қазақстан Республикасы, Түркістан қ.

*E-mail: Kanat-08@mail.ru

ЗАКИ УАЛИДИ ТОҒАН ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ТҮРІК ЗИЯЛЫЛАРЫ

Заки Валиди Тоған ұлт-азаттық күреске қазақ зиялыларын тартуда нақты жұмыстар атқарған. 1921 ж. наурыз айында ол Ахмет Байтұрсыновқа жасырын хат жібереді. Дінше Әділовтың 1928 ж. 24 желтоқсанында ОГПУ тергеушісіне берген жауабында бұл хаттың мазмұнында орталығы Бұхарада болған жасырын антикеңестік ұйымның қызмет істейтіндігі айтылған [1, с. 295].

«Біз Ташкентте Орта Азиялық орталықтың өмір сүретінін білмейтін едік, бұнда Досмұхамедов, Дулатов, Қашқынбаев және т.б. болды Сол жерде ұйымның мәселелері қаралды: Әр қалада Алашорда ұйымының филиалдарын ашуға шешім қабылданды. Бұл мәселелерді шешу Ғаббасов пен Ермаковке жүктелді. Мені Қожановпен бірге Бұхараға жіберді, бізге ең алдымен коммунист Гариф Назировке жолығу тапсырылды. Мамыр айының соңында біз Бұхараның оңтүстігінде Гарифтің үйіне түстік, ол бізді жақсы қабылдады. Жиналыс Бұхарада болды, кімнің үйі екені есімде жоқ. Өзбектерден Тұрсынходжаев, Файзуллахожаев, Абдухадыров, Шахидинов, (Мұхитдинов, Расуловтар) болды. Бұхарада түрік офицерлері көп еді. Олар Бұхарадағы әскери мектептің оқытушылары болды және осы ұйымға кірді. Түркиямен байланыс болды. Бұл идея алғаш рет Мәскеуде көтерілген еді. Кейін Бакуде мұсылмандардың съезі өтті. Оған Али паша шақырылған болатын. Жалпы Орта Азиялық ұйымдардың басында Али паша (Энвер паша) тұрды». Бұхарадағы съезде араб, түрік тілдерін жақсы білетін Болғанбаевқа Англия, Париж кейін Ауғанстан және Түркиямен байланыс орнату жүктелді. Болғанбаев кетіп қалған соң Дінше Әділов Бұхарада Уалидидің қасында қалады және жасырын жағдайда жұмыс жүргізеді. Оның айтуынша, Анкарадан түрік үкіметі арнайы жіберген Ұлттық мәжілістің мүшесі әлдеқандай ғылыми мақсатпен келеді. Шын мәнінде ол аталған ұйыммен байланыс жасауға келген. Ол Кеңестік билікке қарсы Мұсылман Республикаларының қарсылығын ұйымдастыру үшін Мұхитдиновтың пәтерінде құпия келіссөздер жүргізген. Орта Азиялық Орталықтың барлық мүшелері, соның ішінде мен де бұл жиналыстарға қатыстым. Осы жиналыстан соң Д. Әділов «Ақ жол» газетінің редакторы Ғ. Бірімжановқа хат жазады. Осы жиналыста басшылармен байланыс орнату басмашылық

қозғалыстың идеялық басшылығын Орта Азиялық ұйымдардың өз қолына алу керектігі жөнінде шешім қабылданған.

3. Уалиди Тоған 1923 ж. қаңтарында Ташкенттегі Т. Рысқұловтан және өзі «Түркістан генерал-губернаторы» деп атаған Түрккомиссия төрағасы Э. Рудзутактан хат алады. Онда Рудзутак «Егер сіздің қайтып оралғыңыз келмесе мен сіздің өзіңіз қалаған елге шығып кетуіңізге көмектесе аламын» [2, с. 363] деп жазған. Рысқұловтың хабары және Рудзудактың нақты ұсынысынан соң шетелге мұғажырлыққа дайындалған Заки Уалиди осы күні В.И. Ленинге өзінің шетелге кету себептерін кеңес өкіметінің Шығыстың мұсылман халықтарына қарсы жүргізіп отырған әділетсіз саясатымен байланыстырып хат жазады. Ал осыдан екі күннен соң өзімен азаттық жолында күресте бірге болған башқұрт зиялыларына жазған хатында өзінің мұғажырлыққа кетуін нақты былай түсіндіреді. «..Энвер паша соғыста шахит болды. Дәл осы кезде (қыркүйекте) Ташкентте өткен Түркістан ұлттық-азаттық қозғалысының жасырын съезі осы күресіміздің тарихын жазып, оны бүкіл әлемге паш ету, осы күрестің халықаралық құбылысқа айналуын ұйымдастыру үшін маған біздің күресімізді шет елде жалғастыруға өкілеттік берді. Мен Еуропада және Түркияда өмір сүріп, жұмыс істеймін». Осы хатында Уалиди Тоған Түркістандағы басмашылық қозғалысының көтерген идеяларына барынша ұлт-азаттық сипат беруге өзінің тікелей ықпалы болғандығын былайша жазады: «Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалыс біздің келгенімізге дейін өшпенділікпен басталып, жыртқыштық сипат алған еді. Көптеген басмашылар соқыр сенімдегі молдалардың ықпалында болды. Біз бұл қозғалысқа ұлттық идеяларды енгіздік», – дей келіп: «Бұл іске Түркияның үлкен тарихи қайраткері өз офицерлерімен тікелей араласты» [3, с. 369] деп жазады. Бұл жерде есімі аталмағанымен автордың Энвер пашаны айтып отырғаны белгілі.

Осы уақытта Заки Уалиди қоқандық Әмір-әлі Захири мен қазақ Серікбай Ахаевқа хат жазған. Ол осы хатында ішінара былай дейді: «Бүгін менде мынадай таңғаларлық сезім болып тұр, бәлкім мен өз бойымда түрік халқының барлық ауыртпалығын арқалап жүрген болармын. Басмашылар қозғалысына қосылу арқылы бізді осы кезеңдегі біздің ұлтымыздың азаттық күресінің соңғы әрекетіне жол ашқан болармыз, бәлкім.

Мүмкін сіздерді және Юнус хан қажыны енді көре алмаспын. Біздің ұлт өзінің қайта өрлеуін күтуі керек. Менің соңғы сөзім: Сіздер біздің

осы күресімізді тарихи жадтан өшіріп тастауға бағытталған шараларға қарсы күреске барынша күш салуларыңыз керек». Кеңестік биліктің түпкілікті жеңіске жетіп, ұлт-азаттық қозғалысты ашық жүргізуге болмайтындығына көз жеткізген Заки Уалиди бұл күресті жасырын жағдайға көшірудің жолдарының бірі ретінде «елден қашып кету – бір адамды ғана құтқару деген және «дипломатиялық маневр деген сөз» дей келіп, кез келген мүмкіндікті пайдаланып, жастарды Түркия немесе еуропалық елдерге оқуға жіберуді ұсынады.

Заки Уалиди Тоған Баку қаласында өткен Шығыс халықтарының I съезі қарсаңында Бакуге келеді. Ол қалада Мәскеуден таныстығы бар түрік коммунисті Мұстафа Субхидің үйіне орналасады. «Ол (Мұстафа Субхи – Қ.Б.) коммунист болғанымен оған орыстың, шығыстық саясаты ұнамайтын. Ол, әсіресе, Сталин мен оның жолдастарына Субхиді ешқандай жұмысқа тартпай, кейбір түрік әскери тұтқындарын «шынайы коммунист» деп танығандарына өкпелі болатын... Мен Субхимен көп әңгімелестім және оны біздің Түркістандағы әрекеттердің жоспарларымен таныстырдым дей келіп, – мен оның орыстарға ештеңе айтпайтындығына сенімді болдым» [2, с. 262] дейді.

Заки Уалиди Түркістанға келердің алдында Түркістанға екі рет хат жазған. Ол хаттарында Башқұртстан үкіметінің құрамындағы 14 адамның түрлі жолдармен Түркістанға аттанғандығы айтылады. Сол сияқты Илдерхан Муниннің қырғыз Ибрагим Жанұзақовпен бірге Ферғанадағы басмашылар көсемі Шермухаммет пен Аман палуанға жолығып, олардың Самарқан қаласындағы бас қосуға қатысуын ұйымдастыру жайлы да нұсқау берілген [2, с. 264].

Заки Уалидидің айтқанына қарағанда Бакудегі Шығыс халықтарының съезін өткізу туралы идея – Москвадағы башқұрт өкілдігінде Жемал паша мен Халил пашаның қатысуымен алғаш рет Заки Уалиди тарапынан айтылған. Бұл съезді Ұлт істері жөніндегі Халық Комиссариаты кеңесі мен Мұсылман комунистері Орталық бюросы арқылы Сталин ұйымдастырады. Уалиди Тоған осы съезге шақырылмаған, бірақ оның съезге келетіндігіне сенген кеңестік билік оны тұтқындауды жоспарлайды. Съезге жасырын жағдайда баруға мәжбүр болған Уалиди Тоған 29 тамызда Ашхабадтың жолындағы Бакин станциясында Тұрар Рысқұлов және Ибрагим Жанұзақовпен кездеседі [2, с. 265].

Бұл съезд барысында Уалиди Тоған түрік қайраткері М. Субхи, Азербайжанның Әмин

Эфенди Заде, қырғыз Ибрагим Жанұзақов, қазақ Т. Рысқұлов, өзінің адъютанты Абдрашит Бекбановтармен байланысып, съездің жұмысына солар арқылы араласады. Съезге Энвер паша, Бекир Сайт және Юсуф Кемал қатысқан. Жасырын жағдайда болғандықтан Энвер пашамен кездесудің сәті түспейді.

1920 ж. соңында Заки Уалиди Бұхараға келеді. Оның жазуына қарағанда Бұхарада саяси құрылыстың жағдайы мықты болған. Бұхара үкіметі осы кезде Мырза Абдулқадырдың жарлығымен Орталық комитетке және Файзулла Ходжаевтің басқаруындағы атқару комитетіне бөлінді. Осы үкіметтің қаржы министрі болып тағайындалған Осман Ходжаев бірқатар уақыт Орталық комитеттің төрағасы болады. Ол Бұхара медресесінде білім алып, 1910 ж. Стамбулда тұрған және онда жасбұхарлықтарды оқытып, тәрбиелейтін оқу және тәрбие үйін ашқан болса, Бұхараға келген кезінде Гаспринскийдің үлгісінде жадидтік мектеп ашқан. Түркістанның саяси элитасының арасында Түркиямен тікелей байланысы болған тұлғалардың бірі. Бұхара Республикасында сыртқы істер нәзірі болған Хашим Шайх еді. Ол Стамбулдағы ер балаларға арналған педучилищені бітіріп, Бұхараға келіп саяси қызметпен айналысқан. Кейін Хашим Шайх Бұхараның Ауғанстандағы елшісі қызметін атқарған [2, с. 286]. Жасбұхарлықтар Бұхар әмірін тақтан тайдыруда орыстармен ынтымақтас еді. Сонымен бірге осы кезеңде олардың бәрі де орыс басқыншыларына қарсы болды. Бұхара Халық Республикасында тұтқынға түскен түрік офицерлері азаттық қозғалысқа белсене қатысқанын өз естеліктерінде Заки Уалиди жазады. Оның айтуынша, Бұхарадағы әскери істердің уәзірі Абдулхамит Арипов тұтқындағы түрік офицерлерінің көмегімен әскери училище ұйымдастыруға бұйрық берген [2, с. 288].

Тұтқындағы түрік офицерлерінің кейбірі Али Ырза бейдің басшылығымен Бұхара милициясын ұйымдастыруға да тікелей араласқан. Заки Уалидидің куәлік етуіне қарағанда, Бұхарадағы түрік офицерлерінің қызметі ұйымдасқан сипат алып, белгілі бір саяси күшке айналған. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының өкілдері олардың соңынан орыс тыңшылары үнемі аңдуа болған, олармен арағайындар арқылы байланыс жасаған. 1922 ж. ақпанында Заки Уалидидің ұйымдастырған саяси шараларына «Түркмендік адвокат Какаджан Бердиев, Алашорданың өкілдері Хайреддин Болғанбаев, Мұхтар Әуезов, Әділов Дінше және екі адам қатысқан. Олар жас бұхарлықтармен келіссөздер жүргізген.

Жасбұхарлықтардың секемшілдігінен келіссөздер ұзаққа созылып, қазақтар сабырсыздана бастады. Ақыр соңында, дінге негізделген екі өзбек партиясы, жәдитшілердің социалистік емес партиясы және социалистік «Ерік партиясы», сонымен бірге қазақтардың Алашорда партиясы тең ұсынған 7 пункттен тұратын тұғырнамаға бірікті» [2, с. 288-289]. Осы саяси шараға қатысқан Дінше Әділов қазақтардың осы бірлестіктегі өкілі болып қалған.

«Ерік партиясының» бағдарламалық құжаттарына жасалған талдау олардың саяси бағыттарында ұлттық құндылықтармен бірге (тәуелсіздік, өзін-өзі билеу және т.б.), жер-суды, пайдалы қазбаларды мемлекет меншігіне алу, ауылшаруашылығын ұжымдастыру сияқты социалистік құндылықтарды да басшылыққа алғанын аңарамыз. Демек, «Ерік партиясы» большевиктердің үлгісінде құрылған. Ұлттық мүддені таптық қағидаларға сай шешуге бейім социалистік бағдарды аңарамыз. Осы кезде «Терраки перверлер» атты жәдитшілердің саяси партиясы да жұмыс жасаған. «Ерік» партиясына қарағанда бұл жәдиттік партияның саяси бағдарламасынан жастүріктер көтерген идеялардың ықпалы анық сезіледі. Энвер паша қазақ облыстарына басмашылық қозғалысқа қосылу жөнінде келіссөз жүргізетін өкілдер жіберуді ойластырған. Осы мақсатта арнайы хат жазып, Шығыс Бұхараға танымал қазақ Ешикағабашы (сарай күзетінің бастығы – Қ.Б.) Бүркітті Қазақстанға жібереді. Қазақстанға баратын делегацияны Ахунд Юсуб Талибзаде басқарады. Осы делегация Торғай жеріндегі қыпшақ тайпасының көсемі Кейкі батырға хат және арнайы сыйлық тапсыруды жоспарлаған [2, с. 323]. Дегенмен, бұл делегацияның Торғай жерінде Кеңес билігіне қарсы астыртын қарулы күресін жалғастырып жатқан Кейкі батырға жолыққаны жөнінде деректер кездескен жоқ.

Жалпы, Түркістан өлкесінің полиэтникалық құрамы Түркістан ұлт-азаттық қозғалысының да көпұлтты сипатын айқындады. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы дегенде, Түркістан өлкесінің Бұхара әмірлігі және Хиуа хандығы аумағын да қамтығандықтан бұл қозғалысқа Түркістан жәдитшілері, жасбұхарлықтар және жасхиуалықтармен қатар алаштық идеядағы қазақ зиялылары да белсене араласты. Осы қозғалысқа Уалиди Тоғанның қатысып басшылық жасауы да қозғалыстың географиялық ауқымын кеңейте түседі. М. Шоқай, М. Тынышбаев, С. Лапин, Т. Рысқұлов, Н. Төрөқұлов, С. Қожанов және т.б. қазақ зиялылары қозғалыстың саяси

серкелеріне айналса, басмашылық қозғалысқа да кейбір қазақ зиялыларының қатысы барлығы айқындалып отыр.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының құрамына кіргенімен, Кеңестік Ресейде ішкі тәуелсіздігін жартылай болса да сақтап қалған Бұхара Халық Республикасының алдыңғы қатарлы өкілдері де Анадолыдағы тәуелсіздік күресін мұқият қадағалап отырды. Түркияның тәуелсіздік жолында жеңіске жетуі үшін кезкелген материалдық әрі рухани көмек көрсетуге дайын екендігін білдірген Бұхара Үкіметінің басшысы Осман Хожа Кеңес Үкіметімен кездесу өткізгеннен кейін Анадолыдағы түрік тәуелсіздік соғысына көмек ретінде Бұхара қазынасынан 100 млн. рубльді (түрік ақшасына шаққанда 59 млн. лира) Анкара Үкіметіне жіберу үшін Советтерге береді. Бірақ, Кеңестік Ресей Анадолыға бұл ақшаның аз ғана бөлігін (шамамен 304.912 лира) аударады [4, S.173-174]. Егер осы ақша бір тиынына дейін түгел Түркияға жіберілгенде түрік әскерлерінің, тіпті жалпы түрік халқының жағдайы едәуір жақсарып қалған болар еді. Сонымен бірге Анадолыдағы ұлт-азаттық қозғалыстың жеңіске жетуіне пайдасын тигізген бұл «жәрдемнің» ішкі астарын Осман Хожа кейіннен былайша түсіндіреді: «1920 ж. Бұхара Республикасы құрылғаннан кейін Президент ретінде жаныма премьер-министрді ертіп, Кеңестік Ресейдің алдыңғы қатарлы өкілдерімен және Ленинмен кездесу үшін Мәскеуге бардым. Бірақ, бізден бұрын Мәскеуге шілде айының ортасында Түркиядан Бекир Сами бастаған бір топ делегация мүшелері ұлттық үкіметке жәрдем беру мәселесін сөйлесу үшін келген екен. Кремльде өткен кездесуде Ленин Түркия туралы мәселеге тоқталып, Мәскеуге Анкарадан бір топ делегацияның келгендігін және олардың шұғыл түрде қаржылай көмек сұрағандығын айтып, бұл туралы сіз не айтасыз? – деді. Мен ешқандай күмәнданбастан: әрине жәрдем беру керек және мұны уақыт өткізбей тез арада жасау керек – дегенімде, ол бұл мәселеде кейбір қиындықтардың туындап отырғандығын айта келе: жәрдем беру мәселесінде бізді ойландырып отырған екі қиын жағдай бар. Біріншісі түріктер сұраған алтын ақша бізде өте аз – деді. Осы кезде мен оның сөзін бөліп: бізде алтын бар, біз бере аламыз – дедім. Бұған Ленин риза болды. Ол: екінші қиындық жол мәселесі. Өйткені, түріктерге тек ақша ғана емес, сонымен бірге қару-жарақ пен оқ-дәрі керек. Ал, бұларды Анкараға жеткізетін жол керек. Кавказдағы жағдайға байланысты жолдар жабық, қашан ашылатындығы белгісіз – деді.

Мен, бұған жауап ретінде: Кавказдағы елдермен келісуге болады, өйткені бұл аймақта мұсылмандар көп тұрады. Сонымен бірге грузиндер де өздерінің пайдасы үшін мұсылмандарға жәрдем береді. Әрекет етсек, ортақ жол табуға болады – дедім. Бұл жерде негізгі мәселе, ақшаның мөлшерін анықтау еді. Біз, бұл істі әрі Сыртқы істер министрі әрі Премьер-министр міндетін атқарған Фейзуллах Хожа мен орыс мамандарынан құралған делегацияға тапсырдық. Ұзаққа созылған кездесулерден кейін комиссия жәрдем мөлшерін 100 миллион алтын рубль деп белгіледі. Мен, Ленинмен екінші рет кездесу өткізгенімізде берілетін жәрдем мөлшерін айтып, тап қазір бұл ақшаны бере аламын – дедім. Патшалық дәуірден қалған көп алтын рубльдеріміз бар еді. Бұхара Патшалық Ресейдің қарамағындағы ел болғанымен, әкімшілік-басқару және қаржылық істерінде тәуелсіз болды. Сондықтан бізде алтын шамадан тыс көп болды. Осылайша Ленинмен келіскеннен кейін Бұхараға қайттым. Жағдайды Үкіметке жеткіздім. Үкімет бұған қарсылық білдірмей 100 миллион алтын рубльді жіберуге келісті. Уақытты өткізбей тиісті іс-шараларды атқарып, алтын рубльдерді дереу Анкараға жеткізу үшін Орыс қазынасына аудардық [5, s. 292].

Бұхара Халық Республикасының тағы бір маңызды ісі Анкара Үкіметімен тікелей байланыс орнату болды. Бүкіл түркістандықтардың ризашылық белгісі ретінде Сақария жеңісінен кейін Бұхара Халық Республикасы 1921 ж. орыстарға қарамай Анкараға елші жібереді. Анкараға елші болып Түркияда білім алған Режеп Бей мен Назири Бей барады. Олар Мұстафа Кемал Ататүрікке беру үшін біраз сыйлық алып барады. Бұл сыйлықтардың ішінде төртеуі адамның назарын аударатын ерекше сыйлықтар болды. Мысалы, біреуі Әмір Темірдің Құран Кәрімі, ал қалған үшеуі бұхаралық шеберлер жасаған алдаспан қылыштар болды [6, S. 6, 15].

Елшілерді Анкараға келгеннен кейін екінші күні Ататүрік Чанкая ауданында қабылдайды. Чанкаяда Ататүрікпен ұзақ уақыт сөйлескен елшілер Түркістанның жағдайы жайлы жан-жақты мәлімет беріп, әкелген сыйлықтарын тарту етеді. Сонымен қатар, олар Мұстафа Кемал Ататүріктен Бұхараға елші жіберілуі туралы өтініштерін білдіреді [7, S. 5-6].

Орта Азиядағы қоғамдық-саяси процестерге бұрынғы түрік әскери тұтқындары да тартылды. Бірінші дүниежүзілік соғыста Германиямен одақтас болған Түркия әскерінің қатарында

тұтқынға түскендердің арасында Орта Азияға жіберілгендері де көп болған. Кеңестік билік орнағаннан кейін, олар Түркістан коммунистік идеясының мұсылмандық, аймақтық және ұлттық ячейкаларына (ұяларына) мүше болып енді [8, с. 702]. Кейіннен түріктер мен үнділіктер Түркістан Коммунистік партиясы Орталық комитетіне тікелей бағынышты тағы бір ұлттық партиялық топ құрады.

Қорытынды ретінде Кеңес өкіметі мен Түркия арасында орнаған саяси байланыстар барысында Түркістандағы этносаяси процестерге ықпал жасайтындай нақты іс-әрекеттердің орын алғандығына көз жеткіземіз.

Түркістанда кеңестік билік орнағанымен Түркия-Түркістан байланыстарының үзіліп қалмай, қайта жаңа мазмұн алғандығын атап айтуға болады.

Әдебиеттер

- 1 Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трехтомных. – Алматы: «Ел-шежіре», 2011. – Т. I. – 428 с.
- 2 Тоган Заки Валиди. Воспоминания борьба мусульман Туркестана и других восточных тюрок за национальное существование и культуру: пер. с тур. – М., 1997. – 643. с.
- 3 Большеви́стское руково́дство. Переписка. 1912-1927: Сб. документов. – М.: РОССПЭН, 1996. –783 с.
- 4 Türk İstiklâl Harbi, C.VII. – Ankara, 1975.
- 5 O. Kocaoğlu, «Rus Yardımının İçyüzü», Yakın Tarihimiz, C.I. – S. 10, 3 Mayıs 1972.
- 6 E.B. Şapolyo, «Atatürk ve Üç Kılıç», TK., S.37, (Kasım 1965). – S. 85-86.
- 7 M. Saray, Atatürk ve Türk Dünyası. – Ankara, 1995.
- 8 «Известия». – №29. – 16.XI.1918; «Коммунистический Интернационал». – 1919. – №5.

References

- 1 Dvizhenie Alash: Sbornik materialov sudebnyh processov nad alashevcami. Treh-tomnyh. – Almaty: «El-shezhire», 2011. – T. I. – 428 s.
- 2 Togan Zaki Validi. Vospominaniya bor'ba musul'man Turkestana i drugih vostochnyh tjurok za nacional'noe sushhestvovanie i kul'turu: per. s tur. – M., 1997. – 643. s.
- 3 Bol'shevistskoe rukovodstvo. Perepiska. 1912-1927: Sb. dokumentov. – M.: ROSSPJeN, 1996. –783 s.
- 4 Türk İstiklâl Harbi, C.VII. – Ankara, 1975.
- 5 O. Kocaoğlu, «Rus Yardımının İçyüzü», Yakın Tarihimiz, C.I. – S. 10, 3 Mayıs 1972.
- 6 E.B. Şapolyo, «Atatürk ve Üç Kılıç», TK., S.37, (Kasım 1965). – S. 85-86.
- 7 M. Saray, Atatürk ve Türk Dünyası. – Ankara, 1995.
- 8 «Izvestija». – №29. – 16.XI.1918; «Kommunistticheskij Internacjonal». – 1919. – №5.

Саркенова К.
**Екі санақ (1926-1939)
аралығындағы Қазақстандағы
түркі халықтары**

Мақалада кеңестік Қазақстанның ең күрделі кезеңі – 1920-1930 жылдардағы Қазақстан халқы, оның ішінде түркі халықтарының демографиялық тарихы қарастырылды. Жан-жақты зерттеуді қажет ететін әлеуметтік аласапыран өзгерістер – ұжымдастыру, көшпелілерді зорлықпен отырықшыландыру салдарынан болған ашаршылық, эпидемия, т.б. этнодемографиялық үрдістер Қазақстанның тұрғылықты халқы – қазақ халқының 1920-1930 жылдардағы трагедиясы арқылы сипатталды. Қазақстанның ұйғыр, өзбек, татар, қырғыз, әзербайжан, т.б. қазақтан да басқа түркі халықтарының демографиялық тарихы 1920-1930 жылдардағы кеңес санақтары материалдары негізінде талданды.

Түйін сөздер: демография, түркі халықтары, халық санақтары, статистика, Халық шаруашылығы есебінің орталық басқармасы, көші-қон, жас-жыныс құрамы.

Sarkenova K.
**The Turkic peoples of Kazakhstan
in between censuses of
population (1926-1939)**

This article discusses the most difficult period of the Soviet Kazakhstan – the 20-30-ies of the twentieth century. Highlights the problems of hunger 1930-ies, caused by the effects of forced collectivization, and mass settling of the Kazakhs. Examines demographic changes in this period, among the Kazakhs and other Turkic peoples according to the materials of the Union census of 1920-1930-ies. Special attention is paid to the study of the changes in total population, sex and age structure of the Kazakhs.

Key words: demography, census, statistics, Turkic peoples, migration, Central administration of national economic accounting (TSUNKHU).

Саркенова К.
**Тюркские народы Казахстана
в межпереписный период
(1926-1939)**

В данной статье рассматривается самый сложный период советского Казахстана – 20-30-е годы XX века. Освещаются проблемы голода 1930-х годов, вызванные последствиями насильственной коллективизации, а также массового оседания казахов. Анализируются демографические изменения этого периода среди казахов и других тюркских народов по материалам Всесоюзных переписей 1920-1930-х годов. Особое внимание уделяется изучению изменений общей численности, половозрастного состава казахов.

Ключевые слова: демография, перепись населения, статистика, тюркские народы, миграция, Центральное управление народнохозяйственного учета (ЦУНХУ).

**ЕКІ САНАҚ (1926-1939)
АРАЛЫҒЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ**

Кенестік Қазақстанның демографиялық тарихы (1917–1991) өте күрделі. Әсіресе ХХ ғасырдың 20–30-жылдарының қоғамдық дамудағы орны айрықша. Әлеуметтік аласапыран өзгерістер – ұжымдастыру, көшпелілерді зорлықпен отырықшыландыру салдарынан туындаған ашаршылық пен эпидемиядан халық санының азаюы, жас/жыныс құрамдағы өзгерістер, жаппай қоныс аудару секілді этнодемографиялық үрдістер терең зерттеуді қажет етеді. 1980 жылдары зерттеушілерге мүмкіндік берген мұрағат материалдары бұл мәселені жан-жақты зерттеуге жол ашты. Әсіресе 1980 жылдарға дейін зерттеушілерге жабық болған 1937 және 1939 жылдардың санақ материалдарының орны ерекше. Ал 1930 жылдардың басындағы оқиғаларды Қазақстанның 1920 жылдардағы демографиясынан бөлек түсіндіру мүмкін емес. Біздің алға қойған мақсат – Қазақстанның осы уақыт аралығындағы демографиялық тарихын қазақ, өзбек, ұйғыр, татар, қырғыз, әзербайжан, т.б. түркі халықтары шеңберінде қарастыру.

1926 жылы 17 желтоқсанда ерекше, кейін ешбір санақта қайталанбаған Бүкілодақтық халық санағы өтті. Ол «Қысқа қорытындылар» және «Алдын ала берілген мағлұматтар» атты көп томдық түрінде жарияланды. Бұл Кеңес Одағы аумағын түгел қамтыған тұңғыш санақ еді; санақта КСРО аумағында болған өзгерістер, яғни Одақтың құрамына жеке республикалар мен облыстардың алынуы немесе Финляндия, Прибалтика, Польшаның шығуы көрсетілді. 1926 жылдың санақ материалдары 56 том болып жарық көрді. Бұндай ауқымды материалдардың алғашқы томдары 1928 жылы жарияланып, 1935 жылға дейін созылған кей томдар болмаса, негізінен, 1932 жылы аяқталды.

1926 жылғы санақ Қазақ АКСР-інде 6 530 528 адам мекендейтінін көрсетті [1, 6–17]. Қазақ АКСР-індегі халық жас/жынысы жағынан, шамамен, 100 әйелге – 104,92 еркек, қалада 100 әйелге – 99,20 еркектен келген. Оның ішінде қазақтарда ауыл-село халқы құрамында еркектері басым болған: бір жасқа дейінгілер арасында – еркектер – 54 441, әйелдер – 49 611; 8–12 жас аралығында – 173 344 еркек, 152 566 әйел; 13–18 жас аралығында – 243 364 еркек, 185 943 әйел; 30–39 жас аралығында – 293 510 еркек, 265 247 әйел; 55–59 жас аралығында – 64 927 еркек, 47 306 әйел [2, 42]. 1928 жылы 1 қаңтарда ҚазАКСР қала

халқының ішінде қазақтар төмендегідей болды: бір жасқа дейінгілер – 2 060 еркек, 1 355 әйел; ал 13–18 жас аралығында – 7 307 еркек, 3 524 әйел; 30–39 жас аралығындағы – 7 179 еркек, 4 816 әйел.

Қазақстанның қала халқының орналасуы әртүрлі болды. ҚазАКСР қала халқының басым бөлігі еуропалықтардан тұрды, дегенмен, түркі халықтары ішінен татарлар қала халқының 71,8%-ын құрады. Қазақтардың қала халқындағы үлесі – 13,9% және олар Адай мен Қарқаралы округтерінде шоғырланды. Фортта қазақтар қала халқының 70,2%-ын, Қарқаралыда – 73,4%-ын құрады. Қарақалпақстан қала халқының 30,7%-ы қарақалпақтардан, 22%-ы қазақтардан, 15,1%-ы өзбектерден тұрды. Семей, Ақтөбе қалаларында татарлар, қазақтар мекендеген. Ақмола, Алматы, Қызылорда округтері қалаларында қазақтар сан жағынан екінші орында, ал Алматы округінің қалаларында екінші орында таранчалар (ұйғырлар) тұрды. Сырдария округі қалаларында қала халқының орналасуында түркі халықтарынан өзбектер 44,4%, ал қазақтар 15,3% болды [3, 23-, 25-26].

1926 жыл санағы бойынша, Қазақ АКСР-інде 20-дан астам этнос мекендеген. Қазақ АКСР Мемлекеттік жоспарының ережесіне сәйкес, халықтың 70%-ы бір халық өкілдерінен құралса, онда бұндай әкімшілік бір ұлтты деп есептелген [3, 8]. Бұл көзқарас тұрғысынан Адай (барлығы – 135 555, оның 131 476-сы қазақтар), Қарқаралы (барлығы – 183 089, оның 178 388-і қазақтар), Қызылорда (барлығы – 317 051, оның 276 483-і қазақтар), Гурьев (барлығы – 168 526, оның 138 656-сы қазақтар), Сырдария (барлығы – 885 280, оның – 643 763-і қазақтар), Орал (барлығы – 436 678, оның – 303 528-і қазақтар) округтері бірыңғай бір ұлтты болды. Бес мал шаруашылықты округ пен бір мал және егін шаруашылықты округ бірыңғай қазақтардан тұрды. Петропавл округіндегі 723 985 адамның 171 085-і қазақ болды. Қостанай (43,0%) және Павлодар (53,4%) округтерінде де қазақтар басым түсті. Қарақалпақ автономиялық облысында жергілікті ұлт өкілі – қарақалпақтар басым болды (барлығы – 304 541, оның 116 125-і қарақалпақ).

1928 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан түркі халықтарының сипаты төмендегідей болды: 57,7% қазақ, 3,5% өзбек, 1,9% қарақалпақ, 1,2% татар, 0,8% таранча, 0,2% қырғыз, 0,1% түрікмен [3, 10-11]. Демек, 1928 жылдың соңында түркі халықтары Қазақстан халқының 65,4%-ын құраған.

1926 жылғы Бүкілодақтық халық санағы халықты есепке алу жүйесінің дұрыс жолға қойылғанын дәлелдеді. Бірақ шаруаларға қарсы бағытталған кейінгі шаралар елдің демографиялық жағдайын қатты өзгертті. Халықты есепке алу жүйесі дағдарысқа ұшырады. Соңғы сенімді ақпаратқа 1931 жылдың жазындағы материалдарды ғана жатқызуға болады. Статистиктер үшін 1926 жылғы санақтан кейін басталған жаңа серпін ұзаққа созылмады, 1930 жылы «Статистика хабарламасы» және «Статистикалық шолу» журналдары, Орталық статистика басқармасы жабылып, орнына 1931 жылдың аяғында Мемлекет жоспарының құрамындағы Халық шаруашылығы есебінің Орталық басқармасы (ЦУНХУ) құрылды. Бірақ ол Орталық статистика басқармасындағыдай дербестікке ие бола алмады. Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру және көшпелі қоғамды отырықшылыққа күштеп көндіру, кулактарды кәмпескелеу науқанының салдарынан туу мен өлім-жітімді жүйелі есепке алу қиындады.

Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасы халық және денсаулық сақтау секторы меңгерушісінің В.В. Осинский, Минаев, Поповка жазған ресми хатында былай делінген: «1929 жылға дейін халықтың ағымдағы есебі халықтың табиғи қозғалысы статистикасымен ғана шектелді. Халық есебін жүргізетін ұйымды елдің шаруашылық мүддесіне қарай қайта құру керек. Әсіресе мигранттардың есебін дұрыс жолға қою керек. Елде жүріп жатқан орасан қоныс аударуды дер кезінде есепке алу әрі соған байланысты партия мен үкіметтің қабылдаған шараларын көрсету – халықтың механикалық есебін жүргізудегі басты міндет болуы шарт. Соңғы кезде өлімнің көбейіп, табиғи өсімнің азаюы, яғни халықтың табиғи өсіміндегі өзгерістер бұған статистиканың назарын көбірек аударуды қажет етеді... [4]. Көптеген республикаларда (Орта Азия, Кавказ және РКФСР автономияларында) халықтың табиғи өсімі саласы ақ тандақ күйінде қалған» [5].

КСРО Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасы басшыларына Халық және денсаулық сақтау бөлімі халық санағы аппаратын орталық пен жергілікті жерлерде нығайтуды бірнеше рет ұсынған. «Бұл бағытта, – деп жазылған жоғарыда көрсетілген жазбада, – біз орталықта нығыз халық санағы ортасын қалыптастырдық. Курман, Песчанский, Соколов, т.б. жаңа адамдарды жұмысқа тарттық. Миграция, ағымдағы есеп, т.б. мәселелерді шешу, әсіресе қалалық санақтағы ағымдағы есеп

пен халық санағын жолға қоюға қажетті бетбұрыс керек болды» [6]. 1930 жылдардағы КСРО Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасы қызметкерлерінің халықтың ағымдағы есебін тәртіпке келтіруде нақты қызмет еткендерін жоғарыдағы мәліметтер көрсетіп отыр.

1928 жылғы Қазақстан халқының саны – 6 507 077 адам. Қазақстан Халық шаруашылығы есебі басқармасының мәліметтерінше, 1930–1936 жылдардағы Қазақстанның халқын (әр жылдың 1 маусымына сәйкес) төмендегіше сипаттауға болады: 1930 жылы – 5 873 000; 1931 жылы – 5 114 000; 1932 жылы – 3 227 000; 1933 жылы – 2 493 500; 1934 жылы – 2 681 500 адам; 1935 жылы – 2 926 000; 1936 жылы – 3 287 900 адам. Демек, 1928 жылдан Қазақстанда халық саны төмендей берген: 1928 жылғы 6 507 077 адамнан, 1936 жылы 3 287 900 адам ғана қалған. Айырмашылық – 3 219 177 адам.

Халықтың ең кему уақыты – 1932–1934 жылдар аралығы. Оның себебін Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасының Халық және денсаулық сақтау ісі бөлімінің бастығы Курманның 1937 жылғы 14 наурызда КСРО Мемлекеттік жоспары Халық шаруашылығы есебі Орталық басқармасының бастығы И.А. Кравальге жазған «Екі санақ аралығындағы (17.12.26. және 06.01.37.) халықтың табиғи қозғаласы туралы» баян хатынан байқауға болады: «1926 жылдың санақ деректері бойынша, КСРО халқы 147 млн.; 1937 жылдың санағынша – 162 млн. адам, яғни КСРО халқы екі санақ аралығында 15 миллионға өсті. Туу мен өлім-жітімді тіркеу мәліметтері бойынша, халықтың өсу қарқыны 21,3 миллион адам немесе 6,3 миллионға артық... әрине, егер он жылғы өлім-жітімді 40 миллион десек (1934 және 1936 жылдары шамамен 8 миллион), онда 7 жылдағы өлім-жітім 3,2 миллион немесе жылына орташа 4,5 миллионнан келеді, шамамен жылына 1 000 адамға 30 адамнан. Өлімнің бұндай коэффициенті КСРО жағдайында мүмкін емес, себебі ол еуропалық елдердегі өлімнен екі есе жоғары және Ресей империясы кезіндегі өлім-жітім көрсеткішімен сәйкес. Бұл сәйкессіздікті халықтың табиғи қозғалысынан ғана емес, сонымен қатар басқа деректерден де іздеу керек: 1) оған, біріншіден, осы аралықта халықтың кейбір бөлігінің КСРО-дан шет жерге кетуі жатады. Қазақстан Халық шаруашылығы есебі басқармасының хабарынша (1.1.1927–1.1.1937 аралығындағы ҚазКСР халқы санын есептеу туралы түсіндірме жазбадан), КСРО-дан шетке кеткен адамның саны (қайтып келгендерді есептегенде) 1930–1932 жылдары

1,3 миллион адам. Қайтып келгендерді қосқанда, осы кезеңдегі КСРО-дан тысқары кеткендер, шамамен 2 миллион адам. КСРО бойынша Түрікмен, Қырғыз, Өзбек республикалары халқының санында орташадан жоғары өсу қарқыны бар, яғни КСРО-ның басқа аудандарынан осы аудандардағы жаңа құрылыстарға мигранттар ағылған; 2) алшақтықтың екінші себебін 1926 жылдың халық санағынан іздеу керек...» [7]. Демек, 1934 және 1936 жылдары КСРО бойынша, шамамен, 8 миллионға кем шыққан халықтың жоғын жоғарыда көрсетілген Қазақстан статистикасынан байқауға болады: Қазақстандағы 1931 жылғы 5 114 000 адамнан 1933 жылы 2 493 500 адам ғана қалған. Айырмашылық – 2 620 500 адам. Ал 1936 жылмен салыстырсақ, айырмашылық – 1 826 100 адам. 1937 жылғы Бүкілодақтық халық санағынша, КСРО-дағы қазақтың саны – 2 862 458 адам да, оның Қазақстандағысы – 2 181 520 қазақ. Демек, 1937 жылы Қазақстаннан тыс КСРО аумағында 680 938 қазақ өмір сүрген.

Бұл өте ауыр кезең, яғни жаңа экономикалық саясатқа, қала мен селодағы ауқатты адамдарға деген теріс көзқарас, ауыл шаруашылық тауарлылығының төмендеп, шаруашылықтардың ірілендіріліп, ұжымдастырылған уақыты. Ұжымдастырудың басталуымен жағдай өте қиындаған. Жаңа экономикалық саясаттың орнына азық-түлік салығы келіп, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, транспорт саласында еңбек өнімділігі төмендеген [8].

Зорлап ұжымдастырудан зардап шеккен көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтардың жағдайы жоспарлы отырықшыландыру барысында одан әрі шиеленісіп, мал басын дайындау ауылда «әскери коммунизм» кезіндегідей төтенше сипат алған [9].

Қазақстан МТС саяси секторлары деректері бойынша, Өлкелік комитеттің бұрынғы басшылығының жіберген қателіктерінен 1933 жылдың басында Қазақстанның ауыл шаруашылығы құлдырап кетті. Әсіресе 1932–1933 жылдардың қысы өте ауыр соқты. «Жаппай қоныс аудару, әсіресе қазақтардың арасындағы өлім-жітім, малды түгелге дерлік сойып алу, астықтың жоқтығы, мал азығының болмауы, қажетті дақылдың жетіспеуі салдарынан колхозшылар тау-тас, құм-шөлді жағалап, жабайы шөп тамырлары мен дәндерін теріп тентіреп, қалғандары аштықтан әлсіреп, аурудан жұмысқа жарамаған. Мысалы, Ақтөбе облысында жұмыс істеп жатқан Мәскеулік Қызыл Крест өкілдері баяндамасында Торғай қазақтарының аштық пен эпидемияға ұшырағаны туралы жазылған. Торғай мен

Бетпаққара аудандары жергілікті органдарының хабарлауынша, халықтың 20-30%-ы өлген, қалғаны көшіп кеткен. Шалқар ауданында және т.б. ауылдық кеңестерден 30-35% халықтың ауып кеткені белгілі болды. Жалпы осы аудандар құрамына кіретін Ақтөбе облысында облыстық атқару комитетінің төрағасы Иванов жолдастың Кеңестердің облыстық съезіндегі (1932 жылдың шілдесінде) баяндамасында көрсеткеніндей, 1930 жылғы облыстағы 1 012 500 адамнан 1932 жылы 725 800 адам ғана қалған.

Бірақ 1931–1934 жылдардағы үкімет органдарына жолданған телеграмма, көмек сұраған хаттардың бірде-бірінде «аштық» деген сөз кездеспейді, аштық және оның зардаптарымен күресу туралы арнайы үкімет органдары құрылмаған. «Индустрияландыру саясатын іске асыру жолында ұжымшарлардан астықтың тартылып алынуы, ұжымшар құрудағы өктемшілдік, әсіресе аштықтың болуы ақылға симайды. 1932–1933 жылдардағы аштық сталиндік басшылықтың кеңес халқына қарсы жүргізген қылмысы деп бағалануы тиіс» [10, 65].

Т. Рысқұлов: «Қызылорда аудандық атқару комитеті төрағасының айтуынша, ауданның көптеген ауыл кеңестерінде небәрі 20% халық қалған. Балқаш ауданындағы (жергілікті ОГПУ-дің деректері бойынша) 60 мың халықтың 12 мыңы ауып, 30 мыңы қайтыс болған. Қаратал ауданында өткен қыста үш ауылды басқа жерге күштеп отырықшыландырудың нәтижесінде халықтың жартысына жуығы қырылған. Сол ауданда (жергілікті ОГПУ дерегі бойынша) желтоқсан айында және қаңтардың он күнінде (1933) 569 мың адам аштан өлген, осы уақытта Үштөбе станцасында, Қаратал құрылыс ауданында және күріш совхоздарында 300 адамның мүрдесі табылған. Шұбартау ауданында 1931 жылғы 5 300 шаруашылығынан, 1933 жылдың 1 қаңтарында 1 941 шаруашылық қалған. Қарқаралы ауданында 1932 жылдың мамырында 50 400 адам, ал қарашада 15 900 адам қалған, аудан орталықтарында да күніне 15-20 адамнан кеміп отырған (өлкелік атқару комитеті есебі). Қарағандыда өткен көктемде 1 500-ге жуық қазақ аштық пен эпидемиядан өлген. Сергиополь қаласында (Түркісіб) қаңтар айында 300-ге жуық адам өлген. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер тек ресми деректерден алынды. Қазақ халқының кейбір жерде аз және кейбір жерде көптеп кемуі республиканың басқа да қазақ аудандарына тән болды. Өлім, әсіресе балалар арасында жиі», – деп жазған еді [11].

КСРО Халық комиссарлар кеңесі (ХКК) Мемлекеттік жоспарының төрағасы Вознесенский мен КСРО Мемлекеттік жоспары жанындағы Халық шаруашылығы есебінің орталық басқарма (ХШЕОБ) бастығы Саутиннің 1939 жылы сәуір айында БКП(б) ОК Сталинге және КСРО ХКК Молотовқа жазған құпия баянында: «Қазақстанның кейбір облыстарында халық анағұрлым азайған: Павлодар облысында 67,6%-ға, Қостанай облысында 76,9%-ға кеміген», – деп көрсетілген [12].

Жоғарыда айтқандардан шығатын қорытынды: аштықтан қазақ халқы қатты зардап шекті: 1930 ж. 313 мыңнан аса адам, 1931 ж. – 755 мың, 1932 ж. – 769 мыңнан аса адам опат болған. М. Қозыбаев пен М. Хасанаевтың есебінше, аштық пен эпидемиядан 1 750 мың адам немесе селолық жердегі жалпы халықтың 40%-ы жойылған [13]. М. Тәгімовтың есебінше, Қазақстаннан шет аймақтарға көшкі, қайтып оралмағандарды қосқанда (15%), қазақтардың жалпы санының кемуі 2 635 мың адам. Бірақ, – деп жазады автор, – бұл орташа көлем республиканың ірі аймақтарындағы процесс динамикасын көрсетпейді. Солтүстікте халық санының кемуі – 70%, Оңтүстікте – 50%, Батыста – 60%-ке жуық. Кейбір өте алыс аудандарда халықтың санының кемуі 80-90%-ке дейін барды, мал шаруашылығының құлдырауынан бұрынғы көшпелілердің аудандары елсіз аймаққа айналды.

Күштеп ұжымдастырудың демографиялық зардабы Ұлы Отан соғысындағы тікелей және жанама шығыннан алты еседей асып түскен. Халықтың ұдайы өсімін беретін – әйелдер мен ұдайы өсім арқылы халықтың орнын толтыратын – балалар зардап шеккен. 1930 жылдардағы қазақтың басына түскен нәубет XVIII ғасырдағы Ұлы жұт – ақтабан шұбырындымен салыстырғанда адам шығыны абсолютті түрде екі есе, салыстырмалы – 1,5 есеге асып түскен [14, 108-109].

Сонымен Қазақстан түркі халықтарының басты өкілі – қазақтардың шығыны қандай болды? 1926 жылы КСРО-да 3 968 мың қазақ, оның 3 628 мыңы республикада (Қарақалпақстанды есептемегенде) тұрды [15, 53], 10%-дан төмені шет жерде өмір сүрді. Х. Асылбеков пен Ә. Ғалиевтің есебінше, республикада шамамен 4 миллион адам, ал қала халқын қосқанда 4 100 мың адам тұруы тиіс болған. Оған республикадан тыс жерде тұрған 10% қазақты қоссақ, барлығы 4 510 мың адамға барады [16, 107]. Осы тұжырымын Ә. Ғали 1994 жылы қорғаған «Көпұлтты Қазақстандағы әлеуметтік-демография-

лық процестер (1917-1991)» атты докторлық диссертациясында да жазады: 1926 жылғы 3 968 мың қазақтан (оның 3 627 мыңы Қазақстан аумағында, 10%-ға жуығы жалпы елде) 1934 жылы 2 900 мың қазақ қана қалған. ҚазКСР Халық шаруашылығы есебінің орталық басқармасының есебінше, 1933 жылы республикада қазақ 4 100 мың болуы тиіс әрі оған республикадан тыс аумақта өмір сүрген 10% қазақты қоссақ, онда КСРО бойынша 4 510 мың қазақ болуы керекті. Яғни 1934 жылы КСРО-да 2 900 мың қазақ десек, онда қазақтардың шығыны 1 610 мың адамға жеткен (аштан, аурудан, сырт кеткендерде қосқанда). Ал 1934-1939 жылдардағы сталинизмнің құрбаны 135 мың адам. Демек, 1939 жылы қазақтың саны 3 100 мың емес, 4 845 мың (ашаршылық болмаған жағдайда) болуы керек еді. Ол: «Сондықтан, біз, М. Қозыбаев, М. Тәтімұв, Ж. Әбілғожин келтірген 1 700 мың адам шығынының дұрыс есептелгенінжанама түрде дәлелдедік», – деп тұжырымдайды [17].

М. Тәтімұвтің есептеуінше, 1934 жылы елде 2 900 мың қазақ болса, онда қазақтардың кемуі 1 610 мың адам (аштықтан, аурудан өлгендерді және шетке кеткендерді қосқанда) [18, 53]. Бірақ бұл тек болжам. «Аштықтан және эпидемиядан өлген қазақтың шамасы 2 020 мың адам, немесе ұлттық трагедияға дейінгі республикадағы халық санының 49%-ы» [14, 106-108]. Кемудің тағы бір себебі – ауа көшкендер – 616 мың адам. М. Тәтімұвтың есебінше, 205 мың адам шет елдерге – Қытай, Ауғанстан, Моңғолия, Иран және Түркияға қоныс аударған.

Қазақстанда қазақтан басқа түркі халықтары құрамында да бірқатар өзгерістер болды: өзбектер, ұйғырлар, қырғыздар азайып, керісінше татарлар көбейген. 1939 жылдың санағы бойынша, өзбектер 129 401 адамнан 120 647-ге, ұйғырлар 63 432 адамнан 35 409-ға, қырғыздар 10 199 адамнан 5 033-ке, азайып, керісінше, татарлар 79 030 адамнан 108 127-ге, эзербайжандар* нөлден 12 996 адамға көбейген [19]. (*Ескерте кетсек, негізінде 1939 жылғы халық санағына дейін эзербайжандар ресми құжаттардың барлығында түркітер (тюрки) деген атаумен жүрді. 1937 жылғы халық санағында «түркітер» («тюрки») деп көрсетілген бұл халық кейін «түзетілген» 1939 жылғы халық санағында «эзербайжандар» деген атаумен енді).

Екі санақ аралығында, мысалы, Орталық Қазақстан халқының ұлттық құрамында орын алған өзгерістерді зерттеген Валерия Козинаның еңбегіне сүйенсек, онда қазақтар 1926 жылғы 280 317 (85,3%) адамнан 1939 жылы 136 541

(32,6%) адамға немесе 153 776-ға кеміген. Зерттеуші 1926 жылғы санақ 5% (294 333 адам) қазақты есепке алмаған жағдайда, 1939 жылғы санақ бойынша бұл өңірдегі кему 157 792 адам болды деп тұжырымдайды. Яғни өңірдегі қазақтардың үлес салмағы 32,6%-ға немесе 52,7 пунктке дейін қысқарған [20, 92-93]. Бұл өңірдегі басқа түркі халықтарынан өзбектер мен қырғыздар сан жағынан, мысалы, 1926 жылғы 124 өзбек пен 15 қырғыз 1939 жылы сол күйінде еш өзгеріссіз қалған. Бірақ, керісінше, бұл өңірде татарлар мен мордвалардың саны артқан: 1926 жылғы 712 татар 1939 жылы 5824 адамға, ал мордва 150 адамнан 3334-ке, яғнитатар 8,2 есеге, ал мордва 22,2 есеге көбейген [20, 92-94]. Қазақстандағы қала халқының өсу қарқыны көші-қон нәтижесінде КСРО-дағы ең жоғарғысы болған. Қала халқын, негізінен, КСРО-ның басқа да аймақтарының селолық жерлерінен келгендер толтырған. Индустрияландыру нәтижесінде жаңадан Қарағанды, Қоңырат, т.б. қалалар пайда болып, ондағы халықтың құрамы да өзгерген. Осы жылдары орын алған қуатты көші-қон әсерінен Қарағанды қаласында орыстар 100 132 (60,4%) басым түсіп, керісінше, қазақтардың саны өте аз болған: 20 158 (12,6%) адам. Түркі халықтарынан санақ мәліметтерінде Қарағандыда тек татарлар тіркелген: 1,4% немесе 2 268 адам [20,92-94]. Өзге бірен-саран түркі халықтарының өкілдері «басқа ұлттар» деген 12 932 (7,8%) санға қосылып кеткен. 1936-1938 жылдары Балқаш мыс қорыту зауыты құрылысына КСРО-ның барлық өңірінен, әсіресе РКФСР-дан мигранттар ағылған. 1939 жылғы 1 қазандағы «Балқашқұрылыс» кадр бөлімінің есебі бойынша, ұжымдағы 26 этностан тұрған 5 930 адамның ішінде ең көбі орыстар 3 572 (60,2) да, ал қазақтар – 1 291 (28%), татарлар – 114 (1,9%), мордвалар 182 (2,1%) адамшамасында болған. Жалпы 1936–1938 жылдары Балқаш құрылысына келген халықтардың ішінде түркі халықтарының үлесін төмендегідей көрсетуге болады: татарлар – 956 (4,4%), мордвалар – 470 (2,1%), өзбектер – 76 (0,4%), чуваштар – 54 (0,2%) башқұрттар – 40 (0,2%) [20,94-95]. В.В.Козинаның есептеуінше, Орталық Қазақстанда 1926 жылғы санақ бойынша, халықтың 98,3%-ы қазақ әрі олар, негізінен, ауылдық жерлерде мекендеген. Ал 1939 жылғы санақта олардың ауылдағы саны 49,7%-ға (қаладағысы – 19,3%, ауылдағысы – 49,7%) [20, 97] әзер жеткен. Негізінде 1930 жылдары түркі халықтарынан қалаларда ғана татарлардың саны біршама жоғары болған: қалада – 66,6%, тиісінше ауылда 1,1% татар өмір сүрген [20, 98].

М. Тәтімов 1926–1939 жылдардағы екі санақ аралығындағы Қазақстан халқының кемуін 36,7% деп көрсетеді [21]. Ғалымның есебінше, демографиялық депопуляция шыңы – 1932 жылдың қыс айлары. 1933 жылғы бұндай жағдайға есеп жүргізілмеген [22, 47]. Бірақ миграция мәліметтері мұрағаттарда сақталған әрі қарастырылып отырған кезеңге 25–29 жастағы буынның жетіспейтінін көрсетеді [23, 86]. Қазақстандағы сан жағынан азайған халық мигранттар есебінен толығып әрі олардың негізін еңбекке жарамды еркектер құраған.

1937 жылы 6 қаңтарда жүргізілген Бүкілодақтық халық санағы қорытындылары халық санының ағымдағы есебінен төмен нәтижелерді берді. Сәйкессіздік, әсіресе, Қазақстан, Украина, Солтүстік Кавказ, яғни 1930-жылдардың басында ашаршылық өршіп тұрған өңірлерден байқалған. Санақ берген қорытындылар мен ағымдағы халық санының есебіндегі айырмашылық ашаршылық пен репрессияның нәтижелерін берді. Енді оны бұрмалауға, яғни санақтың дұрыс еместігін дәлелдеуге барынша күш салынды. И.Д. Верменичевтің (И.А. Краваль орнына жаңадан тағайындалған ХШЕОБ бастығы) бригадасы Қазақстан бойынша жүргізілген санақтың нақтылығын тексеруге кірісті. Қазақстан Республикасы Президенттік мұрағатында осы бригаданың жұмысы туралы деректер қатары сақталған [24]. Онда 1926 жылғы санақпен салыстырғандағы ең аз халық санын берген, яғни 1937 жылғы санақ бойынша 655,9 мың адамды құраған 23 аудан тандалған [25, 24]. Қанша шұқшия тексерілгенмен, бұл аудандардағы жетіспеушілік бар болғаны 0,99% ғана болған. Соған қарамастан алынған қорытындылар дәлелсіз бұрмаланған.

1940 жылдың 23 тамызындағы соңғы түзетулерден кейінгі КСРО-ның 170 557 093 адамының 6 154 816-сы (4 385 915-і – ауылда, 1 768 901-і – қалада) Қазақстанда тұрып, олар 14 облыс, 192 аудан, 31 қала, 60 кент және 2 664 ауылдық кентесте орналасты [26].

Сонымен 1937 жылғы халық санағы бойынша, Қазақстандағы 5 126 676 адамның 2 181 520-сы қазақ, 92 096-сы татар, 5 024-і қырғыз, 109 978-і өзбек, 32 982-сі ұйғыр, 21 511-і мордва болған [24, 96]. Ал 1937 жылғы санақ жарамсыз деп табылғаннан кейін жүргізілген 1939 жылдың санағы бойынша қазақтар – 2 327 623 адам (37,84%), өзбектер – 120 655 адам (1,96%), татарлар – 108 127 адам, ұйғырлар – 35 409 адам (0,58%), әзербайжандар – 12 966 адам (0,21%), чуваштар – 6 590 адам (9,11%), қырғыздар – 5 033 адам (0,08%), сонымен қатар тағы басқаларға кірген 49 309 адамның ішінде құмықтар – 0,02%, талыштар – 0,01%, адыгейлер – 0,01% болған [27].

1939 жылдың санағы бойынша, Қазақстандағы қала халқының саны одақ көлеміндегі ең жоғары қарқынды көрсеткен. Қала халқының ұлттық құрамында қазақтар – 374 615, татарлар – 60 054, өзбектер – 37 095, ұйғырлар – 8 009, әзербайжандар – 2 510, чуваштар – 2 074, башқұрттар – 1 528, басқалар – 9 446 адам. «Басқаларға» түркі халықтарынан түріктер, құмықтар, т.б. кірген [28].

Сонымен, бұл мақалада, біз 1920 жылдардың соңы – 1930 жылдардағы Қазақстан халқының демографиялық тарихына қысқаша шолу жасай отырып, басты назарды Қазақстан түркі халықтарының осы уақыт аралығындағы санындағы, географиялық орналасуындағы өзгерістеріне, жас/жыныс құрамына аудардық.

Әдебиеттер

- 1 Всесоюзная перепись населения 17 декабря 1926 года. Предварительные итоги. – Вып. 3. – М.: ЦСУ СССР, 1927 г.
- 2 Материалы по районированию Казахстана. Вкладная таблица. – Кызыл-Орда, 1928.
- 3 Дониц А.Н. Народонаселение Казахстана. – Кызыл-Орда, 1928.
- 4 «Справочныетаблицы о рождаемости, смертности, вступлении в брак и др. по областям, краям и союзным республикам за 1910-1935гг.» (РГАЭ.Ф.1562.О.20.Д.42.Л.74) не содержат данные по КазАССР, КирАССР, ЯкутАССР, Камчатки и Сахалина, Дальневосточного края, Дагестанской АССР, Чеченской и Ингушской автономной обл. Северо-Кавказского края; кроме того за 1930-1931 гг. отсутствуют данные по Средне-Волжскому краю и за 1933 г. Дальневосточного края»; так же нет за этот период сведений о плодovitости женщин, детской смертности до 1 года и брачности по данным углубленного обследования рождаемости и детской смертности по всем группам по КазАССР (РГАЭ.Ф.1562.О.20.Д.42.Л.105).
- 5 РГАЭ. Ф. 1562. О. 1. Д. 668. Л. 85.
- 6 РГАЭ. Ф. 1562. О. 1. Д. 668. Л. 84.
- 7 Социс. – 1990. – № 6. – С. 22-23.
- 8 Партийная жизнь Казахстана. – 1990. – №6. – С. 89.
- 9 Итоги скотозаготовок за январь и февраль месяц; Итоги выполнения постановления декабрьского пленума ЦК и ЦКК о скотозаготовках и мясоотгрузках (проверка выполнения пост. Бюро Крайкома от 23/1). – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 141-к., 1-т., 3820^а-іс, 6–7-п.; 51 – 54-п.
- 10 Данилов В.П. Коллективизация сельского хозяйства // Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы. – Алма-Ата, 1990.

- 11 Письмо Т. Рыскулова Сталину //ВИ. – 1989. – С.69-71;Казakhstan коммунист. – 1990. – №7. – С. 44-47.
- 12 Материалы к серии «Народы Советского Союза». – Социс. – 1990. – №6-8.
- 13 Егемен Казахстан. – 24 тамыз 1993 жыл.
- 14 Татимов М. Демографические последствия перегибов в коллективизации: «Белые пятна» в исторической демографии Казахстана // Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы. – Алма-Ата, 1990.
- 15 Тәтiмов М. Цифрлар шежіресі. – Алматы, 1968.
- 16 Асылбеков М., Галиев А. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917 – 1990). – Алма-Ата: Ғылым, 1991.
- 17 <http://cheloveknauka.com/sotsialno-demograficheskie-protsessy-v-mnogonatsionalnom-kazahstane-1917-1991-gg#ixzz4DoGuxw2s>
- 18 Татимов М. Рост народонаселения. – Алматы, 1975.
- 19 РГАЭ. Ф. 1562. О. 336. Ч. 1. Д. 264. Л. 12.
- 20 Козина В.В. Население Центрального Казахстана (конец XIX в. – 30-е годы XX в.). Книга первая. – Алматы: Өркеннет, 2000.
- 21 Татимов М. Социальная обусловленность демографических процессов. – Алма-Ата, 1989.
- 22 Население Советского Союза. 1922 – 1991. – М.: Наука, 1993.
- 23 Максудов С. Потери населения СССР в годы коллективизации // Звенья. Исторический альманах. – М.: Прогресс, 1991. – Вып. 1.
- 24 ЦУНХУ Госплана СССР. Список районов, принятых бригадой в результате проверки проведения переписи населения. – Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты. 141-к., 1-т., 13393-іс (Материалы по переписи населения).
- 25 Всесоюзная перепись населения 1937 г. Краткие итоги. – М., 1991.
- 26 РГАЭ. Ф. 1562. О. 336. Ч. 1. Д. 234. Л. 142.
- 27 РГАЭ. Ф. 1562. О. 336. Ч. 1. Д. 264. Л. 12; Д. 250. Л. 54.
- 28 РГАЭ. Ф. 1562. О. 336. Ч. 1. Д. 250. Л. 54.

References

- 1 Vsesojuznaja perepis' naselenija 17 dekabnja 1926 goda. Predvaritel'nye itogi. – Vyp. 3. – М.: CSU SSSR, 1927 g.
- 2 Materialy po rajonirovaniju Kazahstana. Vkladnaja tablica. – Kzyl-Orda, 1928.
- 3 Donich A.N. Narodonaselenie Kazahstana. – Kzyl-Orda, 1928.
- 4 «Spravochnyetablecy o rozhdaemosti, smertnosti, vstuplenii v brak i dr. po oblastjam, krajam i sojuznym respublikam za 1910-1935gg.» (RGAJe.F.1562.O.20.D.42.L.74) ne sodержat dannye po KazASSR, KirASSR, JakutASSR, Kamchatki i Sahalina, Dal'nevostochnogo kraja, Dagestanskoj ASSR, Chechenskoj i Ingushskoj avtonomnoj obl. Severo-Kavkazskogo kraja; krome togo za 1930-1931 gg. otsuststvujut dannye po Sredne-Volzhskomu kraju i za 1933 g. Dal'nevostochnogo kraja»; tak zhe net za jetot period svedenij o plodovitosti zhenshin, detskoj smertnosti do 1 goda i brachnosti po dannym uglublennogo obsledovanija rozhdaemosti i detskoj smertnosti po vsem gruppam po KazASSR (RGAJe.F.1562. O.20.D.42. L. 105).
- 5 RGAJe. F. 1562. O. 1. D. 668. L. 85.
- 6 RGAJe. F. 1562. O. 1. D. 668. L. 84.
- 7 Socis. – 1990. – № 6. – S. 22-23.
- 8 Partijnaja zhizn' Kazahstana. – 1990. – №6. – S. 89.
- 9 Itogi skotozagotovok za janvar' i fevral' mesjac; Itogi vypolnenija postanovlenija dekabr'skogo plenuma CK i CKK o skotozagotovkah i mjasootgruzkah (proverka vypolnenija post. Bjuro Krajkoma ot 23/1). – Қазақстан Respublikasy Prezidentiniñ mұraғаты. 141-к., 1-т., 3820a-іс, 6–7-р.; 51 – 54-р.
- 10 Danilov V.P. Kollektivizacija sel'skogo hozjajstva // Kollektivizacija sel'skogo hozjajstva v respublikah Srednej Azii i Kazahstana: opyt i problemy. – Alma-Ata, 1990.
- 11 Pis'mo T.Ryskulova Stalinu //VI. – 1989. – S.69-71;Kazakhstan kommunisti. – 1990. – №7. – S. 44-47.
- 12 Materialy k serii «Narody Sovetskogo Sojuza». – Socis. – 1990. – №6-8.
- 13 Egemen Kazakhstan. – 24 тамыз 1993 жыл.
- 14 Татимов М. Демографические последствия перегибов в коллективизации: «Белые пятна» в исторической демографии Казахстана // Коллективизация сельского хозяйства в республиках Средней Азии и Казахстана: опыт и проблемы. – Алма-Ата, 1990.
- 15 Тәтiмов М. Цифрлар шежіресі. – Алматы, 1968.
- 16 Асылбеков М., Галиев А. Social'no-demograficheskie processy v Kazahstane (1917 – 1990). – Алма-Ата: Fылым, 1991.
- 17 <http://cheloveknauka.com/sotsialno-demograficheskie-protsessy-v-mnogonatsionalnom-kazahstane-1917-1991-gg#ixzz4DoGuxw2s>
- 18 Tatimov M. Rost narodonaselenija. – Алматы, 1975.
- 19 RGAJe. F. 1562. O. 336. Ch. 1. D. 264. L. 12.
- 20 Kozina V.V. Naselenie Central'nogo Kazahstana (konec IIIH v. – 30-e gody HH v.). Kniga pervaja. – Алматы: Өркеннет, 2000.
- 21 Tatimov M. Social'naja obuslovlennost' demograficheskih processov. – Алма-Ата, 1989.
- 22 Naselenie Sovetskogo Sojuza. 1922 – 1991. – М.: Nauka, 1993.
- 23 Maksudov S. Poteri naselenija SSSR v gody kollektivizacii // Zven'ja. Istoricheskij al'manah. – М.: Progress, 1991. – Vyp. 1.
- 24 CUNHU Gosplana SSSR. Spisok rajonov, prinjatyh brigadoj v rezul'tate proverki provedenija perepisi naselenija. – Қазақстан Respublikasy Prezidentiniñ mұraғаты. 141-к., 1-т., 13393-іс (Materialy po perepisi naselenija).
- 25 Vsesojuznaja perepis' naselenija 1937 g. Kраткие итоги. – М., 1991.
- 26 RGAJe. F. 1562. O. 336.Ch. 1.D. 234. L. 142.
- 27 RGAJe. F. 1562. O. 336. Ch. 1. D. 264. L. 12; D. 250. L. 54.
- 28 RGAJe. F. 1562. O. 336. Ch. 1. D. 250. L. 54.

Құндақбаева Ж.Б.,
Дүйсебаева А.И.

**Әйелдер тарихы/гендерлік
тарих/феминизм: ұғымдардың
арақатынасы**

Бұл мақалада гендерлік қатынастарды талдау барысында анықталған негізгі ұғымдар арасындағы айырмашылықтар мен өзіне тән өзгешеліктері қарастырылады. Қазіргі кезде Қазақстан тарихында бұл мәселе бойынша зерттеулер айтарлықтай жаңа болып есептеледі, сондықтан белгіленген ұғымдардың анықтамасы мен генезисін білу, сонымен бірге олардың пән аясын да анықтау маңызды мәселе болып табылады. Кеңестік кезеңнен кейінгі уақытта гендерлік тарих пен әйел тарихы аралығында айырмашылықтар аталмады. Айтып кететін жағдай болып, бұл екі ағымның өзіне тән ерекшеліктерінің бар болуында. Әйелдер тарихының негізгі зерттеу нысаны әйел болса, гендерлік тарих – өзіне байытылған әлеуметтік тарихты сіңірген, барлық қоғамдық және де жеке өмірдің әлеуметтік қатынастарымен толастаған тарих болып саналады. Ал гендерлік тәсіл – бұл әйелдер мен ер адамдар арасында болған оқиғалардың және соған деген реакциясының және де саяси және әлеуметтік саладағы әйелдерге деген жасалған қатынастар мен олардың алатын орнының суреттелуі емес, ер адам мен әйел арасындағы қоғамның мәдени көрсеткіштерін анықтау. Сонымен бірге феминистік тарих секілді ағымның әлеуетін де ысырып қоюға болмас.

Түйін сөздер: гендер, әйел зерттеулері, әйелдер тарихы, гендерлік тарих, феминистік тарих.

Kundakbaeva Zh.B.,
Duissebayeva A.I.

**Women history/gender history/
feminism: the ratio of concepts**

In this paper we propose a generalized analysis and delineation of areas in the such branches in social history as the women's history / gender studies / feminism. As in Kazakhstan, these research trends are relatively new, it is important to know the origin and the subject area of these branches. Thus, in the post-Soviet space there is still no clear understanding of the difference between gender history and the women's history.

It is important to understand that the gender approach – it is not a description of the events that took place with men and women, and their reaction to the event, and it is not a description of policies on women and their place in the labor market, or in political and social spheres, but the identification of society cultural representations about the differences of male / female. It is necessary to mean that feminism in different historical stages was ambiguous. Thus, the authors emphasize the need to clear delineation these fields of study areas and a clear understanding of their differences.

Key words: gender, woman studies, woman history, gender history, feminist history.

Құндақбаева Ж.Б.,
Дүйсебаева А.И.

**Женская история/гендерная
история/феминизм:
соотношение понятий**

В данной статье предлагается обобщенный анализ и разграничение таких направлений в социальной истории, как женская история/гендерная история/феминизм. Поскольку в Казахстане в данной области исследования являются относительно новыми, представляется важным знать генезис и предметную область данных направлений. Так, в постсоветском пространстве все еще нет четкого понимания разницы между гендерной историей и историей женщин. Важно понимать, что гендерный подход – это не описание событий, которые происходили с мужчинами и женщинами, или их реакцию на события, а также не описание политики в отношении женщин и их месте на рынке труда, в политической и социальной сферах, а выявление культурных представлений общества о различиях мужского/женского. Следует иметь в виду, что феминизм или «женское движение» на различных исторических этапах имело неоднозначное толкование. Таким образом, авторы статьи убеждают в необходимости четкого разграничения областей исследования данных направлений и ясного понимания их различий.

Ключевые слова: гендер, женские исследования, женская история, гендерная история, феминистская история.

**ӘЙЕЛДЕР
ТАРИХЫ/ГЕНДЕРЛІК
ТАРИХ/ФЕМИНИЗМ:
ҰҒЫМДАРДЫҢ
АРАҚАТЫНАСЫ**

XXI ғасырдың отандық тарихнамасында әлі де кеңестік кезең тарихына тұжырымдамалық баға берілмеген, сонымен бірге жаңа теориялық және методологиялық құралдарды қолдануда әлемдік тарихи ғылымнан айтарлықтай артта қалушылық та байқалады. Мысал ретінде келтіретін болсақ, әйел/гендерлік тарих – жеке бағыт ретінде қалыптаспаған. Тарихнамалық бағыт ретінде әйел тарихы, жаңа әлеуметтік тарихтың бір бөлігі болып табылады. Әлеуметтік тарих шеңберінде дами отырып, тарихты төменнен зерттеуге бағыттала ол институционалдық, сонымен қатар пәндік дәрежеге жетіп, әйел тарихының негізін салуы мүмкін. Екінші жағынан, отандық тарихнама ғылымында әйел тарихы мен гендерлік тарих арасындағы айырмашылық қалыптаспаған. Гендерлік тарих әйел тарихын зерделеуде ерлер тәжірибесін зерттеумен тең қатарлы зерттеуді ұсынады, сонымен қатар ол әйелдер тәжірибесінің айырмашылықтарына назар аударуға мүмкіндік береді. Және де, Кеңестік гендерлік тәртіпті ретроспективті талдау барысында, түрлі әлеуметтік топтағы әйелдердің субъективті қабылдауы, қазақстандық тарихнама тарихында кеңестік кезеңді тұжырымдамалық тұрғыда қайта бағалауда маңызды бөлігі болар еді. Басқа жағынан, әйелді ғылыми зерттеудің объектісі ретінде қалыптастырған жағдайда, ғалымдар әйелдердің тарихтағы және қазіргі қоғам өміріндегі белгілі бір орнын айқындар еді. Сондықтан, ең алдымен әйелдер тарихы мен гендер тарихы арасындағы айырмашылықтарын, сонымен бірге феминизмнің осы орайда алатын орнын да анықтап алу қажет.

Феминизм мәдениеттің көп қырлы компоненті болып табылады. Оның көп қырлығы, ең алдымен, бұл ұғым мағынасын түсіндіру кезіндегі түрлі түсіндермесінің бар болуынан байқалады. Б. Хукстың жазуы бойынша, феминизм қазіргі кезде нақты бір анықтамасы жоқ және өзіне барлық «қажетке жарарлық» түсініктерді жиыстырып отыр. Бір жағынан, феминизм – әйелдердің тең құқықтығы үшін қозғалысы негізінде жатқан, өткен тарих пен қазіргі кездегі әйелдердің қанаушылығы мен ерлердің үстемдігін талдайтын, әлеуметтік-саяси теория, сонымен бірге гендерлік теңсіздікті еңсеру жолдарын зерделеуші. Ал екінші жағынан, феминизм әлеуметтік жүйеге қарсы тұратын, әйелдердің азаматтық құқығы мен тең мүм-

кіншіліктері үшін кең әлеуметтік қозғалыс деп те қарастырылады. Бұл қозғалыс тұтас сипат ала алмады, оның ішінде белгілі бір елдерде танылған, көптеген топтар мен бағыттарға өзінше бөлінді. Аталған көріністердің себебі болып, келесі факторлар алға шығады: түрлі елдердегі, әр тарихи кезеңдегі қоғамдық жағдайының өзгешеліктері мен әйелдердің алып отырған орны, қалыптасқан саяси құрылымы, таптық сипаты және т.б. XX ғасырдың екінші жартысында тарихи ғылым елеулі түрде феминделді. Егер әйелдер қозғалысының бірінші толқыны, яғни XIX ғасырда теңдік үшін күрес болса, XX ғасырдың феминизмі айырмашылық феминизмі болып сипатталды. Ол ер адамнан ерекшеленетін, әйелдің «өзгешелік» мәселесін көтерді, еркін, автономды әйел тұлғасының мәселесі, олардың құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етуге талап етті. Феминизмнің шарықтауы Еуропа мен АҚШ елдерінің интеллектуалды өмірлеріне үлкен әсерін тигізді. Көптеген ғалымдар зерттеу объектісі ретінде әйелді таңдап алды – отбасыда және өндірісте, құқық пен білім жүйелерінде, ғылым мен мәдениетте де. Даму векторы АҚШ университеттерінде қаланғандықтан, гуманитарлық ғылымдағы жаңа бағыт ағылшын атауына ие болды «*woman studies*» – «*әйел зерттеулері*». Осылайша Корнеллдік университеттің қызметкері Ш. Тобиастың арнайы курсы атала басталды. Ол «*әйел зерттеулері*» деп тек «*әйел тақырыбына*» сәйкес зерттеулерді атады және бұндай зерттеулермен көбінесе әйелдердің өздері айналысты.

1970 жылдары өздері жайлы мәлімдеген академиялық пәнаралық «*woman studies*» – «*әйел зерттеулері*» генетикалық түрде феминистік қозғалыспен байланыста болды. Олар қосалқы пән ретінде феминистік ой ішінде әлеуметтану, тарих, антропология, психология, тіл білімі мен әдебиеттану салаларында дами бастады. «*Woman studies*» – «*әйел зерттеулері*» өкілдері үшін, әсіресе 1970 жылдары, әйелдер мен ер адамдар арасындағы айырмашылықтарды көрсету маңызды болды, сонымен қатар әйелдер жайлы мәліметті анықтап, жария ету, әйелдердің тең емес айрықша жағдайы мен ер адамдардың әйелдерге көрсеткен қысымын зерттеп, патриархатты талқылап, оған мін тақты. Осылайша, «*әйелдік зерттеулер*» аясында жыныстық белгісіне қарай теңсіздік құбылысын теориялық тұрғыдан қайта ұғыну орын алды, осыған орай оған жауапты патриархалдық қоғам жан-жақты сынға ұшырады. Осы кезден бастап, батыстық тарихшылар теңсіздік мәселесін зерттей бастады,

оның негізінде жыныс болды. 1980-1990 жылдары әйелдерге қатысты, көптеген «жеке» тақырыптар мәртебеге ие болып қана қоймай, сонымен бірге өзге үнге ие болды. Бұл жағдайлар тарих ғылымдарының Халықаралық конгресінде де қамтып көрсетілді. Олар ғалымдардың зерттеушілік қызығушылықтарының көбінесе адамдардың түрлі тарихи кезеңдердегі күнделікті өмірлерін жете зерттеу тәжірибесіне ауысқанын анықтады және де бұл зерттеулер әйелдерсіз мүмкін емес еді [1]. Әйел тарихын зерттеушілері санының өсуі, тиісті ұйымдық құрылымдардың құрылуына әкелді. 1989 жылы тарих ғылымдарының XVII Халықаралық конгресінде, он шақты елдердің ғалымдарын біріктірген «*Әйел тарихы саласындағы халықаралық зерттеушілер федерациясы*» құрылды. Дәл осы жылдары бұл құрылым өзінің алғашқы конференциясын Белладжио (Италия) жерінде өткізді. Бұл конференция барысында тарихшылар «*әйел тақырыбының*» танылуы мойындалды [2]. Әйел тарихының өзі жеткілікті түрде тез арада түрлі зерттеулермен қаныға бастады. Жалпылаған жұмыстардың ішінде, ерекше атауға тиіс 1988 жылы екі томдық еңбек жарыққа шықты [3].

Қарқынды түрде дамып отырған, «*әйелдер тарихы*» өзінің мүдделері аясына, түрлі кезеңдегі әйелдердің өміріне қатысты барлық дерлік сұрақтарды енгізді және тарихнамадағы жаңа бағыттың өмірге келуіне себепкер болды, ол жаңа бағыт – «*гендерлік тарих*». Оның баға жетпес маңыздылығы да осында еді. Қалайша «*әйелдер*» мен «*гендер*» санаттарының тұжырымдамасы «*гендерлік тарихтың*» қалыптасып, оның дамуына әсер етті? Бастапқы кезде зерттеушілер ұмыт болған немесе ресми түрдегі «*еркектік*» тарихнамадан сызылып тасталған, әйелдерді тарихи арқауға қосумен айналысты, және «*оның тарихын*» – «*her-story*» құрумен айналысты, бұл ағылшынша тарих – «*history*» сөзінің баламасы жайлы қабылданған тұжырымдардың бірі ретінде қабылданды, оны «*ер адамның тарихы*» деп түсіндірді, яғни «*his-story*» – ер адамның тарихына қарсы жасалды, ағылшынша *her* – «*ол қыздың*» деп аударылады [4]. 1970 жылдардың орта кезінде, «*әйел тарихын*» қоғам тарихымен байланыстыруға тырысып, қақтығысушы мүдделерінің барын және түрлі категориялардағы әйелдердің өмірлік тәжірибесін түсіндіру барысында, зерттеушілер таптық қоғамның патриархалдық құрылымдарында тарихи түрде қалыптасқан ер адам мен әйел арасындағы үстемдік және басымдық қатынастарды зерттеумен айналысты. Қоғамның дәстүрлі әлеуметтік-таптық талда-

уын олар жыныстар арасындағы айырмашылықтарды талдаумен толықтырды, ал тарихи жақтың мәртебесін жеке, жыныстық, отбасылық-топтық және таптық сипаттамалардың айрықша комбинациялары арқылы қарастырылуын ұсынды. Бұл аталған кезеңде гендер категориясы әлі де тарихи зерттеулерге енген жоқ еді. Дегенмен, көп ұзамай әйел зерттеулерінің ары қарай теориялық және методологиялық дамуына терминологиялық жетіспеушілігі анықталды және ғылыми айналымға «гендер» термині енгізілді. Нәтижесінде, ол тек әлеуметтік-жыныстық теңсіздіктің белгісі ретінде ғана емес, одан зор құбылысты анықтайтын нышан ретінде белгіленді. Гендер түсінігінің тұжырымдамасы оны тарихи талдаудың маңызды категориялардың біріне айналдырды. Бірақ оны пайдаланудан бұрын, «көзге көрінбейтін» әйелдерді өткен өмірдің көлеңкесінен шығарып, олар «өз» тарихын беру міндетті болды және де бұндай жұмыстар «әйел тарихының» аясында іске асып отырды. Бірақ бір келеңсіз жағдай орын алды, яғни жаңа бағыттың методологиялық әлсіздігі. Оның мәні бойынша, «әйелдер тарихы» жалпы тарихқа біріктірілмеді және көп жағдайда жалпы тарихпен қатар өмір сүруіне мәжбүр болды. Дәл осындай методологиялық тұйыққа тірелген өзге де «перифериялық» салалар болды, мысалы, «ер адамдар зерттеулері» – «men`s studies». Халықтың белгілі бір топтарының саяси және мәдени перифериялығы мен екіншілерінің басымдық жағдайы ғылыми түрде жазылып, көрсетілді. Бірақ бір топтардың ығыстырып және өзгелерін артықшылық жағдайларға ұсыну механизмдері қандай болды? Бұл сауалға тап пен таптық стратификация теориясы, яғни қоғам бөлінісін индивид – жеке тұлғаның мүлікке қатынасы арқылы жауап бере алмады. Ол айқын түрде жеткіліксіз болды. Бұл тығырықтан шығу жолы гендерді бірқатар модернистік әлеуметтік құрылыстың әлеуметтанулық теориялары көмегімен теориялық түсінік беру. 1980 жылдардан бастап гендер ғылыми талдаудың орталық ұғымдарының бірі болды. Ол қоғамдағы вертикалды – таптық, мүліктік жіктеліске қарағанда, көлденең әлеуметтік-жыныстық бөлініс үшін пайдаланды. Гендер ұғымы кең ауқымда пайдаланғанымен, қазіргі күні де талқылауды қажет ететін мәселе болып қала бермек. Гендер түсінігінің өзі, феминизм мен әйелдер теориясының негізінде, және кейінгі өзіндік гендерлік зерттеулер негізінде қалыптасты. Қазіргі күні гендер ұғымы дамушы әрі келелі мәселелердің бірі болып отыр. Алғашқы сұрақ жыныс пен гендердің қатынасы жөнінде туын-

дайды: бастапқысы қайсысы? Жауапты іздестіру барысында біз материалистер мен идеалистерге, материя мен жан жөніндегі таласына ораламыз. Зерттеушілердің көбісі жыныс гендерден бұрын болды деген пікірмен келіседі. Жыныс туған мезеттен бастап белгілі, индивидтің өміріндегі бастапқы позициясы болып, биологиялық факторлармен айқындалған. Ал гендер болса, өзге құрылымды. Ол адамның қоғамдағы әлеуметтенуінің өзінше бір нәтижесі. Еркектер мен әйелдер өздерінің қоғамдарының әлеуметтік-мәдени өнімі, және мәдениет олардың арасындағы айырмашылықтарды қалыптастырудағы шешуші фактор болып табылады. Жыныс түсінігі әйел мен ер адам арасындағы биологиялық ерекшеліктерді жиыстырған, «нативистік» құрылым ретінде түсіндіріледі, гендер, өз кезегінде, тұлғаның әлеуметтік стратегиясын және өзін ұстаудың ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен бірге, Кристин Дэлфидің келтірген өзге де пікір бар, ол бойынша – гендер жыныстың алдында пайда болды: жыныс өздігінше әлеуметтік бөліністі белгілейді. Жыныс – бұл тарихи даму барысында пайда болған, символдық мәнің белгісі. Мысалы, ұл бала мен қыз баланың дүниеге келуі әр мәдениетте түрлі қабылданады. Дүниеге келген белгілі бір жыныстағы нәрестелерді жойып отырған қоғамдар белгілі. Жапонияда ХХ ғасырдың бас кезіне дейін жаңа туған ұл балаларды жансыздандырып отырған, себебі өскен кезде, оларды қыздар секілді қалаға тиімді сатып немесе күйеуге беруге болмайтын еді. Бедуиндер және канадтық эскимостар, керісінше қыздардан құтылып отырды, олар ру ішінде ер адамдардың көп болуын дұрыс деп есептеді.

Екінші маңызды мәселе – гендер дегеніміз не және ол қалай қалыптасады. Анықтамалардың көпшілігі мен дискуссиялығына қарамастан, термин мағынасы ең алдымен әлеуметтік модельдеу немесе гендердің құрылымдау идеясына келіп қорытылады. Гендер мен гендерлік қатынастардың әлеуметтік-конструктивистік интерпретациясына кем дегенде үш әлеуметтік теория қоректік негіз болды. Бұл – П. Бергер пен Т. Лукман теориясы мен әлеуметтік-конструктивистік тәсілі [5], Г. Гарфинкелдің этнометодологиясы [6] және И. Гоффманның драматургиялық интеракционизмы [7]. Әлеуметтік тәртіптің аясындағы гендердің қалай құрылатыны және бақыланатынын анықтау мақсатында, зерттеушілер үш негізгі түсінікті анықтайды: биологиялық жыныс, жынысты тіркеп жазу (жыныс бойынша санаттау) және гендер. Гендер теңсіздік пен дискриминация қатынастарын өндіре-

тін және жаңғыртатын, қоғамның жыныстарға бөлу жұмысы ретінде анықталады. «Әйелдер» («ер адамдар» секілді) енді сараланбаған категориялар ретінде қарастырылмайды, керісінше, айырмашылық категориялары еркектік пен әйелділікті анықтайтын негіз болып анықталды. Айырмашылықтар жас мәнмәтініне, нәсіліне және т.б. көрсеткіштеріне байланысты белгіленеді [8].

Феминистік эпистемологияның теориялық дамуы барысында терминологиялық рәсімдеу, кейінгі концептуализация және гендер тұжырымдарының проблематизациясы 1990 жылдары жаңа қосалқы-пәннің – гендерлік зерттеулерінің пайда болуына әкелді. Гендерлік зерттеулер – пәнаралық зерттеу саласы, оның аясында гендерлік тәсіл арқылы биліктің өзара тәуелділігі мен иерархиясын, билік құрылымы мен бағыну, саяси, экономикалық, құқықтық, азаматтық институттардың шеңберіндегі басымдылық жүйесін, әлеуметтік топтар, топтар арасы мен тұлғааралық дәрежеде талдау үшін пайдаланылады. Өзінің дамуына ең алдымен әйелдер зерттеулері түрткі болған, гендерлік зерттеулерде басты екпін әйелдердің айрықша теңсіздік жағдайын зерттеуден, патриархатты талқылау мен мін тағу барысында одан да кең әлеуметтік мәнмәтінге, гендерлік жүйені талдауына қойылды. 1990 жылдары гендерлік зерттеулер әлдеқашан пәнаралық зерттеушілік қосалқы-пәні ретінде алға шықты, пост-феминизмнің жаңа тұжырымдамалық жобасы болып, оның аясында гендерлік тәсіл арқылы тек қана ер адамның әйелді басып, жаншып отыруын ғана емес, сонымен бірге қоғамдағы түрлі қатынастар мен ұғымдарды зерттеуге де көмегін тигізді. Уақыт өте келе, гендерлік зерттеулер, өзінің зерттеу аумағына маскулиндік тақырыбының мәселелерін қосып алды, ал гендер ұғымының өзі «тап» және «этнос» ұғымдарына теңестірілген мәртебеге ие болды. Осылайша, тарихи зерттеулерде неғұрлым күрделі – гендерлік тәсілді пайдалануға мүмкіндік туды. Гендерлік тарихтың негізгі теориялық-методологиялық қалпын «Гендер: полезная категория исторического анализа» атты баяндамасында алғаш тұжырымдаған, американдық тарихшы Джоан Скотт [9]. Оның түсіндіруі бойынша, қазіргі тарихи білімнің траекториясы, жалпы формадағы, жыныссыз тарих түрінде дамыды, бірақ іс жүзінде, әйелдерді елемеді, оның айнадағы айна-қатесіз кескіні – бір жыныстық «монологиялық» «әйел тарихы» және келесі – «диалогтық» гендерлік қатынастар тари-

хы, ал одан бетер нақты, жаңартылған және толықтырылған әлеуметтік тарих, ол әлеуметтік түсінігін кеңейткен және оған әлеуметтік қатынастардың барлық саласын енгізді [10]. Гендерлік тарихта орталық зерттеу пәні «әйел тарихы» емес, түрлі әлеуметтік-таптық топтары арасындағы этникалық/нәсілдік, жас айырмашылықтарына байланысты, ер адамдар мен әйелдер арасындағы, ерлер мен ерлер арасындағы, әйелдер мен әйелдер арасындағы өкімшіл өзара тәуелділік, өзара байланыс пен иерархия тарихы, яғни гендерлік қатынастардың «диалогтық» тарихы. Бұл негізде теориялық тұрғыдан гендерлік, немесе жанарған және молайтылған әлеуметтік тарихты жаңадан құру мүмкін, ол өзінің пәндік өрісін кеңейте алатын және әлеуметтік қатынастардың барлық дерлік салаларын қамтыды, қоғамдық болса да, жеке өмірге қатысы болса да. Кез келген жағдайда, Джоан Скоттың сөзімен айтатын болсақ: «Нәсілге, тапқа және гендерге деген қызығушылық, біріншіден, ғалымдардың қаналғандар мен олардың қанаушылығы сипаты және де соны талдайтын тарихтан айнымастығын көрсетті, екіншіден, билік теңсіздігінің таралуы, кем дегенде үш бағытта жүріп отыруы жөніндегі ғылыми түсінікті айқындады [9].

Жаңа бағыттың жарты ғасырлық ғұмырында, тарихшылар тек қана жыныстың өзін және жыныстарды қатынасын ғана емес, сонымен бірге көптеген әлеуметтік байланыстарды, оларды қарастыру барысында жыныс пен гендерлік өзара іс-қимылы факторын да көңілден шығармауды ұмытпау қажет. Бұл өткен өмірдің жалпы көрінісін көлемді, толықты етіп, өзге «тарих» біржақтылығын еңсеруге көмек берді, бұлар 1970 жылдары өмірге келген – әйелдер, ер адамдар және «үшінші жақтың» тарихы еді. Сондықтан да гендерлік тарихтың функциясы комплементарлық (дәстүрліге қарағанда қосымша), өтемдік (белгілі бір құбылыстың жетіспеушілігі), қайта қараушы (ескі ұсыныстар, ескі тәсілдер) болып қана қоймай, сонымен бірге синтездеуші де болды.

«Әйел тарихының» тарихшылары әйелді тарихқа енгізіп, көзге көрінбейтіндерді көруге және ұмытылғандар мен естілмегендерді естуге мәжбүр етті. Ал гендерлік тарихшылар өз алдына өзге, тек қана әйел мен ер адам тарихы емес, мүлдем бөлек тарихты немесе тарихтарды жазуды мақсат етті. Сонымен бірге, жалпы тарихи ғылымның келбетін өзгертуге тырысты. Олар үйме мұрағат құжаттарын қарап, гендерлік теңсіздік тарихының басты беттерін қайта

құрып, иерархияның механизмдерін сипаттап, талдап жазды. Нәтижесінде, олар, әйелдерге деген қатынас Табиғат арқылы емес, әрқашан кезең мен мәдениет арқылы анықталғанын дәлелдеді. Осыған орай, әйелдік және гендерлік зерттеулердің академиялық бағдарламаларының айырмашылықтарын атап көрсете аламыз [11]. Әйел зерттеулері гендерлік зерттеулердің алдында пайда болып, 1970 жылдан бастап дамыса, ал гендерлік зерттеулер тек он жылдан кейін ғана 1980 жылдары өрісін кеңейтті. Әйелдік зерттеулер әйел тәжірибесі жайында айтпай қалу, қоғамда әйелдерге қысым көрсету, әйелдік және т.б. қозғалыстары секілді себептердің арқасында пайда болса, гендерлік зерттеулердің пайда болу негізі әйелдер мен ер адамдарды бір-біріне қарсы қою барысында туындаған қолайсыздық, ер адамның көпқырлы тәжірибесі жайлы айтпай қалуымен айқындалды. Сонымен бірге әйел мен ер адамға бөлінуден гөрі, жыныстық тәжірибелерінің айырмашылығы маңыздырақ бола бастады. Екі ағымның негізгі міндеттері де ерекшеленді, ең басты айырмашылық әйел зерттеулерінің тек әйелдің білім алуы, қоғам дамуындағы әйел рөлін көрсету, әйелдерді әйел көзқарасы тарапынан зерттеу деп анықталса, гендерлік зерттеулер өз алдында келесі міндеттерді айқындады: Маскулиндік жайында білімнің дамуы, ер адамдардың тәжірибесін білу, ер адамдар мен әйелдерді жеке зерттеуден алыстап, жыныс жайында жалпы зерттеулер жүргізу. Ал зерттеу пәндеріне ке-

летін болсақ, гендерлік зерттеулер әйел зерттеулеріне қарағанда зерттеу өрісі кеңірек болды. Яғни, гендерлік қатынастар, жыныстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары, гендерлік тарих, гендердің мәдениеттегі қайта танылуы. Өз кезегінде әйелдік зерттеулер тек қана бір әйелдің мәселесімен айналысты. Бірақ, аталған ағымдардың дамуы ғылымда өз орнын тауып, олардың даму перспективасын да айқындап берді. Түрлі мектептер мен тәсілдердің көбеюі, этностар мен нәсілдерді зерттеудегі гендерлік және әйелдік зерттеулердегі феминистік методологияның таралуы, гуманитарлық және жаратылыстану пәндерінің зерттеу тәсілдерін жұмылдыру, жаңа тәсілдердің пайда болуы мен дәстүрлі ғылыми методологияны қайта қарау үрдісі туындады.

Қорытындылай келе, аталған ұғымдардың негізгі ерекшеліктері мен айырмашылықтарын көре алдық. Сонымен бірге, гендерлік зерттеушілер мен әйел тарихшылары арасындағы өзгешелікті де көрсете алдық. Мысалы, белгілі бір әлеуметтік топтағы әйелдердің, тек қана тарихи портреттерін қалыптастыратын немесе отбасыда, түрлі кезеңдердегі әйелдер жағдайын сипаттап жазатын, әйелдер тарихының мамандарына қарағанда, гендерологтар көбінесе тұжырымдамалық мәселесіне көңіл бөледі, әлеуметтік және гендерлік иерархиялардың, әлеуметтік және гендерлік мифология, әлеуметтік және гендерлік тарих арасындағы өзара қатынастарды алдыңғы қатарға қояды.

Әдебиеттер

- 1 Тихвинский С.Л. Итоги XIX Международного конгресса исторических наук в Осло // Новая и Новейшая история. – 2001, № 1. – С. 3-28.
- 2 Writing Women's History. International Perspectives. Ed. by K. Offen, R. Pierson, J. Rendall. Bloomington (Ind.), 1991. – P. 211-220.
- 3 Anderson B.S., Zinsser J.P. A History of Their Own. Women in Europe from Prehistory to the Present. – New York, 1988. – 654 p.
- 4 Цит. по Davin A. Redressing the Balance or Transforming the Art? The British Experience. In Kleinberg, S.J. (ed.), Retrieving Women's History. Changing Perceptions of the Role of Women in Politics and Society, 1988. – P.101-124.
- 5 Бергер П., Лукман Т. Социальное конструирование реальности. Трактат по социологии знания: пер. с англ. – М., 1995. – 323 с.
- 6 Garfinkel H., Studies in Ethnomethodology. Englewood Cliffs, N.J.: Prentice-Hall, 1967. – 288 с.
- 7 Goffman E. Gender Display // Lemert C. and A. Branaham, eds., Goffman Reader. Oxford: Blackwell Publ., 1997. – P. 96 – 120.
- 8 Здравомыслова Е.А., Темкина А.А. Социология гендерных отношений и гендерный подход в социологии // Социс. №11. – 2000. – С. 15-23.
- 9 Scott J. Gender and the Politics of History. – New York: Columbia University Press, 1999. – 242 p.
- 10 Репина Л.П. Гендерная история: проблемы и методы исследования // Новая и Новейшая история. – №6. – 1997. – С. 41-58.
- 11 Введение в гендерные исследования: учеб. пособие: В 2 ч. / под ред. И.А. Жеребкиной. – Харьков: ХЦГИ, 2001; – СПб.: Алетей, 2001. – Ч.1. – 708 с.

References

- 1 Tihvinskij S.L. Itogi XIX Mezhdunarodnogo kongressa istoricheskikh nauk v Oslo // Novaja i Novejshaja istorija. – 2001, №1. – S. 3-28.
- 2 Writing Women's History. International Perspectives. Ed. by K. Offen, R. Pierson, J. Rendall. Bloomington (Ind.), 1991. – P. 211-220.
- 3 Anderson B.S., Zinsler J.P. A History of Their Own. Women in Europe from Prehistory to the Present. – New York, 1988. – 654 p.
- 4 Cit. po Davin A. Redressing the Balance or Transforming the Art? The British Experience. In Kleinberg, S.J. (ed.), Retrieving Women's History. Changing Perceptions of the Role of Women in Politics and Society, 1988. – P.101-124.
- 5 Berger P., Lukman T. Social'noe konstruirovanie real'nosti. Traktat po sociologii znaniya: per. s angl. – M., 1995. – 323 c.
- 6 Garfinkel H., Studies in Ethnomethodology. Englewood Cliffs, N.J.: Prentice-Hall, 1967. – 288 c.
- 7 Goffman E. Gender Display // Lemert C. and A. Branaham, eds., Goffman Reader. Oxford: Blackwell Publ., 1997. – P. 96-120.
- 8 Zdravomyslova E.A., Temkina A.A. Sociologija gendernyh otnoshenij i gendernyj podhod v sociologii // Socis. №11. – 2000. – S. 15-23.
- 9 Scott J. Gender and the Politics of History. – New York: Columbia University Press, 1999. – 242 r.
- 10 Repina L.P. Gendernaja istorija: problemy i metody issledovanija // Novaja i Novejshaja istorija. – №6. – 1997. – S. 41-58.
- 11 Vvedenie v gendernye issledovanija: ucheb. posobie: V 2 ch. / pod red. I.A. Zhrebkinoj. – Har'kov: HCGI, 2001; – SPb.: Aletejja, 2001. – Ch.1. – 708 s.

Абдухаимов Е.Ф.
**Развитие цветной металлургии
в Казахстане (1950-1990 г.)**

Основная доля предприятий металлургической промышленности была построена в послевоенный период. Именно в это период начались работы по строительству Карагандинского металлургического комбината, дал свою первую продукцию Усть-Каменогорский свинцово-цинковый комбинат, увеличивались производственные мощности Балхашского медеплавильного комбината, воздвигался комплекс объектов крупнейшего медеплавильного комбината в Джезказгане, наращивались темпы эксплуатации Карагандинского и Экибастузского угольных месторождений. Однако, сохраняется низким технический уровень производства, остается низким удельный вес использования энергоемких и экологически грязных технологий, продолжают ухудшаться уровень и структура производственно-технологического парка, изнашиваются производственные средства.

Ключевые слова: титановая губка, уран, вольфрам, молибден, металлический магний, медь, свинец, цинк.

Abdukhaïmov Y.F.
**The development of non-ferrous
metallurgy in Kazakhstan
(1950-1990 y.)**

The major share of metallurgical industry has been built in the postwar period. At this time it began the construction of the Karaganda Metallurgical Plant, it gave its first production Ust-Kamenogorsk lead – zinc plant, increasing the production capacity of the Balkash copper plant, erected complex objects largest copper smelting plant in Zhezkazgan, increase the pace of the Karaganda and Ekibastuz coal fields. However, there remains a low technical level of production remains unchanged high proportion of the use of energy intensive and polluting technologies, continues to deteriorate the level and structure of production and technological park, growing deterioration of production assets.

Key words: titanium sponge, uranium, tungsten, molybdenum, magnesium metallurgy, copper, lead, zinc.

Абдухаимов Е.Ф.
**Қазақстанда 1950-1990 ж.
аралығында түсті метал
өндірісінің дамуы**

Бұл мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарынан кейінгі кезеңдегі Қазақстанның түсті метал өндірудегі тарихы қарастырылады. Қарағанды металлургия комбинаты осы кезде салынды, Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты бірінші өнімін берді, өте қуатты. Балхаш мыс өндіру комбинаты, Қарағанды және Екібастұз көмір өндіру кен орындарында жұмыс кең көлемде жүргізілді. Жалпы түсті металдардың барлық түрі Қазақстанда өндірілді.

Түйін сөздер: қорғасын, мыс, титан, мырыш.

**РАЗВИТИЕ ЦВЕТНОЙ
МЕТАЛЛУРГИИ
В КАЗАХСТАНЕ
(1950-1990 г.)**

Цветная металлургия является важнейшей и ведущей отраслью промышленности, которая представлена семью подотраслями и получила развитие в шести регионах Казахстана. Черная металлургия базируется в четырех регионах республики и представлена пятью подотраслями и тремя крупнейшими металлургическими предприятиями

Горнодобывающая и металлургическая промышленности являются базовыми отраслями экономики Казахстана. В состав горно-металлургического комплекса республики входят более 70 предприятий и организаций. Удельный вес черной и цветной металлургии в структуре промышленного производства Казахстана составляет 24%. Предприятия металлургического комплекса производят 16% промышленной продукции республики. В металлургической промышленности сконцентрирована значительная часть экспортного потенциала Казахстана.

Также характерна сырьевая направленность развития отраслей ГМК республики. В бытность Казахстана союзной республикой обрабатывающее производство в металлургии практически отсутствовало, конечная продукция производилась в других республиках.

В страны СНГ экспортируется почти вся производимая в республике титановая губка, металлический магний, уран, вольфрамовые, молибденовые и оловянные концентраты. Вывозится и основная часть производимой меди, свинца, цинка и другой продукции цветной металлургии. Доля внутреннего потребления большинства продукции металлургического комплекса Казахстана составляет всего 4-6%.

Цветная металлургия Казахстана является старейшей и ведущей отраслью промышленности, развитие которой базируется на колоссальных ресурсах полезных ископаемых и оказывает огромное влияние на формирование всего промышленного комплекса республики. Почти за 250 лет со времени своего возникновения, цветная металлургия прошла трудный и сложный путь. К 1917 г. цветная металлургия была представлена действующими десятью рудниками и тремя заводами – Спасским медеплавильным, Экибастузским цинковым и серебро-свинцовым в Кызалеспе.

Особенно стремительно развивалась цветная металлургия Казахстана в послевоенные годы. Выпуск меди, свинца и цинка в республике опережал общесоюзные темпы производства этих металлов в результате разведки недр, постоянного роста капиталовложений. Благодаря этому производство свинца на Лениногорском комбинате возросло в 2,5 раза. Значительным событием в развитии цветной металлургии явилось строительство нового предприятия – Усть-Каменогорского свинцово-цинкового комбината. В 1947 г. был построен 1-й цинковый завод, а в 1953-1955 гг. – 2-й цинковый, а в 1951-1952 гг. – свинцовый завод [1].

Можно утверждать, что в этот период в республике начали формироваться крупные территориально-производственные комплексы, главными отраслями в которых были цветная, черная металлургия, химическая и топливная промышленность.

Первоначально основными районами цветной металлургии были Восточный и Центральный Казахстан, а в последние 20-30 лет начался процесс ее передвижения на юг и север республики. В результате в определенной степени произошло выравнивание уровня экономического развития отдельных регионов Казахстана. Одновременно происходило комплексное развитие хозяйств экономических районов и в первую очередь тех, где промышленность развита недостаточно, но имеются необходимые сырьевые, топливно-энергетические и другие ресурсы.

В 1970-е годы удельный вес цветной металлургии в общем объеме валовой продукции этой отрасли в целом по бывшему СССР составил более 16%, а в общем объеме промышленного производства республики 18%. Цветная металлургия республики поставляла на экспорт более 20 видов продукции. В 70-е – первой половине 80-х гг. XX столетия были введены в действие новые значительные мощности по добыче и обогащению руд цветных металлов. Так, были пущены в эксплуатацию Жайремский и Жезказганский горнообогатительные комбинаты, пусковые комплексы на Греховском месторождении Зыряновского свинцово-цинкового комбината, новые мощности по добыче руды Балхашского и Жезказганского горнометаллургических, Ачисайского, Ирты-

шского и Лениногорского полиметаллических, Усть-Каменогорского свинцово-цинкового комбинатов.

В 1970-1980-е гг. увеличился выпуск цинка, титана, магнезия. Были введены в действие рудники Шалкия, Белинский, Акчий-Спасский карьер. Также в этот период было осуществлено техническое перевооружение на Балхашском горно-металлургическом комбинате и на Усть-Каменогорском свинцово-цинковом комбинате. Однако, во второй половине 1980-х гг. наиболее богатые запасы крупнейших месторождений были отработаны, снизилось содержание металлов при отработке руды на более глубоких разработках. Замедлился темп ввода в действие новых месторождений. Так, были перенесены сроки ввода Акжальского ГОКа, обогатительной фабрики Жезказганского комбината, так и не было начато строительство Жайремской обогатительной фабрики [2].

Цветные металлы Казахстана отличаются высоким качеством. Так, усть-каменогорский цинк, балхашская и жезказганская медь зарегистрированы в качестве эталонов на Лондонской бирже цветных металлов. В настоящее время Казахстан экспортирует цветные металлы более чем в 30 стран мира.

Доля цветной металлургии в валовом внутреннем продукте Казахстана составляет около 12%, при этом около 27% от валового дохода приходится на эту отрасль промышленности. Удельный вес цветной металлургии в ВВП вырос более чем в 2 раза после обретения республикой суверенитета. Если внутреннее потребление продукции цветной металлургии остается минимальным, то экспорт продукции постоянно растет. В республике цветная металлургия представлена семью отраслями, в составе которых функционируют 28 крупных предприятий.

Свинцово-цинковая подотрасль представлена 12 предприятиями, из них 3 металлургических и 9 горно-обогатительных. Металлургические – это Усть-Каменогорский свинцово-цинковый, Лениногорский полиметаллический комбинаты и Шымкентский свинцовый завод. Горно-обогатительные – Ашисайский, Иртышский и Лениногорский металлургические. Восточно-Казахстанский медно-химический, Усть-Каменогорский свинцовый, Текелийский свинцово-цинковый комбинаты, Жайремский,

Жезкентский и Карагайлинский ГОК. Рудная база свинцово-цинковой промышленности республики имеет значительные запасы. По уровню современной добычи свинца и цинка Казахстан входит в число пяти ведущих стран мира. Республика производит примерно 56% цинка и 64% свинца в СНГ [3].

Медная подотрасль представлена 3 предприятиями – это Иртышский, Жезказганский ГОК и Иртышский медеплавильный комбинат. В настоящее время активно разрабатываются 17 месторождений, благодаря чему, по добыче меди Казахстан занимает седьмое место в мире. Республика производит 4,4% мирового производства меди и до 30% её производства СНГ. Потребление меди в республике от общего производства составляет 8%, 22% экспортируется в страны ближнего зарубежья, а 70% экспортируется в дальнее зарубежье. Жезказганский ГОК и медное месторождение Жезказган входят в состав объединения «Жезказганцветмет», которое производит свинцовые и цинковые концентраты, а также извлекает свинец, цинк, кадмий, серебро, никель, висмут и рений.

Алюминиевая подотрасль представлена тремя предприятиями – Павлодарским алюминиевым заводом (ПАЗ), Торгайским и Краснооктябрьским рудоуправлениями. Сырьем для алюминиевой промышленности служат торгайские бокситы, из которых получают глинозем, а из последнего – алюминий.

Золотодобывающая подотрасль играет исключительно важную роль в создании валютного фонда и золотого запаса Казахстана и представлена шестью золотодобывающими предприятиями: комбинат «Каззолото», добывающий около 50% золота, «Алтайзолото» – 16%, «Майкаинзолото» – 15%, «Акбакайский» – 12%, «Бакырчикский» – 4%, и «Васильковский» – 3%. По запасам золота Казахстан занимает шестое место в мире и третье в СНГ после России и Узбекистана.

По запасам вольфрама Казахстан занимает первое место в мире, значительны запасы и молибденового сырья. Эта отрасль промышленности представлена объединением «Казвольфрам», которое контролирует деятельность двух рудников в Акштатауском районе. Объединение

производит вольфрамовые, олово-молибденовые концентраты. Титано-магниевая подотрасль представлена Усть-Каменогорским титано-магнелиевым комбинатом, потребляющим готовые шлаки и хлор-магнелиевые соли из России и Украины.

Республика обладает высоким потенциалом для развития добычи и производства редкоземельных элементов, в том числе продукции производственно-технического назначения. Добычу тантала в республике осуществляет Белогорский горнорудный комбинат. Кроме этого комбината, редкие металлы добываются на Каспийском и Акмолинском горно-химических комбинатах, выплавка производится на Иртышском комбинате.

Вовлечение в хозяйственный оборот новых мало или вовсе не используемых территорий и ресурсов республики объективно приводило к выравниванию уровней промышленного развития ее районов и областей. Наряду с уже разрабатываемыми месторождениями стали интенсивно разрабатываться природные ресурсы практически всех регионов Казахстана. В последние десятилетия советской эпохи в результате ярко выраженной сырьевой ориентации развития экономики республики преимущественное развитие вновь получили предприятия тяжелой индустрии. В 1975 г. разрыв между высшим и низшим показателями производства промышленной продукции на 1000 км² территории по районам Казахстана сократился до 4,3 раза (вместо почти 11 раз в 1940 г.). В 1940 г. по насыщенности территории промышленным производством Центральный Казахстан достигал лишь 0,8 среднереспубликанского уровня, Северный – всего 0,5. В 1975 г. промышленное освоение территории этих районов было уже более высоким, чем в среднем по республике. Всего за 35 лет промышленное производство в расчете на территорию выросло в республике в 31,1 раза, но было далеко не одинаковым по районам. Более интенсивно осваивалась территория Северного (69,5 раза) и Центрального (50,8), менее – Западного (39,6) и Южного (25,2 раза) Казахстана. В республике вовлекались в хозяйственный оборот новые крупные месторождения полезных ископаемых [4].

Литература

- 1 Казахская Советская Социалистическая республика. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1960. – 477 с.
- 2 Ташенов М.Ж. Рабочий класс Казахстана в 1960-1985гг. (на примере промышленности): дис. докт. ист. наук. – Екатеринбург, 1997. – 352 с.
- 3 Экономика Казахстана за 60 лет (становление и развитие). – Алма-Ата: Наука, 1977. – 331 с.
- 4 Искаков У.М. Города Казахстана: проблемы социально-экономического развития. – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 186 с.

References

- 1 Kazahskaja Sovetskaja Socialisticheskaja respublika. – Alma-Ata: Kazgosizdat, 1960. – 477 s.
- 2 Tashenov M.Zh. Rabochij klass Kazahstana v 1960-1985gg. (na primere promyshlennosti). Dis. dokt. ist. nauk. – Ekaterinburg, 1997. – 352 s.
- 3 Jekonomika Kazahstana za 60 let (stanovlenie i razvitie). – Alma-Ata: Nauka, 1977. – 331 s.
- 4 Iskakov U.M. Goroda Kazahstana: problemy social'no-jekono-micheskogo razvitija. – Alma-Ata: Gylym, 1991. – 186 s.

Құндақбаева Ж.Б., Бериков Е.

Дүниежүзілік коммуникативтік кеңістік: қазақстандық модель

Мақала барысында Қазақстандағы саяси коммуникация мәселесінің жалпы мемлекеттік саясаттың ерекше бағыты ретінде ақпараттық саясаттың қажеттілігін арттырудағы рөлі атап көрсетіледі. Мұның мәні қоғам мүдделерінің билікте ескерілетіндігімен анықталып, билік пен қоғам арасындағы өзара диалогтық, тепе-теңдік қатынастарына ықпал етуі қарастырылады. Коммуникативті кеңістіктің жіктелуі туралы әртүрлі анықтамалар беріліп, аталмыш пікірлер талданып, автор тарапынан мәселеге қатысты ғылыми байламдар жасалады.

Дүниежүзілік коммуникативті кеңістіктің қазақстандық моделінің ерекшеліктері, еліміздегі коммуникативті кеңістіктің белгілері, түрлері жіктеледі.

Түйін сөздер: коммуникативті, кеңістік, дүниежүзілік, қоғам, хандық.

Kundakbaeva Zh.B., Berikov E.

Global communicative space: Kazakhstan model

This article tells about the importance of Kazakhstan's political communication, and the role of information policy in the exclusive areas of the general state policy. The value of this process is to integrate social interests in the power of dialogue between the people and the government, to give influence on equal relations in society. Given different interpretations of communicative space, analyses of the opinions and provides scientific conclusions about the matter.

Classified types of signs of communicative space in our country and particular qualities of the Kazakhstan model in the communication space.

Key words: communicative, space, global, society, khanate.

Құндақбаева Ж.Б., Бериков Е.

Всемирное коммуникативное пространство: Казахстанская модель

В этой статье освещается значимость казахстанской политической коммуникации и роль информационной политики в эксклюзивном направлении общей государственной политики. Значение этого процесса в учетывании социальных интересов во власти, диалог между народом и властью, влияние на равноправные отношения в обществе. Рассматриваются разные толкования коммуникативного пространства, анализируются мнения и даются научные выводы относительно этого вопроса.

Классифицируются виды знаков коммуникативного пространства в нашей стране, и особенности казахстанской модели всемирного коммуникативного пространства.

Ключевые слова: коммуникативный, пространства, всемирное, общество, ханство.

**ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
КОММУНИКАТИВТІК
КЕҢІСТІК:
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ
МОДЕЛЬ**

Қазіргі дүниежүзілік коммуникативтік кеңістік бірқатар күрделі жүйеден тұрады. Аталмыш жүйенің негізгі даму үдерісі коммуникацияның бірнеше түріне тиесілі. Бұл тарихи ғылымда коммуникацияның этникааралық, іскерлік, әлеуметтік, халықаралық, тұлғааралық, бұқаралық, мәдениетаралық тәрізді бірнеше түрлерін ажыратуға мүмкіндік береді

Ғылымның кез келген саласында «дүниежүзілік коммуникативті кеңістік» ұғымы туралы әртүрлі тұжырымдар қалыптасқан. Оны саяси ғылымдардың бірқатары «саяси коммуникация» деп атауды дәстүрге айналдырған. Атап айт-ар болсақ, Р.Ж. Шварценбергтің тұжырымдамасында саяси коммуникацияға «...басқарушы мен бағынышты арасындағы олардың өзара келісімге келу мақсатындағы ақпарат алмасу» [1] деген анықтама берілсе, саяси энциклопедияларда: «саяси коммуникация – («communicatio» латын тілінен аударғанда – «хабарлама», «жеткізу», «әңгімелесу», «сөйлесу» деген мағыналарда қолданылады) саяси қызметті жүзеге асыратын, қоғамдық пікірді қалыптастыратын, азаматтардың қажеттіліктері мен мүдделері есебін ескере отырып, олардың саяси әлеуметтендірілуін қамтамасыз ететін саяси ақпараттарды алмасу және жеткізу процесі» [2] деген пайымдама ұсынылады. Демек, саяси коммуникацияны саяси жүйедегі саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени процестермен тығыз байланыста дамитын жаңа ақпараттық технологиялар арқылы саяси субъектілердің өзара және қоғаммен арадағы хабарды тарату, алмасу деген мағынаны білдіреді деген байламға келуге болады.

Қазақстандағы коммуникативті кеңістіктің ішкі ерекшеліктері бірнеше кезеңдік түрлерге бөлінеді.

Бірінші кезең – 1991-1998 жылдар аралығын қамтиды. Аталмыш кезеңде Қазақстан Республикасы өзінің дербес Конституциясын қабылдап, жаңа саяси жүйеге өтіп, өзіндік дамудың жаңа жолын қалыптастыру кезеңіне қадам басты. Коммуникативті жүйеде шетелдік түрлі технологиялар тәжірибелерін қолдану арқылы тәуелсіз мемлекетімізде тұңғыш рет саяси коммуникацияның қалыптасуына алғышарт жасалды. Бұл жайт, әсіресе, осы аралықтағы сайлау науқандарында нақты байқалған болатын.

Екінші кезең – 1998-2007 жылдар аралығын қамтиды. Конституциямызға енгізілген өзгерістер арқылы саяси жүйені нығайта отырып, жұртшылықты ақпараттандырудың әртүрлі стратегиялары мен бағдарламалары жасалды. Осы кезеңде Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Ақпараттандыру туралы», «Байланыс туралы» Заңдарының жекелеген баптарын жаңарту арқылы, еліміздегі саяси коммуникацияның тиімді қызмет етуіне жол ашылды. Сайлаудың жаңа жүйесі қалыптасып, оны жүзеге асырудың әртүрлі тәсілдері енгізілді. Ұялы байланыс, телефакс, интернет т.б. сияқты жаңа байланыс түрлері кеңінен таралып, еліміздегі саяси коммуникацияның дамуына ықпал етті.

Үшінші кезең – 2007 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі аралықты қамтиды. Президенттік-парламенттік басқару нысанындағы Қазақстан Республикасы әлемдік тәжірибелерді ескере отырып, жаңа саяси жүйені қалыптастыруда қоғам мен билік арасындағы өзара байланысты нығайтудың жаңа сипаттарына өтуге көшті. Елімізде «электрондық үкімет», ақпарат таратудағы «сандық формат» сияқты жаңа тәсілдерге өтудің бастамалары жүргізілуде.

Демек, ішкі коммуникативтік кеңістікте саяси коммуникация қоғамға ықпал етудің маңызды және сенімді құралдарының бірі болып есептеледі. Саяси коммуникация нақты саяси жүйе шеңберінде саяси субъектілермен қатар, тұтастай қоғаммен саяси ақпарат алмасу процесін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда коммуникативтік кеңістікте саясаткерлер бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен өздері үшін жағымды қоғамдық пікірді қалыптастыруға тырысады. Сондықтан саяси коммуникация процесінің басты қатысушылары билік органдары, БАҚ және қоғам болса, ал оның басты негізі – өзара сенімді қалыптастыру арқылы хабарламалар құрау, символдарды жасау мен тарату және мағыналарын түсіндіру болып табылады. Коммуникативтік кеңістіктің негізгі құралдары және оның нақтылы белгілері мен саяси пікір алмасудың кейбір тұстары Б.А. Ахатованың [3] зерттеулерінде тұжырымдалады.

Дүниежүзілік коммуникативтік кеңістіктің мемлекет дамуындағы модельдер мен механизмдерді саяси басқаруда атқаратын қызметі орасан зор. Айта кетерлік мәселе, дүниежүзілік коммуникативтік кеңістікте ақпараттардың «кіріс», «шығыс» механизмдері арқылы әлеуметтік-саяси жүйедегі орны анықталады. Демек, «кері байланыс» жүйесі қызметінің негі-

зінде дүниежүзілік коммуникативтік кеңістікке мемлекеттің көтерілуі, аталған бағытта қойылатын талаптар мен негізгі міндеттерінің нақтылы жолға қойылу мәселесі көзделеді.

Мақаламыз барысында қарастырылып отырған теориялық білімдерге байланысты коммуникация мәселесінің Қазақстандағы саяси жүйедегі алатын орнына баса назар аударылады. Мәселеміздің бұл бөлігінде саяси коммуникацияның мемлекетіміздегі саяси партиялармен, қоғамдық ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, қоғаммен, ақпараттық саясатпен, саяси процестер мен институттардың басқа да механизмдерімен тығыз байланыстары қарастырылады. Олардың өзара байланыстарының негізі болып табылатын ортақ нысан – пікір алуандығын ескере отырып, биліктің қоғам мүддесін қанағаттандыруы баяндалады.

Еліміздің демократиялық принциптерін нығайту мен азаматтық қоғамды қалыптастырудың жолдарын іздестіру жағдайында коммуникативтік кеңістікте дамудың алатын орны зор. Зерттеуші Т. Дөрбетханұлы: «Ақпараттандыру саласындағы халыққа жақын образды (бейнені) жасау, партиялық және партия жетекшілерінің жағымды (позитивті) позициясын қалыптастыру коммуникациялық құралдар нәтижесінің жемісі» деген ұйғарым жасап, саяси билікке жетуде партиялардың басым рөл атқаратындығын анықтаған болатын [4]. Сонымен, еліміздің саяси билік үшін күресінде саяси партиялардың саяси коммуникация құралдарын тиімді қолданылуының өзектілігі өте зор.

Қоғам өз тарапынан болған талап-тілектердің билікте шешім табуын немесе мүдделерінің ескерілуін қалайды. Осылайша, саяси субъектілер қоғам мүддесін ескере келе, өзара байланыс негізінде ақпарат алмасу арқылы, басқаруда саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге кепілдік беретін нақтылы саяси шешімдер қабылдауы тиіс. Сонда ғана ортақ мақсатты көздейтін тиімді саясатты іске асыруға мүмкіндік туады.

Қоғаммен байланыс орнату қызметінің біздің еліміздегі қалыптасуының алғашқы қадамдары өткен ғасырлардан бастау алады. Тіпті қазақ жерінде XVI-XVIII ғасырларда хандық биліктің жүргізілгені тарихи деректерден мәлім. Өз зерттеуімізге қатысты мәселе болып табылатын хандық биліктегі ханның кеңесшісі қызметінің рөлін ерекше атап өтуге болады. Бұл қызметті қоғамның дамуының әр кезеңінде Қазақ хандарының кеңесшілері болған Қорқыт, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз,

Жиембет, Марғасқа, Ақтамберді, Бұқар жырау сынды тұлғалардың өз тарихи миссияларын орындағандығынан байқаймыз. Жыраулар хан сарайындағы саяси жағдаймен халықты хабардар етіп, ал халықтың тұрмыс жағдайымен хандарға ақпарат жеткізуші қызметті атқарғандығы тарихтан белгілі. Сондай-ақ, жыраулардың өздерінің жалынды жырларымен ханның өзіндік имиджін қалыптастырғандығы да белгілі жайт.

Аталған кезеңнен кейін ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының бастамасымен жарыққа шыққан басылымдар, сол кездегі халық пен билік арасындағы негізгі ақпарат көзіне айналған болатын. Алайда, ол уақыттағы кеңестік үкіметтің солақай саясаты олардың еңбектерінің кең таралып, қоғамда болып жатқан жаңалықтарды ашық жеткізуіне қарсы іс-шаралар қолданды. Аталған кезеңде ұлттық басылымдардың қатарына жататын «Серке», «Қазақ», «Қазақстан» газеттері мен «Айқап» журналы өздерінің коммуникациялық қызметтерін атқарған болатын.

Қазіргі қазақ қоғамында қоғаммен байланыс орнатуды одан әрі дамытудың жолдары қарастырылып отыр. Біздің еліміз үшін бұндай құбылыстың орын алып отыруы жаңа құбылыс болып саналады, сондықтан Қазақстанда бұл сферадағы заң шығару мәселесі қалыптасудың алғашқы сатысында деуге болады. Қоғаммен байланыс технологияларының әмбебаптылығы және оларды көптеген қоғамдық және мемлекеттік институттардың әртүрлі сферасында тиімді қолданудың жүзеге асырылуы заң шығарушыларға нақтылы қиындық туғызады. Себебі PR-технологияларын қолданудың бүкіл саласын қамтитын нақтылы заң шығарушылық актіні қабылдау мүмкін емес. Осыған орай, көбінесе, PR-тәжірибесін реттеу жанама түрінде жүргізіледі, яғни, заңдық құжаттардың аралас салалары арқылы өз қызметін жүзеге асырады. Ол үшін Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Саяси партиялар туралы», «Жарнама туралы», «Байланыс туралы», «Сайлау туралы» тәрізді заңдары қолданылады.

Байқап отырғанымыздай, мәселеміздің дені бұқаралық коммуникацияға тіреліп отыр. Саяси энциклопедиялардың берген анықтамасына жүгінер болсақ, бұқаралық коммуникация – ақпарат (хабарды), білімдерді, рухани байлықтарды, моральдық және құқықтық (праволық) нормаларды және тағы да сол сияқты техникалық құралдардың (баспасөздің, радионың, киномотографияның,

теледидардың) көмегімен саны көп, бытыраңқы аудиторияға тарату үрдісі деген байламға келеміз [5]. Капиталистік қоғамда бұқаралық коммуникацияның негізгі міндеті адамдарды сол қоғамда орныққан әлеуметтік қатынастарға сай тәрбиелеу. Бұқаралық коммуникация құралдары мұнда ең алдымен буржуазиялық ой-пікірдің стандартын мойындатуға, адамның сыншылдық қабілетін жоюға бағытталған насихат құралы, бір үлгіге келтірілген стандарты әрекеттер, мінез-құлық пен талғам жиынтықтарына көндіру құралы болып табылған [6].

Батыс социологтері мен әлеуметтанушы психологтерінің көпшілігінің іс-қимыл мақсаты ең алдымен бұқаралық коммуникация құралдарының аудиторияға тигізетін әсерін зерттеу, насихаттың ықпалымен адамдар сенімінің өзгеру дәрежесін анықтау. Социалистік қоғам жағдайларында зерттеудің негізгі міндеті аудиторияның құрамын, талап-тілектерімен мұқтаждықтар жиынтығын олардың жүзеге асуын бұқаралық коммуникация құралдарымен қанағаттандыру дәрежесін анықтау болып табылады.

Бүгінгі таңда отандық БАҚ саяси коммуникацияның бірден-бір негізгі құралының бірі болып саналады. Демек, саяси ақпараттың жылдам таралып, жеткізілуі бұқаралық ақпарат құралдарына деген саяси сұранымды арттыратындығы белгілі. Өйткені БАҚ еліміздегі ашық та, жариялы құрылым ретінде, қоғамдық пікірді қалыптастыратын ерекше механизм болып есептеледі. Е.Б. Саиров өз зерттеуінде: теледидарлық саяси жарнама ерекше дағдылармен көбінесе көптеген қаражатты талап ететіндігін көрсетеді. Сонымен қатар бірде-бір ірі сайлау компаниялары оның көмегінсіз жүре алмайды және сайлау бірлестіктерінің көпшілігі мұнда тек бір себеппен, яғни, саяси бәсекеге түскен үміткерлер қандай да бір шығын жасайды дей келе: «Егер сен мұны жасамасаң, онда сенің бәсекелесің мұны міндетті түрде жасайды» деп, саяси коммуникацияда отандық БАҚ-тың ішіндегі телевизияның маңызды рөл атқаратындығын анықтайды [7].

Біздің пікірімізше, БАҚ өзінің мынадай ерекшеліктерімен саяси коммуникацияның негізгі құралына айналып отыр: ол жариялы құрылым болып табылатындықтан, оны қоғамда тұтынушыларының саны басым. Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарын тарататын жаңа байланыс құралдарының дамуы, оның қоғамдағы рөлін нығайтатыны анық. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алынған мәліметтер

негізінде қоғамның мінез-құлқы өзгертінді де белгілі. Осы жағдайды ақпарат жіберушінің тиімді пайдалануы әбден мүмкін. Сонымен аталған бағыттар арқылы БАҚ-тың саяси коммуникацияны жүзеге асырудағы негізгі құрал екендігі анықталады.

Ал, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Конституциясының 20-бабының 1-2 тармақтарында былай делінген: «Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді» [8]. Яғни, ақпарат еркіндігіне заң жүзінде жол берілетіндігі мәлімделеді. Сол бағыт бойынша Қазақстан заман талабына сай ақпарат-

тық қызмет нарығын кеңейтуге бағыт алуда. Сондықтан қазіргі Қазақстан қоғамының дамуын оның барлық саласымен тығыз байланыстағы ақпараттық-коммуникациялық жүйенің тиімді қызметінсіз көзге елестету мүмкін емес.

Соңғы уақытта елімізде бұқаралық ақпарат құралдарының маңызды саласы болып табылатын теледидардың рөлінің өсу тенденциясы етек алуда. Бұл туралы нақты ақпарат қоғамдық пікірді сұрау кезінде белгілі болды. Осылайша, қазақстандықтардың 81 пайызы соңғы жаңалықтарды теледидардан көріп білетіндігін және радиодан тыңдайтындығын айтса, тек 19 пайызы баспасөз хабарламасынан оқып-білетіндігін жеткізген [9]. Бұдан байқайтынымыздай, қазіргі таңдағы еліміздегі теледидар мен радио ақпараттың негізгі көзі ретінде жетекші орынға ие болуда.

Әдебиеттер

- 1 Шварценберг Р.Ж. Политическая социология. – М., 1992. – Часть I. – 180 с.
- 2 Политическая энциклопедия: В 2-х томах. – М: Мысль, 2000. – Т.1. – 533 с.
- 3 Ахатова Б.А. Политический дискурс и языковое сознание. – Алматы: Экономика, 2006. – 302 с.
- 4 Дөрбөтханұлы Т. Партиялық саяси имиджді қалыптастырудағы коммуникациялық байланыстың ролі //Саясат. – 2003. – №2. – 62-64 бб.
- 5 Қазақ телевизиясы, Энциклопедия, «ҚазАқпарат». – Алматы, 2009. – 1-т, ISBN 978-601-03-0070-5
- 6 Бұқаралық коммуникация // <https://kk.wikipedia.org/wiki>
- 7 Саиров Е.Б. Избирательные технологии: теория и практика. – Алматы: Үш Қиян, 2004. – 176 с.
- 8 Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2005. – 192 б.
- 9 Қалиев Н. Қазақстан Парламентаризмі: саяси талдау. – Алматы: «Қазақстан» баспа үйі», 2003. – 272 б.

References

- 1 Shvarcenberg R.Zh. Politicheskaja sociologija. – М.: 1992. – Chast' I. – 180 s.
- 2 Politicheskaja jenciklopedija: V 2-h tomah. – М: Mysl', 2000. – Т.1. – 533 s.
- 3 Ahatova B.A. Politicheskij diskurs i jazykovoje soznanie. – Almaty: Jekonomika, 2006. – 302 s.
- 4 Dörbөtханұлы Т. Partijalық saјasi imidzhdі қалыptастырдағы kom-munikacijalық bajlanыстың roli //Sajasat. – 2003. – №2. – 62-64 bb.
- 5 Қазақ телевизиясы, Jenciklopedija, «ҚазАқпарат». – Almaty, 2009. – 1-t, ISBN 978-601-03-0070-5
- 6 Бұқаралық kommunikacija // <https://kk.wikipedia.org/wiki>
- 7 Sairov E.B. Izbiratel'nye tehnologii: teoriја i praktika. – Almaty: Ysh Kijjan, 2004. – 176 s.
- 8 Қазақстан Respublikasynың Konstitucijasy. – Almaty: Zheti Zhargy, 2005. – 192 b.
- 9 Qaliev N. Қазақстан Parlamentarizmi: saјasi talдаu. – Almaty: «Қазақстан» baspa үji», 2003. – 272 b.

4-бөлім
АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ

Раздел 4
АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ

Section 4
ARCHEOLOGY AND ETHNOLOGY

Елеуов М.
Ортағасырлық Меркі қаласы мен Мыңбұлақтың баламалануы

Мақалада ортағасырлық Меркі қаласы мен түрік қағандарының жаз жайлауы, қорығы болған тарихи жер Мыңбұлақтың баламалануы мәселесі қарастырылған. Автор ортағасырлық Меркі қаласы мен тарихи Мыңбұлақ туралы қытай, араб, парсы жазба деректерін, халық жадында сақталған аңыздарда айтылған мәліметтерді, Меркі қаласының баламалануы мен тарихи Мыңбұлақтың орналасқан жері туралы Н.А. Северцов, В.В. Бартольд, В.И. Масальский, Ә.Х. Марғұлан, К.М. Байпақов, А.Ә. Нұржанов, О.В. Кузнецова, А.М. Досымбаеваның келтірген мәліметтері мен айтқан пікірлерін бір-бірімен салыстырған. Кешенді деректерді пайдалана отырып, автор ортағасырлық Меркі қаласы мен тарихи Мыңбұлақтың орналасқан жері ортағасырлар кезінде Алатаудың ортағасырлық Аспара мен Құлан қалаларының аралығында жатқан биіктау белдеуі, оның шатқалдары мен Меркі қаласы орналасқан тауалды жазығы Мыңбұлақ аталған деген тұжырым жасаған.

Түйін сөздер: Меркі, Мынбұлақ, Аспара, Құлан, ортағасыр, қала, қорық, биіктау белдеуі, шатқал, тауалды жазығы.

Yeleuov M.
Localization of the Medieval Cities Merke and Mynbulak

The article deals with the problem of localization and settlement Merke Mynbulak, which in the summer is pasture terrain and reserves Turkic Hagan. By using the information of Chinese, Arabic, Persian written sources and the data of oral folk tales and hypotheses about localization researchers settlement Merke and about package Mynbulak in the works N.A. Severtsov, V.V. Barthold, V.I. Masalsky, A.K. Margulan, K.M. Baypakov, A.A. Nurzhanov, O.V. Kuznitsova, A.M. Dosymbaeva.

Using a set of sources the author has come to the conclusion that in the Middle Ages section of the alpine zone of Alatau and its gorges, as well as the lowlands between the towns of Aspara and Kulan, Merke where the settlement was called Mynbulak.

Key words: Merke, Mynbulak, Aspara, Kulan, Medieval, Town, Reserve, Highlands, Valley, Foothills.

Елеуов М.
Локализация средневекового городища Мерке и Мынбулак

В статье рассматриваются проблемы локализации городища Мерке и Мынбулак, который в летнее время являлся пастбищной местностью и заповедником тюрских каганов. Автор, используя сведения китайских, арабских, персидских письменных источников и данные устных народных преданий и гипотезы исследователей о локализации городища Мерке и о местонахождении Мынбулак в работах Н.А. Северцова, В.В. Бартольда, В.И. Масальского, А.Х. Маргулана, К.М. Байпакова, А.А. Нуржанова, О.В. Кузницовой, А.М. Досымбаевой, пришел к мнению, что в средние века участок высокогорной зоны Алатау и его ущелия, а так же предгорные равнины между городами Аспара и Кулан, где находится городища Мерке, назывался Мынбулаком.

Ключевые слова: Мерке, Мынбулак, Аспара, Кулан, среднековье, город, заповедник, высокогорье, ущелье, предгорная равнина.

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ
МЕРКІ ҚАЛАСЫ МЕН
МЫҢБҰЛАҚТЫҢ
БАЛАМАЛАНУЫ**

Шу өңірінде орналасқан ортағасырлық Меркі қаласы жазба деректерде Бирки немесе Мирки деген атпен кездеседі. Араб географы Убейдаллах ибн Абаллах ибн Хордадбех 846-847 жылдарда жазып, 885-887 жылдарда өзі қайта өңдеген. «Китаб ал-масалик в ал-мамалик» атты кітабында Құлман мен Биркидің арасы 4 фарсах екені көрсетілген [1, 64]. Құлманнан бай елді мекен Миркиге (Биркиге) дейінгі аралықтың 4 фарсах екендігі Кудама ибн Джа'фардың «Китаб ал-харадж» еңбегінде жазылған [2, 77; 3, 281].

Мұхаммед ибн Ахмед ал-Мақдисидің «Ахсан ат-такасим фамма' рифат ал-акалим» атты кітабында Испиджаб аймағындағы қалалардың қатарында Меркіні атап, ол туралы: «(Меркі) – орта көлемді, бекіністі, цитаделі бар қала. Күмбезді мешіті ертеде шіркеу болған. Әмір Амид-ад-даула Фаик рабадты қала камалының сыртына салдырды» – деп жазған [2, 80, 82].

Меркі қаласы жайлы құнды дерек 982-983 жылдарда парсы тілінде жазған белгісіз автордың «Худуд ал-Алам» деген еңбегінде сақталған, онда Меркі қаласы, онымен Құланның арасын мекендеген тайпалар туралы жазылған: «Мирки – елді мекен, онда халлухтер (тұрады), саудагерлер де келеді. Және осы екі елді мекендердің (Құлман мен Мирки) арасында халлухтердің үш тайпасы мекендейді, олар: бистан, хайм және бириш деп аталады» [4, 49].

Ортағасырлық Меркі қаласы мен Мыңбұлақты аты Шу мен Талас өңірлеріне қатысты аңыздарда да кездеседі. Шу қаған туралы аңыз. Ертеде Шу өңірінде өзі жас, ақылды, әрі батыр Шу атты қаған билік құрыпты. Бір күні Мысыр елінен келген саудагерден Зұлхарнай патшаның (Александр Македонский – М.Е). Яксарттың арғы бетіне (Сырдарияның оң жағасындағы елдерге) соғыс ашқалы дайындалып жатқанын естіпті. Шудың жағасындағы қамалына әскербасыларын жинап алып ол былай депті: «Зұлхарнай патша бізге соғыспен келе жатыр, әрқайсың өз жеріңе, қорығыңа барып үлкен жолдың бойындағы таулардан ағатын әр өзеннің жағасына келе кент салыңдар. Кенттің қақпасы берік, қамалы ана таудай биік, ал оны қоршаған оры мынау асау Шудай терең болсын. Кенттің қорығы жайшылықта аң мен малға толы болса, ол ел басына күн туғанда шөбі жылқыға жем, жасаққа азық (аң мен малы) болады. Әр кенттің

жанындағы биікке қарауыл төбе, өзендердің өткелдеріне бекініс салынсын». Ертесіне Шу қаған Қожекент (Сырдария – М.Е.) өзенін бетке ұстап асығыс жүріп кетіпті. Арада жеті ай, жеті күн өткенде жаңадан салынған 40 кенттерді, Қожекент, Талас, Шу өзендеріндегі өткелдерге салынған бекіністерді көзімен көрген қаған қамалына қайта оралыпты. Шабғар, Талас, Құлан, Меркі, Аспара, Баласағұн кенттері осы кезде салынған екен. Шу қаған осы сапарында Қаратаудағы, Бурылдағы, Мойнақтағы (Ботамойнақ болса керек – М.Е.) Шөміштегі, Жеті таудағы, Тасөткел мен Хан тауындағы мұнараларды салдырыпты [5, 78].

Келесі бір аңызда Ататүріктер қалың ел болып, әлі қазақ, өзбек, қырғыз, түркмен болып бөлінбей, Шу мен Таластың бойын мекендеп тұрған кезде әр қаланың өз ханы (билеушісі деп түсіну керек – М.Е.) болған екен. Сол кезде Хантауының етегіндегі қалың сексеуілдің ортасында Ақтөбе атты қала болыпты, бұл қалаға Шу өзенін жағалап жүрген бірде-бір керуен соқпай өтпейді екен. Ақтөбені билеген ханның жаз жайлауы Хантауы мен Жамбыл таулары болған көрінеді.

Үйелмелі-сүйелмелі үш ұлы ержетіп есейген шақта хан оларды ордасына шақырып: «Менің жасым ұлғайды, ал сендер сол қалалар салынып біткенше Шу мен Таластың бойындағы қалың түрікті аралап жар табындар», – деген екен. Әке тілегін мақұл көрген үш ұлан алғашқы жылы Таластың бойын жағалап өздеріне тең жар таппай Ақтөбеге қайтып келеді. Келесі жылы олар Шудың бойын жағалап жүріп, үлкені – Құланнан, ортаншысы – Меркіден, ал кішісі Аспарадан жар табады.

Үш ұлының тойын аман-есен өткерген хан оларға бір-бір қаланың кілтін беріп тұрып: «Мен бас Ақтөбені билеймін, ал сендерге Орта, Аяқ және Бала Ақтөбені бердім» – депті [6, 8].

Мыңбұлақтағы Меркі туралы аңыз. Осыдан жүздеген жылдар бұрын Алатаудың етегінде Мыңбұлақ деген жер болыпты. Ол атына заты сай шөбі шүйгін, жазы салқын, аң-құсы көп, таудан аққан өзендері бар, сансыз бұлақтар мен қарасуларында есеп жер жоқ екен. Мыңбұлақтың алып жатқан жерінің кеңдігі сонша, оның басы мен аяғына көз жетпейтін болыпты. Мыңбұлақтағы Меркі үлкен жолдың бойында орналасқан әсем қала болғандықтан оған Алатауды жағалап жүрген барлық керуен соқпай өтпейді екен. Оның базарларында әртүрлі жемістер, көздің жауын алатын тастардан жасалған бағалы заттар, қару-жарақ, желден жүйрік тұлпарлар сатылыпты, айырбасталып, неше түр-

лі аңдардың еттері мен терілері сатылыпты. Бір жылы жазда қаланы шығыстан келген сансыз жау шауып, өртеп кетіпті. Меркінің қашан опат болғанын ешкім білмейді, ал оның төңірегіндегі үлкен-кіші молаларға (обаларға – М.Е.) қаланы тосыннан келген жаудан қорғаған батырлар жерленген дейді аңызда.

1893-1984 жылдарда Талас, Шу өңірлерінде зерттеу жүргізген В.В. Бартольд алғашқы болып Меркі қаласының баламалануына көңіл аударып, ол туралы өзінің есебінде: «Мирки (Меркі) және Ашпара (қырғызша айтылғанда Аспара) қалаларының орналасқан жері олардың аты бойынша анықталады» – деп жазған [7, 40]. Оның осы пікірін нақтылап, толықтырған В.А. Каллаур: «Ежелгі Меркі және Аспара қалаларының орналасқан жері анықталған: олар сөз жоқ осы атты өзендердің жағасында тұр, ол жерде қазір Меркі және Шалдавар елді мекендері орналасқан», – деген [8, 79].

Жазба деректердегі Меркі мен Аспараны Алатаудың етегіндегі ежелгі Меркі және Аспара қалаларымен баламаланған көзқарасты Ә.Х. Мағұлан да дұрыс деп есептейді [9, 33]. Сонымен, Шу өңіріндегі ортағасырлық Меркі және Аспара қалаларының баламалары мәселесі толық шешілді деп айтуға болады, бұл пікірге біз де қосыламыз.

629 жылы Алатаудың солтүстік беткейімен Суяб, Тараз арқылы өткен будда сопысы Сюань Цзан Мыңбұлақ деген жерді атап, оны былайша суреттеген: «Суябтан (Суи-е) батысқа 400 лиден аса жүргенде Мыңбұлаққа (Цянцюаньға) келдік. Цянцюань 200 ли көлемді алып жатыр: оңтүстігінде қарлы таулар, ал үш жағында жазық дала. Жері ылғалды, ормандары қалың, әртүрлі гүлдері көктем айларында масаты жібектей құлпырады. Бұл жерде мыңдаған бұлақтар мен көлдер бар, сондықтан ол осылай аталады (Мыңбұлақ – М.Е.). Түрік қағаны жылда жазғы ыстықта осында болады. Онда еліктер көп, олардың көбісі сылдырмақтар мен тартпалармен безендірілген. Олар адамдарға үйренген, сондықтан олардан қашпайды және үркімейді. Еліктер қағанның сүйкімді аңы болғандықтан оларды аулауға өзіне бағыныштыларға тыйым салған, елікті аулағандар қатаң жазаланады. Сондықтан еліктердің үйірі сақталып, (олар) ажалы жеткенше өмір сүреді» [10, 91].

Сюань Цзан суреттеген Мыңбұлақтың (Цянцюань) орналасқан жері туралы әртүрлі пікір бар. 1864 жылы Шу мен Сырдария өзендері аралығында экспедицияға қатысып, зерттеу жүргізген зоология докторы, Орыс Императорлық

география қоғамының мүшесі Н.А. Северцов Мыңбұлақ орналасқан жерді Күйік асуымен байланыстырып, ол туралы: «... Күйік асуынан Теріске түскенде тіпті қысқа, үш верст, әрі өте жайдақ. Асудың үстінде бұлақтар көп – бұл Орта Азия географиясына ежелден белгілі Мыңбұлақ шатқалының ең оңтүстігіндегі бұлақтар, оны Сюань Цзан Тараздан батыста онша қашық емес жерде деп көрсеткен. Ол көрсеткен етегінде Мыңбұлақ шатқалы орналасқан биік таулар – Ортақ тау», – дейді [11, 91]. Н.А. Северцовтың бұл пікірімен келісудің ешқандай реті жоқ. Біріншіден, Сюань Цзанда Мыңбұлақ Суябтан 400 ли батыста деп көрсеткен, екеншіден, оның (Мыңбұлақтың) оңтүстігінде қарлы таулар, ал үш жағында жазық дала бар делінген. Демек, Н.А. Северцов суреттеп отырған Мыңбұлақ Сюань Цзан айтқан жерге келмейді, себебі ол Тараздан батыста және тау – аралықта орналасқан.

1913 жылы баспадан шыққан «Туркестанский край» атты жинақта Ташкенттен Жетісуға баратын Верный пошта жолының бойында орналасқан Мыңбұлақ туралы жазылып, оны VII-VIII ғғ. кезіндегі түрік хандарының (қағандарының – М.Е.) жазғы ордасы болды деп көрсеткен: «Высокоеден (қазіргі Ақбиік ауылы – М.Е.) біршама шығыста жол Арыс бассейнінің артта қалдырып, Сырдария облысының Әулиеата уезі жеріне... солтүстігінде Қаратаудың сілемдері және оңтүстігінде Талас Алатауының қар мен мұз басқан ең биік бөлігінің арасында, Теріс өзені бассейнінде орналасқан Мыңбұлаққа шығады. Мыңбұлақ жазығы ежелден көшпенділердің сүйікті орны, VII-VIII ғғ. түрік хандарының жазғы ордасы болған жер» [12, 757]. Жинақта көрсетілген Мыңбұлақ Н.А. Северцов тоқталған жер болғандықтан ол тарихи Мыңбұлақ бола алмайды. Мыңбұлақтың орналасқан жері туралы алғашқылардың бірі болып болжам жасаған В.В. Бартольд болды. Ибн Хордадбех көрсеткен Абарджаддың шақпақтық Мыңбұлақта орналасқанына күмән келтірмеген В.В. Бартольд Сюань Цзан атаған тарихи Мыңбұлақ туралы: «Мың – бұлақ. Шақпақ бұлақтары сөз жоқ Ибн Хордадбехтегі Абарджадж, бірақ

Сюань Цзанның әңгімесінде, сөз басқа бір жер туралы болып отырса керек, бірақ ол Северцов көрсеткен жер емес... бұл жерде Әулиеатадан шығыста орналасқан бір жер айтылған болса керек» – дейді [7, 26-27].

Тарихи Мыңбұлақтың орналасқан жері туралы К.М. Байпақов: «Мыңбұлақтың баламалануы туралы әртүрлі көзқарастар бар, бірақ, дегенмен, осы атаумен Қырғыз Алатауының бүкіл биіктау белдеуін түсіну керек» – дейді [13, 107]. Бұл пікірмен де келісуге болмайды, оның басты себебі сонда Шу мен Талас өзендерінің аралығында орналасқан Алатаудың бүкіл биіктау белдеуін «Мыңбұлақ» деп атаған дұрыс бола қоймас. Шамасы бұл жерде К.М. Байпақов Сюань Цзанның жазбасында Мыңбұлақ Суябтан батыста 400 ли жерде деп көрсеткенін ескермеген болса керек.

Сюань Цзан суреттеген Мыңбұлақ ортағасырлық Меркі қаласының маңында деген пікірдегі А.Ә. Нұржанов пен О.В. Кузнецова ол жер туралы: «Сірә, бұл шұрайлы жер Меркі маңында, тауда болса керек. Сондай-ақ Қырғыз Алатауының оңтүстік және солтүстік беткейінде Мыңбұлақ деген де жер бар» – деп жазған [14, 19].

Ортағасырлық Меркі қаласы орналасқан жерді тарихи Мыңбұлақпен баламалаған А.М. Досымбаева ол жайлы: «Мерке/Мирки (бұл жерде Мыңбұлақ сөз болып отыр – М.Е.) туралы алғашқы хабар Қытайдың ежелгі жазба деректерінде кездеседі. 628 жылы Меркеде болған тегі қытайлық, будда сопысы өзінің жазбаларында осы жер туралы нақты мәлімет қалдырған... Оның Мерке туралы жазған географиялық сипаттамасы тау жотасының етегінде және үш жағынан дала қоршаған қазіргі Меркенің баламалануына дәлдікпен сәйкес келеді» – деп жазған [15, 455].

Біз А. Досымбаеваның ортағасырлық Меркі қаласы орналасқан жер тарихи Мыңбұлақ деген пікіріне қосыла отырып, өз тарапымыздан айтарымыз: шамасы, ортағасырлар кезінде Аспара мен Құлан қалаларының арасындағы Алатаудың биіктау белдеуі, оның шатқалдары мен Меркі қаласы орналасқан тауалды жазығы Мыңбұлақ деп аталған болса керек.

Әдебиеттер

1 Ибн Хордадбех. Книга путей и стран / перевод с арабского; комментарии, исследование, указатели и карты Наили Валихановой. – Баку: Элм, 1986. – 428 с.

2 Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды Института истории, археологии и этнографии АН Каз ССР. – 1960. – Том 8. – С. 72-92.

- 3 Бартольд В.В. О христианстве в Туркестане в домонгольский период (по поводу семирегенских надписей) // Сочинения. – М., 1964. – Т. II. – Часть 2. – С. 265 – 302.
- 4 Худуд Ал-Алам // Материалы по истории кыргызов и Кыргызстана (отв. редактор В.А. Ромодин.) – Бишкек, 2002. – С. 41-52.
- 5 Елеуов М. Шу мен Талас өңірлерінің тарихи – мекендік аңыздары // Қаз МУ хабаршысы. – Тарихи сериясы. – 1998. – № 9. – 77.83 б.
- 6 Елеуов М. Шу өңірі: аңыз бен тарих // Қаз МУ хабаршысы. – Тарих сериясы. – 1996. – №3. – 6 – 12б.
- 7 Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. // Сочинения. – М., 1966. – Т. IV. – С. 21-91 Меркі туралы 40бетте.
- 8 Каллаур В.А. Древние местности Аулиеатинского уезда на старом караванном пути из Тараза (Таласа) в Восточный Туркестан // Протоколы заседаний и сообщений членов Туркестанского кружка любителей археологии. Историко-культурные памятники Казахстана / авторы предисловия и составители М. Елеуов, М.М. Бахтыбаев. – Туркестан: Туран, 2011. – С. 78-85.
- 9 Маргулан А.Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. – Алма-Ата: Изд.АН Каз ССР, 1950. – 122с.
- 10 Зуев Ю.А. Китайские известия о Суябе // Известия АН Каз ССР. Серия истории, археологии и этнографии. – 1960. – Выпуск 3(14). – С. 87-96.
- 11 Северцов Н.А. Путешествия по Туркестанскому краю. – М.: ОГИЗ Государственное издательство географической литературы, 1947. – С. 76- 101.
- 12 Россия. Полное географическое описание нашего отечества. Настольная и дорожная книга. Том девятнадцатый. Туркестанский край // составитель князь В.И. Масальский. – СПб.: Издание А.Ф.Девриена, 1913. – 851 с.
- 13 Байпаков К.М. Западнотюркский и тюркешские каганаты: тюрки и согдийцы степь и город// ИНАН РК. – Серия общественных наук. – Алматы, 2009. – №1(268). – С. 105-146.
- 14 Кузнецова О.В., Нұржанов А.А. Средневековый город Мерке (Мирки): Альбом. – Алматы, 2009.
- 15 Досымбаева А.М. Города как центры коммуникации на маршрутах Великого Шелкового пути// Западный Тюркский каганат. Атлас. / Коллектив авторов; А. Досымбаева, М. Жолдасбеков, (рук.проекта). – Астана: издательство «ServicePress», 2013. – 848 с., ил.карты.

Refertnces

- 1 Ibn Hordadbeh. Kniga putej i stran / perevod s arabskogo; kommentarii, issledovanie, ukazateli i karty Naili Valihanovoj. – Baku: Jelm, 1986. – 428 s.
- 2 Volin S. Svedenija arabskih istochnikov IX-XVI vv. o doline reki Talas i smezhnyh rajonah // Trudy Instituta istorii, arheologii i jetnografii AN Kaz SSR. – 1960. – Tom 8. – S. 72-92.
- 3 Bartol'd V.V. O hristianstve v Turkestane v domongol'skij period (po povodu semiregenskih nadpisej) // Sochinenija. – М., 1964. – Т. II. – Chast' 2. – S. 265 – 302.
- 4 Hudud Al-Alam // Materialy po istorii kyrgyzov i Kyrgyzstana (otv. redaktor V.A. Romodin.) – Bishkek, 2002. – S. 41-52.
- 5 Eleuov M. Shu men Talas өңірлерінің тарихи – мекендік аңыздары // Қаз МУ хабаршысы. – Тарихи сериясы. – 1998. – № 9. – 77.83 б.
- 6 Eleuov M. Shu өңірі: аңыз бен тарих // Қаз МУ хабаршысы. – Тарих сериясы. – 1996. – №3. – 6 – 12б.
- 7 Bartol'd V.V. Otchet o poezdke v Srednjuju Aziju s nauchnoj cel'ju 1893-1894 gg. // Sochinenija. – М., 1966. – Т. IV. – S. 21-91 Merki туралы 40бетте.
- 8 Kallaur V.A. Drevnie mestnosti Aulieatinskogo uezda na starom karavannom puti iz Taraza (Talasa) v Vostochnyj Turkestan // Protokoly zaedaniy i soobshhenij chlenov Turkestanskogo kruzha ljubitelej arheologii. Istoriko-kul'turnye pamjatniki Kazahstana / avtory predislovija i sostaviteli M. Eleuov, M.M. Bahtybaev. – Turkestan: Turan, 2011. – S. 78-85.
- 9 Margulan A.H. Iz istorii gorodov i straitel'nogo iskusstva drevnego Kazahstana. – Alma-Ata: Izd.AN Kaz SSR, 1950. – 122 s.
- 10 Zuev Ju.A. Kitajskie izvestija o Sujabe // Izvestija AN Kaz SSR. Serija istorii, arheologii i jetnografii. – 1960. – Vypusk 3(14). – S. 87-96.
- 11 Severcov N.A. Puteshestvija po Turkestanskomu kraju. – М.: OGIЗ Gosudarstvennoe izdatel'stvo geograficheskoy literatury, 1947. – S. 76- 101.
- 12 Rossiya. Polnoe geograficheskoe opisanie nashego otechestva. Nastol'naja i dorozhnaja kniga. Tom devjatnadcatyj. Turkestanskij kraj // sostavitel' knjaz' V.I. Masal'skij. – SPb.: Izdanie A.F.Devriena, 1913. – 851 s.
- 13 Bajpakov K.M. Zapadnotjurkiskij i tjurgeshskie kaganaty: tjurki i sogdijcy step' i gorod// INAN RK. – Serija obshhesvtennyh nauk. – Алматы, 2009. – №1(268). – S. 105-146.
- 14 Kuznecova O.V., Nұrzhанov A.A. Srednevekovyj gorod Merke (Mirki): Al'bom. – Алматы, 2009.
- 15 Dosymbaeva A.M. Goroda kak centry kommunikacii na marshrutah Velikogo Shelkovogo puti// Zapadnyj Tjurkiskij kaganat. Atlas. / Kollektiv avtorov; A. Dosymbaeva, M. Zholdasbekov, (ruk.proekta). – Astana: izdatel'stvo «ServicePress», 2013. – 848 s., il.karty.

Kulsariyeva S.,
Nurasilova A.

**Analytical review of studies
on the problems of the turkish
diaspora in Bulgaria**

Ethnic Turks are the second largest ethnic group in modern Bulgaria. This explains the interest of researchers to the Turkish community in Bulgaria. There are several terms referring to the Turkish population in Bulgaria. «The Turks of Bulgaria» and «Bulgarian Turks» are among the most broadly used terms. And these terms are discussed in the article. I would like to pay a special attention to and elaborate on the last term: «Bulgarian Turks». Turkish scientist Nuray Ekidzhi believes that the most common term of ethnic Turks in Bulgaria is «Bulgarian Turks». While well-known scientists Wolfgang Hepken and Hugh Poulton use the term «Bulgarian Turks». Members of the Turkish community in Bulgaria, who had returned to Turkey, define themselves as «Turkish minority in Bulgaria». There is still no unity in this terminology. That isn't absolutely clear to authors of article. But the object of research – the Turkish population of Bulgaria is designated quite distinctly. The problem of the Bulgarian Turks migrating to their historical homeland is considered in the article. Among the scientists involved in the problems of migration can be distinguished researcher Nuraya Ekidzhi. In the work «Diaspora of Turks of Bulgaria in Turkey» Nuraya Ekidzhi comprehensively considers this process.

Key words: Bulgarian turks, repatriation of Bulgarian Turks.

Кульсариева С.П.,
Нурасилова А.

**Болгариядағы түркі
диаспорасының мәселелерін
зерттейтін аналитикалық шолу**

Болгарияның тұрғындары арасындағы екінші орынға ие болатын түріктер Болгариядағы ірі этникалық топтардың бірі болып табылады. Бұл зерттеушілердің Болгариядағы түрік қоғамдастығына қызығушылығын түсіндіреді. Мақалада зерттеушілердің «болгарлық түріктер» және «Болгариядағы түріктер» терминдерін қолдану қайшылықтары жөніндегі пікірталас зерттелген. Түрік ғалымы Нұрай Екиджинің айтуы бойынша, Болгария жерінде этникалық түріктердің ең көп таралған термині «болгарлық түріктер» болып табылады. Алайда осы саладағы Вольфганг Хепкен және Хью Пултон секілді атақты ғалымдар өз еңбектерінде «Болгариядағы түріктер» терминін ұстанады. Түркияға қайта оралған Болгарияның түрік қоғамдастықтың мүшелері өздерін «Болгариядағы түрік азшылығы» деп анықтайды. Бүгінгі күнге дейін бұл терминологияда бірыңғай ой жоқ және де мақаланың авторларына түсініксіз, өйткені зерттеу нысаны — Болгарияның түрік халқы — анық белгіленген. Болгария түріктерінің өздерінің тарихи отанына көшу мәселесі қарастырылған. Көші-қон мәселелерімен айналысатын ғалымдардың арасында, «Түркиядағы Болгар түрік диаспорасы» ғылыми еңбегінде осы үдерісті жан-жақты қарастыратын зерттеуші Нұрай Екиджиді атап кетуге болады.

Түйін сөздер: болгар түріктері, болгар түріктерінің репатриациясы.

Кульсариева С.П.,
Нурасилова А.

**Аналитический обзор
исследований по проблемам
турецкой диаспоры Болгарии**

Одним из крупных этносов Болгарии являются турки, которые занимают второе место по численности среди населения Болгарии. Это объясняет интерес исследователей к турецкой общине Болгарии. В статье рассмотрена дискуссия исследователей на тему расхождения в использовании терминов «болгарские турки» и «турки в Болгарии». Турецкий ученый Нурай Екиджи считает, что наиболее распространенным термином этнических турок на территории Болгарии является «болгарские турки». В то время как известные ученые в этой области Вольфганг Хепкен и Хью Пултон придерживаются при написании работ термина «турки Болгарии». Члены турецкой общины в Болгарии, которые вернулись в Турцию, определяют себя как «турецкое меньшинство в Болгарии». До сих пор нет единства в данной терминологии, что не совсем понятно авторам статьи, т. к. объект исследования — турецкое население Болгарии — обозначен вполне отчетливо. Рассмотрен вопрос о миграции турок Болгарии на свою историческую родину. Среди ученых, занимающихся проблематикой миграционных процессов, можно выделить исследователя Нурая Екиджи, всесторонне рассматривающего данный процесс в труде «Диаспора турок Болгарии в Турции».

Ключевые слова: болгарские турки, репатриация болгарских турок.

**ANALYTICAL REVIEW
OF STUDIES ON THE
PROBLEMS OF THE
TURKISH DIASPORA IN
BULGARIA**

Ethnic Turks are the second largest linguistic and religious group in modern Bulgaria. Historically, Bulgarian Turks trace their lineage back to several tribal groups existing during the medieval period. These groups, which thrived during the IX-XI centuries, were the Pechenegs of the Balkans, Western Oguz (so-called «Torquey» in the Russian Chronicles, or the «Bonds» in the Byzantine Chronicles), and the Western Kipchak, otherwise known as the Cumans.

There are several terms referring to the Turkish population in Bulgaria. «Turks», «The Turkish minority», «Turkish community», «ethnic Turks», «the Turks in Bulgaria», «the Turks of Bulgaria» and «Bulgarian Turks» are among the most broadly used terms. I would like to pay a special attention to and elaborate on the last term: «Bulgarian Turks».

The term «Bulgarian Turks» is used most widely but, according to some experts, rather wrongly in naming of the ethnic Turks in Bulgaria. This term is especially prevalent in Bulgarian literature as Bulgarskite Turci and to lesser extent in Turkish daily parlance as Bulgar Türkleri – but not in Turkish academic field or official jargon. However, such term is inadequate to reflect the genuine and true nature of the ethnic Turks since it overshadows the sense of affiliation and the real identity of the community in question. This is the precise reason why the BCP (Bulgarian Communist Party) had preferred to use this term rather than others such as «Turkish population» or «Bulgarian citizens of Turkish origin» [1].

Members of the Turkish community in Bulgaria, especially those living in Turkey, tend to identify themselves as members of the «Turkish minority in Bulgaria» rather than «Bulgarian Turks». The term «Bulgarian» is rarely used as self-description [2] For instance, in response to the article, «Bulgarian Turks: from where to where?» published in one of the daily newspapers in Turkey, the following declaration was issued by one of the immigrant associations: ...do they [local population in general and the staff of the newspaper in particular] perceive us as Bulgarians who are converted to Turks or Turks converted to Bulgarians? We are neither of them... we are... the real Turks... and descendants of the Ottoman empire... (Balkan Sentezi, September 2003) [3]

International literature solves the problem of the inadequacy of the term «Bulgarian Turks,» which does not reflect the true nature of

the Turkish community in Bulgaria, by employing the term «the Turks of Bulgaria». For instance, Wolfgang Höpken [4] and Hugh Poulton [5], who are among the most prominent researchers in this field, employ the term, «the Turks of Bulgaria» in their work, instead of «Bulgarian Turks». The same may be said about Ali Eminov [6] and Bilal Simsir, [7] as well as other Turkish writers from Turkey. For them, this kind of preference is understandable at least for the obvious political inclinations [8]

In addition to the above terms, when the community of the Turks of Bulgaria in Turkey is referred to, the term «Bulgarian Diaspora» is commonly used. If one used the term «Bulgarian Diaspora» to refer to the community of the Turks of Bulgaria in Turkey, it would be far from being informative for those who have no previous knowledge about this diaspora. This happens because it inevitably calls into mind the reference to a community of ethnic Bulgarians – as is the case with the Bulgarian diaspora in Germany or the Netherlands.

There is still a lack of proper data about the population of the Diaspora of the Turks of Bulgaria due to the absence of systematic and unbiased research on the subject, as well as the unique nature of the immigration movement. Additionally, neither the Bulgarian nor the Turkish authorities are able to provide further data concerning the issue.

Regarding the number of immigrants since 1989 and onwards, there are many sources, which include published and unpublished results, official records and unofficial sources, as well as classified documentation. Each of these sources provides different figures, and, in some cases, it is almost impossible to reconcile them. However, most of the sources agree on the approximation of the number of immigrants who came to Turkey during the initial emigration rush in 1989. It can be argued that around 350,000–400,000 Turks left Bulgaria during this period. Vasileva, providing exact numbers, argues that between May and September 1989, 369,839 Turks left Bulgaria [9]. Poulton and Höpken [10] abstain from giving exact figures, preferring to round the figures up to «over 300,000» and 370,000, respectively [11]. Dimitrova, using Turkish sources, claims that the number of immigrants between June 3 and August 21 was 311,862 [12].

At the same time, there was also a reverse movement due to the hardships encountered by immigrants in Turkey. According to Vasileva, 154,937 refugees returned to Bulgaria between 1989 and 1990 [13]. Zelyazkova argues that only 120,000 returned [14], and Karpat maintains that only

8,000 changed their minds (Zhelyazkova: 1998, 21; Karpat: 1990, 20). Dimitrova, on the other hand, agrees that around 150,000 returned (Dimitrova: 1998, 79) [15].

As a result of the process of this back and forth migration, we can conclude that around 210,000–215,000 immigrants settled in Turkey after the initial emigration rush. According to Vasileva [16] and Dimitrova [17] (1998, 83), these amount to exactly 214,902 and 212,688, respectively.

Special attention should be paid to the relationship between the local community and the immigrants. It can be safely argued that the welcome given by the locals during the first days of the initial immigration rush was later replaced by «hidden tension.» During the first days immigrants were called «fellows» (Soydash), while soon after they were labeled as «immigrants» (Göçmen) – which usually has a derogatory sense – «Bulgarians» or «infidels» (Giavours) (Georgieva: 1994, 152; Dimitrova: 1998, 125) [18].

According to different sources, there are more than eighty immigrant associations directly or indirectly dealing with the Turks of Bulgaria. Associations pertaining directly to the immigrants from Bulgaria are those established solely by and for them. These associations can easily be distinguished by their titles. Most of them include «Bulgaria», «the Turks of Bulgaria», or even «Bulgaria Turks» – which bears no grammatical or syntactic sense – in their titles. However, interestingly, these associations are few and far in between. The majority of the immigrant associations pertain not only to the Turks of Bulgaria, but also all other Balkan Turks – despite the very fact that they focus on the former group. This is the natural corollary of the earlier-mentioned immigrants' self-identification based on broader geographical terms – in order to stress the Ottoman legacy and so their true «Turkishness». Therefore, «Balkan Turks» and «Rumelian Turks» are the most common expressions that one can come across in the titles of these associations [19].

Awarded with the John D. Bell Bulgarian Studies Association Book Prize in 1999, the book titled «Turkish and Other Muslim Minorities in Bulgaria» sheds considerable new light on a complex and emotional subject. The author, anthropologist Ali Eminov, was inspired to undertake this research by the claims made by the Bulgarian government in 1985, when it was declared that there were «no Turks in Bulgaria»; that all Muslims in Bulgaria were a result of forced conversions of previous centuries; and that since the 1960s Muslims in

Bulgaria had been undergoing a «process of national revival» and reclaiming their Bulgarian identity (p. vii) [20]. Following the publication of several articles on the subject: «The Education of Turkish Speakers in Bulgaria». Eminov was approached by representatives of the Institute of Muslim Minority Affairs, who suggested the expansion of those articles into a monograph. Thus, the work mentioned above was created [21].

The present ethnic and religious mosaic in Bulgaria and other Balkan countries is the product of many millennia of migratory invasions. The central location of the Balkans as a gateway between Europe, Asia, and Africa, and the existence of a well-developed road system for carrying military, administrative, commercial, and cultural traffic facilitated such activity since ancient times. Like other powers before them, the Ottoman Turks conquered the southeastern Europe by securing and controlling these important arteries. Nuray Ekici, a researcher concerned with studying Turkish migration for a long period of time, considers the following in his article titled «The Diaspora of the Turks of Bulgaria in Turkey. Historical Background» [22]. There has been more than a century long emigration flow emanating from the Balkans towards Anatolia. Ottoman retreat from the Balkans at the end of 19th and beginning of 20th century left a considerable number of Ottoman-Muslim subjects within the borders of the then newly independent Balkan states. Soon, after the subsequent disintegration of the Ottoman Empire, Turkey – as a successor state – became the main shelter for the Muslim and/or Turkish communities that remained in the Balkans. It was only in the

1990s, due to the prevailing political and economic crisis as well as military conflicts in the Balkans, that Turkey ‘had’ to receive significant number of immigrants from Bosnia, Kosovo, Macedonia and Bulgaria [23].

In the article «Bulgarian nationalism and Turkish language in Bulgaria», Eran and Christina Kramer discuss the impact of these changes on two important areas of Turkish life in Bulgaria between 1945 and 1983: the education in Turkish language and religion. This presentation ends in 1983, even though the communist regime remained in power for another six years, for a very good reason. The winter of 1984-85 saw the beginning of the final assault on both Turkish cultural institutions and Turkish identity, a story that is told in more detail elsewhere in this collection [24].

After conducting analysis of the Turkish ethnicity in Bulgaria, scientists have found that there is no single ethnonym common for all Turks of Bulgaria.

Finding one single ethnonym is important for researchers of Bulgarian Turks, but as of now, one does not exist. Another important issue which attracts the attention of researchers is the migration of Turks from Bulgaria to Turkey, followed by their movement back to Bulgaria. As of now, there are no strict statistics regarding the large number of migrants between Bulgaria and Turkey.

One explanation of the movement is that migrants return to Bulgaria after failing to adapt to life in Turkey. Some researchers believe that the changes in the Turkish language, present in Bulgaria, are reflected in the attitude of the country and in the educational system.

References

- 1 Nuray Ekici. The Diaspora of the Turks of Bulgaria in Turkey. Historical Background. – Ankara: Ministry of Foreign Affairs Press, 2001. – p. 43.
- 2 Cumhuriyet (Daily Turkish Newspaper), 8 August 2003.
- 3 Balkan Sentezi (Monthly Newspaper): September 2003.
- 4 Höpken, Wolfgang. From Religious Identity to Ethnic Mobilization: The Turks of Bulgaria Before, under and since Communism, in Muslim Identity and the Balkan State, (eds.) Hugh Poulton and Suha Taji-Farouki. – London, 1997.
- 5 Poulton, Hugh and the Minnesota Lawyers International Human Rights Committee (MLIHRC), Minorities in the Balkans, the Minority Rights Group, Report 82. London, 1989.
- 6 Eminov Ali. Turkish and Other Muslim minorities in Bulgaria. – London, 1997.
- 7 Simsir Bilâl. Turkish Minority Education and Literature in Bulgaria. – Ankara: Ministry of Foreign Affairs Press. – p 145.
- 8 Nuray Ekici. The Diaspora of the Turks of Bulgaria in Turkey. Historical Background. – Ankara: Ministry of Foreign Affairs Press, 2001, – 43 p.
- 9 Vasileva Darina. Bulgarian Turkish Emigration and Return, in International Migration Review, 1992. Vol. 26, No. 2, 342–52.
- 10 Poulton Hugh. The Balkans: Minorities and States in Conflict. London, 1993.
- 11 Poulton Hugh and Suha Taji-Farouki. Muslim Identity and the Balkan State. London, 1997.

12 Dimitrova Donka. Bulgarian Turkish Immigrants of 1989 in the Republic of Turkey, in *Mezhdu adaptatsiyata i nostalgiyata: Bulgarskite Turtsi v Turtsia* [Between Adaptation and Nostalgia: The Bulgarian Turks in Turkey]. Sofia, 1998. pp. 76-139.

13 Vasileva Darina. Bulgarian Turkish Emigration and Return, in *International Migration Review*, 1992. Vol. 26, No. 2, 342-56.

14 Zhelyazkova, Antonina: 2002, *Turcite v Bulgaria* [Turks in Bulgaria], in *Dve* [Two], Vera Moutafchieva and Antonina Zhelyazkova, Sofia. – pp.161-197.

15 Dimitrov, Vesselin. «In search of a homogeneous nation: the assimilation of Bulgaria's Turkish minority, 1984-1985,» *Journal of Ethnopolitics and Minority Issues in Europe*, 2000. December 23, 23 pages. Available at www.ecmi.de/publications/jemie/data.dimitrov.pdf

16 Toumarkine Alexandre. Balkan and Caucasian Immigrants Associations: Community and Politics, in *Civil society in the Grip of nationalism: Studies on Political Culture in Contemporary Turkey*, eds. Stefanos Yerasimos, Günter Seufert and Karin Vorhoff. Istanbul, 2000.

17 Dimitrova Donka. Bulgarian Turkish Immigrants of 1989 in the Republic of Turkey, in *Mezhdu adaptatsiyata i nostalgiyata: Bulgarskite Turtsi v Turtsia* [Between Adaptation and Nostalgia: The Bulgarian Turks in Turkey]. Sofia, 1998. pp.76-139.

18 Georgieva Tzvetana. Coexistence as a system in the Everyday Life of Christians and Muslims in Bulgaria, in *Relations of Compatibility and Incompatibility Between Christians and Muslims in Bulgaria*, (Sofia: International Centre for Minority Studies and Intercultural Relations' Foundation), 1994. – pp.151-178.

19 Nuray Ekici. *The Diaspora of the Turks of Bulgaria in Turkey. Historical Background.* – Ankara: Ministry of Foreign Affairs Press, 2001, – 43 p.

20 Appears in Victor A. Friedman and Donald L. Dyer, eds. *Of All the Slavs My Favorites: In Honor of Howard I. Aronson.* *Indiana Slavic Studies* 12: 155-69, 2001.

21 *Turks and Tatars in Bulgaria and the Balkans.* Ali Eminov, *Nationalities Papers*, 2003. Vol. 28, No. 1, 2000.

22 Nuray Ekici. *The Diaspora of the Turks of Bulgaria in Turkey. Historical Background.* – Ankara: Ministry of Foreign Affairs Press, 2001, – 43 p.

23 Oran, Baskin (ed.). *TDP'nin Kurumsal Cercevesi* [The Institutional Framework of the Turkish Foreign Policy], in *Türk Dis Politikasi: Kurtulus Savasından Bugüne Olgular, Belgeler, Yorumlar* [Turkish Foreign Policy: From the Independence War to Present: Facts, Documents, Comments], 2001. Vol.I:1919-1980, Istanbul. 20-53.

24 *Bulgarian nationalism and Turkish language in Bulgaria.*» In Fraenkel, Eran and Christina Kramer, eds. *Language Contact – Language Conflict.* New York: Peter Lang, 2001. – pp. 43-71.

5-бөлім
ЖАЛПЫ ТАРИХ

Раздел 5
ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ

Section 5
HISTORY OF WORLD

Оспанова А.А.
**Төртінші крест жорығының
сипаты**

Бұл мақалада Франция жасақтарының төртінші крест жорықтары мен Жоффруа де Виллардуэннің жорықтары, сонымен қатар, ХІХ ғасырдағы романтикалық мектептердің өкілдері сипатталады. Мақалада төртінші крест жорығынан кейін көпестер де жаңа жаулап алушылыққа деген қызығушылығын жоғалтуы жайында қарастырылған. Себебі Батыс пен Шығыстың арасындағы сауда қатынасы Византияның үстемдігінен құтылып, еркіндік алды. Оның үстіне Батыс Еуропадағы ішкі нарық кеңейді. Батыс Еуропа елдерінің қоғамдық саяси өміріндегі осындай өзгерістер бұрын крест жорықтарына белсене қатысып жүрген барлық әлеуметтік топтардың мұсылмандарға қарсы экспансиялық әрекеттен бас тартуына әкеліп соқты.

Түйін сөздер: архиепископ, епископ, аббат, граф.

Osanova A.A.
**Characteristic of the 4 th Cross
Crusade**

In this article the fourth crusades of troops of France and Geoffroi de Villehardouin, and also, the representatives of the romantic schools of the XIX century are considered. The author writes about how merchants lost aspiration to new conquests after the fourth crusade. The reason for that was liberation of trade between the West and the East from domination of Byzantium and gaining freedom. Moreover the domestic market in Western Europe extended. Such changes in social and political life of the countries of Western Europe led to the fact that all social groups which were earlier actively participating in crusades refused to take part in expansionist movement against Muslims.

Key words: archbishop, bishop, abbot, count.

Оспанова А.А.
**Характеристика четвертого
крестового похода**

В этой статье рассматриваются четвертые крестовые походы войск Франции и Жоффруа де Виллардуэн, а также представители романтических школ ХІХ века. Автор пишет о том, как купцы потеряли стремление к новым завоеваниям после четвертого крестового похода. Причина тому освобождение торговых путей между Западом и Востоком от господства Византии и получение свободы. Более того внутренний рынок в Западной Европе расширился. Такие перемены в общественно-политической жизни стран Западной Европы привели к тому, что все социальные группы, ранее активно участвующие в крестовых походах, отказались от экспансионистского движения против мусульман.

Ключевые слова: архиепископ, епископ, аббат, граф.

ТӨРТІНШІ КРЕСТ ЖОРЫҒЫНЫҢ СИПАТЫ

1198 жылы қаңтар айында III Иннокентий папалық таққа отырған кезінде, әлі де болса VI Генрих ұйымдастырған неміс крест жорығы болып жатқан еді. Бірақ бұл жорық бірнеше айдан соң сәтсіздікпен аяқталды. Осыдан кейін Иннокентий папа Қасиетті Жерді азат ету үшін Еуропаны көтеруге ұмтылды. Іс барысында II Урбанның концепцияларына қайта оралды. Ол крест жорықтарын папаның компетенциясы мен жауапкершілік аймағы ретінде танып, сонымен қатар христиан дініндегі папаның рөлін түсінді. Ол 1198 жылдың тамызында батыс архиепископына таратылған энциклика жариялады және циркулярдың мазмұнын епископтар мен басқа да провинциядағы діни қызметкерлерге дейін жеткізуге міндеттелді. Иннокентий өз хатында дәстүрлі крест топтарына және өзінің Иерусалим қаласының көрген қиыншылықтарына жанашырлықпен қарайтынын жазды. Сонымен қатар соғыс кезеңінде батыс князьдерінің байлыққа қызығушылығын айыптады және де түгел христиандарды жаңа қасиетті соғысқа қатысса мәңгілік құтқару табатындарына сендірді. Иннокентий монархтар мен ұсақ билеушілермен қатар, өз хатын барлық қалалардың графтары мен барондарына жіберді. Олардан теңіз арқылы өз қаражатына келесі жылдың наурыз айына дейін 2 жыл бойы әскерді қамтамасыз ететін реестрді талап етті. Ал архиепископтар, епископтар және аббаттар әскер немесе эквивалентті ақшамен көмектесуі қажет болды. Екі кардинал папаның легаты болып Палестинаға аттанып, әскерді күтіп алуы керек болды. Үндеу қарапайым стимулдарды қамтыды: кресшілерге толықтай индульгенцияны, папаның мүлкін қорғау және де олар соғыста болғанда қарыздары мен пайыздарын төлеуге уәде берді.

Содан Иннокентий Франция королі Филипп Августке және ағылшын королі Арыстан Жүректі Ричардке хат жазды. Екі монархта 1194 жылға дейін, яғни Ричардтың тұтқыннан оралғанға дейін бір-бірімен соғыс жүргізді. Папа екі королді бес жылға болса да, бейбітшілік орнатуын сұрады. Екеуінің жауласуы қарапайым тұрғындардың кедейшілігіне алып келуімен қатар, крест жорықтарына да кері әсерін тигізуде. Екі кардинал Палестинадан кетіп, өз елінде арнайы тапсырма алды. Кардинал Соффридо өз елінен көмек алу үшін Венецияға, ал

Кардинал Петер Капуанский крест жорығын салтанатты түрде жариялау үшін Францияға аттанды. Және де екі кардинал пизандықтар мен генуялықтарды соғысқа қатысуға көндіру үшін жіберілді. Папа сонымен қатар византиялық император Алексий III Ангелге жолдау жіберді. Оны папа билігін мойындауға, Қасиетті жерге көмек көрсетуге шақырды. 1199 жылы ақпанда Алексий қарсы айыптаулармен жауап берді. Сол кезде Петер Капуанский 1198 жылдың аяғында Францияға келіп, Дижонда француз діни ассамблеясын шақырып, онда папа булласын оқыды. 1198 жылдың жаңа жылында Петер Филипп Августқа Ричардтың сыбайластары француз ақсүйектер коалициясы қарсы шықпақшы екенін анықтады. Оның құрамында Болонья және Тулуза графтары Бодуэн Фландрский және Луи Блуа болған. Олар Петердің достасу туралы ұсынысын тыңдауға дайын еді. Екі немесе үш аптадан кейін Петер Нормандияда Ричардпен кездесті. Кездесу барысында Ричард Филипп III крест жорықтары кезінде жоғалтқан жерлерін қайтарып алу үшін ғана соғысып жатқан жоқ, сонымен қатар Германиядағы тұтқында болған кездері үшін де соғысуда екенін мәлімдеді. Және де папа өзін еңбек сіңірген крестші ретінде қорғамағаны үшін кінәлады. Алайда ол Петердің ұсыныстарын қабылдап, соғыс Иерусалимді босатуға кедергі келтіретінін мойындады. 1199 жылы Ричард пен Филипп кездесіп, бес жылға достық қатынас орнатты. Бірақта наурыз айында Ричард қайтыс болып, Филипп Август континенттегі жерлерді жаулап алу үшін Йоанмен соғысады. Папа алғашқы әскерді 1199 жылы наурыз айында аттандырмақшы болды. Иннокентий архиепископтармен және жоғарғы батыс дін иелеріне хат жазуды тоқтатпады. Оларға нық сенім бере отырып, Иерусалим корольдігінің патриархы мен дін иегеріне не себептен жорық кейінге қалдырылғанын түсіндірді. Князь рыцарлық мемлекеттердің княздеріне «дінсіздерге» қарсы соғысқа аттануға көндірді. Сол жылдың соңында ол бір шешімге келді. Бұл өткен жолғыдай крест жорықтарында архиепископтар мен дін иелерінің салық шығындарын қаржыландыру емес, енді ол апостолдық билігін пайдалана отырып барлық дін иелеріне өз кірістерінің қырық бөлігін келесі жылға осы мақсатпен бөлуін сұрады. Папа кардиналдар мен Рим священниктеріне салықты өздері көбейтіп алды деп айыптады. Кейбір діни ордендерге, атап айтсақ картезиандықтарға, цистерциандықтарға және тағы басқаларға жеңілдік жасап, елу бөлігін төлеткізу жоспарланды. Әрбір архиепископқа

Amanullah Khan was the first women in the modern history of Afghanistan who participated without shawl (scarf) in the governmental ceremonies. Soraya Tarzi with the wives of Minister of Defense and Minister of Foreign Affairs have participated in the celebration of Independence Day for the first time.

In the year of 1921, the first girls' school and established, in 1922 *Irshad-al-Naswan* newspaper printed and a group of girls were sent to abroad for pursuing education. Learning was made compulsory among six to eleven. In year 1927, King Amanullah conducted a *Jirga* (gathering) in Paghman. In the *Jirga* the issues of determination of marriage age for girls and polygamy were discussed which consequently, faced with tough opposition of representatives of people.

Progress, promotion and the rescue of women from deprivation and various social suffers was the main pivot of feminist movement which shaped during the age of King Amanullah Khan. This formation ensures the rights and freedom of women in all aspects; social and private life which contains: right of education, right of work, right of study, right of individual freedom, individual safety, and freedom of speech, right of protest, civil and political activities and eventually scholarships. In year 1929, Amir Habibullāh Kalakāni came into reign and lasted for nine month.

During his time, the achieved freedoms of Amanullah Khan Age were restricted and once again women were constrained to wear Islamic Burqa. In the age women were to a certain extent deprived of participation and social activities [2].

As far as the restrictions during the power of Mohammad Nadir Shah (1929-1933) kept continuing but the women foundation was established in his time. Women from royal family and some wealthy women of Kabul were busy on serving social activities in the foundation. Freedoms of women were sent to private parties and they could not fully present in the social and public rite and this drive continued till presidency of Mohammad Daoud Khan which meant to 1974.

The scope of women's restrictions carried on to Mohammed Zahir Shah's sovereignty 1933-1973. Women were not allowed in social activities and the kind of freedoms were confined in family and were limited to some private parties [3]. But during the presidency of Mohammad Daoud Khan keen attention has paid to education, social progress and women schooling, and they were placed at the top priority of five years strategic plan. Formal schools were established for girls, women from high class

and wealthy family assigned in some governmental offices, the voice of the first female singer (Mirman Parvin) for the very first time reached to the ears of people through radio. In the year 1959, Mohammad Daoud Khan asked the girls both from royal family and high ranking officials to participate in the Celebration of Independence Day without Burka [4].

Thus female movement and veil removal network which already came into picture in the year of 1958, formally started their activities based on frequent demands of teachers from midwifery school and girls' secondary school Daoud Khan himself has debated and justified in this regard with conservative sector of society. Women gained political rights and the voting right after the legislation of Constitution on 1964 since the period. In the Committee of approval of Constitution two women were appointed for the first time and in the 1965 parliamentary election some women candidates could get to the parliament and moreover two other women were appointed as senators.

In the year 1965, the first Independent Civil Faction started its activity which was inspired by international feminist movements and previous national organizations, and this civil faction was belong to People Democratic Party. Though, the faction had ideological inspirations plus themes and was frequently posing classes' concerns but feministic issues were the core agenda of it [5].

As a result of persistent efforts and activities of cadres and members of this organization a parade ran by in the year of 1968. The main purpose of the protest was to express their strong opposition with Draft of women education ban in abroad. However this protest was not too splay but lied down the prime brick of advocating women rights in the history of Afghanistan. The women opened the main stream of democracy in the rule of the country. And it was these women struggles in which some of the girls and women became the center political activities and alongside their Afghan brothers went to parliament in order to know the process of vote of confidence to Dr. Yousef but unexpectedly they faced with police resistance caused the event. Due to chaos, Dr Yousef has given up from the vote of confidence and resigned from his post (chancellor). Since that day protests and demonstrations became the routine of Kabul citizens and the city was daily witness of any type of the protest [6].

Movement of literacy was at the peak of this Afghan women movement. As result of comprehensive endeavor and attempt of this movement, hundreds of young women and girls

went to school and drove benefits from literacy. Unfortunately it must be said that tens of honored female teachers of these courses have been killed by conservatives and ignorant. It was the result of their strong strives in terms of declining the illiteracy that thousands of women became literate and employed in governmental offices and therefore UNISCO has deserved them with Medal [7].

In contrast to what was expecting from Mohammad Daoud Khan in his presidency (1973-1978) happened, due to regular pressures of conservative and traditional sector of society on Daoud Khan, he kept restrictions on women's freedoms and during his presidency nothing important has occurred to the regard of women condition.

People's Democratic Party of Afghanistan had control over the state within (1978-1992) during this time political and ideological slogans for supporting of women reached to the ears of everyone and these slogans were incepted from communistic beliefs which could not conform to social life of Afghanistan. In the time of People's Democratic Party of Afghanistan women sporadically strived for the betterment of their condition but noting remarkable happened in terms of social progress of women's freedoms [8].

After the collapse of Communistic Regime in the 1992-1996 Mujahedeen came into power. This group has changed the direction of women wearing and during Mujahedeen time women could not walk with modern garments or walk without Burqa or Islamic veil. In the course of Mujahedeen time not only women were not given active role but they were the main victim of Kabul Civil War [9].

In October of 1996 a cruel wave of Taliban storm blows upon the corners of Kabul and that night of entering to Kabul was completely unforgettable in the history of Afghanistan whereas the gate of education was closed towards women and girls. Once again women were bounded within the four walls of their homes and have been deprived of civil and human rights. Taliban have never allowed any women to work in any of the state administrations. They banned women excursion, tour and walking outside the house without accompanying of their father, brother and husband. All through the Regime of Taliban women were totally deprived of their social and individual rights and in fact there was no difference and distinction among literate, illiterate, old, young, urban and rural women in their time [10].

After three decades of war an Interim Government established and the very first moments

of twenty first century was witness of 30% women's participation in all areas particularly in politics. It was the excellent chance for those women who were just bounded in the houses before, could come out of their communities and have sparkled in the political scope of the country.

Hamid Karzai's period was an extremely golden chance for participation of women in political, economic and social arenas. Constitution of Afghanistan has proclaimed equal rights to men and women and once more women were entered to different fields. Education of women and girls became free and millions of girls alongside boys could go to school. During his sovereignty at least three women were present in the cabinet and Ministry of Women Affairs has established for overcoming of women's problems and issues.

Establishment of Afghanistan Independent Human Rights Commission was the greatest achievement of Hamid Karzai's Presidency. The Commission has paved the ground for betterment of women condition through publishing reports based on violation of human and women rights. The commission has changed the conditions of thousands of women through workshops and seminars and spread the awareness of basic rights of women which have already given by the constitution.

During this period besides of women's participation in civil and governmental institutions, women could access in Police and Army cues. In the present situation hundreds of women were busy in serving these two ministries and even women had the privilege of running very arduous missions in the Ministry of Defense as well as they are in Commando. At the meantime, tens of civil movements have been working whereas some of them have been leading by women. Nowadays, in many other civil administrations there are enough female personnel and they are the decision and policy makers of these organizations [9].

Conclusion

Let it be summed up that Afghan Women has elapsed so much of up and downs of their life alongside the history of this country and always being treated differently and distinctively. It is always being strived to avoid them from shining in the political and social arenas, but women could bravely preferred to stance against injustice and cruelty and they could keep their place besides of men with extensive and crucial struggles.

References

- 1 Negahe ba hzoor va Naksh ye Zanan Dar Khavza ye amome va faleathay seasy. Afganistan komissii po pravam cheloveka, 7 marta 2012 goda Pp 1 3. www.aihrc.org.af/home/women/1030
- 2 Zanan va Siasat Dar Tarikh Afganistan. Zhenshchiny pressa 18 maya 2015 goda Pp 1- 3
- 3 Akhmad Khan. Zhenshchiny i gender v Afganistane. Fevral' 2012 S. 2-5.
- 4 Kazim, Abdulla. Afganskiye zhenshchiny pod tyazhest'yu traditsii i sovremennosti. California 2005.
- 5 Yousefzadeh, Munirah. Afganskiye zhenshchiny i intellektual'nyye dvizheniya. Madaniyat yezhednevnyy 10 marta 2012 goda Pp3-4.
- 6 Rakhimi, Khusseyn. Zanan ye Afganskaya Dar kish OATI. Yezhednevnyy Afganistan: 22 oktyabrya 2012 .pp4-5
- 7 Nazari, Shirin . Tarikhcha e junbsh zanan Afghan. sapidadam 3 march 2011. Pp 1 – 3.
- 8 Noosh, Shahr .Baz shanase naqshe zanan dar mbarezat e azade khahi . 8 sobh daily 7 February2010. – P. 2-3
- 9 Afghanistan Before and after the Taliban. BBC NewsApr 2, 2014.
- 10 Muzhdah. Wahid. Afghanistan wa panj sall salta e Taliban. – Tehran: Nai 2003. – P. 145- 155.

Кәрібаев Б.Б.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

**ҚР ҰҒА
КОРРЕСПОНДЕНТ-
МҮШЕСІ, ТАРИХ
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР МӘМБЕТ
ҚҰЛЖАБАЙҰЛЫ
ҚОЙГЕЛДИЕВ –
70 ЖАСТА**



2016 жылдың 18 тамызында елімізге танымал белгілі тарихшы-ғалым, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев 70 жасқа толды. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы мен студенттер қауымы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих сериясы «Хабаршысының» редакциялық алқасы мерейтой иесін туған күнімен құттықтай отыра, оған зор денсаулық, отбасының амандығын және шығармашылық табыстар тілейді.

Қойгелдиев Мәмбет Құлжабайұлы 1946 жылы 18 тамызда Жамбыл облысы Шу ауданы Масақ-Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Туған ауылындағы орта мектепті бітіргеннен соң, ұжымшарда тракторист болып жұмыс істеген. 1964-1968 жылдары қазіргі Бішкек қаласындағы Ж. Баласағұн

атындағы Қырғыз ұлттық университетінің тарих факультетінде оқып, «тарихшы, қоғамтану пәнінің оқытушысы» мамандығын алады. 1968-1970 жж. Жамбыл облысы Шу ауданындағы Қ. Сәтбаев атындағы орта мектепте мұғалімдік қызметте болады. 1971-1972 жж. Жамбыл облыстық мемлекеттік архивінде ғылыми қызметкер, ал 1973-1974 жж. Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтында оқытушылық жұмыстар атқарады. 1974-1977 жылдары қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аспирантурасында оқып, 1978 жылы тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін қорғайды. 1982 жылға дейін Жамбыл жеңіл және тамақ өнеркәсібі технологиялық институтында оқытушылық қызметтер атқарады да, 1982 жылдан бастап М. Қойгелдиевтің ғылыми-педагогикалық қызметі ғылым мен білімнің орталығы болған Алматы қаласында жалғасады.

1982-1989 жж. М. Қойгелдиев әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінде доцент қызметінде болып, жоғары білімді кәсіби тарихшы мамандар даярлау ісінде белсене атсалысады. Уақыт талабына сай, 1989-1991 жылдары Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтында «XX ғасыр басындағы қазақтың ұлттық зиялы қауымының қоғамдық-саяси қызметтері» атты тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады. 1991 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінде оқытушылық қызметін қайта жалғастырып, 1994 жылы «1905-1917 жылдардағы Қазақ демократиялық интеллигенциясының қоғамдық-саяси қызметі» атты тақырыпта докторлық диссертациясын қорғайды. 1995 жылы профессор атағын алады.

Профессор М.Қ. Қойгелдиев 1994-2002 жж. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетіндегі «Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих факультетінің деканы, университет жанындағы Жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілігін жетілдіру институтының директоры қызметтерінде болып, ғылыми-педагогикалық қызметпен қатар ЖОО білім беруді ұйымдастыру ісімен де айналысады. Ал 2002-2006 жж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры қызметінде еліміздегі отандық тарих ғылымының дамуына тікелей атсалысады.

Профессор М. Қойгелдиев 2006-2008 жж. Сүлейман Демирел университетінің профес-

соры, ал 2008 жылдан күні бүгінге дейін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарып келеді. 2013 жылы М. Қойгелдиев Отан тарихын зерттеуге қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланады.

Мәмбет Құлжабайұлының Отан тарихы саласында құлшына еңбек жасаған жылдары еліміздің тәуелсіздік жылдарымен тұспа-тұс келді. Оның негізгі зерттеу объектісі – Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының тарихы, әсіресе Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ұлттық мемлекеттілікті жаңғырту жолындағы күресі мәселелері болды. Ғалымның зерттеу ізденістерінің нәтижесінде «Алаш қозғалысы» (1995, 1 кітап), «Ұлттық саяси элита» (2004), «Жетісудағы Ресей билігі» (2004), «Сталинизм и репрессии в Казахстане в 1920-1940 гг.» (2009) атты монографиялық еңбектері, одан сәл ертерек «Қадырғали Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» (авторлық бірлікте, 1992) және «Тарих тағлымы не дейді?» (авторлық бірлікте, 1993) атты еңбектері отандық тарихнамаға қосқан зор үлес болып табылды. 2008 жылы «Алаш қозғалысы» атты ғылыми монографиясының бірінші кітабы өңделіп, толықтырылып қайта жарық көрді.

Профессор М. Қойгелдиев бүгінгі күнге дейін жалпы саны 8 монографиялық зерттеулердің, жалпы білім беретін мектептің 10 және 11 сыныптарына арналған «Қазақстан тарихы» оқулықтарының (авт. бірлікте), 400-ден аса ғылыми және көпшілік оқырманға арналған мақалалардың авторы. Оның редакторлық жетекшілігімен және құрастыруымен 10-нан астам құжаттық материалдар жинағы жарық көрген.

Мәмбет Құлжабайұлы ғылыми кадрлар даярлау мен оны ұйымдастыру ісінде де жемісті еңбек етуде. Оның ғылыми жетекшілігімен және ғылыми кеңесшілігімен 30-дан аса ғылым кандидаттары мен докторлары даярланды. Ол бірнеше рет тарих ғылымдарының докторы мен кандидаты ғылыми дәрежелерін беру үшін құрылған диссертациялық кеңестердің төрағасы жұмысын атқарды.

Профессор М. Қойгелдиев ғылыми-зерттеу жұмыстарымен қатар еліміздің қоғамдық, саяси, мәдени өмірінде де белсенділік танытып келеді. Өзекті тарихи мәселелерді, «ақтаңдақ» мәселелерді көтеруде бірнеше үкіметтік, мемлекеттік комиссиялар құрамында жұмыс істеді. Олар: 1992 жылғы Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Комиссиясының мүшесі (Төрағасы – ҚР ЖК депутаты, академик М.Қ. Қозыбаев), 1997 жылғы Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатының «Қазақстан тарихындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі» Комиссияның мүшесі (Төрағасы – Сенатор С.А. Қасымов), 2007-2011 жылдары Қазақстан Республикасында орнатылатын ескерткіштер мен монументтер бойынша Мемлекеттік Комиссияның, 2013 жылы Отан тарихын зерделеу бойынша ведомствоаралық жұмыс тобының мүшесі болды. Сондай-ақ Ел Президенті Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен жүргізілген «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының Тарих және этнография секциясын басқарып, осы бағдарлама аясында құрылған Қоғамдық Кеңестің мүшесі болады.

2004 жылы қоғамдық негізде үкіметтік емес «Қазақстан тарихшылары қауымдастығы» ұйымы құрылып, оның Төрағасы болып сайланады. Қауымдастық 2007 жылы қыркүйекте Пекин (ҚХР) қаласында өткен Тарих ғылымының Халықаралық Комитетінің Бас Ассамблеясының мәжілісінде осы ұйымға мүшелікке қабылданды.

Профессор М. Қойгелдиев өз зерттеулерінің нәтижелерін деректі фильмдер арқылы да көпшілікке таныстырып жүр. Ол «Әлихан және Мұстафа» (1998. «ҚР Президентінің теле-радио комплексі»), «Алаш» (2007, реж. Х. Омаров), «Бірінші» (2007, реж. Қ. Олжай), «Мұстафа Шоқай ізімен» (2011, реж. Қ. Бегманов), «Кенесары хан» (2011, реж. М. Конуров), «Асықпаған ақиқат» (2011, реж. Б. Әбіш) және басқа көптеген деректі фильмдердің сценарий авторы, ғылыми кеңесшісі болды.

2012 жылы М. Қойгелдиев Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Магистратура және докторантура PhD институты «Қазақстан тарихы мен мәдениеті» кафедрасының жанынан «Айтылған тарих» аталатын ғылыми зерттеу және мамандар даярлау орталығын ашып, оның жұмысына жетекшілік жасайды. Орталық аз уақыттың ішінде «Қазақстанның жаңа әлеуметтік тарихы. Алматы облысы және Алматы қаласы материалдары негізінде. Серия 1», «Жамбыл облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында 1941-1945 жж.», «Менің ғылымдағы өмірім. Ғалымдармен 21 сұхбат» атты кітаптарды баспадан шығарды.

Профессор М. Қойгелдиев халықаралық деңгейде де көп жұмыстар атқаруда. Ол Иран Ислам Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Жапония, Ресей Федерациясы, Түркмения және Қырғызстанда өткізілген халықаралық ғылыми жиындарда баяндамалар жасады. Оның ғылыми

еңбектері Ресейде, Жапонияда, Оңтүстік Кореяда, Түркияда және басқа да шет елдерде жарық көрген.

Профессордың Отан тарихының өзекті мәселелеріне арналған сұхбаттары түрлі ғылыми басылымдар мен БАҚ-та үнемі жарияланып тұрады.

Профессор М. Қойгелдиевтің ғылыми және қоғамдық белсенді қызметі елімізде де, шетелдік ғылыми ортада да жақсы бағаланған. Ол Халықаралық Сократ сыйлығымен («Socrates international award» Оксфорд, Ұлыбритания (2007), Америкалық биография институтының Алтын медалімен (2009), «Халықаралық Мәдениет конвенциясы» ұйымының «Халықаралық Бейбітшілік Сыйлығымен» (2010 «INTERNATIONAL PEACE PRIZE») марапатталған, 2007 жылы Вена қаласының Халықаралық университеті оған өзінің құрметті профессоры атағын берген.

2005 және 2015 жж. ол Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хатымен», 2008 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталып, 2009 жылы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» атағын алды. 2013 жылы ғалымның белсенді атқарған ғылыми-педагогикалық және қоғамдық еңбегі лайықты бағаланып, еліміздегі жоғары мемлекеттік наградалардың бірі «Парасат» орденімен марапатталды. 2013 жылы Алаш қозғалысының көшбасшысы «Әлихан Бөкейхан. Алаш арысы» медалімен, 2014 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген ғылым қайраткері» медалімен, 2015 жылы «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, 2016 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының «Құрмет грамотасымен» марапатталады.

ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қ. Қойгелдиев өзінің 70 жылдық мерейтойына жоғарыда атап өткен зор табыстармен келіп отыр. Оның қаламынан әлі де талай ғылыми дүниелердің туатыны анық. Біздер, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың, тарих, археология және этнология факультетінің ұжымы мен студенттер қауымы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих сериясы «Хабаршысының» редакциялық алқасы мерейтой иесін тағы да туған күнімен құттықтай келе, оған амандық пен саулық, қайрат пен жігер, шығармашылық табыстар мен жеңістер және отбасының қызығын тілейді.

Сұлтанов Т.И.

Санкт-Петербургский университет,
Россия, Санкт-Петербург
E-mail: Berber2008rambler.ru

**СЕРГЕЙ ГРИГОРЬЕВИЧ
КЛЯШТОРНЫЙДЫ
(1928-2014) ЕСКЕ АЛУ**

2014 жылдың 21 қыркүйегінде Петербургте кеңестік, ресейлік шығыстану ғылымының жарқын өкілдерінің бірі Сергей Григорьевич Кляшторный дүние салды. Сергей Григорьевич – отандық түркологиядағы аңызға айналған тұлға, таңғажайып білімді адам, ең жоғарғы ғылыми бағаға ие ғалым. Отандық түркологияда Сергей Григорьевич – Сергей Ефимович Маловпен бір деңгейдегі тұлға.

Сергей Григорьевичтің ежелгі және ерте ортағасырлардағы Орталық Азия тарихы, ежелгі түркі текстологиясымен деректану салаларындағы ізденістеріне арналған мақалаларды, біз, әрине мамандардан күтеміз. Бұл очеркте ақ қағаз бетіне қаламұшымен Сергей Григорьевичтің есте қалған бейнесін жазуға талпындық.

XVI ғ. көрнекті ортаазиялық тарихшы Мырза Хайдар Дулати өзінің танымал «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде мынадай парсы өлеңін келтіреді:

Мужу разума и дарования
Две жизни потребны для тела:
Одна – набираться знания,
Другая – пускать его в дело.

Ортағасырлық азиаттың армандаған жаратылысқа арналған екі өмірі, ленинградтық Сергей Григорьевичтің өмірбаянында көрініс беріп, 86 жыл, 7 ай және 17 күн бақытты да ұзақ ғұмыр кешіпті.

Ол 1928 жылы дүниеге келді. Сергей Григорьевич әскерде қызмет етпеді. Орта мектепті табысты аяқтап, жеңісті 1945 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің Шығыс факультетіне оқуға түсті.

Шығыс факультетінде Сергей Григорьевич ежелгі түркілік-деректану мен текстология, Еуразия түркі халықтарының тарихы, Орталық Азия тарихы саласында профессорлар С.Е. Малов, А.Н. Кононов және А.Н. Бернштамдардың жетекшілігімен маманданды. Ежелгі түркі руникалық ескерткіштеріне деген қызығушылық 1947-1949 жж. түрік филологиясы кафедрасының меңгерушісі қызметіндегі С.Е. Маловтың ықпалымен туындады. Сергей Ефимович Маловтың есімі (1880-1957) ежелгі руникалық ескерткіштердің білгірі және қазіргі аға буын түркологтарының барлығын дерлік даярлаған, табысты педагог-

түрколог ретінде түркология тарихында қалды. Оның зерттеулері ғылымға тың жаңалықтар ғана алып келген жоқ, керемет оқу құралы да болып табылады. Сергей Григорьевичке үлкен ықпал еткен ірі кеңес тарихшысы, әрі археолог Александр Натанович Бернштам (1910-1956) еді. 1947-1953 жж. Сергей Григорьевич студент кезінде, сонан соң Жалпыодақтық Геология Институтында (1950-1957) қызмет атқара жүріп, А.Н. Бернштам басшылығында лаборант ретінде (ИИМК АН СССР) Памир-Ферғана экспедициясында, кейіннен М.И. Артамонов, Н.М. Чернышев және т.б. археологиялық экспедицияларында қызмет етті. Сергей Григорьевич экспедициялық қызметін егде тартқа кезінде де ықыласпен жалғастырды, мысалы, 2003 ж. академик К.М. Байпақовтың жетекшілігімен Ертіс экспедициясында жұмыс жасады. Оның ежелгі түркілік іздеуге деген ықыласының арқасында ежелгі кезеңдегі жаңа эпиграфиялық ескерткіштер аз ашылған жоқ.

Жас кезінде-ақ өз мақсаттары мен міндеттерін анықтай білген Сергей Григорьевич уақыт оздырмай осы мақсаттарға жетуге бет бұрды. Өмір жолы даңғыл болғандықтан да, ол университетті тамдағаннан кейін КСРО Теңіз флотының Машина жасау зауытының цехында, сонан соң Ленинградтағы Жалпыодақтық Геология Институтында жұмыс жасайды. Заводта төртінші санаттағы токарь маманы, ал Геология Институтында библиограф маманы ретінде дағдыланды, осы уақыт ішінде еш асығыссыз «Ежелгі түркі руникалық ескерткіштері Орта Азия тарихының дерегі ретінде» тақырыбында жұмысын жалғастырды. Уақыт өте келе осы тақырып бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Уақыт сынағы мен тағдыр тауқыметін бастан кешіріп, түрлі коләнерді меңгере отырып, Сергей Григорьевич көптен күткен мекеме – КСРО ҒА-ның Шығыстану Институтына анық қадаммен кіріп, жұмысқа қабылданады және 1957-2014 жж. аралығында түрлі дәрежедегі қызметтер атқарады.

Қызметінде не мансапты өсу, не күрт төмендеу болмады: 1963 ж. КСРО ҒА Ленинград бөлімі Шығыстану институтында моңғолтану және түркология Секторының меңгерушісі ретінде тағайындалған ол жүктелген міндетін жарты ғасырдай табысты орындады. Билікке жақын болмады, бірақ ешқандай жанжалға да бармады, ешбір партияның құрамында да болмады. КСРО және РФ үкіметтік наградаларымен марапатталмады.

Шығыстанулық өмірі мен рухтық еңбегінің ұзақ жылында Сергей Григорьевич айтарлықтай

жарқын нәтижелерге қол жеткізді, керемет жетістіктермен ғылымды байытты. Ол үш жүзден астам ғылыми еңбек жариялады. Әсіресе, өткен ғасырдың 90-жылдары және осы мыңжылдықтың алғашқы он жылы жемісті болды. Себебі, Еуразия түркі халықтарының тарихы, ежелгі түркі текстологиясы мен деректану саласындағы негізгі еңбектері сериялық басылыммен жарыққа шықты. Олардың басым бөлігі Санкт-Петербург Мемлекеттік университетінің Шығыстану факультетінде, Қазақстан, Қырғызстан университеттерінде, Барнауыл, Омбы, Орынбор, Ресейдің басқа да университеттерінің тарих факультетінде Орталық Азия мәдениеті мен тарихынан негізгі оқу құралы ретінде пайдаланылуда. Кейбірі ТМД және Шығыс пен Батыс шет елдерінде (Қытай, Жапония, Түркия, Германия және т.б.) аударылып, басылып шықты.

Орталық Азия түркілерінің ежелгі тарихы бойынша маман болмағандықтан, мен Сергей Григорьевичтің тарихи ізденістері туралы айтпай-ақ, тек кейбір ғылыми жетістіктеріне тоқтала кеткенді жөн көрдім. Сергей Григорьевичтің қазіргі таңда белгілі болған құпия ақпаратта жасырынған мәліметтің кілтін табуда және сир (деректерде алғаш 337-370 жж. кездеседі) мен қыпшақ (деректерде алғаш көрініс табуы 742 ж. сәйкес келеді) этнонимдерінің ұқсастықтарын дәлелдеуде жолы болған. Қыпшақ (ежелгі түркі ескерткіштері тілінде «сәтсіз (жолы болмаған)», «бақытсыз» мағынасын береді) ұйғырлар мен қытайлардың жаппай шабуылынан, мемлекеті құлап, 646-647 жж. елді басқарған рудың атын қабылдаған ежелгі сир тайпасының жаңаша атауы. Сирлардың жаңа қорғаныш атты қабылдауы ежелгі түріктердің діни-магиялық дүниетанымының ерекшелігіне байланысты – зат пен оның атауы арасындағы бөлінбейтін байланыс бар деген түсінікке келіп саяды. Жаңа қорғаншы атау тайпаның (рудың, отбасының, жеке адамның) соңынан қалмай жүрген, бақытсыздыққа ұшыратушы тылсым күштерді жаңылыстыруы керек еді.

Сергей Григорьевич көптеген руна ескерткіштерін ашып, оларды тарихи-филологиялық түсіндірмелерімен толықтыра отырып ғылыми айналымға енгізді; ол – Орта Азия территориясына қатысты Авеста мәліметтерінің бүгінгі таңдағы тарихи және географиялық толық түсіндірмесінің авторы; Ресейдегі қазіргі әскери шығыстанудың негізін қалаған – атасы. Шығыстану ғылымының бұл бағыты өзінің кәсіби әскери шығыстанулық білімі бар, Орталық Азияны зерттеудегі орыс әскерілерінің үлесі туралы көптеген еңбектерін жеке әрі Сергей Гри-

горьевичпен бірлескен авторлықта жариялаған шәкірті профессор А.А. Колесниковтың еңбектерінде табысты дамыды.

Дарынды әңгімеші ғана емес, сондай-ақ жақсы лектор болғандығын да аңғаруға болады. Сергей Григорьевич Санкт-Петербург Мемлекеттік университетінің Орталық Азия және Кавказ кафедрасының тұрақты оқытушысы болғанда одан күткен үмітті ақтады. Ол сабақты тамаша жүргізді, өз пәнін терең де егжей-тегжейіне дейін біліп, тыңдармандарын әлдеқашан өмірден кеткен алыс әлемге толықтай ендіріп, қызықтыра да әсем жеткізе білді. Шешендігімен аудиторияны баурап алатын; семестр аяқталғанда студенттер оқытушысы – Сергей Григорьевичті жақсы көріп, құрметтерін сөзбен ғана жеткізбей, әртістерге жасалатын құрмет керемет гүл шоқтарын сыйлаған кездері аз емес еді. Өзім де Сергей Григорьевичті университет аудиториясынан алғаш көргенде алғашқы дәрісінен-ақ ұнатқан едім. Белгілі түрколог-тарихшы болып, мен оның ұжымдасы әрі бірнеше кітаптың бірлескен авторы боламын дейтіндей ол кезде танымал да емес еді. Дәл осылайша ол менің өмірімде орын алды. Университет жағажайындағы Ғылым Академиясының №5 үйінде ойланып тұрғанымда Сергей Григорьевичтің мұнайған кейпімді көріп, себебін сұрағаны есімде. Мен оған ЛМУ-дің Шығыс факультетінің дипломын алғанымды және қандай шешім қабылдарымды: не Түркияға Измирдегі құрылыс заводына аудармашы болып барарымды, не қандай да бір жұмыс тауып беруді уәде еткен еліме – Алматыға қайтарымды білмей тұрғанымды жайып салдым. Бірақ Сергей Григорьевич қай-қайсысын да құптамай, КСРО ҒА Ленинград бөлімі Шығыстану институтына аспирантураға тапсыруымды ұсынды. Осылайша, аяқ астынан, мен, шығыстанушылар қоғамынан бір-ақ шықтым және дана да, әрі әрқашанда кеңесшім болған – Сергей Григорьевичпен жолықтырған тағдырыма ризамын. Шығыстанушы Кляшторныйдың өмір жолымен тұспа-тұс келгені үшін де тағдырыма ризамын.

Сергей Григорьевич үлкен өмір жолынан өтті. Ол 1928 ж. Гомельде басталып, 30-жылдардағы қуғын-сүргін кезеңінен өтті, 40-жылдардағы қиындықтардан, 70-жылдардағы тоқырау және ескі тәртіптер мен дәстүрлер құлаған және ресей тарихының жаңа кезеңінде туған қиындықтарды бастан өткерген 90-жылдарды артта қалдырды. Барлық өмірбаянын тізбелемей, Сергей Григорьевичтің сан қырлы өмірінің тек кейбір тұстарын ғана атап өтейін.

Өмірінің соңғы он жылында көпшілікке танымал болып мойындалғанын атап өту қандай

жағымды. Орталық Азия және Еділ бойы республикаларының жаңа басшылары оның ғылыми қызметін атап өтуге барынша атсалысты. Соңғы жылдары ие болған кейбір наградаларының тізімі төмендегідей:

1) Қырғызстан Республикасының III дәрежелі Манас ордені, 2002 ж.;

2) «Қазанның 1000 жылдығы» медалі, 2005 ж.;

3) Тұрақты Халықаралық Алтай конференциясының (PIAC) Алтай зерттеулері аумағындағы табыстары үшін марапатталған АҚШ-тың Индиана университетінің алтын медалі, 2005;

4) Қазақстан тарихын зерттеудегі табыстары үшін Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университетінің (Астана, Қазақстан) мерейтойлық медалі, 2006.

Сергей Григорьевичтің беделі тек Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің Шығыс факультетінде ғана емес, сондай-ақ Орталық Азиядағы барлық егемен елдердің оқу орындары мен зерттеу мекемелерінде де көкке жетіп тұрды. Оны Орталық Азия түркі халықтарының мәдениеті мен тарихын зерттеудегі жетістіктері үшін және мамандандырылған ғылыми кадрларды даярлаудағы зор үлесі үшін бағалады. Сергей Григорьевичтің көптеген бұрынғы аспиранттары мен стажерлары биіктерден көрініп, оқу орындары мен ғылыми мекемелерде ғана емес, мемлекеттік құрылымдарда да жауапты қызметтер атқаруда. Дегенмен де, классикалық ленинградтық шығыстану мектебінде өзінің жетекшілігінде болған ең бірінші шәкірті арабист, бүгінгі таңда белгілі ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының академигі Б.Е. Көмековті ерекше ықыласпен және мақтанышпен атап айтар еді.

Қорытындылай келе, соғыстан кейін алғашқы қоныс той Римский-Корсаков №3 коммуналынан жеке пәтерге шыққан Сергей Григорьевичтің үйінде болғандығын айтпай кете алмадым. Осында ақ-сары шашты Сергей Григорьевич үлкен де құнды кітапханасын өз көңіл күйінің қалауымен ретке келтірді және өз еңбектерін бір қатарға асықпай реттестірді: «Менің жылдарым – менің байлығым». Басқа материалдық байлық онда болмады. Өзінің жеке пәтерінде тағдырға жазылғандай: сағат тілі сынып түсіп, сағаты тоқтап, Сергей Григорьевичтің татар дәмі таусылып, құпиялы, келесі дүниеге аттанды.

Қош болыңыз, ұстазым әрі досым. Сізді әрқашан есте ұстаушы Тұрсын Сұлтанов.

Санкт-Петербург, Казан айы, 2014

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім Раздел 1 Деректану және Источниковедение и тарихнама историография

<i>Кумеков Б.Е.</i> Географический труд аль-Идриси ценнейший источник по истории Казахстана	4
<i>Жаппасов Ж.Е., Тасилова Н.А., Байдавлетова М.Д.</i> Орталық Азия мен Қазақстан тарихы бойынша жазба деректер.....	10
<i>Мұхатова О.Х., Смағали А.</i> Асылбек Сейітовтің жеке тектік қоры және оның маңызы	18
<i>Сексенбаева Г.А., Алтысбаева Н.К., Булгауов Ш.Т.</i> Нормативно-методическая база археографии: исторический аспект	24
<i>Кониров А.Ж.</i> Геральдика, военная символика: история и современность	34
<i>Уразбаева А.М.</i> Облыстық партия комитеті (1920-1925 жж.) құжаттарын сыныптаудың басты принциптері	40
<i>Abdildabekova A.M.</i> Evaluation of the colonial period in the works of the Kazakh intelligentsia of early XX century.	48
<i>Құрманалина Н.Н., Қанай Ө.</i> Жоңғарлар туралы қытай тарихнамасынан	54
<i>Құндақбаева Ж.Б., Дүйсебаева А.И.</i> Қазіргі Батыс тарихнамасында Қазақстандағы кеңестік кезеңдегі гендерлік қатынастарды талдау үшін қолданылатын категориялар мен ұғымдар, 1920-1930 жж.	62

2-бөлім Раздел 2 Ежелгі және ортағасырлардағы Древняя и средневековая Қазақстан тарихы история Казахстана

<i>Нуртазина Н.Д.</i> О системном кризисе тюркского кочевого общества Центральной Азии в конце VIII-X вв.	70
<i>Омарбеков Т., Арапов Ж.</i> Алаш және Қазақ қауымдастығының этникалық алғы шарты	76
<i>Өскенбай М.Ә.</i> Орталық Азиядағы түркі тайпаларының қоршаған ортаға бейімделуі.....	82
<i>Искакова Г.З., Байдавлетова М.Д.</i> Түркі тайпалары мекен еткен территорияның табиғи ландшафты (VI-X ғғ.).....	90
<i>Сагандыкова А.</i> Мифологические представления казахов: на примере топонимических мифов	98
<i>Қошымова А.О.</i> Оғыздардың көрші халықтармен қарым-қатынас мәселелері	106
<i>Ноғайбаева М.С., Кәрібаев Б.Б.</i> Алтын Орданың этникалық тарихына қатысты ауыз әдебиетінің деректерін талдау	112
<i>Кәрібаев Б.Б., Ноғайбаева М.С.</i> XV ғ. I жартысындағы Әбілқайыр хандығының тарихынан	120
<i>Жұмаділ А., Рамазанова А.</i> XVI-XVII ғғ. Қазақ хандығының дипломатиялық қатынастары тарихының мәселелері.....	128
<i>Кәрібаев Б.Б.</i> Жәңгір хан және XVII ғ. қазақ-жоңғар қатынастары мәселелері.....	134

<i>Сайлан Б., Раушанбек Б.</i> Қазақ халқының әскери өнеріндегі батырлар образы	140
--	-----

3-бөлім Раздел 3
Жаңа және қазіргі замандағы Новая и новейшая
Қазақстан тарихы история Казахстана

<i>Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж.</i> Тұтас Түркістан идеясы және Мұстафа Шоқай	146
<i>Базарбаев Қ.Қ., Оспанова Г.И.</i> Орта Азиядағы жәдитшілердің ағартушылық идеяларының ұлт-азаттық қозғалысқа ұласуы	154
<i>Боранбаева Б.С.</i> Ғұмар Қараштың Алаш қозғалысындағы орны мен рөлі: тарихнамалық деректер	160
<i>Мекебаев Т.Қ., Құмғанбаев Ж.Ж.</i> Көлбай Төгісов бастаған «Үш жүз» партиясының саяси қызметі	168
<i>Базарбаев Қ.Қ., Рустамбекова М.Е.</i> Заки Уалиди Тоған және Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы қазақ-түрік зиялылары	176
<i>Саркенова К.</i> Екі санақ (1926-1939) аралығындағы Қазақстандағы түркі халықтары	182
<i>Құндақбаева Ж.Б., Дүйсебаева А.И.</i> Әйелдер тарихы/гендерлік тарих/феминизм: ұғымдардың арақатынасы	190
<i>Абдухаимов Е.Ф.</i> Развитие цветной металлургии в Казахстане (1950-1990 г.)	198
<i>Құндақбаева Ж.Б., Бериков Е.</i> Дүниежүзілік коммуникативтік кеңістік: қазақстандық модель	204

4-бөлім Раздел 4
Археология және Археология и
этнология этнология

<i>Елеуов М.</i> Ортағасырлық Меркі қаласы мен Мыңбұлақтың баламалануы	210
<i>Kulsariyeva S., Nurasilova A.</i> Analytical review of studies on the problems of the Turkish diaspora in Bulgaria	216

5-бөлім Раздел 5
Жалпы тарих Всемирная история

<i>Оспанова А.А.</i> Төртінші крест жорығының сипаты	222
<i>Абдухаимов Е.Ф.</i> Борьба между консерваторами и неолибералами и приход к власти лейбористского правительства (1980-1990 гг.)	228
<i>Майхиев Д.К., Мустабеков А.Д.</i> Военный опыт США: начальный период наступательной операции коалиционных сил в Ираке (2003 год)	234
<i>Оңғарова Е.М.</i> Халықаралық теңіз құқығы аясында Каспий теңізінің статусы	240
<i>Нурманова А.К.</i> Социально-этнический портрет средневековой Юго-Западной Европы (этнические и культурные группы)	246

6-бөлім Раздел 6
Түрік халықтарының История түрских
тарихы народов

Hajiyev I., Kalbizada E.

The population of cities and some issues during the reign of the Hulaki (mongols).....252

7-бөлім Раздел 7
Магистрлік жұмыстар Исследования магистрантов

Халилов К.

Либерально-демократическая трансформация США в эпоху джексоновской демократии260

Mukarim M.

The Anglo-American historiography on the history of Soviet Kazakhstan (second half of XX c.).....266

Frotan Sanatullah

History of Political Activities of Women in Afghanistan.....270

Мерейтой - Юбилей

Қарібаев Б.Б.

ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Құлжабайұлы

Қойгелдиев – 70 жаста.....275

Көңіл айту – Память

Сұлтанов Т.И.

Сергей Григорьевич Кляшторныйды (1928-2014) еске алу278

CONTENTS

Section 1 Historical Sources Study and Historiography

<i>Kumekov B.E.</i> Geographical work of al-Idrisi's – most valuable source on the history of Kazakhstan	4
<i>Zhappasov Zh.E., Tasilova N.A., Baydavletova M.D.</i> Sources on the history of Kazakhstan and Central Asia	10
<i>Mukhatova O.Kh., Smagaly A.</i> Fund documents of personal origin of Seitova Asylbek and its significance	18
<i>Seksenbaeva G.A., Alpysbaeva N.K., Bulgauov Sh.T.</i> Normative-methodical base of archeographic: historical aspect	24
<i>Konirov A.Zh.</i> Heraldry, military symbolism: Past and Present	34
<i>Urazbaeva A.M.</i> The main principle of the classification of documents of the Regional Party Committee (1920-1925.)	40
<i>Abdildabekova A.M.</i> Evaluation of the colonial period in the works of the Kazakh intelligentsia of early XX century.	48
<i>Kurmanalina N.N., Qanai O.</i> From the Chinese Historiography on Jungars.....	54
<i>Kundakbaeva Zh.B., Duisebayeva A.I.</i> Contemporary Western historiography theories and concepts as the theoretical framework for the Soviet gender order formation in Kazakhstan, 1920-1930.....	62

Section 2 Ancient and Medieval History of Kazakhstan

<i>Nurtazina N.D.</i> On the systematic crisis of the Turkic nomadic society of Central Asia at the end of VIII-X centuries	70
<i>Omarbekov T., Arapov Zh.</i> Ethnical preconditions of Alash and Kazakh community	76
<i>Oskembai M.A.</i> Adaptation of the Turkic tribes in Central Asia to the environment	82
<i>Iskakova G.Z., Baydavletova M.D.</i> The natural landscape of the territory inhabited by Turkic tribes (VI-X centuries.)	90
<i>Sagandykova A.</i> Mythological representations Kazakhs : the example of the toponymic myths	98
<i>Koshymova A.O.</i> Questions about the relationship of Oguz with neighboring nations	106
<i>Nogaibayeva M.S., Karibayev B.B.</i> Analyze of ethnic history folklore of the Golden Horde	112
<i>Karibayev B.B., Nogaibayeva M.S.</i> From the history of the Khanate Abulkayyr in the I-half of the XV century	120
<i>Zhumadil A., Ramazanova A.</i> The problems of the Kazakh khanate's history of diplomatic relations in the XVI-XVII centuries	128
<i>Karybaev B.B.</i> Zhangir Khan and issues of the Kazakh-Jungar respect in the XVII century	134

Sailan B., Raushanbek B.

The heroes character in military art of the Kazakh nation 140

Section 3 Modern and Contemporary History of Kazakhstan

Mekebaev T.K., Kumganbaev Zh.Zh

Mustafa Chokai and the idea of a united Turkestan 146

Bazarbayev K.K., Ospanova G.I.

Continuation of the educational ideas jadid in the national liberation movement in central asia 154

Boranbayeva B.S.

The role and place of Gumar Karash in the Alash movement 160

Mekebaev T.K., Kumganbaev Zh.Zh.

The political activities of the party « Ush Zhuz» under Kolbay Togisov 168

Bazarbayev K.K., Rustambekova M.E.

Akhmet Zaki Validi Togan and the kazakh-turkish intellectuals in the national liberation movement of turkestan 176

Sarkenova K.

The Turkic peoples of Kazakhstan in between censuses of population (1926-1939) 182

Kundakbaeva Zh.B., Duisebayeva A.I.

Women history/gender history/feminism: the ratio of concepts 190

Abdukhamov Y.F.

The development of non-ferrous metallurgy in Kazakhstan (1950-1990 y.) 198

Kundakbaeva Zh.B., Berikov E.

Global communicative space: Kazakhstan model 204

Section 4 Archeology and Ethnology

Yeleuov M.

Localization of the Medieval Cities Merke and Mynbulak 210

Kulsariyeva S., Nurasilova A.

Analytical review of studies on the problems of the Turkish diaspora in Bulgaria 216

Section 5 History of world

Ospanova A.A.

Characteristic of the 4 th Cross Crusade 222

Abdukhamov Y.F.

The years 1980-1990 the UK conservative and neoliberal will lead labor to power in a power struggle 228

Maikhiyev D.K., Mustabekov A.D.

Military experience of the USA: initial period of coalition forces' offensive operations in Iraq (2003) 234

Ongarova E.M.

The Legal Status of the Caspian Sea in the Framework of the International Sea Law 240

Nurmanova A.K.

Social and ethnic portrait of medieval South-West Europe (ethnic and cultural groups) 246

Section 9
Historical personalities

Hajiyev I., Kalbizada E.
The population of cities and some issues during the reign of the hulaki (mongols)252

Section 8
Investigations of postgraduate students

Khalilov K.
Liberal democratic transformation of the USA in the epoch of Jackson democracy.....260

Mukarim M.
The Anglo-American historiography on the history of Soviet Kazakhstan (second half of XX c.).....266

Frotan Sanatullah
History of Political Activities of Women in Afghanistan.....270

Anniversary

Кәрібаев Б.Б.
ҚР ҰҒА корреспондент - мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Құлжабайұлы
Қойгелдиев – 70 жаста.....275

Condolences

Сұлтанов Т.И.
Сергей Григорьевич Кляшторныйды (1928-2014) еске алу278